

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Кудайбергенова З.У., Алиева Б.А., Таласов Ғ.М.

Салааралық экономика

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

**ШЫМКЕНТ
2019**

УДК 330.121(075.8)

ББК 65.2/4 я7

К81

Халықаралық гуманитарлық - техникалық университетінің әдістемелік кеңесінде қарастырылған. (№ 2 хаттама, 27 қыркүйек 2019ж.)

Пікір жазғандар:

С.М. Туралина– Silkway халықаралық университеті э.ғ.к., аға оқытушы

З.А.Бигельдиева– экономика ғылымдарының кандидаты, М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің э.ғ.к., аға оқытушы

А.А. Камалов – экономика ғылымдарының кандидаты, Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің э.ғ.к.ғ, аға оқытушысы

Кудайбергенова З.У., Алиева Б.А., Таласов Ғ.М.

К81 Салааралық экономика: оқу құралыю- Шымкент, 2019. – 160 б.

ISBN 978-9965-03-974-4

Қазақстан Республикасының экономикасының дамуы қазіргі уақытта еркін кәсіпкерлік салааралық экономиканы дамытуға бағытталған. Қазақстан Республикасының Үкіметі кәсіпкерлікті дамытуға үлкен назар аударып отыр. Салааралық экономика өндіріс қызметтің ұйымдастырудың негіздерін және тәжірибесі мен тарихын білу қажет.

Салааралық экономика студенттерді теориялық және тәжірибелік біліммен қамтамасыз ету, студенттер Қазақстандағы өндірістік және өндірістік емес салалар іс-әрекеттің басым бағыттары бойынша білім кешенін қалыптастыру және бизнес-жоспар жасауда кәсіпкерлік іс-әрекетті дұрыс жүргізуде тәжірибе жинақтауға көмектеседі. Экономика мамандығының студенттеріне арналған.

УДК 330.121(075.8)

ББК 65.2/4 я7

ISBN 978-9965-03-974-4

Кудайбергенова З.У., Алиева Б.А., Таласов Ғ.М., 2019

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	5
1	САЛААРАЛЫҚ ЭКОНОМИКА. КУРСТЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ.	6
1.1	Өнеркәсіптік сала қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын меңгеру.	6
1.2	Қазақстандағы нарықтық қатынастардың қалыптасуы және дамуы	9
1.3	Экономикалық ресурстар жүйесіндегі орны контент- талдау дайындау.	13
2	ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНДІРІС САЛАЛАРЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ	13
2.1	Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі: проблемалары және шешу жолдары	18
2.2	Елдің бәсекеге қабілеттілігі	20
2.3	Бәсекеге қабілеттілікті бағалау	24
2.4	Әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілік	27
3	ӨНЕРКӘСІПТІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ	30
3.1	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономиканы басқару органдарының құрылымы	30
3.2	Дамыған мемлекеттердегі жоспарлаудың тәжірибесі (индикативті, стратегиялық жоспарлау, бағдарламалар, болжаулар).	36
3.3	Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіпті және агроөнеркәсіптік кешенін, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін мемлекеттік реттеу шаралары.	42
4	ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНІНІҢ ДАМУ СИПАТТАМАСЫ	46
4.1	Шикізат және отын-энергетикалық ресурстардың жіктемесі	46
4.2	Қазақстанда энергия тұтыну құрылымы және оның ерекшеліктері	47
4.3	Жаңартылатын ресурстар	52
4.4	Жер ресурстары	53
4.4	Су ресурстары	54
5	ТАУКЕН-МЕТАЛЛУРГИЯ КЕШЕНІ КӘСІПОРЫНДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ.	56
5.1	Таукен-металлургия кешенінің (ТМК) ерекшеліктері, мақсаты, ролі.	56
5.2	Қара металлургияның қазіргі жағдайын талдау	58
5.3	Түсті металлургияның қазіргі жағдайын талдау.	63
5.4	ҚР таукен-металлургия кешенінің бәсекелік артықшылықтары.	65
6	МАШИНА ЖАСАУ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ЭКОНОМИКАСЫ.	72
6.1	Ұлттық экономикада машина жасау ролі, саланың қазіргі жағдайы.	72
6.2	Мұнайгаз, тау-кен және металлургия өнеркәсібі үшін машина жасау	77

6.3	Қазақстанның өркендеуінің, гүлденуі мен қауіпсіздігінің орнықты тұғыры: түйінді бес бағыт	78
6.4	Саланың негізгі даму мәселелері және SWOT-талдау	80
7	МҰНАЙГАЗ ӨНДЕЙТІН КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	84
7.1	Құрылыстағы шығындарды есепке алудың ерекшеліктері	84
7.2	Бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйесі	86
8	ҚР–ҒЫ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ.	89
8.1	Құрылыс материалдар нарығы ерекшеліктері, мақсаты, рөлі.	89
9	ҚР-НЫҢ ТАМАҚ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ЭКОНОМИКАСЫ, КӨЛІК КЕШЕНІНІҢ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ	113
9.1	ҚР-ның тамақ және жеңіл өнеркәсібінің қазіргі жағдайы, мақсаты рөлі	113
9.2	Тамақ және жеңіл өнеркәсіпорындарының дамуының негізгі мәселелері	117
9.3	Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданының ірі қалалары	119
9.4	Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданының шаруашылығы	124
10	ӨНЕРКӘСІПТЕГІ БІРЛЕСТІРУ	126
10.1	Өнеркәсіпорындарының шоғырлануы	126
10.2	Өндірістің шоғырлану деңгейінің көрсеткіштері және оларды анықтаудың формалары мен әдістемесі.	129
10.3	Сапаның экономикалық мәні мен оның көрсеткіштері	131
10.4	Өнім сапасын басқару жүйесі мен өнімді сертификаттау	133
11	ӨНДІРІСТІ МАМАНДАНДЫРУ ЖӘНЕ КООПЕРАЦИЯЛАУ	139
11.1	Өнеркәсіпті мамандандыру формалары, түрлері және мәні.	139
11.2	Кооперациялаудың мазмұны, оның түрі және формалары.	141
11.3	Іскерлік ортаның түсінігі және оның ерекшеліктері	146
12	ӨНЕРКӘСІПТЕГІ БІРЛЕСТІРУ	149
12.1	Өнеркәсіптегі бірлестіру, оның формалары мен түрлері	149
13	ӨНЕРКӘСІПТІ ОРНАЛАСТЫРУ	156
13.1	Өнеркәсіпті орналастыру қағидалары, мәні, мақсаты	156
13.2	Өнеркәсіпті орналастырудың мемлекеттік саясаты.	158
14	ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	163

КІРІСПЕ

Нарықтық қатынастардың қалыптасуы мен дамуы жағдайында экономикалық реформаларды ғылыми негіздеу үшін Салааралық экономиканың маңызы ерекше. Салааралық экономика – экономикалық қайта құрулар экономикалық кеңістік құруда, аймақаралық байланыстарды рационалдауда, Салааралық рыноктарды қалыптастыруда негізгі роль алады. Салааралық экономика мазмұны негізгі рационалды, ғылыми негізделген Салааралық саясат пен стратегияның қалыптасуына ықпал етеді.

Ол экономикалық қайта құруларды ғылыми қамтамасыз етіп, бірінғай экономикалық кеңістікте аймақаралық байланыстарды жүзеге асырып, Салааралық рыноктарды қалыптастыруда ерекше роль атқарады.

Осыған орай Салааралық экономика ғылымының шұғылданатын мәселесі: нақтылы облыстар, райондар, қалалардағы шаруашылықтың құбылыстары мен процестерін зерттеу болып табылады.

Салааралық экономиканың зерттеу пәні бұл өндіргіш күштерді орналастыру және аймақтардың заңдылықтары мен ерекшеліктерін, даму факторларын айтамыз.

Салааралық экономика географиямен жақындығына қарамастан экономиканың құрамдас бөлігі болып табылады. Салааралық экономика экономикалық теориямен, макроэкономикалық болжаумен, салалық экономикамен, статистикамен, жергілікті басқарумен басқа да әлеуметтік экономикалық ғылымдармен байланысты. Ол тек қана аймақтардың экономикалық мәселеелрін ғана зерттемейді, ол сонымен қаатр, экологиялық, әлеуметтік мәселелер яғни демография, география, этнография, басқару, әлеуметтену, қала құрылысы сияқты басқа ад аралас ғылымдармен тығыз байланысты.

Салааралық экономиканы зерттеудің келесі әдістері пайдаланылады. Салааралық баланстарды құру мен қортындылады. Бұл кәсіпорындар мен салааралық кешенді толықтыратын салалардың мамандануының арасындағы дұрыс қатынасты таңдауға мүмкіндік береді. Баланстар тиімді ішкі салааралық және аймақаралық байланыстарды жасау мен аймақтағы жеке кәсіпорындардың орналасуын негіздеу үшін қажет.

1 КУРСТЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ.

1.1 Өнеркәсіптік сала қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын меңгеру.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға көшу жолына түсті. Осы бағытта 1992 жылы қаңтарда бағаны ырықтандыруға, мемлекеттік меншікті оның иелігінен алып жекешелендіруге кірісті. Қазақстанда нарықтық экономикаға көшудің алғашқы кезде үш кезеңі белгіленді. Бірінші кезең - 1991-1992 жылдар, екінші кезең - 1993-1995 жылдар аралығы болып, осы мерзімде жүргізілетін іс бағдарламасы Жоғарғы Кеңестің сессиясында мақұлданып, Президенттің Жарлығымен бекіді. Ал үшінші кезең - 1996-1998 жылдарды қамтуға тиіс болды. Осыған байланысты көптеген жаңа заңдар, реформаны жүзеге асыруға қажет басқа да құжаттар қабылданды. Нарықтық экономикаға көшу мәселелерімен айналысатын жаңа мемлекеттік басқару органдары құрылды. Олар: Мүлік жөніндегі, Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеттер, Салық инспекциясы, Кеден және т.б.

Сондай-ақ нарықтық экономикаға тән инфрақұрылымның кейбір түрлері: биржалар, коммерциялық банктер, сауда үйлері, жеке меншіктік кәсіпорындар мен шаруашылықтар, жеке меншік пен мемлекет меншігі аралас ірі корпорациялар, акционерлік қоғамдар, холдингтік компаниялар өмірге келді. Сөйтіп, нарықтық экономикаға қарай, меншіктің түрін өзгертуде, аралас экономика құруда біршама жұмыстар атқарылды. Алайда, нарықтық экономикаға көшуде бірсыпыра қателіктерге жол берілді.

Біріншіден, реформаны бастауда мемлекеттің мақсаты да, мүдделері де, оларға жетер жолы да, әдіс-тәсілдері де толық анықталмады.

Екіншіден, барлық елдерге бірдей сай келетін экономикалық реформаның моделі болмайды. Әр елдің өзіне тән, оның ұлттық бітіміне, тарихына, дәстүріне, нақтылы саяси, әлеуметтік, экономикалық қалыптасқан жағдайына сәйкес өз моделі, өз жолы болу керек. Оны әлемдік тәжірибе де көрсеткен. “Жапондық”, “Немістік” тағы басқадай әр елдің өз даму жолы болғаны белгілі. Қазақстан көп елде жақсы нәтиже бермеген, Халықаралық Валюталық Қоры ұсынған “есеңгіретіп емдеу” деп аталатын жолына түсті, Ресейдің соңынан ерді.

Үшіншіден, экономикалық реформа бірінен кейін бірі және өзіндік ретімен жасалуы арқылы жүзеге асуға тиіс. Ал Қазақстанда қажетті заң жүйесі жасалып бітпей, жеке меншікке негізделген кәсіпорындардың үлесі өсіп, бәсеке ортасы қалыптаспай тұрып, ең әуелі бағаны ырықтандырудан бастау қате болды, өйткені бағаны ырықтандыру үкімет тарапынан мезгіл-мезгіл оны өсіріп отыру болып шықты. Төртіншіден, қабылданған заңдар көп жағдайда жүзеге аспай қалды, себебі ол заңдардың жүзеге асатын механизмдері жасалмаған-ды.

Бесіншіден, инфляцияны ауыздықтамаса ешбір істе береке болмайтыны белгілі. Бірақ осыған қарамастан мемлекеттегі қаржы, несие, ақша жүйесі ретке

келмеді. Ұлттық банк ақша жүйесін, ақша айналымын, оның ішкі және сыртқы қозғалысын қатаң бақылауға алудың орнына, ақша-несие ресурстарын бей-берекет жұмсап, аса жоғары процентпен сатып, пайда табумен әуестенді.

Алтыншыдан, қылмыс, жемқорлық, заңды бұзушылық көбейді. Оған жаппай тәртіпсіздік, жауапкерсіздік қосылды. Міне, бұлар реформаны жүргізуде, экономиканы дамытуда өздерінің зиянын тигізді.

Жетіншіден, мемлекет басшылары экономикалық дағдарыс кезінде өмір сүріп, жұмыс істеп көрмегендіктен, оның ой-қырын, бүге-шігесін, одан шығу жолдарын білмеді. Экономикалық дағдарысты дұрыстап бағалай алмады. Елді дағдарыстан тез арада шығару саясаты жүргізілді, бірақ ол ешқандай нәтиже бермеді.

Сондықтан мемлекет дағдарыстан шығудың жолдарын қарастыра бастады. Оның ең бастысы – бағаны ырықтандыруды белгілі бір жүйеге келтіру еді. Қазақстанда ырықтандыру 1992 ж. мұнайдың, мұнайдан шығатын өнімдердің, басқа да энергия көздерінің бағасы әлемдік бағаға дейін жоғарылауы керек деген ұранмен жүргізілді. Осының нәтижесінде әр кәсіпкер, әр кәсіпорын ең жоғарғы таза пайда алғысы келді. Сөйтіп баға шарықтап өсті, елдің экономикасы бағаның шарықтап өсу кесірінен төмен түсіп кетті.

Бағаны ырықтандырудан кейінгі екінші атқарылған іс – жекешелендіру. Мемлекеттік меншікті жекешелендірусіз нарыққа нақты көшу мүмкін емес еді. Бұл қадам нарық субъектілерін құру тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге халықтың бойында меншік иесі психологиясын қалыптастыру тұрғысынан да маңызды. Сондықтан да республикада ауқымды жекешелендіру жүргізілді. Бүгінде оны өткізудің 4 кезеңін даралап айтуға болады.

Алғашқы үшеуі мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ерекшелігімен байланысты болса, төртінші кезең мемлекеттік меншікті басқаруды жетілдіруге екпін түсуімен сипатталады. Біз шағын жекешелендіруден бастадық. Алғашқы кезеңнің барысында 1991-1992 жылдары 5000-ға жуық нысандар жекешелендірілді, олардың қатарында ұжымдық меншікке берілген 470-тен астам кеңшар болды. Екінші кезең “Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен мемлекеттік меншікті жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған Ұлттық бағдарламасы” негізінде жүргізілді. Бұл кезеңнің аса маңызды қадамы мемлекеттік меншікті басқару мен жекешелендірудің біртұтас жүйесі болды. Сол кезде шағын және орта бизнесті дамытуға белгі берілді. Көтерме-сауда буынын қоса алғанда бұрынғы кеңестік сауда жүйесін өзгерту басталды. Қызмет көрсету саласында бәсекелестік орта пайда болды.

Үшінші кезең 1995 жылғы желтоқсанда заң күші бар “Жекешелендіру туралы” Жарлықпен басталып, 1999 жылға дейін жалғасты. Осы сәттен бастап ол тек ақша қаражатына жүзеге асырылды. 1999 жылдан кейін бірінші кезекке мемлекеттік мүлікті басқаруды жетілдіру мәселелері шықты. Төртінші кезеңде мемлекеттік меншікті басқару және онымен айналысу мәселелері бойынша мемлекеттік органдар арасындағы өкілеттіктерді бөлуге жаңа көзқарас қолданыла бастады. Республикалық мемлекеттік және коммуналдық мемлекеттік

кәсіпорындарды оңтайландыру басталды.

Елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайтын экономиканың стратегиялық маңызды секторларына мемлекеттің ықпалы мен ондағы үлесі ұлттық компаниялар арқылы сақталды. Мұнай-газ секторында – бұл “ҚазМұнайГаз”, энергетикада – “КЕГОК”, телекоммуникацияда – “Қазақтелеком”, темір жолда – “Қазақстан темір жолы”. Бірақ жекешелендіру барысында да кемшіліктер орын алды. Мемлекеттік меншікті жекешелендіру жарияланған екі кезеңінде де (1991-92 жж. және 1993-95 жж.) мүліктің көпшілік бөлігінің талан-таражға түсуіне жол берілді. Бұл халық шаруашылығы үшін берекесіздік тудырып, экономиканың терең дағдарысқа ұшырауының басты себебінің біріне айналды.

Сондай-ақ, елдің экспортқа өнім шығаратын кәсіпорындары ескі әдетіне басып, өздерінің тауарларын эшелон-эшелонмен сыртқа жөнелте беруді ғана білді. Соның салдарынан республикадан 250 млрд. сомның өнімі сыртқа, негізінен алғанда Ресей Федерациясы мен ТМД елдеріне су тегін кеткен болып шықты. Сондықтан, бұл жағдай үкімет пен барлық экономикалық институттарды, Статистика мен Қолдау Комитетін қатыстыра отырып, терең талдау жасауды талап етті. Осымен байланысты 1994 жылдың қаңтарында Президент экономикалық реформаны жүргізуді жандандыру жөніндегі шаралар туралы қаулы қабылдады. Онда дағдарысқа қарсы шаралар мен экономиканы тұрақтандырудың 1994-1995 жылдарға арналған бағдарламасы жасалды. Бағдарламада энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету мәселесі қойылды, өндірістің құлдырауы тоқтатылып, экономиканы тұрақтандыру, инфляцияны ауыздықтау қажет екені айтылды. 1993 ж. 15 қарашада мемлекеттің өз ақшасы – теңге енгізілді. Сөйтіп, біз экономикалық тәуелсіздіктің аса маңызды нышаны – ұлттық валютамыз теңгеге ие болдық. Бұл бізге 1994 жылы-ақ гиперинфляцияны бәсеңдетуге, ал 1995 жылы инфляция процесін ауыздықтауға мүмкіндік берді.

Реформаның барысында 1994 жылдың күзінен үкімет макроэкономикалық реттеуді меңгере бастады. Бағаның өсуі біраз тежеліп, инфляцияның өсу қарқыны елеулі түрде төмендеді. Сол сияқты ұлттық банктің несиеге алатын пайызы да қауырт азайды. Ақша-қаражат саласында да осындай түзеліс байқалды. Өнеркәсіптің кей салаларында да оңға басушылық орын алды. Жалпы дағдарыстан шығудың, реформаны жүргізудің пәрменді құралының бірі – экономикалық орталық болу тиіс еді.

Алайда, Министрлер кабинетінде реформаны ойластырып, алға бастыратын орталық болмады. Экономика министрлігі ондай орталық бола алмады. Нәтижесінде 1994-1995 жылдары дағдарысқа қарсы шаралар мен реформаны тереңдету бағдарламасы орындалмай қалды. Макроэкономикалық тұрақтандыру және құнсыздануды тоқтатуға қол жетпеді, тиімді сыртқы сауда саясатын жасау да көңілдегідей болмай шықты, әлеуметтік саясат та халықтың басым көпшілігінің наразылығын өршіткені болмаса разы етпеді. Өзінің бүкіл кемшіліктеріне қарамастан іс жүзінде аяқталған жекешелендіру процесі нақты бәсекелестік үшін базалық жағдайларды құруға жеткізді. Қазіргі кезде республика өнеркәсіп өнімінің 85 процентке жуық көлемі жекеменшік секторда өндіріледі. Нарықтық реформаға көшудегі жіберілген тағы бір қате – ол үкімет

басшыларының елдің экономист ғалымдарына сенбеуі.

Оның себебі бізде бұған дейін нарықтық экономика болмады, сондықтан біздің экономистер нарыққа көшудің жолдарын, тетіктерін білмейді деп есептелді. Сондықтан нарықтық экономикаға көшу үшін кеңесші ретінде экономист-ғалымдар АҚШ-тан, Франциядан, Түркиядан, Ресейден т.б. жерлерден шақырылды. Бірақ олар өз елінде маман болғанмен, біздің жағдайды, халықтың менталитетін, психологиялық ерекшеліктерін ескермеді, тіпті білмеді де. Олардың білетіні Батыстың дамыған, қалыптасқан нарықтық экономикасы еді. Оған қоса ТМД елдерінде экономикалық дағдарыс капиталистік қоғамға тән классикалық артық өндіру дағдарысы емес, жетіспеушілік дағдарысы болатын. Екіншіден, ол елдерде ертеден тауар өндірісі, тауарлық қатынастар толық қалыптасқан. Ал бізде бұлар болған жоқ. Үшіншіден, ТМД елдерінде социалистік экономикадан нарықтық экономикаға көшу тез қарқын алды.

Сондықтан шетел экономистерінің кеңесі тиісті нәтижесін бермей, аяқсыз қалды. Нарықтық қатынастарға көшу барысында бізде орын алған тағы бір үрдіс бар. Ол сонау Қазан төңкерісінен кейінгі индустрияландыру, ұжымдастыру науқандары сияқты қоғам өміріндегі түбегейлі өзгерістерге революциялық сипат беру. Ал біздің халық бұл үрдіске үйренбеген және ол халықтың психологиясына келе бермеді. Әсіресе, ауыл шаруашылығын жекешелендіруде үкімет асығыстық жіберді. Дағдарыс жағдайында бой көтерген жеке фермерлер басқа халықты асырамақ түгіл, өзін-өзі әрең асырап отырды.

Нәтижесінде 1993-1995 жылдарға арналған бағдарламалардағы инфляцияны төмендету, өндірістің құлдырауын тоқтату және өндірістің ұлғаюы үшін жағдайлар жасау жоспарынан ешнәрсе шықпады. Сондықтан мақсатты нұсқамалар түрінде 15 айға арналған қосымша бағдарлама қабылданды. Оның оң нәтижесі деп инфляцияның баяулауын айтуға болады, бірақ өндірістің құлдырауын тоқтату мүмкін болмады. 1992 жылы өндірістің құлдырауы біршама тұрақты болған 1990 жылмен салыстырғанда 14,6%-ке, 1993 жылы – 28%-ке, 1994 жылы 48%-ке, ал 1995 жылы – 45%-ке жетті. Қазақстан үкіметі осыдан кейін 1996-1998 жылдарға арналған жаңа бағдарлама қабылдады. Онда реформаның ең күрделі деген мәселелерін шешу маңызды орын алды. Алайда, бағдарламада көзделген жекешелендіруді аяқтау, бірыңғай холдингтік, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, ауыл шаруашылығында қосымша 30 мыңға жуық шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтарды құру айтарлықтай нәтижелер берген жоқ.

1.2 Қазақстандағы нарықтық қатынастардың қалыптасуы және дамуы

Қоғам айқын мақсаттар мен оларға қол жеткізу жолдары баяндалған стратегиялық бағдарламалық құжатқа мұқтаж болатын. Олар “Қазақстан –2030”

ел дамуының Стратегиясында тұжырымдалды. 1997 жылдың қазан айында Президент Н.Ә.Назарбаев республика халқына “Қазақстан – 2030” деген атпен жолдау қабылдап, онда еліміздегі дағдарыстан шығудың және жүріп жатқан реформаларды аяқтаудың, сондай-ақ алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосылудың, немесе “Қазақстан барысын” қалыптастырудың жаңа бағдарламасын ұсынды. Бағдарламада еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының жақын арадағы және стратегиялық ұзақ мерзімдегі даму жолдары мен мүмкіндіктері жан-жақты көрсетілді. Онда елдің ішкі бекем тұстарын және сыртқы саясатындағы мүмкіндіктерді барынша пайдалана отырып, мемлекеттің дамуындағы ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыру көзделген. Олар:

- 1) ұлттық қауіпсіздікті сақтау;
- 2) ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуын нығайту;
- 3) нарықтық қатынастар негізінде экономикалық өсу;
- 4) Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқатын көтеру;
- 5) энергетика ресурстарын жете пайдалану;
- 6) инфрақұрылым, көлік және байланысты дамыту;
- 7) демократиялық кәсіби мемлекетті құру.

Тек осы аса маңызды шараларды іске асырғанда ғана Қазақстан халқының өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы мүмкін екендігіне сенім білдірілді. “Қазақстан – 2030” бағдарламасының талаптарына орай соңғы жылдары еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту, әлемдік стандарттарға сай түзілген заңнамалық-құқықтық базаны жетілдіру жөнінде орасан зор жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, биліктің, сот және құқық қорғау органдарын қоса алғанда, оның барлық тармақтарының құрылымы мен қызметінің қағидаттары едәуір жетілдірілді.

Сондай-ақ, демократия мен азаматтық қоғам институттары даму жолына түсті. Қазақстан геосаяси кеңістікте әлемдік қоғамдастықтың тең құқылы мүшесі ретінде лайықты орын алды. Қалыптасқан әріптестік саяси және экономикалық қатынастар мемлекетімізді барлық дүние жүзі елдерімен байланыстыруға мүмкіндік берді. Қазақстан жетекші халықаралық ұйымдарда, соның ішінде, БҰҰ-да белсенді жұмыс жүргізіп, антиядролық қозғалысқа, жаппай қарусыздануға, бітімгершілік және терроризмге қарсы күрес ісіне лайықты үлесін қосып келеді.

“Қазақстан – 2030” стратегиясында көрсетілгендей, әсіресе, соңғы жылдары республикада тұрақты экономикалық өрлеу, өндіріс ауқымының өсуі байқалып отыр. Тек 2000-2002 жылдары жалпы ішкі өнімнің жиынтық өсімі 35,5 пайызды құрады. Сауатты макроэкономикалық саясат еліміздің халықаралық беделін едәуір көтеруге жағдай жасады. Қазақстан бұл жылдары ТМД елдерінің арасында жан басына шаққанда шетелдік инвестициялар тарту жөнінен көш бастады. Шетелдік инвесторларды, соның ішінде әлемдегі аса ірі компанияларды да тарту мынадай бірқатар маңызды міндеттерді шешіп берді: Ауқымды инвестицияларды тарту жөніндегі, олардың көлемі 1993 жылдан 2003 жылға дейінгі кезеңде 25,8 миллиард долларды құрады, жан басына шаққанда Қазақстан ТМД-да 1-ші орынды алады. 1994 жылдан 2007 жылдың аяғына дейін

еліміз өз экономикасына әлемнің 60 елінен 70 миллиард доллардан астам тікелей инвестиция тартты. Бүгінде Орталық Азияға келген барлық инвестициялардың 80 % Қазақстан еншісінде. Ал экономикаға қосылған ішкі инвестициясының көлемі қазіргі күні 80 миллиард доллардан асып түсіп отыр.

Сонымен қатар, Қазақстан басқа елдерден келген инвестиция көздерін өз экономикасын көтеру ісіне тиімді пайдалана отырып, енді басқа елдерге де инвестиция сала алатын донор мемлекетке айналды. Қазір оның қаржысы Ресей мен өңірдегі елдерге, Түркия мен Кавказ елдеріне, Қытай және басқа да алыс-жақын шет ел экономикасына салынып жатыр (Егемен Қазақстан. 15.12.2008). Әлемдік деңгейдегі менеджмент қызметі құлдырау жағдайында болған аса ірі кәсіпорындарды қысқа мерзімде қайта өркендетуге мүмкіндік берді. Әлемдік рынокқа шығу және әлемдік шаруашылық байланысқа белсенді кірігу қамтамасыз етілді. (Н.Назарбаев. Жаңа кезең - жаңа экономика. – Егемен Қазақстан, 16 желтоқсан 2004). Осының нәтижесінде республика экономикасының барлық дерлік салаларында, әсіресе, ауыл шаруашылығында, сауда мен қызмет көрсету саласында жеке меншік секторы басым бола түсті. Нарықтық экономиканың жетекші бір факторы мемлекеттік емес сектор үлесін серпінді ұлғайту болып табылады.

Мысалы, статистика мәліметтері бойынша, 2004 жылдың I жартыжылдығына тіркелген 194,8 мың заңды тұлғаның 192,7 мыңдайы жеке меншік секторға келеді. Бұл жалпы санның 98%-і, өңдеу саласында бұл үлес – 98%-ті; ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында 97,5%-ті құрайды. Көптеген экономикалық процестердің нақты қатысушысы жеке меншік иесі болып отыр. Оның мүмкін болатын барлық әлеуметтік формалар мен нарықтық қатынас салаларына кеңінен қатысуы айрықша нарықтық мінез-құлық қалыптастырды.

Әсіресе шағын кәсіпкерліктің дамуы атап көрсетуге тұрарлық. “Қазақстан – 2030” бағдарламасын жүзеге асыру барысында тәуелсіз еліміздің басты табыстары мен жетістіктері – мемлекеттің қауіпсіздігін нығайту және экономикалық өрлеу болды. Бұл барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуіне, әл-ауқатының артуына кең өріс ашты. Қазір біздің республикада нарықтық экономиканың іргесі қаланып қана қойған жоқ, сонымен қатар барлық қазақстандықтардың игілігі үшін ішкі ресурстары мол әлеуметтік-экономикалық дамудың нақты нышандары қалыптасты.

Оған дәлел ретінде әлемдегі ең күшті мемлекет – АҚШ-тың Қазақстанға нарықтық экономикасы бар ел мәртебесін беру туралы шешімін ерекше атап көрсеткен жөн. Бұл АҚШ басшылығының, американдық іскер топтар мен сарапшылардың қазақстандық реформалардың жетістіктерін мойындауы болып табылады. Сөйтіп, Қазақстанның ТМД елдері арасында осы мәртебені бірінші болып алуы кездейсоқтық емес. Бұл шешім Қазақстанға қатысты АҚШ және тағы басқа дамыған елдер тарапынан экономикалық шектеулер мен түзетулерді алып тастаудан өзінің көрінісін тапты. Ол болашақта республиканың нарық қатынасына көшкен ел ретінде Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруінің оңтайлы

алғы шарты болып табылады. Сонымен, қорыта келгенде, жер жүзіндегі қазіргі 182 елдің 15 мемлекеті нарықтың қарқынды даму жолын игерген, 156 ел – нарықтық даму жолына түскен (соның бірі - Қазақстан), тек 11 ел ғана - нарықтық қатынасқа әлі кірмеген. Әлемдік экономиканың заңдары мен талаптарына сай біз де елімізде нарықтық (кәсіпкерлік) қоғам құрып жатырмыз. Сол себепті де Қазақстан байлығының 80 пайыздан астамы жекешелендірілген, қазірдің өзінде республикамызда 500 мыңға жуық кәсіпкерлік субъектілер құрылған. Онда 2 млн.-нан астам адам жұмысқа тартылған. Кәсіпкерлік – күнкөрісіміздің көзіне айналды.

Дамыған елдердегідей “кәсібің - нәсібің” деген ұстаныммен өмір сүруге көштік. Экономикалық, өндірістік қатынастар жүйесін түбегейлі өзгерту жөніндегі реформаның ең маңызды кезеңінің басты міндеттері шешілді. Экономиканы түпкілікті реформалауға бағыт ұстап, біз қысқа мерзімнің ішінде нарықтық реформаларды жүргізе білдік, тиісті заңнамамызды жасауға қол жеткіздік. Біз ойдағыдай жұмыс істеп жатқан нарық экономикасын құрдық. Бүгінгі таңда Қазақстанда нақтылы жұмыс істеп тұрған нарықтық экономика бар. Нарықтық экономикаға көшу бастапқыда өнеркәсіптің дамуына жол ашпады.

Халық шаруашылығының бұл саласын дамытуда көптеген қиыншылықтар кездесті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары өнеркәсіп салалары, әсіресе, ауыр индустрия, халыққа аса қажет жеңіл өнеркәсіп орындары біртіндеп тоқтай бастады. Кәсіпорындардың көпшілігі қажетті материалдық ресурстардың жоқтығынан немесе қаржының жетіспеуінен өз қуаттарын толық пайдалана алмады. Күрделі құрылыстың қысқаруы экономикаға кері әсер етті. Экономиканың тұрақтануына қаржы-ақша жүйесінің терең дағдарысы кесірін тигізді. Өнеркәсіп орындарының жартысы 1992 жылы 1991 жылғы деңгеймен салыстырғанда өндірістің құлдырауына жол берді. Халық тұтынатын тауарлар күрт азайып кетті. Оны өндіру көлемі өнеркәсіп өндірісінің бүкіл көлемінің бестен бір бөлігін ғана құрады, сөйтіп 1991 жылмен салыстырғанда 21,5%-ке кеміді. Республика бойынша мұнай мен көмір өндіру қысқарды. Металлургия өнеркәсібінде күрделі жағдай қалыптасты: шойын, болат, прокат құю азайды. Түсті металдар өндірісі қысқарды.

Құрылыс және ауыл шаруашылығы техникаларын шығару едәуір кеміді. Күрделі құрылысты қаржыландыру көлемі 40 пайыздан астам қысқарды, нәтижесінде 1992 ж. мемлекеттік тапсырыс бойынша іске қосылуға тиісті 32 өндірістік қуаттар мен объектілердің тек 2-уі ғана іске қосылды. Өнеркәсіптің құлдырауы 1993 және 1994 жылдары да тоқтамады. 1993 жылы 1990 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп өнімі 16,1%-ке азайды. Ал 1994 жылы 1992 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп өнімінің көлемі 39%-ке, халық тұтынатын тауарлар 41%-ке кеміді.

Дегенмен 1995 жылы өнеркәсіп өнімінің төмендегеніне қарамастан, оның жекелеген салаларында 1994 жылмен салыстырғанда біраз өсім байқалды. 1996 жылы республикадағы кәсіпорындарды реформалау және жеке жобалар

бойынша ірі объектілерді жекешелендіру жөніндегі жұмыс қарқын алды. Бірақ осыған қарамастан өндірістің құлдырауы тоқтамады. Тек 1996 жылдың соңына қарай өнеркәсіптің құлдырауы кейбір салаларда тоқтап, аздап өскендігі байқалды. Өндірістің құлдырауының басты себебі – Одақ бойынша бұрынғы қалыптасқан шаруашылық қатынастардың үзілуі. Өнеркәсіптің артта қалуының тағы бір себебі – оның шикізат өндіруге бейімделген сыңаржақтылығында, дайын тауар өндіретін, әсіресе, машина жасау салаларының жоқтығында болды. Одан басқа мемлекет экономиканы басқарудың тізгінін босатып алды, халық тұтынатын тауарларды шығаруды өз бетімен жіберді, жаңа технология мен техниканы пайдалану, оны өндіріске енгізу ісі ақсап жатты.

Жоғарыда айтылған қиындықтар мен кемшіліктерді жою үшін 1999 жылдан бастап Қазақстан үкіметі елдің өнеркәсібін жандандыруда бірсыпыра шараларды іске асырды. Жеңіл өнеркәсіпті дамыту бағдарламасы жасалып, химия өнеркәсібі мен машина жасау саласын дамыту бағдарламасы тиянақталды. Соның нәтижесінде 1999 жылы мұнай-газ өндіру, металлургия, химия, полиграфия және тоқыма-тігін өнеркәсіптерінде өнімнің өсуіне қол жеткізілді. Жыл соңында жалпы өнім өндіру 1%-ке, ал өндіріс көлемін арттыру 1,8%-ке өсті. Елдің алтын қоры 2 млрд. долларға жетті. Міне, осындай мемлекеттік маңызды шараларды жүзеге асыру барысында 2000-2002 жылдары республикада тұрақты экономикалық өрлеу, өндіріс ауқымының өсуі байқалды. Тек соңғы 3 жылда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 42,9 пайызды құрады. Қазақстанның өнеркәсіп саласында мұнай-газ өндірісі елеулі орын алып, ол жалпы өнеркәсіп өнімінің 46 пайызын қамтыды. Бұл жылдары тек газ-мұнай шығару салаларын дамытуға 9,5 млрд. доллар шетел инвестициясы тартылды. Қазір де мұнай-газ секторы мемлекеттік бюджетті қалыптастырудың негізгі көздерінің біріне айналып, республиканың жалпы ішкі өнімдерінің едәуір бөлігін қамтиды.

1.3 Экономикалық ресурстар жүйесіндегі орны контент- талдау дайындау.

Батыс Қазақстан аймағында Теңіз бен Қарашығанақ сияқты мұнай-газ кен орындарын игеру жөніндегі ауқымды жобаларды іске асыру жүргізіліп жатыр. Каспий аймағында өнеркәсіптік мұнай өндіруді 2005 жылдан бастап қолға алу жоспарланған. Жамбыл облысы жеріндегі Амангелді газ өндіру орнын игеру жұмысы басталды. Каспий құрлықтық мұнай құбырының бірінші кезегін іске қосу еліміздің экспорт жөніндегі мүмкіндігін арттыра түсті. Мұнайды әлемдік нарыққа жеткізудің баламалы нұсқалары – Атырау-Баку-Жейһан, Қазақстан-Түркменстан-Иран, Батыс Қазақстан-Қытай бағыттарын да үлкен болашақ күтіп тұр.

Соңғы жылдары Ақтау теңіз портын, Достық-Алашанькоу шекаралық өткелін және Достық-Ақтоғай теміржол учаскесін қайта жаңалау жұмысы, Семейдегі Ертіс көпірі мен Ақсу-Дегелең теміржол құрылысы аяқталды.

Алтынсарин-Хромтау арасындағы теміржол құрылысы аяқталып, 2004 жылдың соңына қарай іске қосылды. Алматы-Астана автожолын жаңалау жұмысы 2003 жылы аяқталды. Алматыдағы әуежай қалпына келтірілді. Жалпы 2002 жылы бұрынғы 2001 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 9,5 пайызға артты. 90-шы жылдардың басында ауыл шаруашылығы елеулі дағдарысты бастан кешірді. Оның басты себебі – ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салалары өнімдерінің арасындағы үлкен алшақтық еді. Ауыл шаруашылығының терең дағдарысқа ұшырауына республикадағы колхоздар мен кеңшарларды жаппай және тез арада жекешелендіру науқанының үлкен зардабы тиді. Бұрын 600-ден астам астық өндіретін, 700-дей қой шаруашылығымен шұғылданатын кеңшарлар мен колхоздар, 80-дей құс фабрикасы бар еді.

Республика халқы жекешелендіру барысында өздерінің осы қолда барынан айырылып қалды. Бағадағы былық, бейберекеттік, жекешелендірудегі асығыстық пен науқаншылдық, қаржыландырудағы берекесіздік, басқарудың жоғарыдан төменге дейінгі жүйесін күйрету, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді алыпсатарлыққа айналдыру және т.б. ауыл шаруашылығын күйретуге соқтырды. 1993 жылы кеңшарлардың басым көпшілігі жұмыскерлерге 6 айға дейін жалақы бере алмады. Ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін, ұқсататын салаларда жаңа қуаттарды қосу, жаңа технологияны өндіріске енгізу, негізгі қорларды алмастыру сияқты жұмыстардың көлемі азайып кетті.

Агроөнеркәсіп кешеніндегі жоғарыдағы айтылған және басқа да кемшіліктерді жоймай, салаға деген көзқарасты түбегейлі өзгертпей бүкіл реформаның жүзеге асуы мүмкін емес еді. Егіншілік өнімдері азайып, егін егетін жер көлемі қысқарды. Жалпы ауыл шаруашылық өнімі 1992-1998 жылдары аралығында 55 пайызға қысқарған, астық өндіру 30 миллион тоннадан 12 миллион тоннаға азайған. Аграрлық сектордың басты бір саласы – мал шаруашылығы едәуір төмендеді. Малдың саны азайып кетті. Мал мен құстың кемуі негізінен осы салаға деген көзқарастың нашарлауынан болды. Малға қажетті жем-шөп аз дайындалды. Жекешелендіру нәтижесінде жеке шаруаларға бөлініп берілген малдар сатылып кетті, немесе ауыл тұрғындарына керекті тауарларға ауыстырылды.

Егер 1991 жылы 9,8 млн. бас ірі қара болса, 2002 жылы 4,4 млн. бас қана қалды, тиісінше қой мен ешкі 35,7 млн. бастан, 10,4 млн. басқа дейін, жылқы 1,6 млн. бастан 1,0 млн. басқа дейін азайып кетті. 2000 жылдан басталған ауыл шаруашылығындағы тың серпіліс мал шаруашылығы саласының дамуынан да көрініс тапты. Мәселен, 2000-2002 жылдары ірі қара мал 8%-ке, қой басы 9%-ке, жылқы 1%-ке, құс өсіру 25%-ке артты. Қазір республикадағы мал басының 90%-тен астамы жеке шаруа қожалықтарының қолында жинақталған. Қазақстан үкіметі соңғы жылдары ауыл шаруашылығы өндірісін ұлғайтуға бағытталған шараларды іске асыруда. Ауыл шаруашылығына 1996 жылғы бюджеттен 4,3 миллиард теңге, 1997 жылы 5,3 млрд. теңге бөлінді. 1996 жылы Азия даму банкісі тарапынан Қазақстанға 100 миллион АҚШ доллары мөлшерінде несие бөлінді. Оның 50 млн. доллары 1997 жылы ауыл шаруашылығына жұмсалды.

Тек 1996 жылы 630 егін және 100 мақта жинайтын шетелдік комбайндар сатып алынды. Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржы жылдан-жылға көбейіп отырды. 1999 жылы оған 9 млрд. теңге бөлінсе, 2000 жылы агроөнеркәсіп саласына 11 млрд. теңге жұмсалды. Ауылда шаруашылық жүргізудің жаңа формалары қалыптасты. 2000 жылы республика көлемінде 96198 ауыл шаруашылығы құрылымы, оның ішінде 91471 шаруа қожалығы, 1781 өндірістік кооператив, 2886 шаруашылық серіктестігі және 60 жеке меншік кәсіпорын жұмыс істеді.

Сөйтіп, 1999-2001 жылдар аралығында ауылда тиімді шаруашылық жүргізуге қабілетті меншік иелері қалыптаса бастады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев өзінің “Жаңа кезең - жаңа экономика” атты лекциясында атап көрсеткендей “Рынокқа берік бағдарланған фермерлер табы пайда болды”(Егемен Қазақстан. 16 желтоқсан 2004 ж.). Ауыл шаруашылығында жүргізілген реформаның нәтижесінде өндірілген өнімдердің 99 пайызы жеке меншік құрылымдарының үлесіне тиді. Мемлекет ауыл шаруашылығына салықты азайтты.

Ауыл шаруашылығы құрылымдарының бұрынғы қарыздарының барлығы жойылды. Басқа қарыздары 5-6 жылға ары қарай ұзартылды. Қазір ауылдық жерлерде 25 мыңнан астам заңды тұлға бизнеспен айналысуға мүмкіндік алса, тек шаруа қожалықтарының саны ғана 170 мыңнан асты. “Астық үшін айқас” кезеңдері ұмытылды. Соңғы жылдары Қазақстан миллиард пұттан астам дәнді дақылдар өндіруге қол жеткізіп келеді. Кеңес заманында астықтың осындай мөлшерін өндіру үшін бүкіл одақ болып жұмыла кірісетін болса, қазір астықты аз шығын жұмсап-ақ жинап қамбаға құйып алатын болдық.

Ауыл шаруашылығын одан әрі дамытудың жаңа кезеңі 2002 жылдан басталды. Бұл 2005 жылға дейінгі уақытты қамтуға тиіс кезең аграрлық өндірістегі реформаны аяқтау, ауыл шаруашылық жерлеріне жеке меншікті енгізу және ауылдың әлеуметтік бейнесін жаңғырту мәселелерімен сабақтастырыла қарастырылған. Үкімет 2002 жылдан бастап ауыл шаруашылығына қатысты үлкен жүйелі жұмыстарды жүргізе бастады. 2002 жылы маусымда мемлекеттік-аграрлық бағдарлама қабылданды. Ол 2003-2005 жылдарды қамтыды, бұл жылдар ауылды қолдау, өркендету жылдары деп аталды. Сөйтіп, аграрлық сектор мен ауыл адамдарының проблемаларын кешенді шешу үшін 2003-2005 жылдар

Ауыл жылдары болып жарияланды. 2002 жылы ауыл шаруашылығы салаларын қолдау мақсатында мемлекеттік бюджеттен 30 млрд. теңге қаржы бөлінді. 2003 жылдан бастап ауыл шаруашылығын және оған байланысты салаларды бюджеттік қаржыландыру елеулі түрде өсті. Мысалы, 2003 жылы 40 млрд. теңге қаржы бөлініп, оның 30 миллиарды аграрлық секторды дамытуға, 10 миллиарды ауылдың әлеуметтік мәселесіне, оның ішінде, денсаулық сақтау, білім беру салаларына, ауылды ауыз сумен қамтамасыз етуге жұмсалды. Ал 2004 жылы ауыл шаруашылығын дамытуға мемлекеттік бюджеттен – 50 млрд., 2005 жылы – 55 млрд. теңге бөлінді.

Кейінгі жылдары Қазақстан аграрлық секторды дамытуда айтарлықтай нәтижелерге жетті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2002 жылмен салыстырғанда 2 есеге жуық өсті. Инвестициялар 3 еседен астам ұлғайды. Бұл аграрлық секторды мемлекеттің орасан қолдауы нәтижесінде мүмкін болды. Жоғарыда аталған ауылды қолдаудың үш жылдық бағдарламасы ел ішін дамытуға қуатты серпін берді. Қабылданған шаралар ауыл шаруашылығындағы тауар айналымының 4 есеге жуық жалпы өсіміне оң ықпал етсе, ол 4 миллиард АҚШ доллары мөлшерінен асып түсті (ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2008 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауынан. – Егемен Қазақстан, 2008, 7 ақпан). 2007 жылы ауылшаруашылық дақылдарының барлық дерлік түрлері бойынша жақсы өнім алынды. Әсіресе, ел диқандары жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді. Республика бойынша 22,5 миллион тоннадан астам астық орылды. Қазақстан астық өндірісінің жан басына шаққандағы көлемі мен ұн экспорты бойынша әлемде бірінші орынға шықты.

Соңғы он жылда ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің көлемі 3 есе дерлік артты. Қорытып айтқанда, еліміздің ауыл шаруашылығына жан-жақты көмек көрсету арқылы оның деңгейін көтеру, соның ішінде қазіргі кездегі егістік көлемін сақтау, одан алынатын өнімді өсіру, малдың санын тұрақтандыру ісін жүзеге асыру көзделген. Қазір ауылдық жерлерде Қазақстан халқының 43 проценті тұрып жатыр.

Тәуелсіздік алған Қазақстанның көлік қатынасында темір жолдың маңызы ерекше зор. Қазіргі кезде Қазақстан темір жолының үлесіне көлік қатынасының барлық түрлері бойынша тасылатын жүктің төрттен үш бөлігі, жол жүретін адамдардың тең жарымы тиеді. Темір жолдарды техникалық жағынан қамтамасыз ету және жүк тасу жөнінде Қазақстан ТМД елдері арасында Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орынды алады. Міне, осымен байланысты темір жол көлігіне талаптар жыл сайын өсіп отыр және оның басты міндеттері Президент Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан-2030” стратегиялық бағдарламасында көрініс тапқан. Бұл мәселелерді шешуде темір жол құрылымын жетілдіру ерекше орын алады. 1997 жылғы 31 қаңтарда Үкімет қаулысымен Алматы, Тың және Батыс Қазақстан темір жол бөлімдері біріктіріліп, республикалық мемлекеттік “Қазақстан темір жолы” кәсіпорны құрылды. Ал 2002 жылы бұл кәсіпорын Үкіметтің қаулысымен “Қазақстан темір жолы ұлттық компаниясы” жабық акционерлік қоғамына айналдырылды. 2002 жылы Қазақстандағы темір жолдың ұзындығы 13,6 мың шақырымға жетті, оның бойындағы темір жол станцияларының саны 720 болды. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап жаңа темір жолдар салу және темір жол станциялары мен желілерді қайтадан жанартуға ерекше назар аударылуда. Соның ішінде халықаралық темір жол желілерін құруға барынша көңіл бөлінуде. Халықаралық темір жол қатынасын дамытуда Достық станциясы маңызды рөл атқарады. Өйткені ол Европа және Азия елдерінің арасындағы экономикалық байланыстарды жүзеге асыруда үлкен орын алады. 1991 жылы қыркүйекте Достық станциясы арқылы Қазақстан мен Қытай арасында жүк тасу, ал 1992 жылы маусымда жолаушылар тасу жүзеге

асырылды. 1994 жылдан бастап Достық-Алашанкоу станциялары арқылы халықаралық жүк тасу жүргізіле бастады. Нәтижесінде Қазақстан мен Қытай, Өзбекстан және Оңтүстік Корея сауда байланыстары Достық станциясы арқылы едәуір өсті. Тек 2002 жылдың өзінде жүк тасу 1994 жылмен салыстырғанда 10 есеге артып, 6 млн. тоннаға жетті. “Қазақстан-2030” бағдарламасының талаптарына сай 1998 жылы мамыр айында алғаш рет егемен Қазақстанның тарихында Павлодар облысының Ақсу қаласы мен Шығыс Қазақстан облысындағы Конечная темір жол құрылысы басталып, 2000 жылы 8 желтоқсанда аяқталды. Жолдың жалпы ұзындығы – 184 шақырым. Жолды салуға республиканың әртүрлі аудандарынан 1500 жұмысшы қатынасты, құрылысқа 6,5 млрд. тенге жұмсалды.

Бұл жол елдің Солтүстік және Шығыс облыстарының арасындағы қатынасты 600 шақырымға қысқартты. Павлодар облысының Ақсу және Май аудандары жеріндегі табиғи байлықтарды игеруге мүмкіндік берді. Егемен Қазақстан жеріндегі екінші маңызды темір жол құрылысы Қостанай облысындағы Алтынсарин станциясы мен Ақтөбе облысының Хромтау қаласын байланыстыратын темір жол магистралы. Жолдың ұзындығы 387 шақырым, құрылыс жұмысы 2001 жылдың маусым айында басталып, 2004 жылдың қараша айының соңында аяқталып, пайдалануға берілді. Бұл жол Қазақстанның Солтүстік және Орталық аймақтары арасындағы жол қатынасын 1,5 мың шақырымға қысқартты және елді Ресейдің Қарталы-Орск темір жолына бағыныштылықтан босатты.

Бұл жолмен Қазақстанның Орталық және Солтүстік аудандарынан Батыс облыстарға хром рудалары, астық, ал Ақтау, Новороссийск және Одесса теңіз порттары арқылы Украинаға қара металл, ферросплав, сондай-ақ Ақтау арқылы Республиканың солтүстік облыстарынан Иранға жыл сайын 5,5 мл. тонна астық жеткізу көзделген. Республиканың темір жол қатынасын одан әрі дамытуда оның аса қажетті магистралдық учаскелерін электр жүйесіне қосудың маңызы ерекше зор. Барлық соңғы жылдар бойында орташа еңбекақы деңгейі жөнінен Қазақстан ТМД-да көшбасшы елдердің бірі болып табылады. 2002 жылдан бастап реформалау жүзеге асырылып, бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысын өсіру үрдісі қалыптасып келеді. Оның деңгейін жүйелі арттырудың арқасында 2007 жылы бюджетшілердің еңбекақысы 2,5 еседен астамға артты. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа көлемі 1998 жылдан бері 3 есеге жуық өсті. Бүгінде 630 мыңдай адам мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алады. Жалпы алғанда, ел экономикасы 2001 жылдан бастап жылына орта есеппен 10 пайызға өсіп отырды. Бұл өте үлкен де жедел өсу болып саналады (ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2008 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауынан. – Егемен Қазақстан, 7.02.2008). Еліміздегі әлеуметтік ахуал да тұрақты қалпында. 2000 жылдан бастап, 2008 жылға дейін мемлекеттік бюджеттің білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығындары 5 еседен астам ұлғайды. Біздің 5 миллионнан астам азаматтарымыз мемлекеттік әлеуметтік қорғаумен қамтылып отыр. Бұл көрсеткіш осыдан бес жыл

бұрынғыға қарағанда екі есеге артық. Ал осы жылдар ішінде Қазақстанда жүздеген, мыңдаған жаңа кәсіпорындар пайда болды. Қазіргі кезде автомобиль құрастыратын, оның ішінде жеңіл автокөліктер де құрастыратын бес кәсіпорын жұмыс істейді. Бүгінде Қазақстанда радиотехника мен компьютер де құрастырылады. Жиназ жасау өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және басқа салалар серпінді дамуда. Сөйтіп, қорыта келгенде, тәуелсіздік жылдары Қазақстанда алғашқы жылдардағы кездескен көптеген қиыншылықтар мен қайшылықтарға қарамастан экономиканы дамытуда, әлеуметтік мәселелерді шешуде біршама жұмыстар атқарылды және елеулі табыстарға қол жетті. Соның нәтижесінде біздің еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан алдыңғы қатарға шығып отыр. Қазақстан бүгін әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің бірі саналады. Еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу мемлекеттің қатарына ену жөніндегі міндеттерді шешуде айтарлықтай ілгері жылжыды. Біздің мемлекет тәуелсіздіктің он алты жылында экономикалық, әлеуметтік қуатты реформаларды жедел де тиімді іске қосып, қай салада да ТМД елдері ішінде көшбасшы атанды.

Бақылау сұрақтары

- 1 Қазақстандағы нарықтық қатынастардың қалыптасуы және дамуы
- 2 Экономикалық ресурстар жүйесіндегі орны контент- талдау дайындау.
- 3 Дамыған елдердегідей “кәсібің - нәсібің” деген ұстаныммен өмір сүру нені білдіреді?
- 4 Мемлекет тәуелсіздігі экономиканың дамуына қалай әсер етті?
- 5 Нарықтық қатынас дегеніміз не?
- 6 Мемлекеттің экономика салаларына қандай жеңілдіктер жасады?

2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНДІРІС САЛАЛАРЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ

2.1 Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі: проблемалары және шешу жолдары

Әлемдік экономиканың қазіргі дамуы және әлемдік шаруашылықтың жаһандану үдерістері, экономикалардың өзара тәуелділіктерінің өсуі, жаһандық тауарлар мен қаржылық нарықтардың қалыптасуы осы үдерістерге түскен елдердің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін көтеру проблемасына қызығушылықтың артуына әкелді. Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтау және оны көтеру шараларын дайындау проблемасы әлемдік қаржылық және экономикалық дағдарыс әлемдік экономиканың дамуына және әлемдік экономиканың дамуына әсер ететін ірі елдердің экономикалық дамуына түбегейлі өзгерістер енгізгеннен кейін күшейе түсті [1].

Болашақта қандай экономикалар бәсекеге қабілеттілік рейтингінде жоғары орындарды алады және ұлттық экономика үшін бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолдарын табу қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдері үшін маңызды проблема болып отыр. Осыған байланысты, кез келген мемлекет әлемдік қаржылық және экономикалық дағдарыстан кейін әлемдік даму болашақта қандай бағытпен жүретіндігі туралы ортақ пікірдің болмауы кезінде осы белгісіз болашақта ұлттық бәсекеге қабілеттілікті көтеру стратегиясын дайындауы қажет. Бұл мәселені дағдарыстан кейінгі уақытқа қалдыруға болмайды, себебі бәсекеге қабілеттілікті арттыру проблемасы кез келген елдің дамуы үшін ең маңызды мәселенің бірі – тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуымен, халық өмір сүруінің жоғары деңгейімен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта бәсекеге қабілеттілік мәселесімен көптеген танымал экономистер және 100-ден астам әлем елдерінің ұлттық институттары көмектесетін ірі халықаралық институттар айналысады.

Елдер арасындағы бәсекелестік күрестің өршуі әлемдік экономикаға көптеген өзгерістер әкелді. Жыл өткен сайын әлемдік шаруашылық қатынастар бірыңғай геоэкономикалық жүйе ретінде көптеп қарастырылуда. Бұл жағдайларда кез келген елдің күші мен қуаты оның өндірушілерінің бәсекеге қабілеттілігімен анықталады. Ұлттық нарықта неғұрлым бәсекелестік күшті және оның формалары алуан болса, соғұрлым әлемдік нарықта елдің бәсекеге қабілеттілік деңгейі жоғары болмақ.

Бәсекеге қабілеттілік мәселесі экономикалық ғылымдар арасында аз зерттелген салалардың бірі болып табылады. Адам Смит «Табиғат және

халықтар байлығының себептері туралы зерттеу» атты еңбегінде көрінбейтін қол әлемді басқарады, сондықтан нарықтық экономика құламайды, ал бәсекелестік бәрін өз орнына қояды, өзінің жеке мүдделерін қанағаттандыруға ұмтылған адамдар ақыр соңында қоғам үшін жұмыс істейді деп айтқан болатын [2]. Дегенмен, 1970 ж. басында, бәсекелестік тақырыбына көп назар аударылғанымен, оны дайындауда инновациялық идеялар аз енгізілді. Бәсекеге қабілеттілік түсінігінің заманауи көрінісін негізінен американдық ғалым М. Портердің әзірлемелері айқындады. Ол елдің бәсекеге қабілеттілігі түсінігін өндіріспен байланыстырды. Осыған ұқсас ойды әйгілі американдық ғалымдар Д. Доллар және Э. Вульф ұстанады, олардың тұжырымы бойынша, жоғары технологиялар негізінде халықаралық саудада табыстылықты, еңбекақыны және табыс жоғары өндірісті үйлестірген ел бәсекеге қабілетті болып саналады.

Бәсекеге қабілеттілік – бірнеше деңгейде қарастыруға болатын көп қырлы экономикалық категория. Бұл – мемлекеттің, тауардың, тауар өндірушілердің, салалардың бәсекеге қабілеттілігі. Осы деңгейлердің арасында тығыз байланыс бар: елдік және салалық бәсекеге қабілеттілік ақыр соңында белгілі бір өндірушілердің бәсекеге қабілетті тауарларды өндіре алу қабілетіне байланысты.

М. Портер бәсекеге қабілеттілікке келесідей анықтама береді: «Бәсекеге қабілеттілік – бұл техникалық-функционалдық, экономикалық, ұйымдастырушылық және басқа сипаттамаларға сәйкес келу деңгейін сипаттайтын нарықтың белгілі бір үлесін алатын объект». Тұтынушы талаптарының деңгейі осы объектіге жататын нарықтың үлесін анықтайды және басқа объектілердің пайдасына осы нарықтың бөлінуіне кедергі болады [3].

2.2 Елдің бәсекеге қабілеттілігі

Нарық, ұлттың немесе әлемдік ауқымда қарасты бәсекелестіктің бар болуын қарастырады. Нарықтағы бәсекелестік тауар мен қызмет өндірушіні жетілдіруге және өзінің перспективалық бәсекелестік артықшылықтарының даму жолына жетелейді. Бәсекелестік әлеуметтік және заңды еркін тұлғаны шығармашылық қызмет етуге міндеттейді. Әзірлеу мен жаңа бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызметтерді әзірлеу формасында экономика саласында өзін-өзі іске асыру шарттарын жасайды. Бәсекелестік – жарыс процесі. Бұл түсінікті анықтауда әртүрлі көзқарастар бар. Адам Смит бәсекелестік – мінез-құлықтық санат, жеке сатушылар мен сатып алушылар нарықта неғұрлым тиімді сату және сатып алу шарттары үшін жарысып, сонымен қатар бәсекелестік оңтайлы еңбек пен капиталдың бөлінуіне әкеп соқтырады. Австриялық экономист Й.Шумпетерге тиімді бәсекелестік теориясы тиесілі.

Тиімді бәсекелестік тек өңдеу көлемінің кеңеюіне мықты еңбек өнімділігінің өсуіне, бағаларының төмендеуі, өндіретін тауарлар түр-түрінің кеңеюіне ынталандыру бола алатын бәсекелестік. Фрайбургтік мектебінің өкілі В.Ойкеннің ойынша бәсекелестік жеке қызметке ынталадырудың техникалық прогрестің, экономикалық өсуінің ең жақсы механизмі бола алады. Либералдардың ойынша бәсекелестік даму кезеңінде өзін-өзі жойды, себебі

бәсекелестік күрес бәсекелестерді жоюға алып келіп, монополиялық дамуына негіз жасайды. Нобель лауреаты Массачусет технологиялық институтының профессоры Поль Самуэльсон (АҚШ) бәсекелестік туралы мұқият жасалған нарық пен бағалар жүйесі арқылы нақты іске асырылған реттеудің күрделі механизмі деп айтқан. П.Самуэльсон бойынша бәсекелестік – миллиондаған әртүрлі индивидумдардың білімдері мен істерінің біріктіру құралы. Бәсекенің білікті зерттеушісі М.Портер бәсекелестік күш сияқты, өзіне келесі компоненттерін қамтиды: жаңа бәсекелестің пайда болу қауіпін; туарлар мен қызметтерді ауыстыру қауіпін; жинақтаушы бұйымдарының жеткізушілердің бәсекелестігі; тауарлар сатып алушылардың бәсекелестігін; бар бәсекелестердің арасындағы күресті.

Бес күштің әрқайсысының саладан салаға ауысып, салаларының пайдалылығымен анықталады. Бұл күштердің әсері жағымды көрсетілген саналарында, көптеген бәсекелестер қаржы салудан жоғары пайда алулары мүмкін. Егер бір немесе бірнеше күштер әсері жағымсыз болса, онда жоғары пайданы біразы ала алмайды. Бәсекелестер арасындағы бәсекелестік нарықтың сипаттамасына байланысты.

Неоклассикалық экономикалық теорияның өкілі Стиглер кемеліне жеткен бәсекелестікті былай сипаттады: тауар өндіруші формаларының саны, бірде-бір форма тауар бағасына ешқандай әсер ете алмайтындай жеткілікті көп өндіретін тауарлар біртекті, сондықтан тұтынушылар қандай да фирмаың тауарын артық санамайды, фирмалар бір-бірінен тәуелсіз жұмыс жасайды және көптеген жеке агенттер арқылы өздерін ұсынады, фирма өкілдері маңызды нарық факторлары толық білімімен қаруланған. Бұл көзқарастың қарсыластары болып Дие Робинсон жетілмеген бәсекелестік теориясының шеңберінде және Э.Чемберлин (монополистік бәсекелестік теориясында) жетілдірген бәсекелестікпен қатар абсолюттік монополияда бар.

Ғалымдар көрсткендей нарықтың алғышарты арқылы бұл екі шеткі түсініктер синтезіне жетеді. Тауар жиынтығы біркелкі емес. Бәсекелестік осы сигментацияны тудырады, себебі әр фирма өзінің жеке нарықтық тауарнаманы бекітіп және жағдайын жасағысы келеді. Былай қарағанда сұрақтың икемділігі абсолюттіден қашықтау, бұл жетілдірген бәсекелестің теориясы ұйғарғандай болады. Сатып алушылар бағалар деңгейіне ғана сезіктенбейді. Бағалық бәсекелестік фирмалардың үлкен мәніне ие – өнім сапасының өсуі арқылы, қосымша қызметтер ұсыну арқылы, жарнама көмегімен тауар қозғалысы және басқалар арқылы. Жетілген бәсекелестік теориясының ұсынысына қарағанда, әр түрлі фирмалардың ұсынған өнімдер мен қызметтер бірдей емес, бұл бәсекелестікті көп деңгейлі аса күрделі процеске айналдырады. Қазақстандық ғалымдар (Сабден О, Қошанов А.К., Хұсайынов Б.Д., Днишев Ф.М., Додонов В.Ю., Аханов С.А., Нұрланова Н.К., Әлжанов Ф.Г.) ХХҒ жарытысында бәсекелестіктің жақсы сипатына ие болды. Біріншіден, алғашқы ашылған нарықтағы өнім өндірушілердің еркін бәсекесі әр түрлі формаларда олигонополистикалық және монополистік құрылым мен ішінара жабық

(протекционизм көмегімен) нарықтармен бірлесті. Екіншіден, бірте – бірте бәсекелестіктің бағалау тәсілдерінен бағалысыз тәсілдерге көшуі болып жатқанымен, шынайы экономикада олардың үйлесуі байқалады. Үшіншіден, сұраныс құрылымының өзгеруі жаппай сәйкестендірілген өнім қабылдаудан және тұтынушылық инвестициялық сұранысты қанағаттандыруы нарықтарды одан аса майда сегменттерге бәсекелестікті одан бөледі. Қазақстандық ғалымдардың көрсетіп отырғаны, шынайы қазіргі күні тұтынушы үшін бәсекелес аса басқыншы түрде өтіп жатыр. Бұл жағдайда кәсіпкер-инноватор ұтуда. Көптеген жағдайда бәсекелестік күрес қиратумен сипатталады. Нәтижесінде, бәсекелес әріптестікке қатыса көшіп, жаңа жоғары деңгейлі бәсекелестікке қаблеттілік пайда болады. Бәсекелестік аспектілерден көбейіп отырған экономиканы жаһандану процесі халықаралық қатынас проблемалары акценттерінің жылжуына себеп болады. Әлемдік экономиканың дамуының барлық кезеңдерінде бәсекелестік шарттары да өзгеріп отырады.

Әлемнің I және III елдердің сауда саттық көтермелерінің төмендеуі және сауданың жалпы ырықтандыру трансұлттық корпорациялары бүкіл әлем бойынша жаңа өндірістік қуаттарын орналастырудың одан да көп таңдаулары болған, өнімнің бірлігіне шығындарын барынша азайту және пайданы барынша көбейту принципі бойынша өтеді. Бұл процестің стандартталған өнімділігі бірқатар елдерінің ең арзан жұмыс күшінен білінді. Оңтүстік шығыс Азия және Оңтүстік Америка мемлекеттері, бұл уақытта жаңа жұмыс орындары дамыған Батыс елдерімен бәсекелестігі әлемдік дамуға енген.

Дамуының аса қарқынымен жаңа индустриалды елдерінің бірінші толқыны көзге түскен - ганконг, Сингапур, Қытай провинциясы Тайвань және Корей Республикасы, содан олар жаңа индустриалды елдерінің екінші толқынына қосылған елдер – Таиланд, Малазия және ірі елдер – Мексика, Бразилия. СССР ыдырауымен социалды жүйенің қирауымен және жаңа ТМД елдерінің және Шығыс Еуропаның әлемдік шаруашылыққа енуімен бірегей әлемдік шаруашылық пайда болды, ондағы өз тауарларын сату нарықтарын елдер арасындағы бәсекелестік, шетелдік инвестициялар мен инновациялар көбейді. Бүгінде бәсекелес күштер аясында өндірістік салаларын өзгертетін, динамикалық өзгерістерді талдау және түсіндіруге мүмкіндік жоқ. Л.Доунс ойынша, Портердік модельдер өмірде қабілетсіз болып келеді. Л.Доунс жаңа стратегиялық құрылым мен аналитикалық және бизнес құралдарын өніруді қажет ететін үш жаңа сәйкестендіру: санамалау, жаһандану, қайта реттеушілік. Жаһандану процесі нарықтың барлық қатысушыларына жаһандық деңгейде сатып алу, сату және ынтымақтастыққа мүмкіндік береді.

Тұтынушылар бұл уақытта тауар іздеп, жаһандық деңгейде оның бағасын салыстыра алады. Нәтижесінде, жергілікті масштабтағы нарыққа бағытталған орта деңгейдегі компаниялар жеке экспортпен және импортпен айналысады, жаһанды нарықта табылады. Бәсекелестікке қабілеттілік ұғымын әр түрлі көзқарастардан анықтауға болады: Мысалы, А.Ю.Юданов бәсекелестікке қабілеттіліктің келесі анықтамасын береді: «өндіріске анық тауар сатып

алушының берілген өнімнің тартымдылық көрсеткіші». Бұл жағдайда тауардың бәсекелестігі қарастырылады. Бұдан басқа, тауар фирма, сала, аймақ және ел бәсекелестігін айыру керек. Бұл тізбектің әр элементінің жоғары бәсекеге қабілеттілігі нәтижесінде әлемдік шаруашылықтағы елдің бәсекелес орнын анықтайды. Біздің елдің бәсекеге қабілеттілігі түсінігі қызықтырады. Елдің бәсекеге қабілеттілігі туралы проблемасын бүтін бір экономика емес, экономиканың салалары мен сала тармақтары деңгейінде қарастырған жөн. Бұл жағдайда бірде бір ел барлық өнеркәсіптің немесе қызмет салаларында бәсекеге қабілетті болуы мүмкін емес.

Ресейлік экономист-географ Н.С.Мироненко бәсекеге қабілеттілік анықтамасын географиялық аспектілер арқылы қарастырған. «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілік түсінігімен, экономикалық, ғылыми-техникалық, өндірістік, ұйымдастық - басқарушылық, маркетингтің және басқа да сыртқы және ішкі нарықтағы шетелдік тауарларға сәтті мүмкіндіктері. Бұл мүмкіндіктер географиялық жаңарған және аймақтың сипаттық ерекшеліктері болып табылады.

Халықтың өмір сүру деңгейі мен тығыз байланысты «бәсекеге қабілетті» терминінің бірнеше анықтамалары қызығушылық туғызуда. «Ұлттық бәсекеге қабілеттілік – елдің өмір сүру қабілеттілігі өсуімен байланысқан елдің халықаралық экономикада бәсекелестік күресте, басқа елдердің өндірген тауарлар мен қызметтерді өндіріп, орналастыру қабілеттілігі. Экономикалық әріптестік пен даму ұйымының қызметтері мынадай қорытынды жасады, «бәсекеге қабілеттіліктің сипаты болып ашық нарықтың экономика кезеңінде елдің халықаралық бәсекелестік тестіден өтіп, сонымен қатар ұлттың айқын табыстылығын ұлғайта отыруды көрсетті».

Экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету әлемдік нарықта елдің жағдайын анықтайтын және жеткілікті деңгейде оның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды проблема болып табылады.

- Елдің әлемдік нарықта бәсекелестеріне қарағанда көп материалдық құндылықтарды өндіру қабілеті.
- Елдің еркін және әділ нарық жағдайында тауарлар мен қызметтерді өндіру қабілетінің деңгейі.
- Алынған қаражаттарды өтеудің экономикалық қабілеті.
- Елдің әлемдік нарық талаптарына жауап беретін тауарлар мен қызметтерді өндіру және ЖІӨ өсуінің тұрақты қарқынын, әлемдік деңгейде халықтың өмір сүру сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жылдамдықта мемлекеттік ресурстарды ұлғайту шарттарын құру қабілеті.

Елдің бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын факторлар:

- Экономикалық даму қарқыны, ұлттық валюта жағдайы сияқты көрсеткіштермен бағаланатын экономика динамизмі.
- Өнеркәсіптік өндірістің тиімділігі.

- Тауар сапасы деңгейінің, жан басына шаққандағы тұтынушылық шығындар көлемінің көрсеткіштері бойынша бағаланатын нарық динамизмі.
- Коммерциялық банктер, бағалы қағаздар нарығы қызметімен бағаланатын елдің қаржылық жүйесінің жағдайы мен дамуы.
- Халық саны мен өсу қарқыны, жұмыссыздық деңгейі, еңбек ресурстарының біліктілік деңгейі негізінде анықталатын адами ресурстар.
- Елдің салық салу деңгейін, ұлттық табысындағы мемлекеттік сектордың үлесін зерттеу негізінде экономикадағы мемлекеттік реттеудің әсер ету дәрежесімен анықталатын мемлекеттің рөлі.
- Елдің әлеуметтік-саяси жағдайы – оны сипаттайтын көрсеткіштер: табыс және оны бөлу көлемі, өнеркәсіптегі еңбектік қатынастар және т.б.

Әрбір елдің бәсекеге қабілеттілік құрылымы бір-бірінен ерекшеленеді, өйткені бір мемлекет өзінің географиялық жағдайына, өнеркәсіп деңгейіне, ресурстардың көлемі мен қолжетімділігіне байланысты бір немесе бірнеше салаға маманданады және сол салаларда бәсекеге қабілетті болады. Бұл халықаралық еңбек бөлінісіне әкеледі.

2.3 Бәсекеге қабілеттілікті бағалау

Көп жылдар барысында әлемнің түрлі елдерінің бәсекеге қабілеттілігін бағалаумен Дүниежүзілік экономикалық форум (WIF/ДЭФ), Менеджментті дамытудың халықаралық институты (IMD), Дүниежүзілік банк айналыса- ды. Әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің жетекші әлемдік рейтингі болып ДЭФ-тің жыл сайынғы «Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі» (GCI/ЖБҚИ) баяндамасы саналады. 1979 ж. бастап бәсекеге қабілеттіліктің жыл сайынғы жаһанды баяндамаларында ұлттық экономикаларға тұрақты экономикалық өсуге және ұзақ мерзімді ауқаттылыққа қол жеткізуге мүмкіндік беретін факторлар зерттеледі. Басқа сөзбен айтқанда, баяндамалардағы мәліметтер белгілі бір елдің даму деңгейінің көрінісі болып келеді.

Жаһандық бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын 113 айнымалы көрсеткіш бар, солардың негізгі құраушы бөлігі 12 пункттен тұрады. Атап айтқанда:

1. Институттар сапасы.
2. Инфрақұрылым.
3. Макроэкономикалық тұрақтылық.
4. Денсаулық және орта білім.
5. Жоғары білім және кәсіби дайындық.
6. Тауар және қызмет нарығының көрсеткіші.
7. Еңбек нарығының көрсеткіші.
8. Қаржы нарығының деңгейі.
9. Технологиялық даму деңгейі.
10. Ішкі нарық деңгейі.

11. Компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі.
12. Инновациялық потенциал.

2014 ж. қыркүйекте (2013 ж. қорытындысы бойынша) шыққан, ДЭФ Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы есеп нәтижесі бойынша Қазақстан, 2012 жылмен салыстырғанда 1 тармаққа (51 орын) жақсартып, орташа 4,42 балмен 50-ші орынды иеленген [4]. Бұл ретте, Қазақстан даму деңгейі едәуір жоғары елдер қатарына өтті, бұл елдердің дамуында тиімділік пен инновациялық даму факторлары маңызды рөл атқарады.

Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша «Doing Business» (бизнесті жүргізу жеңілділігі) көрсеткіштері бойынша Қазақстан 2013 ж. ең дамыған 50 ел деңгейінен өтті. 2013 ж. есептеу әдістемесіне сәйкес Қазақстан 2012 ж. 53-шы орында болған.

Кесте – 2014-2015 Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіндегі Қазақстанның позициялары [4]

	2014-2015 (144 елдің ішінде)	2013-2014 (148 елдің ішінде)	Динамикасы
Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі	50	50	-
Негізгі талаптар	51	48	▼-3
Институттар	57	55	▼-2
Инфрақұрылым	62	62	-
Макроэкономикалық орта	27	23	▼-4
Денсаулық сақтау және бастауыш білім	96	97	▲+1
Тиімділік факторлары	48	53	▲+5
Жоғары білім және кәсіби даярлық	62	54	▼-8
Тауарлар нарығының тиімділігі	54	56	▲+2
Еңбек нарығының тиімділігі	15	15	-
Қаржылық нарық дамуы	98	103	▲+5
Технологиялық дайындық	61	57	▼-4
Нарық көлемі	52	54	▲+2
Инновация факторлары	89	87	▼-2
Компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі	91	94	▲+3
Инновация	85	84	▼-1

Посткеңестік елдер арасында іскерлік ортаның жайлылығы бойынша Қазақстан көшбасшылардың бестігіне кірді. Ең жоғары позицияны, алдыңғы жылы секілді, 16-шы орыннан 9-шы орынға көтерілген Грузия алды. Одан кейін Эстония (21-шы орын), Латвия (25-ші орын), Армения (32-ші орын) және Қазақстан (49-шы орын) орналасқан.

Менеджментті дамытудың Халықаралық институтының әлемдік бәсекеге қабілеттілік туралы жыл сайынғы баяндамасының бағалауы бойынша Қазақстан барынша дамыған 30 ел қатарына кіруге жақын. 2013 жылғы IMD рейтингінің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы 34 орынға ие. Қазақстан Чех Республикасы (35 орын), Үндістан (40 орын), Түркия (37 орын), Италия (44 орын) және Португалия (46 орын) секілді елдердің алдында орналасқан. ТМД елдері арасында Қазақстан Ресейді 8

тармақ бойынша (42 орын) және Украинаны 15 тармақ бойынша (49 орын) озып көшбасшы позицияны алды.

Қазіргі уақытта, Қазақстан экономиканың көптеген секторларында тұрақты позицияларға қол жеткізді. Мұндағы басты мәселе экономиканы модернизациялауға, ұлттық шаруашылықтың жаһандану үдерісіне және әлеуметтік бағытталған қоғамды дамытуға негізделген сапалы бәсекеге қабілеттілікті арттыру болып отыр.

2012 ж. қаңтар айында Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы»: қалыптасқан елдің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында 2050 ж. қарай әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру бойынша жаңа стратегиялық мақсат қойылған болатын [5].

Осында айта кететін жайт, 2015 ж. 1 қаңтарында Қазақстан Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелікке кірмекші. Бұл одақты құру идеясын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1994 ж. ММУ-де берген лекциясында айтқан болатын. Содан бері, міне, 20 жыл өткеннен кейін, бұл идея іске асырылып, 2014 ж. үш мемлекет: Қазақстан Республикасы, Беларусь Республикасы, Ресей Федерациясы

«Еуразиялық одақты құру жөніндегі» Келісімшартқа қол қойды. Бұл ел экономикасының бәсекеге қабілеттігін нығайтудың тағы бір жолы ретінде қарастыруға әбден болады. Себебі, қазір заман талаптарына сәйкес, мемлекеттер белгілі бір интеграцияға ұшырамай тұрақты, әрі қарқынды экономикалық өсуге жетуі мүмкін емес.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің халқына Жолдауында: «Біздің экономиканың бәсекеге қабілеттілігі энергиялық шығындарды төмендетуді қамтамасыз ететін тиімді технологияларға негізделуі керек» деп атап көрсеткен еді. Жаңа индустрияның үдемелі өсуі бойынша шаралар жүйесінде көрнекі орынды Қазақстан экономикасының тұрақты дамуы алады.

Қазақстан Республикасы Үкіметімен 2007 жылдың 28 желтоқсанында «Қазақстан Республикасы экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық мүмкіндіктерін сапалы жаңа деңгейге жеткізудің 2008-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» №1332 Қаулысы қабылданды. Қаулыда Қазақстан үшін түрлі халықаралық рейтингтерде жақсы позицияларға жету ғана емес, экономикамыз бен қоғамымыздың тұрмыс жағдайының тұрақты өсуін қамтамасыз ету де маңызды екендігі атап көрсетілген [6].

Қазақстанның бәсекелік артықшылығы еңбек нарығы және макроэкономикалық ортанының тиімділігі болып табылады [7].

Сонымен қатар, Қазақстан денсаулық сақтау мен бастауыш білім, қаржылық нарық дамуы, компаниялар мен инновациялардың бәсекеге қабілеттілігі сияқты факторларда әлсіз позицияларды иеленіп отыр.

Орташа деңгейінде Қазақстан бәсекеге қабілеттілігі институттар, инфрақұрылым, жоғарғы білім мен кәсіби дайындық, тауарлар нарығының тиімділігі, технологиялық дайындығы мен нарық көлемі позициялары бойынша тұр.

Қазақстан өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілік деңгейіне негізгі техникалық қорлардың, әсіресе ауылшаруашылығындағы қорлардың, моральды және физикалық тозуы теріс әсер етіп отыр. Қазіргі уақытта Қазақстан экономикасындағы негізгі технологиялық құрал-жабдықтардың жасы 25 жылдан асады. Өндірістік қорлардың тозуы 70%-ға, яғни өндірістік қуаттың физикалық құлдырауы басталатын нормаға жетіп отыр. Жоғары деңгейлі технологияларды қолдану деңгейі бойынша Қазақстан әлемдегі дамыған елдерден 10 есеге артта қалуда. Бұдан басқа, Қазақстанның экономикалық өсуін шектейтін негізгі факторларға – әлсіз банктік жүйе, корпоративтік басқару саласындағы кемшіліктер, шикізаттық тауарларға деген бағаның өзгермелілігі және нашар менеджмент жатады. Жалпы экономиканың дамуын тежейтін факторлар ретінде келесілерді атап өтуге болады:

- Негізгі өндірістік қорлардың физикалық және моральды тозуының жоғарғы деңгейі.
- Қалыптасқан өндірістік қуатты жеткілікті деңгейде қолданбау.
- Өнеркәсіпте шикізаттық салалардың басым болуы.
- Өнімнің бәсекеге қабілеттілік деңгейінің төмендігі.
- Арта қалған қалалар мен аудандардың көп болуы.
- Өңдеуші салалардың инвестициялық тартымдылығының төмендігі.
- Жұмыссыздықтың жоғарғы деңгейі және халықтың көп бөлігінің өмір сүру жағдайының төмендігі.
- Кадрлық және ғылыми-техникалық қуаттың әлсіздігі.
- Ғылыми-техникалық прогрестің баяу дамуы. Қазіргі жаһандану жағдайында экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп тұрған бірқатар проблемалар бар. Оларды жалпылама атап өтетін болсақ: өндірісте әлі де болса шикізат бағыттылығының басымдығы, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымауы, кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалушылығы, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) қаржының аз бөлінуі, Қазақстан тауарлары мен қызметтерінің халықаралық сапалық стандартқа сай келмеуі, тауар өндіру мен қызмет көрсетуге кеткен шығындардың көп мөлшерде болуы.

Дегенмен де, әлемдік қауымдастық Қазақстанды нарықтық экономикасы бар ел ретінде мойындады. «Қазақстан-2030» – ұзақ мерзімді экономикалық қайта құрудың қазіргі заманғы стратегиясын жасау арқылы республика аумақтық лидер атанды, халықаралық еңбек бөлінісінде айтарлықтай рөл ойнады, энергетикалық, минералды-шикізаттық, тау-металлургиялық, азықтүліктік әлемдік және жергілікті нарықтарда нық позицияларды иеленді [8].

2.4 Әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілік

Әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілік деңгейі бойынша Қазақстан экономикасының негізгі салаларын келесідей 4 категорияға ажыратуға болады:

- Өте мықты бәсекелестік позиция – түрлітүсті металлургия, байланыс және телекоммуникация, атом өнеркәсібі.
- Мықты бәсекелестік позиция – қара металлургия.
- Орташа бәсекелестік позиция – химия, қорғаныс.
- Әлсіз бәсекелестік позиция – авиациялық (азаматтық), электрондық, тоқыма, аграрлық.

Бұдан басқа, әзірше бәсекеге қабілетті ретінде отын-шикізаттық кешенді және газ бен мұнай өндіруші салаларды атауға болады.

Әлемдік нарықтың жеке сегменттерінде жоғары сұранысқа қара және түрлітүсті металлургия алып отыр.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, нарықтық қатынастардың және қаржылық-банктік жүйенің дамуы ішкі нарықта фирмалардың бәсекеге қабілеттілігін көтеруге жәрдемдеседі. Бұл, ең алдымен, Қазақстан территориясында кең желісін жасай алған тамақ өнімдерін өндіруші-фирмаларға әсер етеді. Бағалық және сапалық параметрлер бойынша олардың өнімі шетелдік тауарлармен салыстырғанда анағұрлым бәсекеге қабілетті, бірақ өндіріс көлемі әлі де болса төмен. Сондықтан, тамақ өнімдерін шетелден әкелу жоғары деңгейде тұр.

Бәсекеге қабілетті өнімді жасау немесе елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру – тек қиын ғана емес, ұзақ мерзімді міндет болып табылады. Дегенмен, оларды нарықтық экономика жағдайында шешуге әбден болады. Бұл үшін өндіріс шығындарын қысқартып, өнімділікті, еңбек өнімділігін және материалды өндіріс тиімділігін арттыру қажет. Елдің экономикалық қуаты әлемдік экономикаға интеграцияланусыз, елдің ғылыми-техникалық әл-ауқатын сақтамай және дамытпай пайда бола алмайды. Сондықтан кез келген мемлекет осы шарттарды орындауға талпынған, талпынады және талпына бермек.

Елдердің бәсекеге қабілеттілікке жету әдістері бір-бірінен ерекшеленіп келеді. Біреулер табиғи ресурстар, арзан жұмыс күші сияқты базалық факторлар арқылы қамтамасыз етеді. Мұндай елдерге әлемдік нарықта мұнай, газ, көмір, металдар, бидай және т.б. сияқты шикізаттық тауарлардың шектелген түрлері бойынша артықшылыққа ие Қазақстан жатады. Осындай стратегияны ұзақ уақыт қолдану бәсекеге қабілеттілікті шектейді және әлемдік нарықта елдің позициясын жақсартуға ғана, тіпті, сақтап қалуға да мүмкіндік бермейді. Әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттік күресте жетекші елдер ретінде ғылыми және білім потенциалы, жоғарғы білікті жұмыс күші, дамыған инфрақұрылым сияқты жоғары деңгейлі факторларды қолданған елдер саналады. Бұл елдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру негізінде барлық салаларда инновацияны кеңінен қолдану жатыр.

Зерттеулер көрсеткендей, қазір әлемде білімді, адам капиталын және инновацияларды маңызды ресурстар ретінде қолдану негізінде құрылатын экономикалық өсудің жаңа түрі қалыптасты. Дамыған елдердің ұлттық байлығының 5% ғана табиғи ресурстар, 18% өндірістік капитал, ал көп бөлікті 77% білім алып отыр. Дамыған елдер экономикасының негізінде зияткерлік потенциал жатыр [9]. Сондықтан, Қазақстан осыған ұмтылуы қажет.

Қазіргі кезде Қазақстан нарықтық экономикалық ел ретінде танылған мемлекет, ол жаңа экономикалық даму кезеңіне жол ашты. Осы уақытқа дейінгі сыртқы сауданың статистикасына жүгінетін болсақ, экспорт пен импорттың, жалпы тауар айналымының бірте-бірте ақырындап өсіп отырғандығын байқаймыз. Осы жағдайда негізгі экспортталатын тауарлар болып мұнай, газ конденсаты, қара және түсті металл, ауылшаруашылығы өнімдері қалып отыр. Яғни еліміздің экспорты шикізаттық бағытта болып отыр. Жалпы шикізат пен алғашқы өндеуден өткен өнімдердің үлесіне тұтас экспорттың 80%-ы тиеді [10]. Мұндай жағдайды тек қана отандық өнімдердің бәсеке қабілеттілігінің төмендігімен ғана емес, сонымен қатар экспортты тиімді ынталандыру саясатының қолға алынбауы арқылы түсіндіруге де болады.

Отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру өте маңызды және уақытында ел назарына ұсынылып отырған асқақ мақсат. Өйткені, әлемдегі барынша өрбіп, қанатын жайған жаһандану үрдісінен тыс ешбір мемлекет болмайды. Соның ішінде ашық әрі демократиялық қоғам құрып жатқан Қазақстан одан шеткері қалмайды. Демек, әлемдік экономикада алатын орнымыз, экономиканың даму қарқынын үдетіп, оны ұзақ уақыт ұстап тұру мүмкіндігі де осы бәсекеге қабілеттілікке байланысты. Халықтың тұрмысын үзбей жақсарта отырып, әлемдегі ең жоғарғы әлеуметтік стандарттарға жеткізу мүмкіндігі де осыған байланысты. Қорыта келгенде, ұлттық дамудың келешектегі басты мақсаты да, міндеті де бәсекеге қабілеттілік болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Бәсеке нарығы дегеніміз не?
2. Бәсеке қабілеттілік және оған әсер ететін факторларды атаңыз.
3. Бәсеке қабілеттілікті бағалау әдістері мен жолдарын атаңыз
4. Бәсеке қабілеттілікті арттыру жолдары.
5. Бәсеке нарығы қандай көрсеткіштермен анықталады?

3 ӨНЕРКӘСІПТІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

3.1 Қазақстан Республикасының ұлттық экономиканы басқару органдарының құрылымы

Өндірістің төмендеуімен, инфляциямен және уақыт кезеңіне сай нарықтық экономикаға көшумен сәйкес сипатталатын еліміздегі экономикалық дағдарыстың созылуы мемлекеттің өзіне тән қызметтерін атқармауына байланысты деп негізделген. Мемлекетке келесі міндеттер жүктелген.

1. Құқықтық негізді құру. Құқықтық негізсіз экономика, жалпы қоғам дұрыс дамымайтыны белгілі. Мемлекет меншіктік құқықты анықтайтын, кәсіпкерлік қызметті реттейтін, өнім сапасын қамтамасыз ететін және т.б. заңдарды құрастырады және қабылдайды. Құқықтық негіз көмегімен мемлекет кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің ара қатынасын реттейтін “ойын ережесін” қамтамасыз етеді.

2. Елдегі құқық ережелерін және оның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Мемлекет әрбір азаматтың, жалпы қоғамның және нарықтық экономиканың барлық субъектілерінің құқығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Егер мемлекет міндетті қызметін атқармайтын болса, онда криминалды жағдайдың дамуына шектеулер қойылады: кәсіпорын қызметі мен жалпы экономикаға әсер ететін коррупция, мафия, пара алу және т.б. қылмыстарға

3. Экономиканың тұрақтануы. Экономиканың тұрақтануы экономиканың тұрақты дамуы деп түсіндіріледі, яғни негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер оптималды деңгейге жетіп тұрақталса: ЖҰӨ көлемі және ұлттық табыс, инфляция және жұмыссыздық деңгейі, бюджет дефициті. Экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мемлекет барлық рычагтарын және сәйкес фискалды, қаржы-несиелі, ғылыми-техникалық және инвестициялық саясат жүргізу жолы саясатының әдістерін қолдануға міндетті. Егер мемлекет экономиканың тұрақтылығына құлшынбасы, онда ол кәсіпкерлік қызметке, елдің жалпы экономикасына, әлеуметтік жағдайға және т.б. процесстерге әсер етуі мүмкін.

Мысалы, егер мемлекет инфляциямен күрес жүргізбесе, онда ол ел экономикасын құлдыратуы мүмкін. Инфляция келесі жағымсыз жағдайларды тудырады:

• Төлем балансына әкелетін дефицитке, өнеркәсіптік өндірістің төмендеуіне, жұмыссыздықтың өсуіне әкелетін ұлттық тауарлардың бәсекелестік қабілеттілігін төмендетеді.

• Ақшаның елден ауытқуы, әсіресе шетел валютасының.

• Импортты тауарлардың бағасының жоғарылауына әкелетін және сонымен бағаның жалпы өсуін күшейтетін валюта девальвациясы.

• Азаматтардың жанаутарын қамтамасыз ету.

4. Әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету. Мемлекет барлық жұмысшыларға минимум жалақы, зейнетақы, жұмыссыздыққа берілетін қаражаттар, сонымен қатар, инфляцияға байланысты фиксирленген табыс индексін жүзеге асыру жұмыстарының кепілдігін қамтамасыз ететін мәні бар активті әлеуметтік саясатты жүргізуі міндетті. Бұл саясатты жүргізе отырып мемлекет елдің минималды өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуі керек.

5. Бәсекелестікті қорғау. Нарықтық экономикада бәсекелестік негізгі реттеуші элементтердің бірі болып табылады. Ол өндірушілерді тауар мен қызмет көрсетулерге жаңа технологияны ендіруге, өнім сапасын арттырып, өндіріс шығындарын төмендетуге міндеттейтін экономиканың барлық саласындағы негізгі прогресс болып табылады. Сондықтан мемлекет өзінің барлық күшімен бәсекелестікті қорғауға міндетті. Бәсекелестік кезінде сатып алушылар- иегерлер, нарық- олардың агенттері, ал кәсіпорын олардың құлы. Монополия кезінде жағдай тез өзгереді, сатыпалушы иегердің орнына құл болады.

6. Шаруашылық заңдылықтарды құрастыру, қабылдау және орындалуын ұйымдастыру. Яғни, кәсіпкерліктің, салық салымның, банктік жүйенің құқықтық негізі. Осы және басқа қызметтерді орындау үшін мемлекет өзінде бар ресурстар мен рычагтарды барынша қолдануы керек.

Кәсіпкерлік қызмет пен ел экономикасы жеткілікті деңгейде мемлекеттік саясатқа байланысты. Мемлекет өз қызметімен осы процестерді айтарлықтай тежеуі және жылдамдатуы мүмкін.

Нарықтық экономика. өзінің көптеген жақсы жақтарына қарамастан өзінің қоғамы мен әрбір азаматтарының мүддесіндегі барлық әлеуметтік және экономикалық процестерін автоматты түрде реттеуге мүмкіндігі жоқ. Ол табыстың әлеуметтік әділ бөлінуін қамтамасыз етпейді., қоршаған ортаны қорғауға мақсат қоймайды және халықтың қорғаусыз бөлігін қолдай алмайды.

Жеке бизнес жоғарғы табыс әкелмейтін жобалар мен салаларға ақша жұмсауға қызығушылық тудырмайды, бірақ қоғам мен мемлекет үшін ол өмірлік қажетті. Нарықтық экономика көптеген мәселелерді шеше алмайды. Мұның бәрн мемлекет қадағалау керек.

Мемлекет өз қызметін орындауда және экономиканы реттеуде экономикалық (жанама) сияқты әкімшілік(тура) әдістерді қолданады. Ол әдіс сәйкес заңдылық актілермен ережелерді реттеп және шығару жолымен елдің экономикасы мен кәсіпкерлік қызметке әсер етеді.

Экономиканы реттеу үшін мемлекет қолданатын экономикалық рычагтар әртүрлі, олардың негізгілері болып: салықтар, табыстарды және ресурстарды болу, бағаның қалыптасуы, мемлекеттік кәсіпкерлік қызметі, кредитті – қаржылық механизмдер.

Әкімшілік, яғни егер экономикалық әдіс тиімді болмаса, тура әсерету әдісін мемлекет қолдануы керек.

Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей әкімшілік әдісті келесі облыстарда қолдануға болады:

- табиғи мемлекеттік монополия (фундаменталды ғылым, қорғаныс және т.б.);
- қорашаған ортан қорғау және ресурстарды қолдану;
- сертификаттау, стандартизация, метрология;
- әлеуметтік саясат; халықтық өмірінің минималды параметрлерін қолдану және анақтау (жалақының кепілдендірілген минимумы, жұмыссыздарға көмек ақша);
- сыртқы экономикалық қызмет (импорты мемлекеттік қадағалау, экспортты лицензиялау).

Кәсіпкерлік қызметінің, мемлекеттің экономикасын көтеру мен тұрақтандырудың қалыпты жағдайын жасау үшін экономикалық сияқты әкімшілік әдістері орындау кезінде фиксальды, несиелі – қаражаттық, ғылыми – технологиялық инвестициялық, бағалық, автоматты және т.б. саясаттың түрлері жүргізу керек.

Мемлекеттің фискалды саясаты. Мемлекеттің фискалды саясаты болып экономиканың тірілуі мен тұрақтануы мақсатында мемлекеттік бюджет пен салықсалуды реттеу табылады. осы рычагтардың көмегімен кәсіпкерлік қызмет пен ел экономикасына мемлекеттің әсер ету механизмі келесімен аяқталады. өндірістің құлдырауы кезінде жалпы сұраныстың жоғарылауы үшін мемлекет қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға және әртүрлі мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға өз шығындарын жоғарылатады. Мемлекет экономикасының жоғарылауына өз табыстарын азайту жолымен де әсер етуі мүмкін, яғни халықтан және кәсіпорындардан алынатын салықты азайту. Бұл жағдайда халықтың тұтынушылық тауарларына сұранысы жоғарылайды, ал нәтижесінде экономиканың тірілуіне әкелетін кәсіпорынның инвестициялауға мүмкіндігі жоғарылайды. Қаржылы-несиелі саясат деп мемлекеттің банктік проценттер мен ақша массасын және несиелерді мемлекеттік басқару түсіндіріледі. Бюджеттік саясаттан несиелі-ақша саясаты жақсы қару болып саналады, оның көмегімен өндірістің құлдырауы мен инфляцияға сәйкестігін жеңе білуге болады. Бұл саясаттың мәні мемлекет ақша массасына және пайыздық ставкаларға әсер етеді, ал олар тұтынушылық және инвестициялық сұранысқа әсер етеді. Несиелі-ақша саясатында басты рөлге Қазақстанның Ұлттық банкі ие болады. Экономикалық жағдайларға байланысты пайыздық ставкаларды реттей отырып, ол коммерциялық банктерге несие беруді шешеді.

Ғылыми-техникалық саясат. Ғылыми-техникалық прогрессті жылдамдатылуы экономиканың жоғарылауының және елдің күшті индустриалды мемлекетке айналуының маңызды факторы болып табылады. Мемлекеттің бірлік ғылыми-техникалық саясаты деп ғылым мен техниканың кешенді дамуын қамтамасыз ететін мақсатқа бағыттандырылған шаралардың жүйесі, олардың нәтижелерін халық шаруашылығына енгізілуі көрсетіледі.

Амортизациялық саясат. Ол мемлекеттің жалпы ғылыми-техникалық саясаттың құрамдас бөлігі болып табылады. Амортизацияның мөлшерін, оның есептелуі және пайдалану ретін белгілей отырып мемлекет қайта өндірудің темпі мен сипатын реттейді.

Инвестициялық саясат. Кәсіпкерлік қызмет пен елдің экономикасына әсер ететін маңызды рычаг болып мемлекеттің инвестициялық саясаты табылады. Оның көмегімен мемлекет өндіріс көлемінің темпіне, ЖТП-тің жылдамдауына, қоғамдық өндірістің құрылымының өзгеруіне және көптеген әлеуметтік мәселелердің шешілуіне әсер етеді.

Мемлекет инвестициялық активке келесі рычагтардың көмегімен әсер етуі мүмкін: қаржылы-несиелі және салық саясаты, кәсіпорындарға әр түрлі жеңілдіктер берілуі, амортизациялық саясат; ғылыми-техникалық саясат. Осыдан мемлекет елдің болашақ экономикасы қандай инвестициялық саясат жүргізуге байланысты болады.

Мемлекеттік кәсіпкерлік. Мемлекеттің экономикаға тура әсер етуінің маңызды формасының бірі болып мемлекеттік кәсіпкерлік табылады. Ол мемлекеттік кәсіпорынның өндіріс пен тауар және қызмет көрсету өткізуімен байланысты жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметтің ерекше түрін қалыптастырады.

Осыдан мемлекет келесі жалпы ұлттық мақсаттарды анықтауды жүзеге асыра отырып шаруашылықтың өзіндік субъектісі болып қызмет атқарады: өндірістің құрылымдық қайта құрылымы, салалық және теорриториалды диспропорцияның жұмсаруы, ғылыми-техникалық прогрессті ынталандыру, экономиканың тиімділігін жоғарылату. Мемлекеттік кәсіпкерлік қайта өндіру процесіне тура қатынаста болады.

Жоспарлау және реттеу. Болжау, жоспарлау және реттеу елдің экономикасын басқаруда мемлекеттің басты рычагтарының бірі болып табылады. нарықтық қатынастарға көшкеннен бері басқару жақсы, ал жоспарлау әдістері біршама өзгерген. Индикативті жоспарлаудың мәні мемлекет экономикалық саясат пен қолда бар ресурстардан алдыңғы кезеңдерге экономиканы функционалды талдау негізінде жоспарлы кезеңге негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді, ЖҰӨ өсу темпін және ұлттық өнімді, инфляция және жұмыссыздық деңгейін белгілейді. Осы көрсеткіштердің жиынтығы жоспарланған кезеңдегі экономика жағдайын сипаттайды. Осыдан мемлекет ел экономикасы мен халықтың өмір сүру деңгейіне әсер ететін макроэкономикалық көрсеткіштердің шамаларын жоспарға енгізуі керек.

Мемлекеттік жоспарлау ұзақмерзімді, ортамерзімді, ұзақмерзімді және перспективті жоспарларды құруды қамтамасыз ететін үздіксіз болуы керек. Перспективті болжау мен жоспарлау мемлекеттің 5-10-15-20 жылға арналған стратегиясын таңдауға мүмкіндік береді. Экономикалық және ғылыми-техникалық стратегияның болуы мемлекеттің алға қойған мақсатына аз ресурстарды қолдану арқылы жетуіне мүмкіндік береді, ал сәйкесінше қоғамдық өндірістің тиімділігін үздіксіз жоғарылату. Жоспарлаумен реттеу тығыз байланысты. Реттеу жоспарланған экономикалық көрсеткіштер орындалмай датқан кездерде мемлекетпен жүзеге асырылады.

Бағаның қалыптасуы. Бұл мемлекеттің экономика мен кәсіпкерлік қызметке әсер ететін рычагтарының бірі. Бағалық саясатты қолдана отырып мемлекет сұраныс пен ұсынысқа, табыс пен ресурстарды қайта бөлуге, минималды өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге және т.б. процесстерге әсер етеді.

Мемлекет инфляциямен күрес және экономиканы көтеру негізіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында баға қалыптастыру облысында саясат жүргізу керек.

Бағаны мемлекеттің әкімшілік бақылауы нарықтық экономиканың шығындарын азайтуға қабілеттендіреді.

Кәсіпкерлік қызметке мемлекет сыртқы экономикалық және әлеуметтік саясат жүргізу арқылы айтарлықтай әсер ете алады. Сыртқы экономикалық қызметтер арқылы мемлекет экспорттық мүмкіндіктерін кеңейтуге, экспорт құрылымын жақсартуға отандық өнімнің сапасын жақсартуға мүмкіндік алады.

1.2 Экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттігі.

Мемлекеттің пайда болуымен қатар оның экономикалық қызмет ететін сферасыда қалыптасты. Мемлекеттің қандай жағдай болса да, экономикаға араласуы және реттеуі бүгінгі экономикада объективті қажеттілік.

Тарихи жағынан дамыған елдерде экономиканы реттеу жөніндегі екі негізгі әдістемелік бағыт қалыптасқан.

Кейнстік мектеп – шаруашылық механизмін мемлекеттік реттеу концепциясы және мемлекеттің қоға мадық шаруашылық өміріне араласпауы туралы неокейнстік кездерде консервативті доктриналардың синтезі. Осы аталған екі теориялық ағымдардың өздеріне тән ортақ негізі бар. Олардың екеуі де мемлекетті қоғамның стратегиялық мақсаттарына жетуге бағытталған экономикалық саясат жүргізу үшін белгілі меншіктің формасы мен шаруашылық қызметтер негізінде қамтамасыз етілген. Ал олардың бір-бірінен негізгі айырмашылығы мемлекеттік ықпал жасаудың әр түрлі тәсілдері арқылы айқындалады. Олардың біреулері мемлекеттің экономикалық процесстерге мүлдем араласпауын жақтайды. Оның өкілі Хайек мемлекеттің «түнгі күзетші» рөлін атқарғанын дұрыс дейді.

Ал Кейнс және посткейнстік өкілдер нарық параметрлерінің жағдайына бақылау жасауды мемлекеттің басты қызметі деп есептеді.

А.Смит мемлекеттің үш негізгі міндетін атап көрсетеді:

1. Әскери қауіпсіздікті сақтау;

2. Құқықтық қызметтер;
3. Қоғамдық қатынастарды реттеу;

Ал мемлекеттік экономикалық реттеу туралы Орешин былай деді: экономиканы мемлекеттік реттеу мемлекеттің құқықтық шаралар жүйесі, реттеу экономикалық тұрақтылықты және дамуды қамтамасыз етуге және әлеуметтік-экономикалық жүйенің қызметіне араласу болып табылады.

Қазақстандық экономистер Ихданов пен Мамыров экономиканы мемлекеттік реттеуді мемлекеттің өзіне негізгі административті экономикалық және ұйымдық-құқықтық араласуы, әсіресе әлеуметтік-экономикалық процеске, яғни оның рационалды балансын және макроэкономикалық тұрақтылығын қолдау көрсету екендігін атап өтті.

Мемлекеттік реттеу экономикалық өсудің тұрақтылығын сақтауға және дамытуға ынталы болады. Жалпы нарық механизміне тән кемшіліктерді мемлекет экономикалық реттеу арқылы түзетіп отыруға тиісті.

Мемлекеттік реттеудің келесідей түрлері бар:

- Шаруашылықты басқарудағы толық мемлекеттік монополизм;
- Нарықтық және басқа да экономикалық жүйелердің ұштасуының әр түрлі нұсқасы;

Экономиканы мемлекеттік реттеудің басты үлгілері:

- Адаптациялық үлгі – мысалы, АҚШ экономикасын реттеу үлгісі;
- Белсенділік үлгі, яғни Жапония мысалында.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі әдістеріне тоқталатын болсақ:

- Құқықтық реттеу – мемлекеттің тарапынан;
- Өндіруші фирмалар және тұтынушылар үшін экономикалық қызмет тәртібінің белгіленуі жатады. Бұл жерде заң нормалары және ережелер жүйесі меншік формалары мен ережелерінің жүйесі меншік құқықтарын келісім-шарт жасаумен фирманың қызмет ету шарттарын кәсіподақтармен реттеп отыру;

- Әкімшілік реттеу – лицензиялау, квота белгілеу шаралары жатады.

Қазіргі кезде көбінесе әкімшілік реттеу қоршаған ортаны қорғау шараларымен айналысады.

• Экономикалық әдістер нарықтық қатынастардың сипатына және ұлттық экономиканың шеңберінде нарықтық ортаға ықпал жасауға талап етеді. Бұл жиынтық сұранысқа, жиынтық ұсынысқа, капиталдың шоғырлану дәрежесіне әсер ету арқылы реттеу шараларын жүргізеді.

Ал экономиканы мемлекеттік реттеудің келесі бағыттардағы қызметтері кең тараған:

- Ұлттық қорғаныс;
- Фундаменталды ғылым;
- Космостық зерттеулер;
- Денсаулық сақтау;
- Қала құрылысы, заводтар салу;

- Мемлекеттік несиелендірудің пайыз қойылымын, тауарлардың сапасын реттеу;
- Ресурстарды тиімді бөлу мен ұтымды пайдалану;
- Монополияға қарсы тұру, бәсекені қолдау шаралары;
- Жұмыссыздықтың орын алуын, инфляция, сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігінің бұзылып отыруын реттеп отыру;
- Әлеуметтік мәселелер мен қоршаған ортаның ластануын реттеу.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің мақсаттары келесідей:

- Жалпы экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- Шаруашылық қызметтің координациясын дамыту;
- Бәсекелік ортаны барынша қолдау.

Осыдан барып келесі төрт көрсеткіш шығады:

- Экономикалық өсім;
- Жұмысбастылықтық жағдайы мен деңгейі;
- Бағаның тұрақтылығы;
- Сыртықы экономикалық тепе-теңдік.

Экономиканы мемлекеттік реттеуде негізгі субъект мемлекеттің өзі болып табылады, ал реттеу объектісі экономиканың әлсіз және реттеуді қажет ететін салалары мен аумақтары.

3.2 Дамыған мемлекеттердегі жоспарлаудың тәжірибесі (индикативті, стратегиялық жоспарлау, бағдарламалар, болжаулар).

Басқа елдердегі жоспарлау тәжірибесін біздің әлеуметтік-экономикалық жағдапымызға өзгертпей көшіріп алу мүмкін емес. Бұл келесі объективті сипаттағы себептерге байланысты:

1. республика басқа елдерден саяси, табиғи-экономикалық, әлеуметтік-демографиялық, этно-мәдени және тағы да басқа себептерге байланысты өзгешеленеді;

2. қазіргі Қазақстан жағдайында біз ұлттық экономиканы құру процесіндеміз және де әлемдік экономикалық тарихта әкімшілік-жоспарлық шаруашылықтан нарықтық экономикаға өткен бізге ұқсас бір ел жоқ;

3. басқару жүйесі мен шаруашылықта негізгі өзгерістер белгілі бір себептерге байланысты тиісті негіздеусіз жүргізіледі және «революциялық» көрініс табады, ал нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу шаралары олардың эволюциялық даму «нәтижесі» болып табылады.

Бірақ та шет елдер тәжірибесін ғылыми қорытындылау қажеттігі келесі жағдайлар бойынша түсіндіріледі: біріншіден, экономиканы мемлекеттік реттеудің қағидалары мен жүйесінің тұжырымдамалы негізін, түбірін анықтауға мүмкіндік туады, екіншіден, аралас экономиканың жалпы заңдылықтарын анықтау мүмкіндігі туады, және де бұл Қазақстан жағдайында мемлекеттік реттеудің механизмдерін «түйістіруге» мүмкіндік жасайды, үшіншіден, мұндай толықтыру мемлекеттік реттеудің нәтижелерін салыстырып талдауға мүмкіндік

береді және де керек болған жағдайда экономикалық реформаларды құруды, әлемдік шаруашылық процеске республиканың араласу мөлшерін ескере отырып, реформаларды дұрыс жолмен жүргізуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-экономикалық процестерге мемлекеттің араласу тәжірибесін үйренуден шығатын қорытынды — көптеген алдыңғы қатарлы елдерде экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі құралдары ретінде халық шаруашылығы дамуының мақсаттары мен басымдылықтарын анықтау, болжау, жоспарлау, бағдарлама жасау қарастырылады.

Осыған байланысты, шет елдердің жоспарды жасау және қолдану тәжірибесін зерттеу өте маңызды. Өнеркәсібі дамыған елдерде (АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Германия, Қытай) индикативті жоспарлау — нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеуші тәсілінің бірі болып жоғары нәтижесін дәлелдеді және осы елдердің тәжірибесі белгілі бір қызығушылық туғызады.

Капиталистік елдерде бағдарламалаудың алғашқы кезеңдерінде экономиканы басқарудың саларалық қағидасы қолданылды. Францияда дайындалған саларалық бағдарламалар барлық шешуші экономикалық салаларды қамтиді және олардың дамуын маңызды және тұтастай болжауда үлкен рөл атқарады. Бұл тәжірибе біздің жағдайға пайдалы болар еді. Нарықтық жүйеге көшуге байланысты эйфория халық шаруашылық мәселелерін тиімді шешу жолдарын кейінге қалдырады. Францияда ағымды, орта мерзімдегі жоспарлаудың ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық мәселелерін арнайы мемлекеттік органдар шешеді, бұл қызметті Жоспарлау бойынша Комиссиariat жүргізеді.

Реттеуші органдардың басты міндеттерінің бірі аймақтардың үйлесімді кешенді дамуын қамтамасыз ету. Мысалы, Францияда 1982 жылы жүргізілген реформалардың нәтижесінде аймақтық шаруашылық жүйесін басқару иерархиясының үш деңгейінің функциялары ажыратылған (коммуналдар, департаменттер және аймақтар). Ал департамент құрамына кіретін кантондар мен аудандардың өзіндік даму мәселелерін шешуде құқықтық және ұйымдастырушылық тәуелсіздігі жоқ.

Халық шаруашылығында аймақтық мәселелер мен оларды салалық экономикамен үйлесімді байланыстыруға Швецияның, Англияның, Германияның және де басқа дамыған нарықтық жүйедегі елдердің көптеген үкіметтік шешімдері арналған. Бұл шешімдердегі басты ой, жергілікті билік органдары езінің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүргізе отырып жалпы мемлекеттік және макроэкономикалық мақсатқа жету.

Көптеген елдердің жоспарлау тәжірибесін қорытындылай келіп американдық маркетинг маманы Мелвилл Бранч маркетинг қызметін жетілдірудің бірнеше қолайлы жақтарын бөледі. Соның ішінде жоспарлау:

1. басшылардың үнемі болашақты ойлауын ынталандыруға мүмкіндік береді;

2. мемлекет және шаруашылық жүргізуші субъектілер қолданылатын шараларды үйлестіреді;

3. көрсеткіштерді анықтау және олардың орындалуын қадағалауға жол ашады;

4. алдағы мәселелердің және саяси ұстанымдардың нақты анықталуын талап етеді;

5. шұғыл өзгерістерге дайындықты күшейтеді;

6. барлық қызметкерлердің міндеттерінің өзара байланыста. қарым-қатынаста екенін көрсетеді.

Аталған пункттерден ең маңыздысы ретінде бірінші, екінші және алтыншыны айтуға болады, өйткені қазіргі жағдайда жоспарлауда осы 3 пункт жетіспейді немесе өте аз колданылады.

Қарастырылып отырған мемлекеттердің тәжірибесінен мемлекеттердің экрномикасын реттеудегі күшті тетіктерінің бірі қаржы-бюджет ресурстарын пайдалану және салық жинау механизмі болып табылады. Осы механизмдерді негізге ала отырып, бірнеше тұжырым жасауға болады, Біріншіден, бюджеттік қаржымен қаржыландыру арқылы (субсидиялар, дотациялар, субвенциялар, бюджет шығындарын жоспарлау) халық шаруашылығының басымдылықтарын және білімді көп қажет ететін салаларды жылдам дамыту мәселелері шешіледі. Италияда, Норвегияда, Данияда, Швецияда мемлекеттік бюджет арқылы ұлттық табыстың үлесі 50 пайыздан жоғары, ал Францияда 50 пайыз шамасында. Екіншіден, құрылымдық-инвестициялық саясатты жүзеге асыру үшін салық салу механизмі үлкен ролді атқарады. Бұл механизм арқылы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызығушылығын арттыруға болады, өйткені олар өндіріс және өнеркәсіп салаларының тез дамуына әкеледі. Ол деген импортты ауыстыратын және бәсекеге түсе алатын түрлі тауарларды шығару.

Үшіншіден, мемлекет әлеуметтік және ғылым салаларына шығындарын азайтпауы қажет. Шығындарын азайтып бұл салалардағы сұранысты қанағаттандыра алмаса, ол қайтадан шығындалуға мәжбүр болдаы және бұл жерде екінші шығын бірінші шығыннан өте үлкен болады.

Австрия, Италия, ФранцПя үкіметтерінің баға деңгейін реттеу АҚШ елімен салыстырғанда өте қатал тәртіппен және арнаулы экономиканы басқзру органдармен жүзеге асырылады. Мысалы, Францияда мемлекеттік баға реттеу қызметтері бәсекелестік Кеңес арқылы жүргізіледі және халық шаруашылығындағы бағаның бестен бір бөлігін қамтиді.

Мемлекеттік баға реттеудің басты объектісі ауыл шаруашылық өндірісі болып табылатынын бүкіл дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отыр. Ғылыми талдау шаруашылық өндірісінің бірқатар ерекшеліктерін бөліп көрсетеді. Біріншіден, ол табиғи-климаттық жағдайға байланысты. Бұл тәуелділік фермердің және аграрлы сектор субъектісінің табиғи-климаттық фактордың қолайсыз жағдайда да табыс пен пайда табуын объективті және өзекті проблемаға айналдырады. Оны шешуде басты рөл ауыл шаруашылық өнімдеріне бағаны мемлекеттің реттеуі және сол механизмдер арқылы ауыл шаруашылық жұмыскерлерінің арқылы ынталандыру.

Екіншіден, тұрғындардың тамақ өнімдеріне қажеттілігін уақытында қамтамасыз етілуіне ауыл шаруашылық өнімдерін табиғи өңделген түрлеріне негізгі көңіл бөлінеді. Әлеуметтік түрдегі міндеттерді шешуде және тұрғындардың емірін қамтамасыз етуден ауыл шаруашылық өнімдеріне баға құру процессіне негізгі мемлекеттік басқару органдары шеттеп тұра алмайды. Осындай объективті араласу әр түрлі басымды механизмдерде әкімшілік, экономикалық, тікелей, жанама, құқықтық және аймақтық реттеуде орын алады. Олар көбінесе әр елдің әлеуметтік-шаруашылық, құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты.

Қытай Халық Республикасында экономиканы мемлекеттік реттеу тәжірибесі белгілі бір қызығушылық туғызады. Қытайдағы экономикалық реформалардың стратегиясы ұйымдық аспектіде болғанмен «ауылдан қалаға» деген қағидаға негізделініп ерекшелінеді. Көптеген экономикалық реформаларды бастан кешірген басқа елдерге қарағанда, қытайдың реформасы мемлекеттік реттеудің күшті құралдарын (директивтік жоспарлау, салалық және аймақтық жоспарды үйлестіру, «ғылым-өндіріс» циклін жоспарлау, несие-салық және баға саясатын жүйемен жүргізу) қолданды. Сол сияқты нәтижелер бір қатар Оңтстік Шығыс Азия елдерінде — Жапонияда, Тайландта байқалады.

Қытай экономисті Цзиивэнь Лидің айтуынша: «Қытайда макроэкономикалық жоспарлаудың негізін жекеменшік және мемлекеттік секторларының тіркестігі құрайды, соның ішінде мемлекеттік секторы — басымды. Мемлекеттік мекемелер экономикалық дербестікте жұмыс істегендіктен, Қытайда жоспарлау директивтік емес. индикативтік». Қытайда қазіргі жоспарлау жүйесі, бірыңғай жалпы мемлекеттік жоспарлауында, көпдеңгейлі басқару принципіне сәйкес құрылады.

Экономиканың өзекті мәселелері мемлекеттің қатысуымен шешіледі. Оған төмедегілер жатады:

- 1) экономикалық және әлеуметтік даму қарқыны, бағыттары және мақсаттары;
- 2) өнеркәсіп және ауыл шаруашылығының негізгі өнім түрлерін өндіру;
- 3) күрделі қар/қы бөлудің негізгі пропорциялары, мөлшері және оларды үйлестіру;
- 4) негізгі өндіріс объектілерінің құрылысы;
- 5) өндірістік күшті үйлестіру;
- 6) халықтың материалдық және рухани тұрмысын көтеру;
- 7) мемлекеттік бюджет, несие қаржыларының түсуі және шығыны, акша эмиссиясы;
- 8) валюта кірісінің тепе-теңдігі және шетел капиталын пайдалану;
- 9) стратегиялық тауарларды және материалдық ресурстарды сатып алу және үйлестіру;
- 10) сыртқы сауда тауар айналымы және экспорт бағасы;
- 11) ғылым және техника жетістіктерін зерттеу және енгізу;

12) білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік саланын басқа да салаларын дамыту;

13) экономика және техника саясатының негізгі бағыттары;

14) негізгі тауарлардың бағасы.

Қытайда аумақ және сала дамуының жоспарлары, мемлекеттік жоспардың негізгі элементі болып табылады. Мемлекет қоғамдық өндіріс және қоғамдық тұтынудың комплекстік тепе-теңдігін қамтиді.

Жалпы ұлттық экономикаға қатысты сұрақтарды шешу бойынша негізгі құқық мемлекет қолында шоғырланған және олар керекті материалдық және қаржы ресурстарымен қамтылған. Бұл шешімдер

орталық органдардың саясатын айқындайды. Бұл Қытайдық жоспарлау жүйесінің негізгі айырмашылығы болып табылады. Қытай мамандары, осындай жоспарлау жүйесін экономика дамуының барлық кезеңдерінде қолдану қажет деп есептейді.

Сонымен қатар, қазіргі заманға сай, жоспарлау жүйесіне келесі талаптар қойылады:

— орталықтырылған басшылықты күшейту қажет;

— ұлттық экономикасының тепе-теңдігін қамту бойынша жұмысты жақсарту;

— мекемелерді әр-түрлі деңгейлі жоспарлау дербестігімен қамту;

— мекемелердің шаруашылық қызметі мемлекеттік жоспарға кіру қажет, немесе нарық өзгерістеріне сәйкес реттеу қажет.

Қытай экономистері жоспарлаудың үш формасын қолданады:

1. Жалпы ұлттық экономикаға қатысты міндеттер мемлекетпен орталықтырылған жағдайда орнатылады. Мемлекеттік органдар сол бойынша директивтік жоспар жасайды, ол мекемелерге орындалу үшін жіберіледі. Директивтік жоспардың көрсеткіштері екі түрге бөлінеді: орындалуға міндетті және лимиттер.

2. Ұлттық экономикаға маңызды міндеттер, әр-түрлі деңгейдегі халықтық үкіметтермен немесе жоспарлау органдарымен бағыттауыш жоспар ретінде орнатылады.

3. Ұлттық экономикаға жалпы болмайтын міндеттер, мемлекеттік жоспарда қарастырылмайды. Мекемелер, өздерінің және нарықтың нақты жағдайына сәйкес, өз бетінше жоспар жасайды.

Қытайда индикативтік жоспарлау әр-түрлі деңгейден және мерзімнен құралатын бір тұтас жүйе — ұзақ мерзімді (10-20 жыл), орта мерзімді (5 жыл) және жылдық.

Ұзақ мерзімді жоспарлау — экономика, ғылым, техника және әлеуметтік саланың даму стратегиясын айқындайтын бағдарламалық құжат. Оның негізгі міндеті — ғылыми болжамдарға және экономикалық дамудың қарқынына сәйкес — экономика саясатын құру.

Жалпы жоспарлау жүйесінде — ұзақ мерзімді жоспарлау жетекші орын алады. Оны Қытай экономистері келесі себептермен түсіндіреді:

1. Ұзақ мерзімді жоспар ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктерін толық пайдалануға мүмкіндік береді.

2. Ұзақ мерзімді жоспар — өндірістің технологиялық, аумақтық және өндірістік жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Орта мерзімді жоспар — ұзақ мерзімді және жылдық жоспардың байланысты тобы және онда ұзақ мерзімді стратегия міндеттері анықталады.

Орта мерзімді (5 жылдық) жоспарда келесі мәселелер орын алады:

1) экономика дамуының қарқыны;
2) экономикада қалыптасқан негізгі пропорциялар;
3) ұлттық экономика дамуының негізгі көрсеткіштері;
4) ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктерін дамыту және енгізу мәселелері;

5) қала және ауыл тұрғындарының орташа өмір сүру деңгейі;
6) табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау;
7) халықтың табиғи өсуі және туу деңгейі;
8) мемлекеттің экономика және ғылыми-техникалық саясатының маңызды бағыттары;

9) жоспарды орындау бойынша негізгі шаралар.

Орта мерзімді жоспар — өндірісті, құрылысты, айналымды және әлеуметтік саланы ұйымдастырудың негізгі формасы болып табылады.

Сонымен, ұзақ және орта мерзімді жоспар — стратегиялық маңызды және экономика дамуында жетекші роль атқарады. Ұзақ және орта мерзімді жоспардың стратегиялары жылдық жоспар арқылы іске асырылады. Қытай мемлекеттік жоспарлау органдары, жылдық жоспарды іске асыру барысында айқындалатын жағдайларға және проблемаларға сәйкес, орта мерзімді жоспарды қарастырып, түзету енгізуге мүмкіндіктері бар. Осыған байланысты, жоспар жүйесін құру арқылы ұзақ, орта және жылдық жоспарлардың байланыстығын қамту қажет.

Ұзақ және орта мерзімді жоспарды жасауда келесі тәсілдер қолданады:

— жалпы тепе-теңдік тәсілі;

— монографиялық тәсіл;

— жоспарды үздіксіз жасау тәсілі. Жоспар төрт этап бойынша жасалады:

1) дайындық жұмысы;

2) бақылау цифрларын жасау;

3) жоспардың жобасын бекітуге өткізу;

4) жоспарды қарастыру, бекіту және төменде тұрған органдарға жіберу.

Қытайда индикативтік жоспарды іске асыру бойынша механизм жасауға аса көңіл бөлінеді. Соған байланысты, мемлекеттік макроэкономикалық реттеу тәсілдері және жаңа формалары тұрақты зерттеліп тұрады.

Қытай мемлекеттік макроэкономикалық реттеудің мақсатын үш негізгі топқа бөлуге болады:

1. Экономика өсуін қамту.

2. Экономикалық тұрақтылықты қамту.

3. Экономикалық әділдікті қамту.

Жоғарыда аталған топтар мақсаттарының арасында байланыстық бар, ол өз бетінше бір жүйені құрайды, онда әр бір мақсат көптеген мақсаттықтарға белінеді. Сонымен қатар, макроэкономикалық реттеу, сол көптеген мақсаттармен мақсаттықтарді қамти отырып, жалпы комплекстік мақсатты қарастырады — ол экономиканы дамыту және қоғамның тұрмыс халін жақсарту.

Қазіргі таңда, Қытайдың макроэкономикалық реттеу келесі негізгі аспектітерді қамтиді:

1. Экономиканың даму қарқынының бір-қалыптығын сақтау. Қытай экономистерінің ойынша, экономика дамуының тем жоғары қарқыны сұраныспен ұсыныстың тепе-теңдігінің бұзылуына, нәтижеліктің төмендеуіне және бағанын өсуіне әкеп соғуы мүмкін.
2. Соңғы 10-12 жылда экономика дамуының жоғары қарқынын қамтуға ұмтылыс, көбінесе шаруашылық белсендікті амалсыз төмендетуге әкеп соқтырды, бұл даму қарқының күрт төмендеуінің себебі болды. Қытай басшылығы, экономика дамуының қарқынын мемлекеттің мүмкіндігіне сәйкестендіріп және оның бір қалыптығын сақтау қажет деп есептейді. Мысалы, экономикалық реформа барысында (1978-1998 жылдарда) Қытайдың ЖІӨ-нің жылдық өсуі 9,9% құрады. Сонымен қатар, 1984 жылы — 15,2%, 1985 жылы — 13,5%, 1992 жылы — 14,2%, 1993 жылы — 13,5% құрады, ал 1990 жылы бұл көрсеткіш ең төмен болып 3,8 пайызды құрады. 1996-2004 жылдар мерзіміне экономика дамуының деңгейін жылына 8-9 пайызда сақтау жобаланған болатын.

3.3 Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіпті және агроөнеркәсіптік кешенін, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін мемлекеттік реттеу шаралары.

Республикамыздың агроөнеркәсіп кешені экономиканың аса маңызды саласы және экономикалық дағдарысты жою, тамақ және жеңіл өнеркәсіптерін дамыту, саяси-әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында шешуші рөл атқарады. Ауыл шаруашылығы — бұл еліміздің экономикасын биікке асқақтататын маңызды салалардың бірі болып табылады. Ауыл шаруашылығы дегенде еріксіз ойымызға кең байтақ жеріміз, төрт-түлік малымыз, егінді алқаптарымыз оралады. Осы табиғаттың берген сыйын жоғалтпау үшін ауыл шаруашылығының жағдайын жақсартатын бір әдіс-тәсілдер керек сияқты.

Қазіргі кезде ауыл шаруашылығы жаңа туған нәресте тәрізді нәзік те, әлсіз. Сол нәрестені құшағына қысып, аялап, мәпелеп, аяққа тұрғызатын ананың рөлін атқаратын бұл — мемлекет болып табылады. Мемлекет барынша ауыл шаруашылығына көмегін аямау керек.

Менің осы тақырыпты таңдауымның себебі мені ауыл шаруашылығының жағдайы мен тағдыры алаңдатады және қазіргі таңда нарықтық экономикада бұл өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Осы талдауда ауыл шаруашылығының

проблемалары түгелдей дерлік шешіледі деп ойлау қате болар, бірақ қайтсе де шешу жолдарын іздестіру артық болмас.

Аталған тақырыпта мен барынша ауыл шаруашылығының жағдайын, оған мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек жайлы, әрине субсидия мен несиелендіру жүйесі жайлы ой қозғаймын. Сонымен қатар ауыл шаруашылығының алдында тұрған үлкен бір белестер жайлы, яғни Дүниежүзілік Сауда Ұйымына мүше болуды да тыс қалдырмаймын. Осы аталған мәселелердің бетін ашып, талдап, бірқатар проблемалардың басын қайырамын. Дегенмен, ауыл шаруашылығы күрделі сала және онда түсініксіз жайттар өте көп.

Келесі бөлімдерде осы мәселелерге тереңдей үңіліп қарастыратын боламын.

Агроөнеркәсіп экономикасының ерекшеліктері

Адамзаттың техникада және өндірісте қолы жеткен прогресі қандай айбынды болғанымен оның барлық өмірі табиғатқа байланысты екенін ұмытпауымыз керек. Ол адамдарға өте үлкен және алуан түрлі ресурстарды пайдалануға береді.

Алдымен керегі бұл адамдардың тамағы. Ол болса табиғаттың негізгі ресурсы- жер арқылы өндіріледі, алынады. Шындығында жерсіз адам сүре де алмайды. Экономика ерекшелігінің бірі барлық ауыл шаруашылығы өндірісі осы жерде орналасқан.

Біріншіден , ол табиғаттың , ауа-райының жағдайына толық байланысты , бір жыл екінші жылға ұқсамауы мүмкін.

Екіншіден, шаруашылықты жүргізу маусымды және бір келкі емес, ал тұтыну болса жыл бойы жүреді.

Үшіншіден, оның басқалардың өніміне қарағанда бір жермен бір орында емес, шашыранды , оларды бір жерге жинау мүмкін емес , тиімді болмайды.

Төртіншіден, ауыл шаруашылық өндірісі, онда жұмыс істейтін жұмыскерлердің өмір сүріп, жұмыс істеуіне өз белгісі н қалдырып отырады. Жұмыскердің жұмыс уақытымен санаспай істеуін талап етеді.

Бесіншіден , бұл сала экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда сұраным оралымдылығы мен икемділігі төмен, ол экономикаға екі жақты зардап алып келуі мүмкін: бірінші ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаның өсуі , оның оның тұтынуын азайтпай, керісінше көбейтіп, сонымен бірге шығындардағы инерцияның күшеюіне , ал , өнеркәсіп өнімдері, алдымен ауыл шаруашылығы өзі пайдаланып отырған өнімдердің қымбаттауына (трактор , машина, комбайн, жанар-жағар май, қосалқыбөлшектер т.б.) әкеліп соқтырады: екіншіден , бағаны төмендету, өнімдерді өткізу көлемін және фермерлердің табысын молайту да өз әсерін тигізе алмайды,

себебі, табыстан артылып қалған қаржыны фермер өнеркәсіп орындарының өнімдерін сатып алуға жұмсайды.

Міне, осының барлығы агроөнеркәсіп шаруашылығының жалпы экономикалық прогресте арнайы орын алатынын, әлеуметтік шиеленушіліктің пайда болатынын көрсетеді.

Дүние жүзілік тәжірибе көрсеткендей техниканың қандай болғанымен агроөнеркәсіп шаруашылығында өнімді көбейту- бұл жанұялық шаруа қожалығы болып отыр.

Шаруа қожалығы дегеніміз бір жағынан , ауыл шаруашылық өндірісінің жаңа түрі, екінші жағынан , бұл кеңшар мен ұжымшарлардан ескі формалардың бірі болып саналады. Агроөнеркәсіп шаруашылық экономикасында шаруа қожалықтары, кооперативтер т.б.формалары арға ғасырдан екле жатыр. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен “Ұлы сталиндік өзгеріске ” дейін жұмыс атқарып халыққа өз өнімін беріп келген. Орыстың ұлы ғалымы , ауыл шаруашылық экономисі Александр Васильевич Чаянов атағандай кеңшар мердігерлік әдістер, соның ішінде жеке және отбасылық мердігерлік, кооперативті, шаруа қожалығы т.б. түрлері өмір сүріп , халыққа қызмет көрсете алады. Ғалымның бұл пікірінің дұрыстығын, қазіргі кезде әлемдік ауыл шаруашылық тәжірибесі дәлелдеп отыр.

Мысалы, ҚХР-дағы тұрғындардың 80 пайызына дейін ауылдарда тұрады. Бір ерекшілігі – ауыл шаруашылық мекемелерінде емес, ауыл шаруашылығына жатпайтын ұйымдарында (ұжымшарлар мен кеңшарлар емес) барлық айдалатын жердің 90 пайызы отбасылық , жалгерлік, кооперативтік әдіспен жұмыс істейді екен. Жерді 50 жылға дейін жалға келісім шартпен алып жұмыс істеп, әр алуан өнімдер өндіреді. Осы өндірген өнімнен жалгерлер мемлекетке жылдық ақы есебіне 3 пайыз, кооператив ұйымдарына 7 пайыз беріп , қалған 40 пайызын мемлекетке жоғары бағамен сатып отырады. Енді қалған өнімнің 50 пайызы жалгерлік ұйым мүшелері өздері бөледі ,не мемлекетке , немесе басқаларға нарықты еркін бағамен сатады.

Ал, АҚШ ауыл шаруашылығында істейтін фермерлік шаруашылықтар барлық штаттар бойынша өндірілген өнімнің 60 % береді. Әрі жеке меншікті жанұялы фермерлер 1 мың доллардан 20 мың долларға дейін өнім өндіріп, сатады. Бұған қосымша ауыл шаруашылық өнімдерін тағы да 16 % бірігіп жұмыс атқаратын туысқан адамдардан құралған серіктестік фермалар береді екен.

Дүние жүзі мемлекеттерінің тәжірибелері көрсеткендей экономикалық мүддесінен қол үзгені, жерінен айырылған шаруа елді тойдыра алмайды және ауыл шаруашылығына жұмсалған қаржы қандай көлемде болса да, құмға сінген су сияқты еш жерде тигізе алмайды және саланы ілгері дамыта алмайды.

Нарықты қатынастарға көшкен мемлекеттерде агроөнеркәсіпті шаруашылығы саласында фермерлер, шаруа қожалықтары, кооперативтер, жалгерлер, акционерлік қоғамдар т.б. жұмыс істейді. Осылардың әрқайсына қысқаша түсінік берелік.

Шаруа қожалықтары- бұл фермерлерге ұқсас сияқты. Фермер ауыл шаруашылығының еркін тауар өндірушісі есебінде көрінсе, шаруа қожалығы бұрыннан-ақ бізде болған, өнім өндіріп келген кішігірім құрылымдар. Сонымен, шаруа қожалығы- өз еңбегімен жұмыс атқарып, өнім өндіріп, өзін-өзі қаржыландыратын, заңды, дербес шаруашылық.

Шаруа қожалықтардың ерекшеліктері:

- Өз қызметін жанұя, оның мүшелері арқылы жүргізеді;
- Жер мемлекеттік актімен бекітіліп берілгеннен кейін, оның заңды иесі бола алады және жұмыс істейді;
- Барлық

жағынан заңды түрде мәртебе алып, өзінің атынан жергілікті орган дарда өз шешімдерімен бекітіп, шарт жасасып отырады, өзінің мөрі, банкде шоты, кіріс, шығыс баланстары болады. Шаруа қожалығы басқа да ұйымдармен қарым-қатынас жасайтын өндіріс орны да болып табылады;

- Өндірген өніміне және құрал жабдықтарына, тапқан табысына заңды түрде ие болып қожалық жасайды, сөйтіп алған дүние мүлкі аткімен бекітіледі;

Өз жағдайларына, мамандандырылынғанына қарай не өндіретіндерін, қалай өндіретіндерін, қандай технологияны пайдаланатынын, алған өнімдерін қайда, кімге сататынын өздері дербес шешеді. Ол өз кірісін, табысын өзі біліп, өзі билейді, өзі бөледі. Әкімшілік түрде ол еш кімге бағынышты емес. Сондықтан оның ішкі жұмысына ешкім араласа алмайды. Олар мемлекеттік, кооперативтік, өздері сияқты шаруа қожалығымен қолма-қол ақшалай, ақша немесе аудару арқылы қарым-қатынас жасайды; Өз өндіріс орнында дербес жұмыс істегендіктен кеңшар, ұжымшылардың істеріне араласпайды; Өндірілген өнімнің 70-80 пайыз тауарлығы, яғни сатылатындығы болғандықтан, аның тауарлығының жоғары екендігін көрсетеді; Шаруа қожалығының негізгі мақсаты – шаруалардың жанұя мүшелерін азық-түлікпен қамтамасыз ету, сонымен бірге, өндірген өнімдерді сату арқылы пайда табу. 1998 жылғы наурыздың 31-де “ Шаруа қожалығы туралы ” Қазақстан

Республикасының заңы өмірге келді.
Бұл заң Қазақстан Республикасында шаруа қожалықтарын құрудың және ол ардың жұмыс істеуінің құқықтық, ұйымдық және экономикалық негіздерін белгілейді.

Енді ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарығын айтпай кетуге болмайды және оны келесідей қарастыратын боламыз.

4 ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНІНІҢ ДАМУ СИПАТТАМАСЫ

4.1 Шикізат және отын-энергетикалық ресурстардың жіктемесі

Шикізаттың сапалық сипаттамасы қолданылатын техниканың, жабдықтың, технологияның, өндіріс көлемінің, өнімнің бәсеке қабілеттілігінің, яғни өндірістің барлық технико-экономикалық көрсеткіштерін анықтайды, сәйкесінше өндірістің тиімділік деңгейіне әсерін тигізеді.

Материал дегеніміз – алдын ала өңдеудің бір немесе бірнеше кезеңінен өткен және дайын өнімді шығару процесінде ары қарай өңделетін еңбек өнімі. Материалдарға материалдық ресурстың құрамдас элементі ретінде оларды алу мен өндіру үшін қазып алу және өңдеу салаларында шығындалған еңбек заттары жатады.

Отын мен электроэнергия материалдық ресурстың ерекше түрі болып саналады.

Өндіріс процесіне қатысу сипатына байланысты отын қосалқы шикізатқа жатады, бірақ экономикадағы маңыздылығы жағынан ол жеке топ болып бөлінеді. Отын технологиялық шикізат ретінде дайын өнімнің өндіріс процесіне жылу энергиясы түрінде қолданылады.

Электороэнергияны жеке элемент түрінде бөлуге еңбек құралы ретінде (электросварка, электроұшқындық өңдеу, лазер сәулелері) оның еңбек затына технологиялық пайдалануы мен тікелей әсері себеп болды.

Отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) әлеуетті және нақты деп бөлеміз.

Әлеуетті ОЭР дегеніміз - қандай да бір экономикалық аудан, жалпы мемлекет иелігіндегі отынның барлық түрлері мен энергия қорының көлемі.

Нақты ОЭР жалпы мағынада – мемлекет экономикасында қолданылатын энергияның барлық түрінің жиынтығы.

ОЭР жеке мағынада қарастырсақ, ол:

табиғи ОЭР (табиғи отын) – көмір, торф, табиғи және пайдалы газ, жерасты газданудан жиналған газ, ағаш; отынның табиғи көзі – күн, жерасты буы.

отынды өңдеу өнімдері – кокс, брикеттер, мұнай өнімдері, жасанды газдар, байытылған көмір және т.б.

екілік энергетикалық ресурстар, олар көбінесе технологиялық процесс – отын қалдықтары, жанғыш және ыстық газдар, өңделген газ, өндіріс өнімінің физикалық жылуы және т.б. негізінде алынады.

Экономикалық тұрғыдан алғанда халық шаруашылығында қолданылатын шикізаттың барлық түрі екі топқа бөлінеді:

I - өнеркәсіптік шикізат, өнеркәсіпте қазылып алынады, өңделеді және ауыр индустрияда қолданылады;

II – ауыл шаруашылық шикізат, ауыл шаруашылығының салаларында өндіріледі және жеңіл және тамақ өнеркәсібінде қолданылады.

Өнеркәсіптік шикізат өз кезегінде екі топқа бөлінеді:

- минералды шикізат, яғни жер қойнауынан алынатын шикізат;
- жасанды шикізат, яғни жасанды жолмен алынатын шикізаттар мен материалдар.

Табиғи шикізаттың көптеген топтары минералды болып келеді. Ол өнеркәсіптің минералды-шикізаттық базасын құрайды және оның қара және түсті металлургия, жылу, электроэнергетика және басқа да салаларының дамуын анықтайды.

Материалдық шығын дегеніміз өндіріс процесінде қолданылған материалдық ресурстардың көлемі. Статистикада өнімнің өзіндік құнын құрайтын материалдық шығындардың құрамына мынадай элементтер жатқызылады: қалдықтарды алып тастағандағы шикізаттар мен негізгі материалдар, сатып алынған бұйымдар мен жартылай фабрикаттар, қосалқы материалдар, отын мен энергия.

3. Шикізат пен отын-энергетикалық ресурстарды оңтайлы пайдаланудың негізгі бағыттары

Материалдық ресурстар өндірістің негізгі факторының бірі болып табылады. Олар шығарылатын өнімнің заттай құрамын қалыптастырады және өндіріс процесін қандай да бір дәрежеде қамтамасыз етеді. Ал шығарылған өнім қоғамның қажеттілігі мен тұтынысын қамтамасыз етеді. Сондықтан да қоғамның әл-ауқаты материалдық ресурстарды қалай пайдалануына, материалды тұтыну тұрғысынан өндіріс процесі қаншалықты тиімді әрекет етуіне байланысты. Шаруашылықтың экстенсивтіден интенсивті типіне ауысуы, кез келген мемлекеттің экономикасының алдына материалдық ресурстарды оңтайлы және тиімді пайдалану проблемасын қояды.

Шикізат пен отын-энергетикалық ресурстарды оңтайлы пайдаланудың негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- жылу және отын-энергетикалық баланстың құрылымын жақсарту;

- шикізатты өнеркәсіптік кәсіпорындарда тікелей пайдалану үшін оларды аңғұрлым мұқият және сапалы даярлау, өңдеу; ...

4.2 Қазақстанда энергия тұтыну құрылымы және оның ерекшеліктері.

Энергияны және жаңартылатын ресурстарды тиімді пайдалану Қазақстан Республикасының ХХІ ғасырдағы орнықты дамуының қажетті шарты болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы N 216 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының 2007 - 2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасына сәйкес Қазақстан Республикасында жер, су, орман, балық, өсімдік шаруашылығының және мал шаруашылығының ресурстарын пайдаланудың неғұрлым қазіргі заманғы технологияларын енгізу; су энергетикасының ресурстарын, күн және жел энергетикасының объектілерін және басқа да жаңартылатын ресурстар мен балама энергия көздерін ұтымды пайдалануды ынталандыру жолымен жаңартылатын ресурстарды және балама энергия көздерін тиімді және ұтымды пайдалану жөнінде шаралар қабылдау қажет.

Қазақстан Республикасында жаңартылмайтын табиғи ресурстардың қорлары шектеулі уақыт кезеңі ішінде таусылуы мүмкін. Сарапшылардың бағалауы бойынша Қазақстанда мұнайдың бүгінгі күнгі қорын қарқынды пайдаланған жағдайда 70 жылға, табиғи газ - 85 жылға жетеді. Тау-кен металлургия өнеркәсібінің барланған тиімді кен орындары таусылу шегінде тұр. Темір кені 80 жылдан астам уақытқа, алюминий - 90 жылға қалды, мыс 20 жылдан кейін таусылады. Қорғасын-мырыш саласы 5 жылға, хром кені - 50-ден аз ғана асатын жылға қамтамасыз етілген, никель бойынша кен толығымен игерілген.

Табиғи ресурстардың байлығы Қазақстан экономикасында жоғары рентабельді өндіруші салалардың басымды рөліне себеп болды. 2005 жылы ЖІӨ-дегі өндіруші өнеркәсіптің үлесі 16 %-ды, экспорт құрылымында минералдық ресурстардың үлесі 73,8 %-ды құрады.

Жаңартылатын ресурстар мен балама энергия көздері - қазақстандық экономика дамуының маңызды аспектісі және елдің энергетикалық қауіпсіздігін ұзақ перспективаға қамтамасыз етудің факторы. Бұл ретте

Қазақстанның жаңартылатын ресурстарды пайдалануға экономиканы кезең кезеңімен қайта бағдарлауға едәуір мүмкіндіктері бар.

Қазақстан Республикасының жағдайларында жаңартылатын ресурстарға жер, су және биологиялық (биосфералық) ресурстар, балама энергия көздеріне - күн, жел, су энергетикасы, биомасса, геотермалдық энергия және басқалары жатады. Қазақстанда осы ресурстарды пайдаланудың әлеуетті резервтері жылына 12 миллиард доллар болып бағаланады.

1. Энергияны және жаңартылатын ресурстарды тиімді пайдаланудың қазіргі заманғы жай-күйін талдау және оның халықаралық тәжірибесі

Қазіргі заманғы дамыған елдерде алдыңғы қатарға өмір сүру сапасының параметрлері қойылады. Халық денсаулығы мен қоршаған ортаның жай-күйі мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі өлшемдері қатарында қаралады. Экологиялық таза тамақ өнімдеріне сұраныс өсуде. Кәдеге жаратылғанда қоршаған ортаны ластамай ыдырайтын табиғи талшық пен материалдарға сұраныстың өсуі болжанады. Экологиялық қауіпсіз су-, жел-, био- және гелиоэнергетика, геотермалды энергетика аса өзекті болып отыр.

Жаңартылмайтын ресурстарды тұтыну мен олардың қорлары арасындағы үдеп келе жатқан теңгерімсіздігі жағдайында әлемдік басты тенденция жаңартылатын ресурстарды барынша тиімді пайдаланудың технологияларын енгізу болып табылады.

Халық шаруашылығы қызметінде пайдаланылатын табиғи ресурстар жаңартылмайтындар және жаңартылатындар болып бөлінеді. Жаңартылмайтын ресурстар толыққанша тез пайдаланылады не мүлдем толықтырылмайды. Бірінші кезекте бұл қалыптастыру мерзімі ұзақ геологиялық кезеңдермен есептелетін пайдалы қазбалар болып табылады. Жаңартылатын ресурстарды ұтымсыз пайдаланған жағдайда олар да жаңартылмайтын болуы мүмкін.

Жаңартылатын ресурстардың негізінде қарқынды дамып отырған экономикасы бар барлық елдер үшін ортақ жаңартылатын ресурстарды пайдалануды тиісті салаларды дамыту арқылы ынталандыратын мақсатты бағытталған саясат, ғылыми, білім беру бағдарламалары, инвестицияларды қолдау, қолайлы кедендік және салық режимдерін құру, барынша тиімді технологияларды енгізген кезде жеңілдіктер беру, экспортты көтермелеу және басқа да шаралар болып табылады.

Мемлекеттік қолдаудың қажеттілігі жаңартылатын ресурстарға және балама энергетикаға инвестициялар минералдық шикізат ресурстарын пайдалануға инвестициялар сияқты тез өтелмейтіндігіне негізделген. Минералдық шикізат ресурстарын өңдеу жылдамдығы тек қана техникалық мүмкіндіктер мен нарық қажеттілігіне тәуелді, бұл кезде жаңартылатын ресурстарды пайдалану жылдамдығы әрқашан оларды толықтыру жылдамдығымен шектеулі. Халықаралық тәжірибе жаңартылатын ресурстар мен энергия негізіндегі бәсекеге қабілетті салаларды қалыптастырудың өмірлік циклі шамамен 20 - 25 жылды құрайтындығын куәландырады.

Жаңартылатын ресурстар мен энергия негізінде саланы қалыптастыру циклі

алғышарттар жасау 1-3 жыл

өсудің басталуы (пионерлер компаниялар) 5-7 жыл

сыни массаның жинақталуы, сыртқы нарықтарға шығу 5-7 жыл

нақты кластерлерді қалыптастыру, әлемдік нарықтарда бекітілу 5-7 жыл

Осы уақыт ішінде сала дамудың мына кезеңдерінен өтеді: 1-кезең. Саланы дамыту үшін мемлекеттің заңнамалық, ғылыми, білім беру, қаржылық алғышарттар мен ынталарды құруы.

2-кезең. Тиімді технологияларды енгізуде пионерлер болатын компаниялардың дамуына бастапқы инвестициялар. Шамамен 5-7 жылды алады, көбінесе бірінші кезеңмен қатар келеді және тәуекелдерді бөлу үшін мемлекеттің қатысуымен сүйемелденеді. Бұл кезеңде саланың біртіндеп өсуі жүреді.

3-кезең. Оң тәжірибенің кең таратылуы, салаға жаппай инвестициялар, сыни массаны кеңейту және оған қол жеткізу, танылатын брендтерді қалыптастыру, бәсекеге қабілетті өнімді халықаралық нарыққа алға тарту - тағы 5-7 жыл, өндірістік және экспорттық көрсеткіштердің екпінді өсуімен сүйемелденеді.

4-кезең. Саланың түпкілікті қалыптасуы және әлемдік нарықта позициялардың бекітілуі, көрсеткіштердің тұрақтануы - орташа 5-7 жыл.

Қазақстанда жаңартылатын ресурстарға негізделген экономика салаларын дамытудың едәуір әлеуеті бар:

ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу;
су шаруашылығы;

балық шаруашылығы және балық өнеркәсібі,

орман шаруашылығы және ағаш өңдеу өнеркәсібі;

жаңартылатын көздер: биоотын (биогаз, биоэтанол, биодизель), су энергетикасы, жел энергетикасы, гелиоэнергетика, геотермалды энергетика негізінде отын-энергетика өнеркәсібі.

Еуразия өңірінің кейбір елдерімен салыстыру Қазақстан бар әлеуетін бірнеше есе тиімділеу пайдалана алатындығын айтады.

1-кесте

2006 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жаңартылатын ресурстар негізіндегі салалардың экономикалық әлеуеті бөлінісіндегі Қазақстан және жақын орналасқан елдер

Жаңартылатын ресурстар	Қазақстан	Ресей	Қытай	Индия
Жалпы жер қоры, млн. га	272,5	1709,8	959,7	328,8
Пайдаланылатын ауыл шаруашылығы жерлері, млн. га	222,6	220,7	530,0	177,5
Жайылымдар, млн. га	189,0	68,0	400,0	13,1
Жыртылатын жерлер, млн. га	23,2	122,1	130,0	141,0
Орман қоры, млн. га	23,4	1104,8	175,0	63,5
Су қоры, млн. га	3,7	27,9	26,8	31,2

ІҚМ басының саны, млн. бас	5,7	23,4	133,8	289,0
Ұсақ қара мал басының саны, млн. бас	14,3	18,4	299,0	57,9
ЖІӨ-нің ауыл шаруашылығының үлесі, %	5,5	5,3	11,9	19,9
ЖІӨ, млрд. АҚШ доллары	77,2	733	2518	804
Ауыл шаруашылығының өнімі, АҚШ доллары/га	243,8	434,7	486	835

Жаңартылатын ресурстарда негізделген салалардың әлеуетін іске асыру үшін Қазақстанға бізбен ұқсас бастапқы жағдайлары бола отырып, осы салада барынша үлкен табыстарға қол жеткізген әлем елдерінің тәжірибесіне бағытталуы қажет.

Халықаралық тәжірибені зерделеу өзінің жаңартылатын ресурстарын тиімді пайдалануда мүлдем әртүрлі табиғи-климаттық жағдайлары, әлемдік экономикада тарихи қалыптасқан әртүрлі рөлі және әртүрлі ұлттық және мәдени ерекшеліктері бар елдердің жеңіске жеткені туралы айтады. Олардың көпшілігі үшін ортақ нәрсе олардың 30 - 40 жыл бұрын дамыған ел ретінде саналмағандары болып табылады. Қазақстан сияқты олар өздерінің бай минералдық шикізат ресурстарына сүйенген, олардың таусылу тенденциясы оларды уақытында қайта құрылуға мәжбүр етті.

Мысалға, Чили Республикасы әлемдік шаруашылыққа селитра мен мыс экспорттері ретінде тарихи біріктірілген. 1973 жылғы дағдарыстан кейін елде неолибералды реформалар өткізілді: банк саласы, сыртқы сауда либералдандырылды, салық және зейнет реформалары өткізілді.

Аграрлық салада реформалар өлшемді болып өткізілді: бір жағынан шетел инвестициялары саласында заңнама либералданды, екінші жағынан жер иелену тәртібінде едәуір шектеулер сақталған, жеке алғанда жерді шетелдіктерге сатуға тыйым салу. 80 жылдары мемлекет Чилилік тауар өндірушілерді қорғау жөніндегі шараларды қабылдады және елдің негізгі ауыл шаруашылық салаларын өз протекциясына алды.

1980 жылдардың екінші жартысынан бастап экспортты белсенді ынталандыру және экспортқа бағытталған салаларды: жеміс шаруашылығын, жүзім шаруашылығын, орман және балық шаруашылықтарын, өңдеудің тиісті өнімдерін өндіру мен экспорттауды дамыту басталды. Чили үкіметімен басымдылардың бірі болып жүзім шаруашылығы мен шарап жасау салалары анықталды: жүзім шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы әзірленді, жүзімдіктерді салуға капиталдық салымдар бағытталды, осы салаға шетел инвесторларын тарту үшін жағдайлар құрылды. Ірі шетел компаниялары инвестициялармен бірге маркетинг және логистика салаларындағы жаңа технологиялар мен тәжірибені әкелді.

Өткізілген реформалар нәтижесінде Чили Республикасы жаңа піскен және өңделген жеміс-жидек өнімдерін, жүзім мен шарапты, балық және орман

шаруашылықтарының өнімдерін өндіру және экспорттау саласында әлемдік көш басшылардың бірі болды: жүзім экспорты бойынша әлемде бірінші орын, жаңа піскен жемістер экспорты бойынша үшінші орын, шарап экспорты бойынша бесінші орын, бақтақ өндіру бойынша бірінші орын және балық өнімі экспорты бойынша сегізінші орын, ағаш өнеркәсібі кешенінің аз шығынды өнімінің экспорты бойынша бесінші орын. Елдің ЖІӨ 2005 жылы 2004 жылмен салыстырғанда 6,3 %-ға өсті және 115,6 млрд. АҚШ долларын, ЖІӨ жан басына 7,1 мың АҚШ долларын, ЖІӨ сатып алу қабілеті паритеті бойынша жан басына 11,3 мың АҚШ долларын (бағалаулы) құраған. Соңғы 10 жылда экспорт көлемі 2005 жылы 2,5 есе 40 млрд. АҚШ долларына дейін өсті.

Жаңа Зеландия мен Австралия тарихи аграрлық елдер болып табылған және негізінен мал шаруашылығы өнімдерін: жүн, ет, май, ірімшік экспорттаған. 1970 - 1980 жылдары осы елдердің ауыл шаруашылығындағы ахуалы мұнай дағдарысы және бұл елдер үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатудың негізгі нарығы - Ұлыбританияға экспорттауды шектеу себептері бойынша нашарлады. Екі ел де Ұлыбританиядан тәуелділікті жеңіп шыға алды және өздерінің аграрлық секторын ойдағыдай диверсификациялай алды. 1980 жылдардың аяғында - 1990 жылдардың басында өткізілген реформалар өздеріне мына іс-шараларды қосты: дәстүрлі салалардағы либералдау және неғұрлым тиімді технологияларды қолдану; жекешелендіру; Ұлыбритания мен Еуропа нарығынан Оңтүстік-шығыс Азия мемлекеттері қауымдастығы (АСЕАН) елдері мен АҚШ нарығына бағытты қайта бұру; шетел капиталының ұлттық экономикаға еркін қол жеткізуі; кәсіпкерлік белсенділікті жандандыру үшін экспорттық тарифтер мен салықтарды төмендету.

Жоғарыда аталған іс-әрекеттер нәтижесінде Жаңа Зеландиядан жемістер экспорты 20 жылдың ішінде 1,1 млрд. АҚШ долларына дейін 5 есе өсті. 1980 - 2004 жылдар кезеңінде Жаңа Зеландия алмаларының экспорты 314 млн. АҚШ долларына дейін 9 есе, киви экспорты 536 млн. АҚШ долларына дейін 16 есе өсті.

Австралия 1990 жылдан бастап әлемдегі үшінші орынға шыға отырып, шарап экспортын 1,4 млрд. АҚШ долларына дейін 17 еседен астам өсірді. Сиыр еті экспорты 1980 жылдан бастап Австралияны әлемде Бразилиядан кейін екінші орынға шығара отырып, 2,3 млрд. АҚШ доллары сомасына 1,3 млн. тоннаға дейін 65 %-ға өсті.

4.4. Жаңартылатын ресурстар

Жаңартылатын ресурстар олардың жаңару жылдамдығынан кем немесе тең жылдамдықпен жұмсалады. Бұл жер, су және биологиялық ресурстар. Жер ресурстары - адамның өмір сүруі үшін және шаруашылық қызметтің кез келген түрі үшін жарамды жер беті. Жер ресурстары аумақ мөлшерімен

және оның сапасымен: жер бедерімен, топырақ жамылғысымен және басқа да табиғат жағдайларының кешенімен сипатталады.

Су ресурстары - пайдаланып жатқан немесе пайдаланылуы мүмкін су объектілерінде шоғырланған жер асты және жер беті суларының қоры.

Биологиялық ресурстар (биосфера ресурстары) - тірі табиғат объектілерінде шоғырланған адамға қажетті материалдық және рухани құндылықтар алу көздері мен алғышарттары: кәсіпшілік объектілер, дақылды өсімдіктер, үй жануарлары және басқалары. Биоресурстарға мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы өнімдері жатқызылады.

4.4 Жер ресурстары

Қазақстан Республикасының жалпы жер қоры 272,5 млн. га құрайды (әлемде 9-орын). Жер ресурстары бірінші кезекте ауыл және орман шаруашылықтары үшін құндылық болып табылады. Су және биосфера ресурстарымен үйлесе отырып, жер сондай-ақ ұлттық парктері мен табиғат ескерткіштері түрінде тұрақты табыс көздері болып табыла алатын маңызды рекреациялық ресурс болып табылады.

Ауыл шаруашылығы алқаптары аумақтың 82 %-ын немесе 222,6 млн. га алып жатыр, оның ішінде жайылымдар үлесіне 84,8 %-дан немесе 189 млн. га, жыртылатын жерлердің үлесіне 9,8 %-дан немесе 21,9 млн. га, шабындықтар мен шоғырлар үлесіне 2,3 %-дан келеді.

Ауыл шаруашылығына пайдалану үшін Қазақстанда солтүстіктен оңтүстікке қарай ауысып отыратын ендік созылған аймақтар түрінде орналасатын топырақ жамылғысының сапасы аса маңызға ие. Солтүстікте неғұрлым құнарлы қара топырақтар елдің барлық жер көлемінің 9,5 %-ын (26 млн. га) алып жатыр. Ел ауданының үштен бірінен астамы (33,2 % немесе 91 млн. га) құрғақ далалық және шөлейт аймақтары бөлігінің қоңыр топырақтарына келеді. Одан оңтүстікке қарай шөлді табиғат аймағында 119 млн. га көлемде (аумақтың 43,6 %-ы), көптеген өңірлерде шөлдік құмды және сазды топырақ массивтерімен ауысып отыратын құба және сұр-құба шөлді топырақтар басым болып келеді. Ендік ауысудан басқа биіктік-белдік: тау шалғындарындағы қара және шалғын-дала топырақтарынан тау етектеріндегі ақшыл-қоңыр және құба топырақтарға дейін ауысу бақыланады. Тау топырақтары үлесіне республика аумағының 13,7 %-ы (37 млн. га) келеді.

Ел аумағының 60 %-дан астамы қуаң аймақтарда орналасқан және климаттық факторлар мен шаруашылық қызмет әсерінен шөлейттенуге ұшыранқы.

Жайылым жерлердің шамамен 30 млн. га (1/6 бөлігі) дефляция мен эрозияға ұшыранқы, үшінші бөлігі азып-тозған. Дала аймағының аз өнімді жерлерін жырту табиғи жайылымдардың қысқаруына әкеліп соқтырды.

Арал маңының оңтүстік бөлігінде жайылымдардың 20 %-ы жарамсыздыққа келген. Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы жерлері

құрамында шамамен 3,1 млн. га жел эрозиясына, 0,5 млн. га-дан астамы су эрозиясына ұшыраған.

Қазақстандағы бидайдың орташа өнімділігі (10 ц/га) топырақ сапасы бойынша ұқсас Канададан 2,6 есе төмен.

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың жауапсыз шаруашылық қызметтері салдарынан топырақтардың техногендік ластануы үлкен проблеманы төндіріп тұр. Түсті металлургия кәсіпорындарында 5,2 млрд. тоннадан астам өнеркәсіптік қатты қалдықтар жинақталған.

Су метеорологиялық жүйелердің тозғандығы мен жеткіліксіз қаржыландыруы суармалы жерлердің едәуір аумақтарының ауыл шаруашылығы айналымынан шығуына әкеліп соқтырды. 1990 жылдан 2005 жылға дейінгі кезеңінде суармалы жерлердің жалпы ауданы 2,3 млн. га-дан 2,1 млн. га-ға дейін қысқарды, оның ішінде тек қана 68 %-ы, немесе ауыл шаруашылығы жерлерінің жалпы ауданынан 0,6 %-ы пайдаланылуда.

Жаңартылатын ресурстарды пайдалану бойынша ерекше мысал минералдық ресурстарға кедей, су ресурстары тапшылығымен шөл және шөлейт аймақта орналасқан ел - Израиль болып табылады.

1952 жылдан 1984 жылға дейін Израильде аграрлық өнімді шығару 8 есеге, алдымен тамшы және спринклерлі суармалау сияқты жаңа агротехнологияларды қарқынды енгізу есебінен артты. Өңделетін жерлердің ауданы қазақстандықтан 2 %-ға кем, ал жалпы аумағының қазақстандықтан 0,8 %-ға кем кезінде 2005 жылы Израиль ауыл шаруашылығы өнімін (ең басты өсімдік шаруашылығы) және азық-түлік тауарларын Қазақстанның ұқсас көрсеткішінен 2,5 есе көп 1,69 млрд. АҚШ долларына экспорттады.

Бразилия ауыл шаруашылығы өндірісіне жататын аумақтарды табысты игеруде және қазіргі кезде азық-түліктің ірі нетто-экспорттаушысы болып табылады. Мелиорациялау жөніндегі жұмыстар мемлекеттік маңызға ие және жер суландыру және сорғыту ұлттық бағдарламаларымен реттеледі. Осы бағдарламаларды іске асыру нәтижесінде суарылатын жерлердің ауданы 1961 жылғы 490 мың га-дан 2003 жылғы 2,92 млн. га-ға дейін 6 есеге ұлғайтылды.

Ластанған жерлерді қалпына келтіру, ормандарды және жайылымдарды қалпына келтіру, құнарсыз жерлерді суармалау, батпақты құрғату және оларды ауыл шаруашылық айналымға енгізу саласындағы үлкен техникалық және жаңашылдық әлеует EMBRAPA Бразилияның Ауыл шаруашылығын дамыту институтымен жинақталған. Бұл ұйым 11 орталық бөлімшелерді, 37 зерттеулік және 3 қызмет көрсету орталығын бір желіге біріктіреді, Аграрлық зерттеулердің ұлттық жүйесін үйлестіреді және 1973 жылдан бастап кезеңде ауыл шаруашылық саласында 9 мыңнан астам технологиялық шешімдерді енгізді. Қолда бар су ресурстарын ұтымды пайдалану кезінде су үнемдеуші технологияларды қолданумен айналымға суармалы жерлердің қосымша аудандарын қосуға болады. Жалпы мелиоративтік, оның ішінде агроорманмелиоративтік іс-шаралар есебінен нашар белгілермен күрделенген (ұсақтану, тұздану, азып-тозу, су және жел эрозиясы, батпақтану және

басқалары) 8 млн. га (34 %) егіс жерлердің сапасын көтеруге болады.

Қазақстанда 5,1 млн. га-дан астам тыңайған жерлер арнайы таңдап алынған шөптер құрамы негізінде қалпына келтірілген жайылымдарды құру жолымен ауыл шаруашылығы айналымына қайтарылуы мүмкін. Бұл топырақтың одан әрі эрозияға ұшырауының алдын алу кезінде бір уақытта мал шаруашылығында өндіріс көлемін өсіруге мүмкіндік береді.

4.4 Су ресурстары

Әлемдік банктің бағалауы бойынша ХХІ ғасырдың ортасына қарай Жер халқының 40 %-ы су тапшылығын сезінеді, 20 %-ы - бұдан біршама қиындық көретін болады. Су ресурстарының мольғу үрдісі оларды шектен тыс пайдалану және ластау, сондай-ақ табиғи жүйелердің құрауыштарын, басты негізде су экожүйелерін қоса алғанда, табиғи жүйелерде ағзалар қауымдастығының өмірлік әрекеті үшін қажетті су теңгерімінің бұзылуына әкеліп соғатын жағалау аумақтарында және су жинақтағыш бассейндерде өсімдіктердің жойылу нәтижесінде нашарлайды.

Су ресурстарының аумақ бойынша тең бөлінбеуі өңірлер мен экономика салаларының сумен қамсыздандырудың тұрақсыздығын және теңсіздігін негіздейді. Қажетті су тұтыну көлемі 54,5 км³ құрайды, ал шаруашылық пайдалануға мүмкін су тұтыну көлемі орташа сулылық бойынша жылына 42,6 км³ -ден аспайды. Ауыз су қоры 524 км³ ден астамды (көлдер - 190, мұздықтар - 80, өзендер - 101, су қоймалары - 95, жер асты сулары - 58) құрайды. Экономика салаларын сумен қамтамасыз етудің 90 %-дан астамы жер беті су ресурстары есебінен жүзеге асырылады. Коммуналдық-тұрмыстық қамтамасыз ету секторында негізінен жер асты сулары пайдаланылады. Жер асты су ресурстарын пайдалану деңгейі 2005 жылы 1,0 км³ -ді құрады.

Бақылау сұрақтары

1. Ұлттық экономика мен кәсіпорын қызметіндегі материалды-шикізат ресурстарының мәні неде?
2. Елдің экономикасы мен өндірістің шаруашылық қызметіндегі жылу-энергетикалық ресурстардың ролі неде?
3. Материалдық ресурстарды оңтайлы және үнемді пайдалану категорияларының мазмұнын ашыңыз.
4. Шикізат, отын, материал ұғымдарының негізгі түсінігі мен жіктелуі қандай?

5 ТАУКЕН-МЕТАЛЛУРГИЯ КЕШЕНІ КӘСПОРЫНДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ.

5.1 Таукен-металлургия кешенінің (ТМК) ерекшеліктері, мақсаты, ролі.

Әйтсе де қазір Қазақстанның тау-кен саласы толық әлеуетті бағындырып отыр деуге келмейді, қарқын алар қуатты тетіктерді іске қосу, тың технологияларды осы салаға тарту - осының бәрі ұлттық экономикамыздың қауқарын бүгінгіден де зорайта түсер еді. Дегенмен, жыл сайын өткізу дәстүрге айналып, биыл мерейлі бесінші мәрте ұйымдастырылған Халықаралық Тау-кен металлургия конгресінің осы бағыттағы дамуға тың серпін берері анық. Сөйтіп, 5-ші рет ұйымдастырылып отырған форумның бүгін салтанатты жалпы отырысы өтті.

Ал Астанада дәстүрге айналған осындай алқалы басқосудың әлеуеті нешік? Тоқтала кететін жайт, 5 жылдың ішінде Астана тау-кен металлургия халықаралық конгресі жыл сайын әлемнің 25-тен астам елінің тау-кен өндіру саласы өкілдерінің басын қосатын Орталық Азиядағы маңызды форумға айналды. Ал конгресс аясындағы көрменің өзі шет елдердің тау-кен және металлургия саласындағы жетістіктерін барша әлемге паш ететін халықаралық дәрежеге ие болып отыр. Бұдан бөлек, дәстүрлі сұхбат алаңдарының ұйымдастырылуы жаһандық тау-кен металлургия саласының қатысушылары тарапынан қызығушылықты да арттырып отырғаны сөзсіз.

Ал нақты нәтижеге келсек, 2013 жылы өткен Астана Халықаралық тау-кен және металлургия конгресінің нәтижесінде қатысушы-компаниялардың 16 пайызы алқалы басқосу аясында-ақ келісімдер жасасыпты. Сонымен қатар, астаналық конгреске қатысушылардың 28 пайызы келешектегі сату көлемін 500 мың АҚШ долларына артық бағалауға мүмкіндіктер алған.

Бұдан да маңызды мәселе - кен саласының конгресі осы саладағы көптеген олқы тұстардың орнын толтыруға сеп болмақ. Өйткені, дүниені дүрбелеңге салып келген жаһандық дағдарыстың қайта толқындау қаупі күн тәртібінен түспегені де айқын. Ал ондай жаһандық дағдарыс тек қана қаржы-экономика салаларына ғана емес, оның ішінде тау-кен металлургия саласы үшін де қатер төндіруі ғажап емес.

Осы тұрғыдан ойласақ, Астанада кеншілер конгресін өткізудің маңыздылығына да көз жетеді, яғни бұл - ортақ мәселелерді талқылай отырып, ішкі отандық нарықты дамудың қалпына түсіру. Және бір айта кетерлігі, жоғарыда тоқталғанымыздай, Қазақстанның тау-кен металлургиялық кешені ел экономикасының маңызды флагманы саналады. Саланың өнеркәсіптік өндіріс көлеміндегі үлесі 18 пайызды құрайды.

Сонымен қатар, 300 мыңға жуық адам жұмыс істейтін Қазақстандағы тау-кен металлургия өндірісін дамыту - индустриялық саясаттың басым бағыты. Бұл ретте Елбасы басты міндеттердің бірі ретінде қолда бар минералдық шикізаттық әлеуетті тиімді пайдалануды, өндіріске инновациялық технологияны енгізуді және алдыңғы қатарлы технологиялар трансфертін алға тартқан болатын. Ал базалық көрсеткіштер бойынша Қазақстан 2015 жылға қарай жалпы қосылған құнды 107 пайызға арттырып, саланың экспорттық әлеуетін екі есеге көтеруге ұмтылады.

Ендеше, тау-кен және металлургия саласына салынар салмақ та жыл сайын ауырлай түспек. Ал биылғы бесінші рет өтіп отырған халықаралық конгресстің маңызы неде? Соңғы жылдары жаһандық дағдарыс аясында тау-кен өнеркәсібінде бірқатар құбылыстар орын алғаны да айқын.

Сонау жылдары кенге деген керемет сұраныстың әлемдік қарқыны кібіртіктеп қалғанымен, кейіннен дүниежүзіндегі тау-кен металлургия кешені қайта жаңғыра түсті. Бұл жаңғыру кешенді дамуға да ұласып келе жатыр. Тұтастай алғанда, әлемде шикізат нарықтарының жаһандануы орын алып, өңдеу салаларының дамуы мен экологиялық талаптардың артуын белсенді түрде жүргізетін өзгерістердің сапалы жаңа заманы орнау үстінде. Ал мұндай жаһандық үдерістерден Қазақстан да шет қала алмайтыны анық.

Астаналық форумның өзі Қазақстанның жаһандық тау-кен саласын дамытудың стратегиялық қатысушысы екенін аңғартса керек. Ең маңыздысы - Қазақстан 2018 жылы Астанада 25-ші Дүниежүзілік Тау-кен Конгресін өткізу құқығын иеленіп отыр. Осы қуанышты жаңалықты жиынға қатысушыларға құттықтау сөзін арнаған ҚР Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов те ерекше атап өткен болатын. «Тау-кен металлургиялық кешені көптеген елдердің экономикалық-әлеуметтік және технологиялық дамуын анықтайтын маңызды

салалардың бірі. Соңғы отыз жылдың ішінде әлемдік пайдалы қазбаларды өндіру көлемі 1,5 есеге өсті. Форум шеңберінде өткізілген

Халықаралық ұйымдастыру комитетінің кезекті отырысы 2018 жылы жоспарланған 25-ші Бүкіләлемдік Тау-кен конгресін тиісті деңгейде өтуіне негіз болады деп ойлаймын», - деді Кәрім Мәсімов. Осыған орай, Үкімет басшысы Қазақстан Бүкіләлемдік Тау-кен конгресін тиісті деңгейде өткізуге қажетті жағдайды жасайтынын атап өтті. «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Тау-кен металлургия, геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі кеңес табысты жұмыс істеуде. Кеңестің алдында тау-кен металлургия, геология және жер қойнауын пайдалану салаларындағы стратегиялық бағытты анықтау және жүйе қалыптастыратын мекемелермен өзара байланыс орнату міндеттері тұр.

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыруда тау-кен металлургия саласында 50 жаңа өндіріс іске қосылды. Осы жылы тағы 7 жобаны іске қосу жоспарланып отыр», - деді Кәрім Мәсімов. Сонымен қатар Үкімет басшысы Индустриялық-инновациялық дамудың екінші бесжылдығында басым бағыт қара және түрлі-түсті металлургия болып табылатынын атап өтті. Тоқтала кететін жайт, алқалы басқосу биыл өзінің құрамын да кеңейте түскен. Мәселен, оған 30-ға жуық елден, оның ішінде Ресей, Қытай, АҚШ, Германия, Канада, Норвегия, Австралия және басқа да мемлекеттерден 650-ге жуық делегат қатысты. Ал конгресс аясындағы мамандандырылған көрмеге 40 ел өз қойылымдарын ұсынған. Конгресс қатысушылары кен-металлургия саласының өзекті мәселелері талқыланған мазмұнды бағдарламаға ұласып, сақа сарапшылар тарапынан әдеттегідей сындарлы пікірлер айтылды.

Соның бірі конгресс барысындағы Халықаралық геология ғылымдары одағының президенті Роланд Оберхенслидің әңгімесі еді. «Бүгін біз әлемде көптеген тауарларға сұраныс артатынын көріп отырмыз. Себебі, халық саны қарқынды түрде өсіп келеді. Мысалы, Африка халқы жылдам көбейіп жатқанын байқаймыз. Бұл ретте болашақ ұрпаққа арналған жаңа көздерді тауып, өндіріс пен қалдықтарды қайта өңдеу көлемін арттыру маңызды болып табылады», - дейді мейман. Оның айтуынша, тау-кен өндірісі адамзат тарихындағы маңызды сектор болып қала бермек.

Сондықтан да, бұл саланы назардан тыс қалдыруға болмайды. «Тау-кен өндірісі болашақта өз өзектілігін жоғалтады деген пікірлер қате деп есептеймін және онымен мүлдем келіспеймін. Соған орай, тау-кен өнеркәсібін қамтитын аймақтық, ұлттық, сектораралық тұрақты жоспарлардың болуы өте маңызды екендігін атап өткім келеді», - дей келе Р.Оберхенсли тау-кен металлургия саласы ғана әлемдік экономикалардың тұрақты дамуына негіз бола алатындығын алға тартты. Тоқтала кететін жайт, Қазақстан Құдай берген кеннен кенде емес. Соның ішінде экономикалық базаға бірден-бір ықпал ететін тау-кен саласына барынша мән берілуде. Ендеше мемлекет тарапынан кен орындарын игерумен қоса, геологи

5.2 Қара металлургияның қазіргі жағдайын талдау

Қазіргі заман – электр энергияның ғасыры, атомды энергия, космосты бағындыру ғасыры болып табылады. Бірақ ең бастысы – металл ғасыры болып табылады.

Металл әр адым сайын кездесіп жатыр. Ол – неше түрлі жабдықтар мен машиналарда, илемдеу стандартында, космостық кемелерде, қолды сағаттардың механизмдерінде міндетті түрде кездеседі. Ол – бүгінгі күннің негізгі индустриясы.

Металлургия – кендер мен қалдықтардан металдар мен қорытпаларды алатын өндіріс саласы. Металлургия ол физика, химия және басқада техника салаларының негізінде пайда болған металдау және оны тазалау тәсілдерін зерттейтін ғылым. Қазақстан үшін қара металлургия – екінші дүние жүзілік соғысынан кейінгі жылдары ғана пайда болған ауыр өнеркәсібінің салыстырмалы түрдегі жас сала. Қазақстанда шойын, болат, бұйымдарды илемдеу және ферроқорытпа өндіріледі. «Қазақстан Республикасының 1999-2003 жылдарға арналған тау-кен металлургия кешенін дамытудың тұрақты жұмыс істеуін және стратегиялық басымдылығын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету» Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасымен шағын және орта өндірісін құру жолымен, ғылыми әзірлемені іске асыру және жоғары тауарлы дайындықтағы бәсекеге қабілетті өнімдерін шығару бойынша технологияны меңгеру мақсаты қойылды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында 2003-2005 жылдарға арналған металургиялық кешеніндегі төртінші және бесінші өзгертіп жасау өндірісін құруды қамтамасыз ететін ғылыми-техникалық бағдарламасы әзірленген, мұны іске асыру республиканың металлургиялық саласында жаңа технологияны негіздеу мен әзірлеуге жағдай жасайды. Осындай өндірістерді ұйымдастыру импорт бойынша шығынды бірқатар төмендетуге, жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттылық базасында жаңа жұмыс орындарын құруға, осы өнімге ішкі қажеттілігін қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Бағдарлама материалында қазіргі кездегі Қазақстан Республикасындағы металлургиялық кешенінің өндірістік жағдайы былай сипатталады:

- елімізде қазіргі кездегі өндірісті дамыту үшін ғылымды қажетсінетін, жоғары технологиялық, арнайы материалдар мен қорытпаларының өнеркәсіптік өндірісі мүлдем жоқ;
- машина жасау, мұнай газ, таулы-металлургиялық, жеңіл, тамақ және өнеркәсіптің басқа салалары, құрылыс индустриясы, ауыр машина жасау және кеме жасау үшін темір қақтау және металл өнімдеріне талап етілетін сұрыптау жүргізілмейді;

- ең озық технология негізіндегі – ұнтақты металлургия, электр

металлургия, гальванотехника, жаңа құю мен химиялық технологиялар және т.б. материалдар мен металл бұйымдарының өнеркәсіптік өндірісі жоқ;

- балансы аяғына дейін есептелмеген, металдардың екінші ресурстары жеткіліксіз тиімді пайдаланылады, ал шетелге шығару бақылаусыз жүргізіледі.

Қара металлургия - өзінің негізгі өнімдерін екінші рет қайта өңдеудің аяқталған кезеңін қамтамасыз ететін ғаламат сала және, сонымен бірге басқа салалар мен өндірістердің қалдықтарын кәдеге жаратуға қабілетті болып табылады. Қазақстан үшін қара металлургия – екінші дүние жүзілік соғысынан кейінгі жылдары ғана пайда болған ауыр өнеркәсібінің салыстырмалы түрдегі жас сала. Қазақстанда шойын, болат, бұйымдарды илемдеу және ферроқорытпа өндіріледі.

Болатты өндіру және тұтыну көлемі әрқашан мемлекеттің экономикалық қуатының негізгі көрсеткіштерінің қатарына кіретін. Сондықтан, Қазақстан Республикасы Үкіметімен елімізде импорттың орнын басатын және экспорттық әлеуетін көтеретін, металлургиялық кешенінде жоғары тауарлық дайындықтағы өнімді шығару өсімін қамтамасыз ететін, ғылымды қажетсінетін бәсекеге қабілеттілігін құруға бағытталған бірқатар Бағдарламалар әзірленді. «Қазақстан Республикасының 1999-2003 жылдарға арналған тау-кен металлургия кешенін дамытудың тұрақты жұмыс істеуін және стратегиялық басымдылығын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету» Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық Бағдарламасымен шағын және орта өндірісін құру жолымен ғылыми әзірлемені іске асыру және жоғары тауарлы дайындықтағы бәсекеге қабілетті өнімдерін шығару бойынша технологияны меңгеру мақсаты қойылды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында 2003-2005 жылдарға арналған металлургиялық кешеніндегі төртінші және бесінші өзгертіп жасау өндірісін құруды қамтамасыз ететін ғылыми-техникалық Бағдарламасы әзірленген, мұны іске асыру республиканың металлургиялық саласында жаңа технологияны негіздеу мен әзірлеуге жағдай жасайды. Осындай өндірістерді ұйымдастыру импорт бойынша шығынды бірқатар төмендетуге, жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттылық базасында жаңа жұмыс орындарын құруға, осы өнімге ішкі қажеттілігін қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

Бағдарлама материалында қазіргі кездегі Қазақстан Республикасындағы металлургиялық кешенінің өндірістік жағдайы былай сипатталады:

- елімізде қазіргі кездегі өндірісті дамыту үшін ғылымды қажетсінетін, жоғары технологиялық, арнайы материалдар мен қорытпаларының өнеркәсіптік өндірісі мүлдем жоқ;
- машина жасау, мұнай газ, таулы-металлургиялық, жеңіл, тамақ және өнеркәсіптің басқа салалары, құрылыс индустриясы, ауыр машина жасау және кеме жасау үшін темір қақтау және металл өнімдеріне талап етілетін сұрыптау жүргізілмейді.
- ең озық технология негізіндегі – ұнтақты металлургия, электрометаллургия, гальванотехника, жаңа литейлі мен химиялық

технологиялар және т.б. материалдар мен металл бұйымдарының өнеркәсіптік өндірісі жоқ.

- балансы аяғына дейін есептелмеген, металлдардың екінші ресурстары жеткіліксіз тиімді пайдаланылады, ал шетелге шығару бақылаусыз жүргізіледі.

Мұндай мақсаттар сервистік-технологиялық экономикасының ұзақ мерзімді жоспарына өту үшін шикізаттық бағытталуынан, жағдайларды дайындауынан бастап өтуіне жағдай жасайтын, экономика саласын әртараптандыру жолымен еліміздің тұрақты дамуына жетуге бағытталған Қазақстан Республикасы Индустриалдық-инновациялы дамудың 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясында да қойылған.

Ғаламдық нарық

XX және XXI ғасырларда шетелдегі халықаралық экономикалық қатынастарды дамытудың негізгі бағыттары металлургия өнеркәсібінде толығымен пайда болған экономиканың ғаламдығы болып табылды. Халықаралық шаруашылық байланысы ғаламдық масштабтағы ресурстарды қайта бөлу және өндірістің тиімділігін көтеру құралына айналды, яғни бұл дүние жүзілік металлургия дамуының мынадай тенденцияларына әкелді:

- дүние жүзілік нарығында ірі біріктірілген компаниялардың рөлін көтеруге;

- өнімнің нарығында жоғары қосылған құн бәсекелестігінің шиеленісуіне және ішкі саудада ұлттық қорғаныс шараларын қолданудың таралуына;

- металл өнімдерін өндіру шығындарының төмендеуі бойынша жұмыстарын активизациялау, осы жағдайда өндірістің анағұрлым шығын түрлері аз мөлшердегі салық пен көліктік шығынды қамтамасыз ететін, анағұрлым арзан табиғи және энергетикалық ресурстары, жұмыс күші бар елдерге ауысады.

2000-2001 жж. тоқыраушылықтан кейін дүние жүзілік экономикасында оң тенденциялары байқалады. Ғаламатты ЖҰӨ-ң өсуі 2002 ж. 3 пайызды, 2003 ж. - 3,6 пайызды құрады, ал 2004 ж. 4,2 пайызға өсуі болжанды. Дүние жүзілік экономиканың көтерілуі және металл өнімдеріне сұраныстың өсуі, әсіресе барлық материалды қажетсінетін экономика жағынан, бірінші кезекте Қытайда (2003 ж. оның экономикасының өсуі 9 пайызға, ал болатты тұтыну 34 пайызға өсті), сондай-ақ Индияда және басқа азия елдерінде металл салалары үшін, болат пен шикізатқа дүние жүзілік бағасының елеулі өсуіне әкелді.

Мысалға, АҚШ-та ыссы соғылған болаттың тоннасы 2001 ж. 230-249 доллар, 2004ж. қаңтарда оның құны 330 долларды құраса, ал мамырда -550-600 доллар болды. Францияда 2004 жылдың қаңтарынан болаттың бағасы 60 пайызға көтерілді. Тіпті, 2001 жылы шойынның тоннасы дүние жүзілік нарығында 100 доллар болса, ал қазір ол 300 долларға жетті.

Металл өнімдері бағасының өсуінің тағы да бір себебі, теңіз тасымалдары тарифінің қарқынды өсуі фондында жетекші дүние жүзілік жеткізушілердің темір рудалық шикізатына босату бағасының көтерілуінен болды.

Бағаның өсуі, сонымен қатар шикізаттың маңызды бір түрі – қара металл сынықтарына да қатысты. Қара металл сынықтарының нарығы 2003 жыл ішінде бірнеше рет бағасының өсуін басынан өткізді, және қазір оның бағасы бірқатар өңірлерде тоннасы 300 долларға көтерілді. Бүгінгі таңда темір рудасына жоғары бағасынан басқа қара металлургияда, келешекте қара металл сынықтарының жетіспеушілігіне байланысты, бірқатар проблемалар туындайды. Экологиялық талаптардың және аса тиімділігінің әсерінен дүние жүзілік металлургия үшін шикізаттың осы түрлеріне құндылығы әрқашан өсуде. Батыста соңғы кездері сынықтардан барлық болаттың 70 пайызға жуығы күйдіріледі (Ресейде әзірше тек үштен жуығы).

Американ валютасына айырықша әлсіреуі, сонымен бірге металлға құнының көтерілуіне әкелді. Ірі тұтынушылардың бірі болып табылатын американдықтар үшін еуропалық импорттың құны көтерілуде, бұл АҚШ-ң ішкі өндірушілері бағасының көтерілуін ынталандырады, яғни өзінің жағдайын құнының есебінен қалпына келтіруге тырысады. Шойын мен болат халықаралық институттың статистикасы бойынша (ISI) 2004 жылы болаттың ғаламды өндірісі 8,8 пайызға көтерілді және 1,05 млрд. тонна рекордтық деңгейге дейін жетті, оның тұрақты өсу жылдамдығы - 2-3 пайыз. ISI мәліметтеріне сәйкес, болатты шығару Жапонияда 2004 ж. 2 пайыздан 112,7 млн.т., АҚШ – 5,2 пайыздан 98,5 млн. т., Ресей – 2,5 пайыздан 65,3 млн.т., Оңтүстік Корея – 2,6 пайыздан 47,5 млн.т., Германия – 3,6 пайыздан 46,4 млн. т., Украина – 4,9 пайыздан 38,7 млн.т. дейін, Бразилия – 5,7 пайыздан 32,9 млн. т. дейін, Индия – 2,7 пайыздан 32,6 млн.т., Италия - 5,6 пайыздан 28,3 млн. т. көтерілді.

Азия елдерінде болатты өндіру 2004 жылы 2003 жылмен салыстырғанда 13,2 пайыздан 499,3 млн.т. өсті. Егер Қытайды санамағанда, өсу көрсеткіші 3 пайызды құрады. Ең ірі болатты өндіруші Қытай болып қалуда, ол 2004 ж. 272,5 млн.т. болат өнімдерін (2003 ж. салыстырғанда -23,2 пайызға көтерілген) балқытты. Жалпы дүние жүзілік болатты өндіруде Қытайдың үлесі 2004 жылы 25,8 пайызды құрады. Бұл ұлттық экономиканы салқындату бойынша ел басшылығымен қабылданған шаралар болатқа ішкі сұранымының көлеміне ғана әсер етті. Сонымен қатар, өркендеп келе жатқан қытай өндірісі дүние жүзі нарығындағы бағалық дүрлікпені төмендетуге қабілетті.

Қазіргі кездегі жағдай

Ішкі технологиялық байланыстардың түрлері бойынша қара металлургияның ірі кәсіпорындары металлургия-энергохимиялық комбинаттарын ұсынады.

Қазіргі кездегі жағдай. Қара металлургияның ірі кәсіпорындары ішкі технологиялық байланысының түрі бойынша металлургия-энергохимиялық комбинаттарын ұсынады. Болатты тоқтаусыз құюы қазіргі кездегі металлургияның бірден-бір ірі жетістіктері болып табылады. Оны пайдалану

өндірістік процессті айырықша жеңілдетеді және құю процессінде толық механизациялау және автоматтандыру үшін жағдай жасайды..

Ірі болатты балқыту зауыттары біртұтас өңірлердің экономикалық алауқатын анықтайтын кәсіпорындар болып табылады. Яғни, бар жоғы үш конверторлық болатты балқыту пешінде жылына 5 млн.т жуық болатты балқытатын «Миттал Стил Теміртау» АҚ (бұрынғы Қарағанды металлургиялық комбинаты) тұрақты жұмысы жоғары білікті он мың мамандарға қызмет көрсететін бірқатар ірі кәсіпорындардың қауыртты және келісілген жұмыстарын талап етеді. Электро энергиялық өндірушілері мен жеткізушілерді, сондай-ақ темір жол және автокөлік жолдарының жүктемесін есепке ала отырып, Қарағанды көмір шахтасының, руда кенін және Қостанай, Қарағанды, Ақмола және Қазақстанның басқа облыстарының флюстық қосындыларының қызметін үйлестіруді талап етеді.

Бірақ, «Миттал Стил Теміртау» АҚ-ң барлық өнімдері түржиыны бойынша бір типті - табақты болып табылады. Еліміздің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету және саланың аз тәуелсіздігімен сұраным конъюнктурасынан осы өнімнің түріне Қазақстанда және болат өнімдерінің сұрыптамасы бойынша аса икемді басқа өндірістерді құру қажет.

Біршама көлемде және шектелген түржиынында сұрыптап прокаттауды Павлодар қаласындағы трактор зауытының базасында құрылған «Кастинг» фирмасы жүргізеді. Кәсіпорында өнімнің мынадай түрлерін өндіру меңгерілген: 125x125 және 150x150, ұзындығы 11,7 м болаттан құйылған қима дайындау; диаметрі 40,60 және 11 мм ұсақтайтын шар; диаметрі 100 мм, ұзындығы 4200,5300 м ұсақтайтын стержендер; А-3 класындағы, диаметрі 12,16 және 20 мм арматуралық болат.

Ішкі нарықтағы тапшылыққа байланысты, Қазақстанда сұрыптап прокаттау импортының жалпы көлемі соңғы бес жыл ішінде 7-ден аса өсті және 2004 жылы кедендік статистика бойынша 766 мың т. жетті.

Болат құбырларын өндіру көлемі республикада сондай-ақ айырықша емес. 1988 жылы Теміртау қ. «Кармет» АҚ-мен РД 20-86 электро балқыту қондырғысының жұмысы іске қосылған болатын, мұнда сумен қамтамасыз ету жүйесі үшін 15-86 мм диаметріндегі құбырлар дайындалады және желінің өнімділігі жылына 20 мың тоннаға дейін. 1991 жылы РГТО зауытында («Қарағандыкөмір» АҚ) өнімділігі жылына 15 мың тоннаға дейінгі құбырлық балқыту қондырғысы дайындалған, шығарылған құбырлардың диаметрі – 114, 127, 159 мм. 1999 жылы Алматы қ. «Меридиан» фирмасы өнімділігі жылына 5 мың тоннаға дейінгі құбырлық балқыту қондырғысы шығарылды, шығарылған құбырлардың диаметрі 114 мм. Осы өндірістің қуаттылығы құбырларды шетелге экспорттау туралы айтпағанда, Қазақстанның ішкі нарығының қажеттілігін қамтамасыз ету жағдайы жоқ.

Қазақстанда болат құбырларын импорттау көлемі соңғы 4 жылда 200 мың т. көтерілді және 459 мың т. жетті, сонымен бірге 2002-2004 жылы мұнай газ түржиыны құбырларын импорттау 260 мы т. деңгейіне тұрақтанды. Осылай

көмірсутекті жеткізуге қатыссыз, салаларда болат құбырларына сұранымының өсуін құрастыру айқын көрінеді.

Қазақстанның жер қойнауында болат өнімдерін кең ассортиментте және жоғары сапада өндіру үшін барлық қажетті шикізат материалдары бар. Республикадағы қайта жаңғырған тау-металлургиялық және энергетикалық кешені және сақталған ғылыми-техникалық әлеуеті қазіргі уақытта болатты балқытып өзгертудің қазіргі кездегі технологиясын меңгеруге қабілетті. Келешекте болат балқыту кешенінің шикізат базасы еріндік темірді – доғалық пештерде болатты балқыту кезінде шойын мен металдың орнын басатын жоғары сапалы шикізатты алуымен, Қазақстанда руда мен концентраттардан темірді тікелей қалпына келтіру технологиясын меңгеруімен айырықша кеңейуі мүмкін.

Қара металлургияда қазіргі кездегі материалдарды алудың жаңа технологиясын құру көмірсутекті төмен легіріленген, легіріленген, таттанбайтын және болаттың басқа маркаларынан жоғары төзімді және икемді сұрыптап қақтауды алудың технологиясын әзірлеуге жағдай жасайды. Мұндай өнімдерді шығару сұрыптап қақтау импортының көлемін қысқартуға жағдай жасайды және болашақта оны экспорттау, инновациялық дамуды қамтамасыз ету үшін негіз болуы мүмкін. «Қазақстанның Инвестициялық қоры» АҚ болатты қақтауды – тік жікті құбырларды, орта сортты қақтау, металды конструкциялау, метиздер, жабынды бұйымдар, машина жасау мен құрылыс үшін жартылай өнімдер, сондай-ақ жоғары дейгей дайындығындағы өнімнің басқа түрлерін шығару және қайта өндіру кластерлерін дамыту бойынша жобаларды қолдайды.

5.3 Түсті металлургияның қазіргі жағдайын талдау.

Дүние жүзінде 70-тен астам түсті металл балқытылады. Оларды 14 сала өндіреді. Олардың барлығы қосылып, түсті металлургияны құрайды.

Түсті металдардың көп бөлігі аз уақыттан бері ғана пайдаланыла бастады. Ғылыми-техникалық революцияның нәтижесінде кеңінен қолданысқа түсті. Реактивті ұшақтар, ғарыш кемелерін, атом реакторларын жасау үшін ерекше қасиеттері бар, мүлдем жаңа конструкциялық материалдар қажет. Ондай қасиеттер тек түсті металдарда ғана бар.

Бұл «түсті біртектілерде» өндірістің сан алуан қажеттіліктеріне жарайтын металдар бар.

Қорғасын, никель және қалайы жемірілмейді (коррозия), титан ыстыққа төзімді келеді, ал күміс, мыс және алюминий жоғары электр өткізгіштігімен ерекшеленеді. Сондықтан олардың қолданылу аясы өте ауқымды: медициналық аспаптар мен материалдардан бастап күрделі электроника мен ядролық техника осы металдардан жасалады. Және әр металл «өз кәсібін тапқан». Мысалы, алюминий «қанатты» металл болса, қалайы «консерві құтыларының металы» болып саналады.

Көптеген түсті металдардан сапасы жөнінен бастапқы материалдардан да асып түсетін қорытпалар жасалады. Мыстың қалайымен (қола), мырышпен (жез), никельмен(мельхиор), алюминиймен (дюралюминий) қорытпалары

бұрыннан қолданылып келсе, ал бериллий қоласы ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болды.

Түсті металдар өздерінің «салмақ дәрежелері» бойынша да ерекшеленеді. Мысалы, 2008 жылы өлемдік деңгейдегі қорытпалары галлий - 95т, алюминий 40 млн тоннамен өлшенеді.

Республика Кеңес Одағының түсті металлургиясының ірі базасына айналды.

Түсті металдар	Қазақстанның өлемдегі орны									
мыс										
қорғасын										
мырыш										
алюминий										
титан										
магний										
рений										
бериллий										
тантал										
ниобий										
галлий										
таллий										
ванадий										
висмут										
кадмий										
күміс										

Қазақстан металдар тізімі

Егемендік алған жылдарда жаңа өндірістер мен тұтас зауыттар пайда болды. Бұл Қазақстанның түсті металлургиясы біздің еліміздің өнеркәсібі мен әлемдік түсті металлургиядағы алдыңғы орнын сақтап қалды.

Осыған орай түсті, ауыр, сирек кездесетін және басқа да металдар металлургиясын ажыратуға болады.

5.4 ҚР таукен-металлургия кешенінің бәсекелік артықшылықтары.


ҚР-сы таукен-металлургия кешенінің 2020ж. дейінгі дамуы. ТМК технологиялық жаңғырту және инновацияны дамыту.

Тау-кен-металлургия саласы — еліміздің өнеркәсібінің барынша серпінді дамып келе жатқан секторы, Қазақстанның маңызды құрамдас бөлігі. Ол Қазақстанның барынша бәсекеге қабілетті саласының бірі бола отырып, 2009 жылдың қорытындысы бойынша тау-кен металлургия саласы елдің 16,9 % өнеркәсіп өнімін шығарды, оның экспорттың жалпы көлеміндегі үлесі 19,6 % ды құрайды. Салада шамамен негізгі қызмет персоналы ретінде 164,5 мың адам жұмыс істейді. 2008 жылғы қорытынды бойынша тау-кен металлургия саласы кәсіпорындарының негізгі құралдарының құны 2,2 трлн. астам теңгені немесе елдегі барлық негізгі құралдардың 17 %-ын құраған. 2003 жылдан бастап 2009

жылды қоса алғанда салада негізгі құралдар құны шамамен 2,7 есеге өскен. Осы кезден бастап металл көздерді өндіру көлемі шамамен 3,5 есеге өскен.

Таяудағы бес жыл ішінде тау-кен металлургия саласы жобаларына салынатын инвестициялар көлемі 2 трлн. теңгені (\$ 13 млрд. астам) құрауы тиіс. Индустрияландыру бағдарламасын іске-асыру шеңберінде бұл салада 16 мың тұрақты жұмыс орнын құру болжанып отыр.

2003-2009 жылдары сапа кәсіпорындарының негізгі капиталына салынған инвестициялар 1,42 трлн. теңгені (1-сурет) құрады, олардың негізгі үлесі түсті металдар өндірісіне (42 %) тиесілі.



Металлургия өнеркәсібінің үлесіне өңдеуші өнеркәсіп көлемінің 35 %-дан астамы тиесілі. Қазақстанда әлемдік хром кені қорының 30 %-ы, марганец кенінің 25 %-ы, темір кенінің 10 %-ы шоғырланған. Мыс, қорғасын және мырыш қоры әлемдік қордың тиісінше 10 және 13 %-ын құрайды. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің арасында хромиттер қорының басым салмағы 90 %-ды, вольфрам 60 %-ды, қорғасын мен мыс 50 %-ды, бокситтер 30 %-ды, фосфориттер 25 %-ды, темір кені 15 %-ды құрайды. Қазіргі кезде

Қазақстан титан өндірісі бойынша әлемде 3-орынды, мырыш бойынша - 7, қорғасын - 8, темір кені - 13, мыс - 15, болат - 35-орынды иемденеді.

Қара металлургия өнімі өндірісі көлемі (өндіруші және өңдеуші өнеркәсіп) 2003 жылғы 264,7 млрд. теңгеден 2009 жылғы 579 млрд. теңгеге дейін, ал түсті металлургия (өндіруші және өңдеуші өнеркәсіп) тиісінше 290,1 млрд. теңгеден 796,6 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Түсті металлургияда кен өндіру серпіні бір қалыпты емес. Алюминий (2003 жылғы 4,7 млн. тоннадан, 2009 жылғы 5,1 млн. тоннаға дейін) және қорғасын-мырыш (тиісінше 6,4 млн. тоннадан 7,1 млн. тонна дейін) кендерін өндіру ұлғайды. Дегенмен, қаралып отырған кезеңде мыс (2003 жылғы 34,9 млн. тоннадан 2009 жылғы 31,2 млн. тоннаға дейін) және мыс-мырыш кендерін (тиісінше 6,2 млн. тоннадан 5 млн. тоннаға дейін) өндіру төмендеген. Қара металлургия өндірісінің серпіні шойын өндірісі көлемінің 2003-2009 жылдар ішінде 4,1 млн. тоннадан 2,9 млн. тоннаға дейін, шикі болаттың 5,1 млн. тоннадан 4,1 млн. тоннаға дейін және тегіс прокаттың тиісінше 3,8 млн. тоннадан 3 млн. тоннаға дейін төмендегенін көрсетеді.

Сонымен қатар, талданып отырған кезеңде көміртекті электрлік болат өндірісінің көлемі 0,2-ден 0,5 млн. тоннаға дейін, құрылысқа арналған шыбықтар 0-ден 97,2 мың тоннаға дейін және құбыр өнімі тиісінше 65,3 -тен 150,2 мың тоннаға дейін өскені байқалады.

1-кесте. Қара және түсті металлургия өндірісінің динамикасы

Көрсеткіштің атауы	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.
Қара металлургия, млрд. теңге	264,7	365,5	387,4	374,0	558,9	844,2	579,0
Темір кенін өндіру, млрд. теңге	40,7	85,4	111,5	93,4	117,2	179,0	135,4
Қара металлургияда темір кенін өндіру үлесі, %	15,4	23,4	28,8	25,0	21,0	21,2	23,4
Қара металлургия өнімдерін-өндіру, млрд. теңге	224,0	280,1	275,9	280,6	441,7	665,2	443,7
Қара металлургиядағы өңдеудің үлесі, %	84,6	76,6	71,2	75,0	79,0	78,8	76,6
Түсті металлургия, млрд. теңге	284,7	377,5	487,3	846,6	904,1	886,2	796,6
Түсті метал кендерін өндіру, млрд. теңге	55,8	70,1	90,4	138,5	187,0	240,5	204,2
Түсті металлургиядағы кен өндірудің үлесі, %	19,2	18,0	18,2	16,1	20,0	25,0	25,6
Түсті металдарды өндіру, млрд. теңге	228,9	307,4	396,9	708,1	717,1	645,7	592,4
Түсті металлургиядағы өңдеудің үлесі, %	80,8	82,0	81,8	83,9	80,0	75,0	78,0

Металлургия саласының негізін кендерді өндіру және оларды одан әрі өңдеу құрайды. 1-кестеде көрсетілгендей негізгі көлем қара және түсті металлургияда металл кендерді өңдеуге келеді. Бұл ретте құндық көрсеткіштерде қара және түсті металдарды өндіру және өңдеудің оң өсу динамикасы байқалады.

Сонымен бірге қара металлургияда өңдеу үлесінің 2003 жылы 34,6 % -дан 2009 жылы 76,6 %-ға дейін біртіндеп төмендегенін, темір кендерін өндіру үлесінің тиісінше 15,4 %-дан 23,4 %-ға дейін өскенін атап өту қажет. Осыған ұқсас жағдай түсті металлургияда да байқалады. Қайта өңдеудің үлесі 2003 жылғы 80,8 %-дан 2009 жылы 78 %-ға дейін төмендеді.

2-кесте. Тау-кен металлургия саласы өндірісінің нақты көлемі индексінің динамикасы

Көрсеткіштің атауы	2003 ж	2004 ж	2005 ж	2006 ж	2007 ж	2008 ж	2009 ж
Алдағы жылға қарай өнеркәсіп өнімінің ФКИ, %	109,1	110,4	104,8	107,2	105,0	102,1	101,7
Алдағы жылға қарай отын-энергетикалық пайдалы, қазбаларды өндіруден басқа, кен өндіруші ФКИ, %	108,9	102,5	91,5	111,7	99,6	99,3	99,7
Металлургия өнеркәсібінің ФКИ және дайын металл бұйымдарын өндіру, алдағы жылға қарай, %	101,0	104,6	94,1	106,8	103,8	96,2	94,3

Тау-кен-металлургия саласының өнімдерін өндірудің нақты көлемінің индексін талдау тұрақсыз динамиканы көрсетеді (2-кесте). Өндіруші және қайта өңдеуші секторда да 2005, 2007-2009 жылдары саланың өндіру көлемінің табиғи көрсеткіштерінің құлдырауы байқалды.

3-кесте. Дайын металл бұйымдарын өндіру динамикасы, мың тонна

Көрсеткіштің атауы	2003 ж	2004 ж	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж	2008 ж.	2009 ж.
Жиналатын құрылыс металконструкциялары	83,1	89,8	106,3	111,3	121,6	128,0	77,0
Электрлік қыздырусыз орталық жылытуға арналған кара металдан жасалған радиаторлар	0,3	0,1	0,2	0,2	0,2	0,6	0,5
Диірмендерге арналған, құйылған ұсақтаушы шарлар және ұқсас бұйымдар	44,5	37,3	84,8	75,4	92,8	101,4	91,2
Қара металдан немесе алюминийден жасалған резервуарлар, цистерналар, бактер мен ыдыстар, мың дана	2,1	1,1	1,6	2,6	5,4	3,1	2,4
Орталық жылыту қазандары, мың дана	4,1	1,7	2,2	2,8	2,5	2,9	2,4

Қара металдан жасалған цистерналар, бөшкелер, барабандар, канистрлер, жәшіктер және кез-келген заттарға арналған (газдан басқа) ыдыстар, мың дана	160	137	56	288	298	267	92	2
Қымбат бағалы емес металдан жасалған корончатты тығындар және бітеуіштер, қалпақшалар мен қақпақшалар, мың дана.					153 48 2,7	236 41 1,4		3 26 10 6,6
Қара металдан жасалған раковиналар мен жуғыштар, мың дана	7,5	22,1	25,5	54,6	69,2	53,5	6,1	5

Дайын метал бұйымдарын өндірудің табиғи көлемінің динамикасы (3-кесте) орталық жылыту қазандарын жасауды қоспағанда, барлық өнім түрлері дерлік көлемінің өсуін көрсетеді.

Тұтастай алғанда металлургия саласы өндірісі көлемінің серпінін талдау кен өндірісінің, концентраттар мен бастапқы металдар өндірісінің елеулі үлесі-кезінде қосылған құны жоғары шығарылатын өнім тізбесінің өте ауқымсыз екенін көрсетіп отыр. Қазақстан Республикасында тау-кен металлургия саласы негізінен экспортқа бағдарланған, оның өнімінің 20%-нан азы ішкі нарыққа түседі. Өндіріс құрылымында шикізат тауарлары басым, содан соң ғана шетелдерде қайта өңделеді.

Қазіргі кезде сала өнімінің экспорты шамамен 1 248,4 млрд. теңгені (\$ 8,5 млрд.), импорт шамамен 875,8 млрд. теңгені (\$ 6 млрд.) құрайды, оның \$ 5,3 млрд. сәл астамы жоғары қайта бөлу өнімдерінің үлесіне тиесілі. 2009 жылы сала өнімінің экспорты үлесіне экспорттың жалпы көлемінің 19,6 %-ы, сала өнімі импортының үлесіне 20,9 % тиесілі болды.

4-кесте. Елдің макроэкономикалық көрсеткіштеріндегі тау-кен металлургия саласының үлесі

Көрсеткіш атауы	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.
Елдің ЖІӨ, млрд. теңге	4 611	5 870	7 590	10 213	12 849	16 052	16 100
Өнеркәсіп өнімінің көлемі, млрд. теңге	2 836	3 867	5 253	6 509	7 815	10 196	8 925
Саланың өндіріс көлемі, млрд. теңге	578	787	935	1 324	1 610	1 932	1 511
Елдің ІЖӨ-дегі сала үлесі, %	12,5	13,4	12,3	13,0	12,5	12,0	9,4
ӨӨК сала үлесі, %	20,4	20,4	17,8	20,3	20,6	19,0	16,9
Тауарлар экспорты, млрд. теңге	1 933	2 733	3 700	4 823	5 852	8 563	6 371
Тауарлар импорты,	1 257	1 738	2 305	2 985	4 014	4 558	4 190

млрд. теңге								
Сала өнімінің экспорты, млрд. теңге	511	712	813	1 070	1 349	1 754	1 248	
Сала өнімінің импорты, млрд. теңге	158	244	366	423	571	810	875	
Экспорттағы сала үлесі, %	26,5	26,1	22,0	22,2	23,1	20,5	19,6	
Импорттағы сала үлесі, %	12,6	14,0	15,9	14,2	14,2	17,8	20,9	
Сала өндірісінің жалпы көлеміндегі сала өнімінің экспорты үлесі, %	88,4	90,5	86,9	80,8	83,8	90,8	82,6	
Сала өндірісінің жалпы көлеміндегі сала өнімінің импорты үлесі, %	27,4	31,0	39,2	32,0	35,5	41,9	57,9	

Тау-кен металлургия саласын дамытудың мемлекеттік мақсаттарын іске асыру, мемлекеттік активтерді шоғырландыру және тау-кен кеніш, металлургия салаларындағы мемлекеттік меншік құнын өсіру, тау-кен кеніш активтерінің және жеке сектормен әріптестікте қатты пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және қайта өңдеуге қатысу арқылы Қазақстан Республикасының тау-кен металлургия саласы өнімінің бәсекеге қабілеттігін өсіруге жәрдемдесу үшін «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы акционерлік қоғамымен ұйымдастырылған.

Шетелдік талдаушылар Қазақстанның тау-кен металлургия саласының әлеуетін жоғары бағалайды және таяудағы 5 жылға оның серпінді дамуын болжап отыр. Шетелдік инвесторлар республикамен кен өндіру және кейіннен өңдеу саласында ынтымақтасу перспективаларын қарастыруда, түсті металдар өндіру және өңдеу аса қызығушылық тудырып отыр. Business Monitor International жүргізген зерттеулеріне сәйкес «Әлемнің алаңы бойынша 10 ірі елдері ішінде Қазақстан Республикасы серпінді дамып келе жатқан тау-кен өндіру өнеркәсібі көшбасшысы болып табылады».

Түсті металдардың 29 түрінің, қара металдардың үш түрінің, қымбат бағалы металдың екі түрінің үлкен қорлары әзірленіп, өндірілу үстінде. Тау-кен өндіру саласы елдің экспорттық пайдасының 30%-ын әкеледі және барлық өнеркәсіп өндірісінің 19 %-ы үшін жауап береді. Қазақстан мысының ағымдағы резервін шетелдік сарапшылар 36 млн. тонна деп бағалап отыр. ВМІ зерттеулерінде марганец кені қоры бойынша Қазақстан әлемде екінші орын алады (600 млн. тонна) деп атап өтіледі. Жаһандық экономикалық дағдарыс әсерінен металл бағасының құлдырауына қарамастан ВМІ талдаушылары Қазақстанның тау-кен өндіру саласында айтарлықтай өсім болатынын болжап отыр. 2013 жылға қарай бұл нарық 2009 жылғы 2 775 млрд. теңге (\$ 18,5 млрд.)

салыстырғанда 4 725 млрд. теңге (\$ 31,5 млрд.) сомасына бағаланатын болады. Бұдан өзге CRU Strategies Британ компаниясының бағалауы бойынша бағалардың өзгеру серпіні мынадай түрде болжанып отыр: мыс бағасының өсуі жалғаса береді, ол сым мен кәбілдің тапшылығымен және оған деген сұраныстың өсуімен байланысты болып отыр; - қорғасын бағасы Қытай мен Үндістандағы автомобиль өнеркәсібінің дамуына қарай орынды қарқынмен жоғарылауы тиіс; - алюминий бағасы барынша тұрақты күйінде қалмақ, алюминий саласын талдау Қазақстан энергияға арналған тарифте пайдалы жағдайда тұрғанын көрсетіп отыр; - мырышқа деген сұраныс төмендеу үстінде, бұл металл артығымен болуына байланысты баға өсімі ықтималдығы шектеулі.

Сұрыпты прокат нарығын талдау тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері нарықтарының толықтығы кезінде (өндіріс тұтынудан жылына 41,5. млн. тоннаға артық) Таяу Шығыс нарығындағы сұраныстың кемшілігін (жылына

15.4 млн. тонна, сондай-ақ жергілікті өндірушілермен бәсекелестік) айқындады және тек жеткілікті баға басымдығы кезіне ғана бәсекелестік үшін мүмкіндік тумақ. Марганец кені үшін әлемдік ауқымдағы перспектива қолайлы болып отыр, CRU сарапшылары 2007 жылы болған бағаның күрт көтерілуіне әкелген олардың тапшылығының тағы да қайталануы екіталай деп санайды. Қазақстанның ферроқорытпа өнімін, атап айтқанда феррохромды дамыту бойынша зор әлеуеті бар. Шикізаттың жоғары сапасы мен айрықша төменгі шығынды өндіріс басымдық болып табылады және осыған орай олардың ең аз құны бағалардың құлдырауына әкелмейтін болады.

Қазіргі кезде республикада 20 миллиард. тоннадан астам өнеркәсіптік қалдықтар жиналған, олардың ішінде түсті металлургия кәсіпорындарының техногендік қалдықтары 10,1 миллиард. тоннаны, қара металлургия қалдықтары 8,7. миллиард. тоннаны құрайды. Жыл сайын шамамен 700 миллион тонна өнеркәсіптік қалдықтар құралса, оның шамамен 250 миллион. тоннасы уытты болып саналады. Республикада техногендік қалдықтардың 2 %-нан азы қайта өңделеді және кәдеге жаратылады. Экологиялық, әсіресе өндіру өнеркәсібі, металлургия және химия өндіру кәсіпорындары шоғырланған аудандардағы жағдайды сауықтыру мақсатында қалдықтарды қайталама пайдалану жүйесін дамыту мен түсті, қымбат бағалы және сирек кездесетін металдарды алу бойынша ресурс үнемдейтін және кешенді қайта өңдеу жүйесіне көшудің маңызы зор. Техногендік қалдықтарды толық және тиімді пайдалану қоршаған ортаның жағдайын жақсарту бойынша маңызды бағытқа ие.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Таукен-металлургия кешенінің (ТМК) ерекшеліктері, мақсаты, ролі.
- 2 Қара металлургияның қазіргі жағдайын талдау
3. Түсті металлургияның қазіргі жағдайын талдау.
- 4 ҚР таукен-металлургия кешенінің бәсекелік артықшылықтары.

6 МАШИНА ЖАСАУ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ЭКОНОМИКАСЫ

6.1 Ұлттық экономикада машина жасау ролі, саланың қазіргі жағдайы.

Көлік машина жасау саласын дамыту қарқын алып келеді. Ол – Қазақстанның халықаралық көлік дәлізіне айналу, ең бірінші Қытай мен Еуропа арасын құрлық жолы арқылы жалғайтын негізгі дәнекер болуға деген ұмтылысынан туындап отыр. Сол себептен жаңадан осы бағытта жұмыс істейтін ондаған зауыттар пайда болды.

Машина жасау саласының жайы ел экономикасы дамуының жалпы сипатын көрсетеді. Оның өнімділігі, технологиялық жарақтандырылуы – экономиканың бүкіл салаларының жетістігін білдіреді. Былайғы жұрт сала тек автомобиль құрылысымен ғана байланысты деп ойлап қалуы мүмкін. Бірақ ол олай емес, машина жасау секторы қарапайым шегеден бастап ұшақ өндірісіне дейін ауқымды түгел қамтиды. Кейінгі үш жылда елімізде машина жасау саласын дамытуға бюджеттен 110 млрд теңге, автонесиелеуге 40 млрд теңгеден астам жұмсалды.

ҚР Индустрия және инфрақұрылым дамуының министрі Роман Скляр былтыр Үкіметтің кезекті бір отырысында: «Машина жасауды кешенді дамытудың 2019 – 2030 арналған жоспарында мемлекет тарапынан тек институциональдық қолдау көрсету ғана емес, сонымен қатар сала үшін аса

қажетті шикізат ретінде өзіміздің болат өндірісін күшейту жайы да қарастырылған. Импорт алмастыру бағдарламасы кең ауқымды, машина жасаудың құрамдас салаларын түгел қамтуы тиіс», деген еді.

Өз кезегінде Қазақстан машина жасаушылар одағы басқармасының төрағасы Мейрам Пішембаев аталған проблеманы егжей-тегжейлі түсіндіріп берді: «Елімізге жыл сайын сырттан миллион долларға болат енгізіледі. Ал болат өндіретін сондай кәсіпорынды өзімізде салсақ, ол айналдырған бірнеше жылдың ішінде өз құнын ақтар еді», – деді ол.

Қазіргі күні Қазақстанға өте берік жоғары шынықтырылған болат ресейден импортталады екен. Яғни біз бөтен елдің өндірісін дамытып отырмыз. Ал егер сол болатты өзімізде өндірсек, отандық өндірісті де дамытамыз, қаншама жұмыс орны да ашылар еді. Оның мультипликативтік әсері де орасан. Мәселен, машина жасау кәсіпорнында ашылған 10 жұмыс орны кәсіпорынның аралас салаларында қосымша 37 жұмыс орнының жаңадан ашылуына ықпал етеді.

Қазіргі күні еліміз жыл сайын 100 мың тонна болатты сырттан тасымалдауға мұқтаж. Ал, машина жасау саласының жылдан жылға өркендеп келе жатқанын ескерсек, оған деген сұраныс болашақта тіпті арта түспек. Сондықтан жоғары төзімділікті болат өндірісіне арналған металлургиялық комбинатты салу мәселесі күн тәртібінде тұр. Болашақта сутегі қозғалтқыштарымен жүретін автомобиль, жүргізушісіз жүретін комбайн өндірісіне қатысты түрлі болжамдар бар.

Машина жасау саласын дамытудың 2030 жылға арналған кешенді жоспары ел экономикасының өркендеуіне зор ықпал етпек. Оның экономикалық нәтижесі 2030 жылға қарай 15 триллион теңгені құрайды деген болжам бар. Даму стратегиясы саланың барлық 37 бағытын өркендету көзделген: аккумулятор өндірісінен электровоздарға дейін.

Мұндай ұзақ мерзімді бағдарлама Қазақстанда бірінші рет қабылданып отыр. Қазақстан машина жасаушылар одағы директорының басқарма төрағасының орынбасары Дәулет Диханбаев: «Біз әр кәсіпорынның болашаққа көз тігуін үндейміз – олар қайда бет алып барады. Машина жасаудың үздіктері «Дженерал Электрик», «Тойота» – олардың жоспары кем дегенде 2050 жылға дейін. Мәселен, 2050 жылы «Тойота» толықтай сутегі отынына көшеді. Сутегі отынына көшу Қазақстан үшін де мақсатты. Сондай-ақ, «Made in Kz» лейблімен «ақылды» ауыл шаруашылық техникалары – жүргізушісіз комбайндарды, тракторларды және тұқым сепкіштерді шығарып, онымен тек ішкі тұтынысты ғана емес, сыртқы нарықты да жаулап алу жоспарымыз бар», – деген еді былтыр VI Машина жасаушылар форумында.

Ол үшін кешенді жоспарды әзірлеушілер отандық өндірісшілердің жағдайын жақсартуды көздеп отыр. «КИРИ»АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Марат Ыдырысов: «Машина жасау саласына 1% ҚҚС салықтық жүктемесін азайту өндіріс көлемін 72 млрд теңгеге ұлғайтуға мүмкіндік береді. Өндірістің әр саласында рентабельдік әртүрлі. Егер бізде салық бойынша бір

сетка болса, ол өндірісшілердің ынтасын төмендетеді. Тұтастай алғанда сала оң динамика көрсетті», – деді.

Дегенмен, отандық өндірісшілердің құрауыш бөлшектері сатып алу мәселесі көкейтесті күйде. Қазіргі күні сала сырттан тасымалданатын 80% шикізаттар мен бөлшектерге тәуелді.

Қазақстан үшін шикізат, құрауыш бөлшектер №1 мәселе. Ол негізінен Ресей мен Қытайдан сатып алынады. Еліміз жыл сайын импорттық құрауыштар үшін 11 млрд доллар қаржы шығындайды. Яғни, қаласын-қаламасын шетелдік өндірісшілерді қолдауға мәжбүр болып отыр. Сондықтан машина жасау саласын кешенді дамытудың 2019 – 2030 жылға арналған жоспарын жүзеге асырудың маңызы орасан. Мамандардың айтуынша, оның нәтижесінде тек салықтың түсімнің өзі 600 млрд теңгені құрайды екен. Ал оның жалпы экономикалық нәтижесі 15 триллион теңгеге жетпек.

Автомобиль өндірісі қарқынды даму үстінде

Индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының бірінші бес жылдығын іске асыруында машина жасау саласы еліміздегі ең қарқынды дамыған салалардың бірі болды. Үздіктердің бастау басында – автомобиль жасаушылар тұр. Биыл 4,4 мың км автожол қайта жаңғыртылады. Бәсекеге қабілеттілік глобалды индексінде Қазақстан автомобиль жолдары жағдайының рейтингі бойынша 59-шы орында. Сауалнама тәсілі көрсеткендей, халықтың жергілікті жолдардың жағдайына қанағаттану деңгейі 106-шы орында тұр. Осыған байланысты, аймақаралық инфрақұрылымды жүйелік дамыту бойынша жергілікті автожолдарды қаржыландыру 2018 жылы паритеттік негізде 156 млрд теңгеге дейін жеткізілді, ол 4 мың шақырымнан астам жолды жөндеуге мүмкіндік берді.

«Жергілікті жолдарды дамыту бойынша бөлінетін қаржы жыл сайын 200 миллиард теңгеге артатын болады. Осындай қарқын келесі жылдарда да сақталады. Бұл 2025-ші жылға дейін шамамен 35 мың шақырым жолды жөндеуге және 95% жергілікті маңызы бар автожолдардың жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді», - деп мәлім етті ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Роман Скляр.

Министрдің айтуынша, «Нұрлы жол» бағдарламасын жүзеге асыру ел экономикасына әлеуметтік-экономикалық оң әсерін тигізді. Көлік инфрақұрылымының жай-күйі жақсарды, бұл республикалық автомобиль жолдарының, магистральдық теміржол желілерінің, логистикалық инфрақұрылымның өткізу қабілетін арттыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, тұрғындар үшін көлікке қолжетімділік артты және бизнес үшін көлік шығындары төмендеді.

Қазақстанның көлік машинасын жасау саласын дамытуда жасалып жатқан бірқатар оң өзгерістерді айтпағанда, шешімін күтіп жатқан мәселелер көп. Отандық көлік машиналарын жасау саласының даму деңгейі айтарлықтай жоғары емес, еліміздегі көліктердің дені шетелдік. Көлік жүйесінің инфрақұрылымын қалыптастыру процесі аяқталған жоқ. Теміржол көлігінің

жылжымалы құрамдарын, жеңіл және жүк автомобилін, құрылыс-жол машиналарын құрастыруда қазақстандық үлес өте баяу артып келеді. Мұның бәрі жинала келгенде елімізде көлік құралдары өндірісін дамытудың басым бағытын анықтайды.

Осыған орай елімізде машина жасау өндірісінің кәсіпорындары салынып жатыр. отандық тауарларды ішкі және сыртқы нарыққа тасымалдау үшін автомобиль және темір жолдарды қайта жөндеу және жаңадан салу бойынша ондаған жобалар жүзеге асырылуда. Аталған өндірісті технологиялық жаңарту үшін қолданыстағы кәсіпорындарда инновациялық жетілдіруге баса маңыз беріледі. Осы мақсатта жаңа көлік түрлерін меңгеру және олар үшін ел аумағында сынақ базаларын салу үшін дербес жұмыс істейтін конструкторлық бюро жұмыс істейді.

Сондай-ақ теміржол көлігі өндірісі жақсы дамып келеді.

"Электровоз құрастыру зауытында көп техника шығарылады. Бұл өнім шетел нарығына да жеткізілуде. Әзербайжанға экспорттауды бастадық. Біз қазақстандық мамандардың арқасында сапалы өнім шығаруға мүмкіндік алдық. Қазір өндірісімізді кеңейтуді жоспарлап отырмыз. Зауыт қызметкерлерін 500-ден 700 қызметкерге дейін, сондай-ақ кәсіпорынның өнімділігін жылына 100 электровозға дейін көбейту жоспарда бар", – деген еді "ALSTOM" компаниясы Басқармасының төрағасым Анри Пупар-Лафарж жақында Тұңғыш елбасы Н.Назарбаевпен кездесу кезінде.

Бүгінде елімізде электровоздар, тепловоздар, жүк және жолаушы тасымалдайтын вагондар, бағыттауыш бұрмалар өндіріледі, енді алдағы уақытта дөңгелек жұптарын өндірісі қолға алынбақшы.

Қазақстанда қанша көлік бар?

Өткен жылдың қортындысы бойынша, Қазақстан автоөндірісі 30 мың көлік шығарды. Одан арғы жылмен салыстырғанда 78,8% көп. Автоөндірістің дені ШҚОда (18,3 мың авто, ҚР үлесі – 60,8%) шоғырланған. Еліміздегі ең ірі автомобиль жасау зауытының бірі – «Азия Авто» АҚ Өскеменде орналасқан. Ол 2019 жылдың соңына дейін жеңіл көліктердің санын 30 мыңға жеткізуді жоспарлап отыр. Зауыт әріптестерінің ішінде Volkswagen Group, General Motors, Renault-Nissan-АвтоВАЗ және KIA Motors сияқты жетекші әлемдік концерндер бар. «Азия Авто» АҚ LADA (Granta, Vesta, Xray, Largus, Kalina, 4×4), ŠKODA (Octavia, Rapid, Superb, Yeti, Kodiaq), Chevrolet (Aveo, Captiva, Cruze, Tracker), KIA (Rio, Cerato, Optima, Cadenza, Quoris, Picanto, Soul, Sportage, Sorento, Mohave) маркілі автомобильдерді шығарады.

«Азия Авто» АҚ президенті Серік Сағымбаевтың айтуынша, 2018 жыл өте жемісті болып, зауыт конвейірінен жаңа және жаңартылған 14 модельдер шыққан. Компанияның дерегі бойынша, жаңадан сатылған әрбір үшінші көлік «Азия Автоның» модельдері екен.

ҚР бойынша автоөндірістің 39,2%-і Қостанай облысына тиесілі. Мұндағы «СарыарқаАвтоПром» ЖШС бір жылда 11,8 мың авто, шығарылды (одан арғы жылдан 2,2 есе көп). Компанияның ақпараты бойынша, зауыт өнеркәсіптік

құрастыру талаптарына сәйкес Қазақстандағы жалғыз зауыт көрінеді, мұнда соның шеңберінде шанақты дәнекерлеу, бояу және құрастыру операциялары жасалады. Өнімдер желісі JAC, Peugeot, IVECO, ANKAI, Hyundai, Ravon, Chevrolet Niva брендімен шығарылады. ҚР барлық өңірлерінде дилер орталықтары жұмыс істейді.

«КазАвтоПром» Қазақстан автомобиль саласы кәсіпорындары одағының директоры Олега Алфёровтың айтуынша, ұлттық автоөндірісеңкі жыл бойы үздіксіз өсіп келеді. Мәселен, 2018 жылы өндіріс көлемі 2/3 артып, 2014 жылғы дағдарысқа дейінгі межеге көтерілді. Қазақстандық өндірушілер 2019 жылы нарық сұранысының артуы мен жеңілдікпен берілетін автонесие бағдарламасына байланысты көлік саудасын 40 мың данаға дейін жеткізуге үмітті. Оның үстіне жұрттың өз өнімімізге деген сұранысы артып келеді. Былтыр республикада импорттық көліктер көлемі 3,3% азайған. Ал отандық авто саудасы 1/3 артқан.

«КазАвтоПром» дерегі бойынша, былтырғы жылы ресми дилерлер 57,9 мың көлік сатқан, ол былтырғы сәйкесінше мерзіммен салыстырғанда 24,9% артық. 29,6 мың импорттық авто сатылған.

Өткен жылы қазақстандықтар арасында сұраныс рейтингі жоғары брендтерді Lada бастады. Ресейлік модельге деген сұраныс 13,4 мың болды. Toyota моделі 12,3 мың сатылған. Үшінші орынды сатылымға 8,7 мың авто шығарған Hyundai жалғастырды. Үздік бестікті KIA (2,9 мың) мен GAZ (2,7 мың) енді. TOP-10-да Nissan (2,4 мың авто), Renault (2 мың), Ravon (1,7 мың), Volkswagen (1,5 мың) және UAZ (1,5 мың авто) енді.

Қазақстандықтардың иелігіндегі жеңіл машиналар саны жылдан-жылға көбейіп жатыр. Статистика комитетінің мәліметі бойынша, 2016 жылдың тамызында 100 қазақстандықтың орта есеппен 22 машинасы болған. 10 жыл бұрын бұл көрсеткіш 2 есе аз еді.

Дегенмен, нарықта әлі де ескі көліктер үлесі басымырақ. Елдегі 2,3 млн машинаның жасы 10 жылдан көп (бұл елдегі жалпы автопарктің 59%-ы). Жасы 3 жылдан төмен көліктер саны 626 мыңнан асады, яғни жалпы автопарктің 16%-ы.

Сарапшылардың сөзінше, автопарктің жаңалануына отандық автоөндірісті қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалардың рөлі зор. 2015 жылы сәуірде Ұлттық қордан бірінші транш бөлініп, Қазақстан Даму Банкіне 15 млрд теңге, қарашада 11 млрд теңге бөлінген. Бұл қаржы азаматтарға несиеге жеңілдікпен көлік алуға мүмкіндік берді. Нақтырақ айтқанда, номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 4%-дан аспайды, несиелену мерзімі 5 жылдан артық емес, алғашқы жарна 0-20%. 50-ден астам көлік түрлері сатып алынды.

Сараптамалық қызметтің мәліметінше, отандық автоөндіріс бірінші жарты жылдықтағы құлдыраудан кейін қалпына келіп жатыр. Қаңтар-тамыз айларында қазақстандық өндірістен 6175 машина шығарылды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда аз, бірақ жыл басымен салыстырғандай «ең төменгі деңгей» дегенді білдірмейді.

Қазіргі күні Қазақстан Ресейге, Қытайға, Орталық Азия елдері мен Украинаға тепловоз, электровоз, автомобиль, аккумулятор және

электржабдықтарын экспорттайды. Өндірістің жылдам өсуіне нарықтағы сұраныстың артуы, экспорттық нарықтардың ашылуы, сондай-ақ мемлекет тарапынан жеңілдетілген автонесие мен лизингтік қаржыландыру бағдарламалары сеп болды. Бұл бағдарламалар автомобиль жасау секторының дамуына оң серпін берді. Егер 2017 жылы сатылған әрбір үшінші автомобиль отандық кәсіпорындарда шығарылған болса, 2018 жылдың қорытындысы бойынша сатылған әрбір екінші автомобиль отандық өндіріске тиесілі.

2019 жылы жеңілдетілген несиелендіру (10 млрд.тг. көлемінде) және коммерциялық техниканы лизингті қаржыландыру (30 млрд.тг. көлемінде) бағдарламаларын жалғастыру жоспарланды.

Өткен жылы ауыл шаруашылығы техникасы секторының өндіріс көлемі 12 млрд. теңгені құрады. Өндіріс көлемдерінің өсуі «Агромашхолдинг» АҚ, «Комбайновый завод «Вектор» ЖШС, «Казахстанская агроинновационная корпорация» ЖШС-де байқалады.

Мемлекет саланы қолдаудың бірқатар шараларын қабылдауда. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы техникасын өткізуде қосылған құн салығынан босату, биыл бюджеттен комбайндар мен тракторлардың жеңілдетілген лизингіне қаражат бөлінді (3 млрд. теңге көлемінде).

Көршілердің автоөндірісі қалай?

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, машина жасау жаңа технологиялардың енгізудің негізгі базасы болып табылады. Strategy & Global Innovation дерегі бойынша, әлемдегі ең ірі 19 компанияның 10-ы машина жасау саласында жұмыс істейді.

Бірқатар посткеңестік мемлекеттер – Ресей, Беларусь және Өзбекстан 2007 жылы машина жасауды дамыту жөнінде стратегиялық жоспар қабылдаған болатын. Беларусь Республикасы, мәселен, машина жасау кешенін дамытудың үш жылдың бағдарламасын қабылдады. Құжатта еңбек өнімділігін арттыру және озық даму орталықтарын қалыптастыру үшін экспорттық тауарларды әртараптандыру, сыртқы сауда теңгерімдігін сақтау және инвестициялық тартымдылықты жақсарту қарастырылған.

Ресей одан да әрі кетті. Ол көлік машина жасау саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі арналған стратегиясын әзірлеп шықты. Әлбетте, бастапқы межесі импорт алмасуға бағытталған және барлық машина жасау саласын жүйелік дамыту көзделген. Осы саладағы өндіріс өнімдері жиынтық көлемін дамытуға 110 миллиард доллар болды. Әсіресе, әскери мақсаттағы өнімдерді шығаруға орасан қаржы бөлді.

Ресейде машина жасау салалық өңдеу өнеркәсібінің болып табылады (жалпы көлемнің 20,7 пайызы). Өзбекстан республиканың нақ автомобиль саласын дамытуға көңіл бөлді. Өзбектер жоспары бойынша автокөлік өндірісін 2021 жылға дейін 3 есеге өсіруді көздеп отыр. Ол тек импортты ғана ұлғайтып қоймай, жаңадан жұмыс орындарын көптеп ашуға да мүмкіндік береді.

Аталған мемлекеттерде машина жасау саласында сауда теңгерімінің теріс сальдосы байқалады. Бұл қазақстандық автоөндірістің дамуына қолайлы. Мемлекет тарапынан қолдау жақсы болса, олар нарықтан өз орындарын ойып тұрып алып кету мүмкіндіктері бар. Тұтастай алғанда, Қазақстанның өнеркәсіп өндірісі көлемінде машина жасау саласының үлесі 1,6% құрайды.

6.2 Мұнайгаз, тау-кен және металлургия өнеркәсібі үшін машина жасау

Қазақстан 2020 жылы әлемдік дағдарыстан біршама қуатты және бәсекеге қабілетті, экономикасы әртараптандырылған және халқы белсенді түрде жаңа экономикаға тартыла отырып шыныққан елге айналады.

2020 жылға қарай Қазақстан ел экономикасының шикізат емес секторларына қомақты шетелдік инвестициялар тартуға мүмкіндік беретін қолайлы іскерлік ахуал қалыптасқан әлемнің бәсекеге барынша қабілетті елу елінің қатарында болады. Экономика келесі экономикалық дағдарыстарға жақсы дайындықта болады. Қазақстан шектес елдермен және басқа да мемлекеттермен өзінің саяси және экономикалық байланыстарын нығайтады.

2020 жылға қарай ел әртараптандырылған экономиканы дамыту үшін қажетті адами ресурстарға, сондай-ақ отандық кәсіпкерлер мен экспорттаушыларға қызмет көрсету үшін қажетті инфрақұрылымға ие болады. Көлік инфрақұрылымы мен телекоммуникацияны қарқынды дамыту есебінен өзге әлеммен үзіліссіз байланыс қамтамасыз етіледі. Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен қызметтер көрсету саласы экономика құрылымында тау-кен өнеркәсібімен қатар лайықты орын алады. Әлеуметтік салада және қоршаған ортаны қорғау саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізіледі.

2020 жылға қарай Қазақстан экономикасы нақты мәнде 2009 жылдың деңгейінің үштен бірінен жоғары өседі. Экономиканы әртараптандыру жөніндегі жоспарларды табысты іске асыру есебінен экономиканың қайта өңдеу салаларының өсу көрсеткіштері 2020 жылға қарай өндіруші салалардың өсу көрсеткіштерінен жоғары немесе оларға тең болады.

Ойластырылған макроэкономикалық саясат жүргізу нәтижесінде 2020 жылға қарай алтын-валюта резервтерінің деңгейі (Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін қоспағанда) үш айлық импорттан немесе (қандай көрсеткіштің жоғары болатынына қарай) ел экономикасының мемлекеттік және корпоративтік секторларының қысқа мерзімді (1 жылға дейінгі) сыртқы борышының көлемінен төмен болмайды. Ұлттық қордың активтері ІЖӨ-нің кемінде 30%-ын құрайды. Осы кезеңде инфляция жылына орта есеппен 5-8% деңгейінде сақталып тұрады. Айырбас бағамы саясаты қазақстандық экономиканың ішкі және сыртқы бәсекеге қабілеттілігінің теңгерімін қамтамасыз етеді.

2020 жылға қарай табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 8%-ға төмендейді. Халықтың әлеуметтік осал топтары, мүмкіндігі шектеулі

адамдар, әйелдер, балалар мен жастар өздерінің барынша қорғалғанын сезінеді және өздерінің қоғамдағы мүмкіндіктерін кеңейте алады.

Қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде 2020 жылға қарай отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында әйелдерге қатысты жасалған қылмыстардың үлес салмағы 9,7%-ға дейін және кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстардың үлес салмағы 2,2%-ға дейін азаяды.

Балабақшадан университетке дейін сапалы білім беру бүкіл ел бойынша қолжетімді болады, халық денсаулығының жай-күйі айтарлықтай жақсарады. Денсаулық сақтау қызметтері әлемнің үздік стандарттарына сай болады. Қазақстандықтар барынша саламатты өмір салтын ұстанып, темекі шегетіндер мен алкогольді асыра пайдаланатындар саны азаяды. Қоғамның тыныс-тіршілігінің барлық салаларында мемлекеттік тілді қолдану дәйекті және кезең-кезеңімен кеңейеді. Әртүрлі этностық топтар мен діни конфессия өкілдері ішкі тұрақтылық, қауіпсіздік, бейбітшілік пен келісім жағдайында өмір сүретін болады.

6.3 Қазақстанның өркендеуінің, гүлденуі мен қауіпсіздігінің орнықты тұғыры: түйінді бес бағыт

Таяу онжылдықта түйінді бес бағыт мемлекет қызметіндегі басымдықтар болады:

- 1) дағдарыстан кейінгі дамуға дайындық;
- 2) индустрияландыру мен инфрақұрылымды дамыту арқылы әртараптандыруды жеделдету есебінен экономиканың орнықты өсуін қамтамасыз ету;
- 3) болашаққа инвестициялар - орнықты экономикалық өсуге, қазақстандықтардың өркендеуі мен әлеуметтік әл-ауқатына қол жеткізу үшін адами капиталдың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 4) халықты сапалы әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету;
- 5) ұлтаралық келісімді, қауіпсіздікті, халықаралық қатынастардың орнықтылығын қамтамасыз ету.

Экономиканы қалпына келтіруге дайындық процесінде Қазақстан оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін реформаларды жеделдетіп іске асыруға тиіс. Бірінші түйінді бағыт - дағдарыстан кейінгі дамуға дайындық - нәтижесін онжылдық кезеңнің басында байқауға болатын шараларды қамтиды. Бұл - біршама қолайлы бизнес орта құру, қаржы секторын нығайту және құқықтық жүйені жетілдіру.

Екінші түйінді бағыт шеңберіндегі іс-қимылдар елді үдемелі индустрияландыру бағдарламасын іске асыру және инфрақұрылымды дамыту нәтижесінде Қазақстан экономикасын әртараптандыруды жеделдетуге ықпал

ететін болады. Бұл экономикалық модельді өзгертуге және экстенсивті, шикізаттық даму жолынан индустриялық-инновациялық дамуға көшуге мүмкіндік береді. Елді инфрақұрылымдық дамыту жоспарлары экономиканы үдемелі әртараптандыруға және елге шетел инвестицияларын тартуға ықпал ететін энергетика, көлік және телекоммуникация салаларын жаңғыртуға шоғырланады.

Адами ресурстардың саны мен сапасы кез келген елдің болашағын айқындайтын негіз құрушы факторлар болып табылады. Адами капитал - бұл инновациялардың және экономиканың тиімділігін арттырудың негізгі қозғаушы күші. Үшінші бағыт - болашаққа инвестициялар - Қазақстанның адами ресурстарының сапасын ұзақ мерзімді кезеңде арттыру үшін қажетті шараларды қамтитын болады.

Төртінші түйінді бағыт - азаматтар үшін қызметтер көрсету шеңберінде - халықты әлеуметтік қорғау және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді тиімді көрсету жөніндегі шаралар күшейтілетін болады.

Бесінші түйінді бағыт - ұлтаралық келісім, қауіпсіздік, халықаралық қатынастардың тұрақтылығы шеңберінде - ішкі тұрақтылықты, қауіпсіздікті, бейбітшілік пен келісімді нығайту, бейбітсүйгіш сыртқы саясатты дамыту жөніндегі шаралар көзделетін болады.

Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуының түйінді бес бағытының негізі ұтымды макроэкономикалық саясат болып табылады. Экономиканы қалпына келтіру және әртараптандыру, оның «қызып кетуін» болдырмау үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында экономиканың өсуі кезеңінде мемлекеттің шығыстарын азайтуды және оларды экономикалық бәсеңдеу кезеңінде ұлғайтуды көздейтін антициклді фискалдық саясат жүргізілетін болады. Бұл ретте келесі онжылдық кезеңнің соңына қарай бюджеттің мұнай емес тапшылығы ІЖӨ-ге қатысты 3%-дан аспайды. Ақша-кредит саясаты инфляцияны тежеу жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталатын болады. Валюталық айырбас бағамының саясаты қазақстандық экономиканың ішкі және сыртқы бәсекеге қабілеттілігі арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталады.

Түйінді бағыт: дағдарыстан кейінгі дамуға дайындық

Жаһандық қайта өрлеу кезеңінде Қазақстандағы іскерлік ахуал елдің бәсекеге қабілеттілігінің орнықты негізін қамтамасыз етеді. Ол экономиканы жеделдетіп әртараптандыру және отандық бизнесті дамыту үшін ауқымды инвестицияларды тартуға ықпал ететін шешуші фактор болып табылады. Орнықты қаржы жүйесі және сенімді құқықтық орта да кәсіпкерлікті дамытуда сындарлы рөл атқарады.

Бизнес ортаны жақсарту

Стратегиялық жоспар - 2020-ны іске асырудың алғашқы жылдары мемлекет отандық кәсіпкерлер, сол сияқты халықаралық инвесторлар үшін де бизнес жүргізудің құнын азайтуға бағытталған белсенді шараларға бастама жасайды. Әкімшілік рәсімдердің оңтайлы шеңберін белгілеп және оларды жүзеге асырудың ашықтығын арттыра отырып, мемлекет төрешілдік пен сыбайлас жемқорлықтың Қазақстандағы іскерлік ахуалдың маңызды аспектілеріне ықпал етуін төмендетуге ұмтылатын болады.

6.4 Саланың негізгі даму мәселелері және SWOT-талдау

Саланың даму жағдайына SWOT-талдау:

<p>Мықты тұстары</p> <p>1. Жалпы таралған пайдалы қазбалар бар (топырақ, құм, шағыл, т.б.)</p> <p>2. Ауданның Ұлы Жібек жолының бойында тиімді орналасуы, климаттың жайлылығы және суғармалы жер ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеудің тұрақты өсімін қамтамасыз етеді.</p>	<p>Мүмкіндіктер</p> <p>1. Қазба байлықтар саласында жобаларды жүзеге асыру</p> <p>2. Бәсекелестікке қабілеті бар кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау көрсету.</p>
<p>Әлсіз тұстары</p> <p>1. Технологиялық құралдармен жабдықтаудың нашарлығы, көптеген кәсіпорындарда өндіріс қорларының ескіруі.</p> <p>2. Электр жарығына тарифтің өсуі.</p> <p>3. Көлік коммуникациялық инфрақұрылымдар дамымаған.</p>	<p>Қауіптер</p> <p>1. Электр жарығының тапшылығы және өнеркәсіп кәсіпорындарының дамуының тежелуі.</p> <p>2. Әлемдік нарықтағы жағдайдың нашарлауы отандық өнімдерге сұранысты төмендетеді және өнеркәсіп өндірісін түсіреді.</p>

Негізгі мәселелер:

- қолданыстағы өндірістік қуаттар толық жұмысқа қосылмаған;
- салаға салынатын инвестициялар тұраты емес;
- кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі төмен;
- өңірлік кластерлерді құрудың жетіспеушілігі;
- сатып алушылардың сұранысының төмендігі.

Ауыл шаруашылығының дамуы

Жаркент қаласында ауыл шаруашылығы дақылдары және мал өсірумен айналысатын 8350 үй шаруашылығы, 10 ЖШС және 300 ШҚ бар.

2016 жылы ауыл шаруашылығында өндірілген жалпы өнім көлемінің 1815,2 млн.теңге құрап немесе 2014 жылмен салыстырғанда 22,6% көбейді (2014 ж-1480,3), ауданның жалпы көрсеткішінен үлес салмағы 5,1% (оның ішінде өсімдік шаруашылықта –31,7% немесе 856,3 млн.теңге, үлесі – 5,7%, мал шаруашылығында –11,2% немесе 778,7 млн.теңге үлесі – 5,9%).

2016 жылы ірі қара мал саны - 3435 бас (2014 жылы - 3275 бас), қой мен ешкі - 5600 бас немесе (110,4% 5070 бас. құрады), жылқы – 282 бас (2014 жылы-260 бас).

2016 жылы ет-827 тонна (2014 жылы - 965 тонна), сүт- 1860 тонна (2014 ж.-2574 тонна), жұмыртқа-1004 мың дана (2014 ж.-1056 мың дана), жүн - 10 тонна (2014 ж-11,1 тонна) өндірілді.

2016 жылы Жаркент қаласы бойынша ауыл шаруашылығы жерлерінің жалпы көлемі 4608,9 га құрады (2014 жылы-6828 га), оның ішінде егістік - 2212 га (2014 жылы-2976 га), жайылым - 2215 га (2014 жылы-3436 га), шабындық - 94 га (2014 жылы-208 га).

Ауыл шаруашылық дақылдарының егістік алқабы 2016 жылмен салыстырғанда 2027 га құрады, жалпы аудандық көрсеткіштен үлесі 4,7%.

Егістік құрылымында жүгері (65% немесе 1318 га) басым, мал азығы 27,2% немесе 552 га, сондай-ақ картоп – 2,7% (55 га), көкөністер – 5,4% (110 га) және жеміс-жидектер -2,0% (90 га), бақша өнімдері – 0,7%(14 га) өсіріледі .

2016 жылдың деңгейіне қарағанда жүгері өндірісі 871 тоннаға көбейіп 8171 тоннаны құрады, 2016 жылы картоп және көкөніс-бақша дақылдары 2014 жылдың деңгейінде.

Қалада жүгері дәнінің тұқымын өсіретін 2 элиталық шаруашылық бар. "Жаркент крахмал сірне зауыты" ЖШС-і қуаттылығы жылына 50,0 мың тонна, қызметкерлерінің саны 240 адам, жүгеріні қайта өңдеп жүзеге асырады. Ол зауыт крахмал, патока, глютен, жүгері майы, күнжара және басқа да өнімдер шығарады, 2016 жылы қамтылуы 100% құрады. Қазіргі уақытта мүмкіндігі 35,0 мың тонна жүгері дәнін қайта өңдеу және сақтайтын 2 кептіретін кешен бар.

"Мал Өнімдері" ЖШС-де 300 бас ірі қара бордақылау пункті жұмыс істейді.

2016-2020 жылдарға тәулігіне 600 литр сүт қабылдау пункт ашылуы жоспарланып отыр.

SWOT – саланың даму жағдайына талдау

<p>Күшті жақтары: 1. Орнықты мамандану АӨК</p>	<p>Әлсіз жақтары: 1. Жеке қосалқы шаруашылықтардағының ауылшаруашылық өндірісіндегі жоғары концентрациясы</p>
<p>Мүмкіндіктер: 1. Тиімді мемлекеттік қолдауды</p>	<p>Қауіптері мен тәуекелдері: 1. Азық-түлік тауарының импортқа тәуелділігі</p>

қалыптастыру; 1. Жеке қосалқы шаруашылықтардың әлеуетін пайдалану	
--	--

Негізгі мәселелер:

- Тауарлы-сүт фермалары, ҚТФ, ТСМ, сервистік - дайындау орталықтарының болмауы.

- ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу деңгейінің төмендігі, әсіресе ет, сүт, жүн, тері, жемістер мен көкөністер.

Шағын және орта кәсіпкерлік

Жаркент қаласы Панфилов аудананың әкімшілік орталығы болып табылады. Қала халқының саны 43,283 мың адам. Аумағы 4725 га жер.

Қала экономикасын дамытудың басым бағыты шағын және орта бизнес болып табылады.

2016 жылы тіркелген шағын бизнес субъектілерінің саны 2856 бірлікті құрады, 2014 жылмен салыстырғанда 4,4% (2014 жылы -2735 бірлік).

Ал, тұрақты жұмыс істейтін ШОК субъектілерінің саны 2828 бірлікті құрады, 2014 жылмен салыстырғанда 4,5% - ға немесе 123 бірлікке артты (2014 жылы - 2705 бірлік).

2016 жылы жұмыспен қамтылғандар саны 15390 адам, 20143 жылмен салыстырғанда 107,2 % - ға немесе 1040 адамға өсті. (2014 жылы 14350 адам).

2014-2016 жылдарға арналған мемлекеттік "Бизнестің Жол Картасы-2020" бағдарламасы аясында, жалпы сомасы 165,5 млн. теңгені құрайтын 9 жоба іске асты.

SWOT- талдау саланың даму жағдайына:

<p>Күшті жақтары (S)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Халық санының жоғары болуы; 2. Тиімді географиялық орналасуы; 3. Кәсіпкерлер Палатасы мен "Даму" қорының әкімдікпен үйлесімді жұмыс жасауы; 	<p>Мүмкіндігі (O)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бизнестің Жол картасы 2020 бағдарламасын жүзеге асыру және аймақтық бағдарламаларды ШОБ үлесінің өсімі ретінде және бизнес дамуының факторы ретінде пайдалану; 2. Жаңа бизнес-бастамаларды және экспортқа бағдарланған өндірістерді мемлекеттің қолдауы;
<p>Әлсіз жақтары (W)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қол жетімді қаржылық-несиелік ресурстардың жеткіліксіздігі, яғни жаңа ісін бастауға ниет білдірген азаматтардың бизнесті ұйымдастыру мүмкіндігінің жеткіліксіздігі сұрап отырған несие 	<p>Қауіп-қатерлер (T)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Шағын орта бизнестің жеткіліксіз қаржыландырылуына байланысты, қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу мүмкіндігінің жоқтығы.

сомасынан кепіл мөлшерінің жеткіліксіз болуынан;	
--	--

Негізгі мәселелер:

- қаржылық-несиелік ресурстарды қол жетімділігі жеткіліксіз болғандықтан, яғни ниет білдірген азаматтар жаңа іс бастау үшін, бизнесті ұйымдастыру мүмкіндіктері жеткіліксіз болуына және кепілге қоятын жылжымайтын мүліктің бағасы сұраныс сомаға келмейтініне байланысты;

Бақылау сұрақтары:

1. Машина жасау өнеркәсібінің экономикасы.
2. Ұлттық экономикада машина жасау ролі, саланың қазіргі жағдайы.
3. Мұнайгаз, тау-кен және металлургия өнеркәсібі үшін машина жасау
4. Қазақстанның өркендеуінің, гүлденуі мен қауіпсіздігінің орнықты тұғыры: түйінді бес бағыт
5. Қазақстанның өркендеуінің, гүлденуі мен қауіпсіздігінің орнықты тұғыры: түйінді бес бағыт
6. Саланың негізгі даму мәселелері және SWOT-талдау

7 МҰНАЙГАЗ ӨНДЕЙТІН КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

7.1 Құрылыстағы шығындарды есепке алудың ерекшеліктері

Кәсіпорынның қаржылық шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштерін төмендегі бірінші кестеден 1 көруге болады.

Кестеден көріп отырғанымыздай есепті жылды өткен жылмен салыстырғанды өнімді өткізуден түскен табыс 8730434 теңгеге өскен. Сатылған өнімнің өзіндік құны 6820652 теңгеге артып отыр. Жалпы табыс 1909782 теңгеге көбейген. Кезең шығындары 1400365 теңгеге артқан. Негізгі қызмет бойынша табыс 509417 теңгеге зиян шекті.

Кесте 1

Кәсіпорынның қаржылық шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	өлшем ігі	өткен жыл	Есепті жыл	Ауытқулар	
					сома	пайыз
1	Сатудан алынған с	тенге	16528696	25259130	8730443	152,8
2	Өнімнің өзіндік құны	тенге	12913044	19733696	6820652	152,8
3	Жиынтық табыс	тенге	3615652	5525434	1909782	152,8

4	Кезең шығындары	тенге	4554679	5955044	1400365	139,8
5	Салық салуға дейінгі с	тенге	-939027	-429610	509417	45,8
6	Табыс салығы	тенге				
7	Таза табыс	тенге	-939027	-429610	509417	45,8
8	Негізгі құралдардыңдық құны	тенге	1832258	1893026	60768	103
9	Еңбек өнімділігі	тенге	-234756,75	-107402,5	127354,25	45,8
10	Қор қайтарымдылығы	тенге	9,0209	13,3432	4,3223	147,9
11	Қор сыйымдылығы	тенге	0,1108	0,0749	0,1059	67,5
12	Қорменқтандырылуы	тенге	457000064,5	473256,5	15192	103
13	Активтердіңлымдылығы	тенге	0,1108	0,0749	0,1059	67,5
14	Сату рентабельділігі		0,0568	0,017	0,0398	29,9
15	Активтер рентабельді		51,2497	22,6943	28,5554	44,28

Шағын кәсіпорынның есеп саясаты және бухгалтерлік есепті ұйымдастыру

Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру — субъектінің шаруашылық іс-әрекеті туралы күмәнсіз сенімді және уақытылы ақпарат алу мен ресурстарды, дайын өнімді тиімді пайдалануды бақылауды жүзеге асыру мақсатымен есеп процесін құрудың шарттары және элементтер (қосылатын) жүйесі. Негізгі қосылғыштар мыналар: алғашқы есеп пен құжат айналымы, түгендеу, субъекті қаржы-шаруашылық қызметі шоттарының жұмыс жоспары, бухгалтерлік есеп формалары, есеп және есептен шығару жұмысын ұйымдастыру формалары, есеп берудің көлемі мен мазмұны.

Шағын кәсіпорындарда бухгалтерлік есепті ұйымдастыру 23 «Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің есебі мен есептілігі» бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес жүргізіледі.

Бухгалтерлік есептің негізгі принциптері мен есептің жалпы ережелері Қазақстан Республикасы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру жүйесін реттейтін құқықтық-нормативтік актілермен белгіленеді. Бухгалтерлік есепті реттеу жүйесінің бес деңгейі бар:

1. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заң.
2. Заңнамалық актілер мен ҚР Үкіметінің Қаулылары.
3. Бухгалтерлік есеп стандарттары мен оларға әдістемелік ұсыныстар.
4. Шоттардың типтік жоспары мен оларды қолдануға берілген нұсқау.
5. Субъектінің есеп саясаты.

«Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру туралы» Заңның 6-бабы 2-тармағына және «Қаржылық есеп беру туралы ұсыныс» 30 Бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес есеп саясаты «ұйымның талаптары мен қызмет ерекшеліктеріне сай, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен есеп шоттарының үлгі жоспары туралы заңдарының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есеп беруді жасау үшін қабылданған принциптер, негіздер, шарттар, ережелер мен практика».

Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру есептеу мен үздіксіз қызметтің негізгі принциптеріне, түсінікті, орынды, сенімді және салыстырмалы сапалық сипаттамаларға сәйкес атқарылуы тиіс.

Есеп саясаты бұл бұл бухгалтерлік есеп талдау және аудит аумағындағы ұзақ мерзімді саясат. Оны әрбір құрылыс мекемесі өз бетінше жасайды. Бухгалтерлік есепті және қаржылық есепті қаржылық есептеудің халықаралық стандарттарының негіздері мен қағидаларына сәйкес жүргізу үшін субъектілердің басшыларының қабылданған тәсілдерінің жиынтығын құрайды.

«AGS-3» ЖШС-дегі есеп саясатының құрылымы төмендегідей бекітілген:

1. Жалпы ережелері.
2. Басқару, ұйымдастыру құрылымы.
3. Бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйесі.
4. Бухгалтерлік құжаттар және оларды сақтау мерзімі
5. Түгендеу.
6. Негізгі құралдар есебі, негізгі құралдардың есептен шығу және тозу есебі.
7. Материалдық емес активтер есебі.
8. Ақша қаражаттар есебі.
9. Есеп айырысу шотындағы нақты ақшалар есебі.
10. Тауарлы-материалдық құндылықтар есебі.
11. Еңбек және еңбекке ақы төлеу есебі.
12. Дебиторлық және кредиторлық берешектермен басқа да активтердің есебі.
13. Меншікті капитал есебі.
14. Өндірістік шығындар және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау есебі.
15. Сату, табыс және бағалар.
16. Есептілік.

«AGS-3» ЖШС-і өз қызметін мына құжаттар негізінде жүзеге асырады:

- «AGS-3» ЖШС-інің жарғысы;
- «AGS-3» ЖШС-інің құрылтай құжаттары;
- №409-1 1999-ж. 01-шілдеде шыққан (одан кейінгі өзгертулері мен қосымшаларын ескере отырып) ҚР Азаматтық Кодексі;

- 1998 ж. 22-сәуірде шыққан №220-1 «Шектеулі және қосымша жауапкершілікті серіктестіктер туралы» ҚР Заңы(одан кейінгі өзгертулері мен қосымшаларын ескере отыра);
- ҚР-дағы қаржылық-шаруашылық әрекеттегі ұйымдардың қызметін реттейтін өзге де заңдар, нормативтік актілер, нұсқаулар мен әдістемелік ұсыныстар.

Есеп саясаты екі бөлімнен тұрады:

Ұйымның ұйымдастырушылық, басқару бөлімі және әдістемелік бөлім.

«AGS-3» ЖШС-інің басқару органы болып қатысушылардың жалпы жиналысы, ал атқарушы органы болып директор саналады.

Жалпы жиналыс қатысушылары мен атқарушы директордың өкілдігі ҚР Заңымен және «AGS-3» ЖШС-інің Жарғысымен анықталады.

7.2 Бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйесі

1. «AGS-3» ЖШС-інде бухгалтерлік есеп мына нормативтік құжаттарға негізделіп жүргізіледі:

- ҚР-ның 2007ж. 28-ақпанда шыққан №234 «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңы;
- Бухгалтерлік есеп стандарттары (өзгертулер мен қосымшаларын ескеру);
- Бухгалтерлік есеп стандарттарына әдістемелік нұсқаулықтар;
- 2002-ж. 18-қыркүйегінде шыққан №438 бухгалтерлік есептің жұмыс шоттар жоспары (өзгерістерін қоса алғанда);
- «AGS-3» ЖШС-інің есеп саясаты;
- бухгалтерлік есепті ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар, нормативтік актілер.

2. «AGS-3» ЖШС-інің бухгалтерлік және қаржылық есебін құрастыру мақсаты — қызығушылық танытқан серіктестікке қатысты тұлғаларды қажетті ақпаратпен қамсыздандыру.

3. «AGS-3» ЖШС-інің бухгалтерлік есеп мына принциптерге негізделеді:

- есептілік — табыс нақты алынғанда, шығыс жабылғанда танылуы;
- әрекеттің үздіксіздігі — онда қаржылық есеп серіктестік жұмыс істеуде және жақын болашақта істейді деген алғышартпен жүргізу.

4. Қаржылық есептің өткен кезеңдеріндегі жіберілген қателер келесі кезеңде есепке алынып, таза табыс не залалды түзетуде ескерілуі тиіс.

5. ЖШС қаржылық есебі сипаттамасының негізгі қасиеттері түсініктілік, орындылық, сенімділік және салыстырмалық болуы керек.

6. «AGS-3» ЖШС-інің есеп саясатындағы өзгерістер ҚР заңнамасында және серіктестік қызметінің қаржылық есебін тапсыруда өзгерістер болған кезде ғана жасалады.

Бухгалтерлік құжаттама:

1. Бухгалтерлік жазбалар алғашқы құжат негізінде жасалып, бухгалтерлік есебінде негізгі құралдар, басқа да активтер, міндеттемелер, табыстар мен шығыстар көрсетілуі тиісті. Алғашқы құжаттар сол операцияларды растаушы ретінде жасалған уақытына сәйкес, ол мүмкін болмаса есепті тұлға есеп өткізуіне байланысты сол операция өткеннен кейін есепке алынады.

2. Бухгалтерлік жазбалар қолмен сонымен қатар компьютерлік есеп жүйесі арқылы жасалады.

3. Біртекті операцияларға жинақтық құжаттар жасалады. Жинақтық құжаттар алғашқы құжаттармен бекітілсе ғана дәлелдеу күшіне ие.

4. Серіктестіктің алғашқы құжаттарын, бухгалтерлік есеп регистрларын коммерциялық құпия ақпараты болғандықтан, оған тек басшылық рұқсат берген тұлғалар ғана ұсынылсын.

5. Операция мәніне қарай басшылық бухгалтерлік құжаттарға қол қоятын тұлғалар бұйрық бойынша анықталады.

6. «AGS-3» ЖШС-інің бухгалтерлік құжаттары ҚР заңнамасы (ҚР Салық Кодексінің 66-бабы) бекіткен мерзімдерге сақталады. Құжаттарды сақтау құжат қатысты мерзімнен кейінгі жылдың 1-қаңтарынан есептеледі.

1.3. Шығындардың жіктелуі (классификация) және тәртібі

Кез келген өнімді (жұмыс, қызмет) өндіру белгілі бір шығындармен байланысты.

Шығындар активтердің келуі немесе пайда болған өндіріс шығындарымен байланысты міндеттердің артуы.

Ақшалай формадағы субъект шығынына өнімнің өзіндік құны жатады.

Өзіндік шығындарды дұрыс ұйымдастыру үшін оның ғылыми-негізделген жіктелімі аса қажет. Бухгалтерлік есептің №7 «Тауарлы-материалдық қор есебі» стандартына сәйкес шығын мыналарға жіктеледі:

- пайда болу орны бойынша — өндіріс, цех, учаске, құрылымдық бөлімше. Мұндай жіктеу өндірістік өнімнің өзіндік құнын анықтау үшін аса қажет;
- өнім (жұмыс, қызмет) түрлері бойынша — оның өзіндік құндарын есептеу үшін керек;

- шығын түрлері бойынша немесе өнімнің өзіндік құнына көшіру тәсілі бойынша экономикалық элементтер бойынша және калькуляциялау баптарымен.

Сонымен бірге:

а) экономикалық элемент бойынша — өнім өндіру үшін қандай шығын кеткенін көрсетеді. БЕС 7-ге сәйкес мына экономикалық элементтер анықталады:

материалдық шығындар;

еңбекақы шығындары;

аударым;

құралдың тозуы;

басқадай шығындар;

ә) калькуляция баптары бойынша — өнімнің жекелеген түрлерінің өзіндік құнын есептеу үшін пайдаланылады.

БЕС 7-ге сәйкес оған жататындар:

материалдар;

еңбекақы;

аударым;

үстеме шығындар.

Алайда, экономикалық элемент және бап бойынша шығынды есепте топтастыру өзара байланысты, өйткені олар құрамы (элементі) және мақсатты тағайындауы (калькуляция бабы) бойынша субъектінің бір ғана шығындарын сипаттайтынын айта кету керек. Бұл ақпарат есебінде шаруашылық жүргізуші субъектінің тұтас шығынын өнім (жұмыс, қызмет) түрлері бойынша, калькуляциялау баптарымен шығынның пайда болу орнына қарай бөлшектеп (детализировать), элементтік қимада (поэлементном разрезе) қалыптастыруға мүмкіндік тудырады, өнімнің өзіндік құнын әлдеқайда дұрыс есептелуіне және кәсіпорын шығындарына бақылауды күшейтуге жағдай жасайды.

Бақылау сұрақтары:

8 ҚР–ҒЫ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ.

8.1 Құрылыс материалдар нарығы ерекшеліктері, мақсаты, рөлі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда құрылыс сапасын арттыру мәселесі айтарлықтай өзекті болып табылады. 2017 жылдың 31 қаңтарында жарық көрген Қазақстанның «Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Елбасының Жолдауындағы урбанизация үдерісі құрылыс секторын

дамыту қажеттігін алға тартып отыр. Ол отандық экономиканың толыққанды драйверіне айналуға тиіс. Жол, тұрғын үй және басқа да инфрақұрылым құрылысына инвестиция сала отырып, біз қалаларымыздың ұзақ жылдарға дейін сыртқы және технологиялық келбетін айқындайтынымызды ұмытпағанымыз жөн. Сондықтан құрылысқа да, құрылыс материалдарын өндіру саласына да жаңа технологияларды енгізу керек. Ол үшін бізде қазір жақсы мүмкіндіктер бар [1]. Осы мүмкіндіктерді пайдалануда құрылыс жұмыстарын сапалы жүргізуді сапалы құрылыс мәселесінде, екі негізгі фактор рөл атқарады. Біріншісі — елдің құрылыс алаңдарындағы мамандардың кәсібилігі. Бүгінде Қазақстанда жұмысшы мамандықтар мамандары (дәнекерлеушілер, бетоншылар, жөндеушілер, арматурашылар, тас қалаушылар) мен төменгі және орта буын басшыларының (бригадирлер, прораб, ауысым және учаске басшылары) өткір жетіспеушілігі байқалады.

Құрылыс материалдарының нарығы ерекшелігі сонда, ол құрылыс өнімдері нарығына тікелей жатпайды. Құрылыс өнімдерінің нарығы деп қозғалмайтын мүлік нарығы (дайын ғимараттар мен құрылыстар) және құрылыс мердігерлігі (нағыз құрылыстық іс-қимыл).

Құрылыс материалдарының нарығы көтерме сатылатын, сондай-ақ тұтынушы нарығында сатылатын, ерекше бұйымдар нарығына жатады. Құрылыс материалдары — ол құрылыста және үймереттер мен ғимараттарды жөндеуде қолданылатын бұйымдар және табиғи мен жасанды материалдар. Үймереттер мен ғимараттарды пайдалану жағдайында және мақсатындағы айырмашылықты құрылыс материалдарына және олардың кең номенклатурасына қойылатын әртүрлі талаптармен анықтайды.

Құрылыс материалдарын мақсаттық тағайындауда оларды екі топқа бөлуге болады [2].

Бірінші топты үймереттер мен ғимараттардың қаңқасы және негізгі көтеретін құрылымдарын әзірлеу үшін қолданылатын, әмбебап түрлі материалдар құрайды:

- табиғи тас материалдары;
- жасанды тас материалдары;
- күйдірісіз тұтқыр заттардың негізінде алынатын материалдар (бетондар, құрылыс ерітінділері);

- минералдық шикізатты термиялық өндеумен алынатын материалдар;
- құрылымдық пластмассалар;
- орман материалдары.
- органикалық шикізатты қайта өндеу жолымен алынған материалдар (синтетикалық полимер-лер, ерітінділер, битум, қарамай);
- органикалық тұтқыр заттар (құрылыс пластмассалары, органикалық жабын және гидроқшаулау материалдары).



*Ескерту. Авторлармен жасалынған.

1-сурет. Құрылыс материалдары нарығындағы іс-қимылдың жіктеу белгілері

Екінші топ құрылымдарды ортаның зиянды әсерінен қорғау үшін, сондай-ақ ғимараттардың пайдалану қасиеттерін арттыру және жайлы жағдай жасау үшін қажетті, арнайы бағытталған құрылыс материалдарын құрайды: жылуоқшаулау материалдары; акустикалық материалдар; гидроқшаулау материалдары; жабын және қымтағыш материалдары; өндеу материалдары; жегіге қарсы жасанды материалдар.

Технологиялық белгілері бойынша құрылыс материалдарын олардың

шикізат түрі, неден істелгені, дайындау әдісі, материалдың қасиеті және қолдану саласы есебінен жіктеледі.

Дайындау әдісі бойынша келесі түрлерді айырады:

- табиғи материалдар (сүрек, табиғи тас);
- механикалық өндеуге жататын материалдар;
- күйдірумен алынатын материалдар (қыш, минералды тұтқыр заттар);
- балқытумен алынатын заттар (шыны, металдар);

Елдер арасындағы сыртқы сауда іс-қимылын дамыту мен тереңдету шеңберінде, Дүниежүзілік сауда ұйымының іс-қимыл шекарасын кеңейтуде еліміздің ұлттық нарықтарына шетел өндірісінің құрылыс материалдарының біршама мөлшері түседі, мұнда құрылыс материалдары нарығы екі элементке бөлінуі мүмкін:

отандық өндірістің құрылыс материалдары нарығы;

импорттық өндірістің құрылыс материалдары нарығы.

Құрылыс материалдарын жіктеу мен осы өнім нарығын 1-суретте бөлуыанрдқа с құрылымдауға мүмкіншілік сәйкестікте ұсынылады* .

Әмбебап түрлі құрылыс материалдары (құрылымдық және жалпы құрылыстық бағыттағы) көтеруші құрылымдары бар үймереттер мен ғимараттарды салғанда базалық материал болып саналады. Құрылымдық құрылыс материалдарына, жүктемені қабылдаушы және жеткізуші материалдар жатады, олар күрделі құрылыста іргелер, қабырғалар мен ғимараттардың аражабыны үшін қолданылады. Құрылымдық материалдар нарығында, осы тауарлар тобы мына сияқты ұсынылады: темірбетон бұйымдары (ТББ); кірпіш; шағын қабырғалық блоктар; «сэндвич»-панельдер. Жалпы құрылыс бағытындағы құрылыс материалдарына, көтеруші құрылымдарды салғанда әртүрлі базалық және қосалқы функцияларды орындайтын материалдар жатады. Нарықта осындай

тауарлар бағыттары мен топтары мына сияқты ұсынылады:

цемент негізінде дайындалатын материалдар (бетондар, темірбетондық бұйымдар, ерітінді қоспалар);

ағаш кесу материалдары;

қара металл илемі;

күбырлар;

металлбұйымдар;

шыны.

Арнайы бағыттағы құрылыс материалдары (жылуоқшаулаушы, өңдеуші, акустикалық, қымтағыш, жабындық және гидрооқшаулаушы) ортаның зиянды әсерінен құрылымдарды қорғау үшін, сондай-ақ ғимараттардың пайдалану, құрылымдардың жылулық оқшаулауын, басқадай техникалық қолданулар қасиеттерін арттыру үшін қолданылады. Жылу оқшаулау материалдары нарығында осындай тауарлар тобы мына сияқты ұсынылады:

минералдық мақта және одан жасалынған бұйымдар;

қшаны ма және оның негізінде жасалынған бұйымдар;

газбен толтырылған пластмассалар – көбік қабаттар;

қампиған минералды және тығындық жылуоқшаулаушы материалдар.

Өндеу материалдары құрылыс құрылымдарының сәндік сапасын арттыру үшін, сондай-ақ олар- ды сыртқы әсерден қорғау үшін қолданылады. Өндеу материалдарын сәулеттік-құрылыстық жіктеу бойынша, олардың 350 атауы саналады, осылайша бөлінеді [3]:

сыртқы өндеу;

ішкідөену ;

едендер жабындары;

арнайы мақсаттарға.

Өндеу материалдары нарығында мына сияқты тауарлар тобы ұсынылады:

лак-бояу материалдары;

тұсқағаздар;

қабырғалар мен едендер үшін қыш таяқшалары;

қаптауыш панельдер;

паркет;

линолеум;

жасанды тас;
агломератталған жабындар;
мозаика;
мата, тығындардан жасалынған жабындар;
декор элементтері;
өздігінен жапсырылатын қабыршақтар.

Акустикалық материалдар ұйржай дыбысты сіңіру және дыбысты оқшаулау үшін

қолданылады. Дыбысты сіңіргіш (жұтқыш) материалдар өндірістік ұй-жайларда және қоғамдық ғимараттарда дыбыс қысымы деңгейін төмендету үшін арналған. Нарықта келесідей тауар топтары- мен ұсынылады:

- минерал-мақталы акустикалық таяқшалар;
- гипстік акустикалық материалдар;
- гидрофобизирланған материалдар;
- перлиттік дыбыс сіңіргіш плиталар.

Дыбыс оқшаулауыш материалдар негізінен көпқабатты ара жабындар және арақабырғалар құрылымдарын соққы шуынан және ішінара ауа шуын сіңіру үшін қолданылады. Нарықта осындай

тауарлар топтарымен ұсынылады:

- синтетикалық құрамдаста байлаушы минералды-мақталы материалдар;
- сүректік-талшықты таяқшалар;
- кварцтік құм;
- керамзит;
- қож.

Қымтағыш материалдар жиналмалы құрылымдардың элементтері арасындағы жіктердің үрленбеуін және су өткізбеуін қамтамасыз ету мен тығыздау үшін арналған (сыртқы қабырғалардың панельдері мен блоктары). Нарықта келесідей тауарлар топтарымен ұсынылған:

- қымтағыш қоюжақпалар (қатаймайтын және қатайтын);
- икемді тығыздағыш төсемдер.

Су өткізбейтін материалдар (жабындық, сондай-ақ гидрооқшаулау материалдары) ғимаратты жалпы ылғал әсерінен және оқшаулау құрылымын қорғайтын су өтпейтін жабындар жасау үшін қолданылады. Жабындық материалдар үнемі ылғалдану мен құрғау, тікелей күн сәулесінің әсеріне, қызу, тоңазу, қар мен жел жүктемелеріне шалынады. Жабындық материалдары нарығында келесідей тауарлар топтары ұсынылған:

Бақыт (та) тас, зығыр-цементтік бұйымдар;

- жұмсақ (рулондық) жабындық материалдары;
- даналық материалдар мен қоюжақпалы төбе жабындары;
- төбелік жабынқыш.

Гидрооқшаулауыш материалдар, төбелікке қарағанда, үнемі ылғалдық әсер жағдайында немесе агрессивті су ерітінділерінде жұмыс істейді. Олардың жұмыс температуралық жағдайы аса тұрақты, күн сәулесі жоқ, бірақ шіру процестерінің дамуы мүмкін. Нарықта гидрооқшаулау материалдары осындай тауарлар топтарымен ұсынылады:

- сұйық гидрооқшаулау материалдары;
- серіппелі-ікемді гидрооқшаулауыш материалдар.

Аталған нарықтарға іс жүзінде бірыңғай түрлер мен өткізу арналары тән. Ерекшелік ретінде құрылымдық материалдардың нарығы есептеледі. Құрылымдық материалдардың ерекшеліктері мынада, олар жөндеуде қолданылмайды, тек қана күрделі құрылыста пайданылады. Тиісінше осы құрылыс материалдары үшін бөлшектік сауда арналарында қажеттігі түсінікті.



*Ескерту. Авторлармен жасалынған.

2-сурет. Құрылыс материалдары нарығындағы сату жүйесін құру ерекшеліктері

2-суретке сәйкестікте сауда және құрылыстық компанияларының кәсіби көтерме сауда делдалдығымен жүзеге асырылады. Сату деңгейіне бірінші дәрежеде сауда және құрылыстық компаниялар өкілдері өткізу жөніндегі менеджерлердің тиімді жұмысы ықпал етеді. Мамандарда отандық өндірушілермен жеткізілетін құрылымдық материалдар сипаттамалар жөнінде анық түсінік қалыптасқан. Негізінен құрылымдық материалдарды өткізу арнайыланған көрмелерге қатысу, сондай-ақ ақпараттық шығарылымдар және интернетресурстар мен жарнамалық хабарландырулар шығарумен шектеледі.

Іс жүзінде құрылыс материалдарының қалған барлық түрлері мен тауарлар топтары жөндеу немесе қаладан тыс құрылыстарға бөлшектеніп және шағын көтермемен тұтынушы құрылыс нарықтарында немесе арнайыланған

дүкендерде сатылуы мүмкін. Осы аспектіде өткізу жөніндегі шаралар, құрылымдық материалдар жағдайына қарағанда, аса кең [4].

Қолданылатын маркетингтік бағдарламалар көзқарасынан аса белсенді нарық болып, нарық қатысушылары арасында аса күрделі бәсекелестік жағдайдағы, өндеу материалдары нарығы саналады. 2-суретке сәйкестікте осы нарық үшін маңызды рольді «брендинг» ойнайды, сондай-ақ ол қалған нарықтар үшін де тән. Жоғары аталған коммуникациялық арналардан басқа, сыртқы жарнама және теледидар бойынша жеке жағдайларда жарнама қолданылады.

Делдалдардың артықшылығы сонда, құрылыстық ұйым әр құрылыстық материалдар түрін сатып алып, оларды бір жерге жеткізуді ұйымдастырады. Одан басқа өндірушілер жайда өнімді жиі тұтынатын дилерлер санымен жұмыс істеуді қалайды. Дилерлік жүйе құрылыс материалдарын өткізу жүйесінде өзекті буын болып саналады, себебі олар тікелей өндіруші мен тұтынушы арасында байланысты қамтамасыз етіп, сұраныс тенденциясы туралы қарнығарды жеткізеді. Атап өту керек, дилерлік жүйе құрылыс материалдарын өндірушілер үшін өзіндік экономикалық буфер болып саналады, олар тұтынушы сұранысының маусымдық және конъюнктуралық ауытқуын жұмсартады.

Нарық түрінен тәуелсіз құрылыс материалдарын жоспарлау бәсекелестің арту жағдайында жүзеге асырылады, осыған байланысты дайындаушы-кәсіпорындарымен түржиындық және номенклатуралық саясат енгізіліп қолданылады, ол құрылыс материалдары нарықтарын дамыту мен іс-қимылындағы басымдықтардың бірі болып саналады. Тауардың түржиыны деп анықталған белгілер бойынша сәйкес келетін немесе олардың әртүрлілігі мен сұрыптарымен біріккен түрлер жиыны аталады. Саудалық түржиын өздігінен көтерме және бөлшек сауда желісінде оларды сатуға жататын тауар номенклатурасымен ұсынылады. Құрылыс материалдарының түржиынын құру — ол сұранысқа сәйкес және оны толығымен қанағаттандыру мақсатында орлдың түрлерін, әртүрлілігін, топтарын таңдау процесі. Құрылыс материалдары түржиынын құру түржиындық саясат шеңберінде жүргізіледі. Түржиын саясаты деп тауардың осындай сипаттамасын жасаумен бәсекелестік артықшылығын құру бойынша стратегиялар мен шаралар жиынын жүргізу мен жоспарлауға байланысты маркетингтік іс-қимылды түсінеміз, ол оны тұтынушы үшін үнемі құнды етіп, сонымен бірге сол және басқадай қажеттікті қанағаттандырып, фирмаға тиісті пайда әкеледі.


Құрылыс материалдары өндірісі саласындағы түржиындық саясат мәселесі, кәсіпорын ұсынатын тауарлар жиынының әрбір сәті, сапалық сипаттамасы мен сандық көлемі бойынша тұтынушылардың қажеттігіне ұтымды сәйкес келуімен қорытындылады. Түржиын саясатының бастықматы болып өндірілетін құрылыс материалдары жиынының оңтайлы қатынасын анықтау саналады. Түржиынды жоспарлау мен мақсатты бағытталған түржиын саясатын жүзеге асыра отырып, кәсіпорын сату көлемі мен пайданы біршама арттыруы мүмкін. Маркетинг саласындағы итальяндық ғалым А.Фолис келесідей үрдістер байқалғанда, өнім түржиынының қатынасы оңтайлы деп

санайды: өсу кезеңінде

өнімнің 15-25 % болады; жетілу кезеңінде өнімнің 50-60 %; теөземңеінде у к өнімнің — 30 %;

енгізу кезеңінде фирманың барлық тауарларының 5-10 %. Құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорынның түржиын саясатына біршама дәрежеде бәсекелестік факторы ықпал етеді. Мұнда кәсіпорын өнімнің бәсекелестікке артуы үшін және сатудағы сәйкестік дәрежесін ұстау үшін ғылыми- зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыруға, ал коммерциялық

кәсіпорындар өнімнің негізгі жеткізушілерін оңтайлы таңдау мен баға құрудыңмді механизмдерін



*Ескерту. Авторлармен жасалынған.

3-сурет. Құрылыс материалдары нарығындағы түржиындық саясаттың негізгі бағыттары

жасауға әкеледі. Құрылыс материалдарын өндіретін және өткізетін кәсіпорындардың түржиын саясатының негізгі бағыттары 3-сурет те келтірілген*. Әлеуетті тұтынушылар үшін құрылыс материалдары нарығындағы түржиын саясатын жүзеге асыру нәтижелері болып мыналар саналады: құрылыс материалдарының қосымша мүмкіншіліктерінің пайда

болуы; құрылыс материалдарын пайдалану тиімділігін арттыру; құрылыс материалдары жайлылығын жетілдіру; құрылыс материалдары сенімділігін жетілдіру; құрылыс материалдары дизайн мен стилін өзгерту. Құрылыс материалдары нарығындағы түржиындық және номенклатуралық саясатпен қатар, оның іс-қимылында стандарттау және сертификаттау процестерін тереңдету өзекті бағыт болып саналады. Әлем елдерінің Дүниежүзілік сауда ұйымына кірулері өнеркәсіптік кәсіпорындардың және ұйымдардың ішкі және сыртқы нарықтарда іс-қимылы үшін жаңа жағдайларды анықтайды. Соңғы жылдары құрылыс материалдары, құрылыс жұмыстары мен қызмет көрсету сапасына талаптарды арттыру үрдістері өсуде. Осының барлығы көпжақты коммерциялық іс-қимылдың маңызды аспекті болып қаралады. Құрылыс материалдары, құрылыс өнімдері, жұмыстар мен қызметтердің асып арттыру құралы болып стандарттау, метрология, сертификаттау есептеледі. Әлемнің көптеген елдерінде осы құралдарды қолдану тиісті келесі заңдармен реттеледі:

- «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы»;
- «Стандарттау туралы»;
- «Өнімдер мен қызметтерді сертификаттау туралы»;
- «Өлшемдердің тұтастығын қамтамасыз ету туралы».

Осы заңдар өнімдер, жұмыс, қызмет сапасын қамтамасыз ету үшін қажетті құқықтық базасын жасайды.

Құрылыс материалдары нарығы үшін тиісті салалық стандарттар енгізіледі, олар құрылысқа бағытталған өнімдерге қолдануға жасалады. Олардың талаптары мемлекеттік стандарттар, сондай-ақ сала үшін белгіленген қауіпсіздік нормалары мен ережелері талаптарына қарсы болмауға тиісті.

Кәсіпорындар стандарттары (КСТ) құрылыс материалдарын дайындаушы-кәсіпорындармен жасалып, олармен қолданылады. Стандарттаудың нысандары болып кәсіпорынды басқару мен ұйымдастыруды құраушы, осы деңгейде стандарттаудағы сабақтастық мақсаты жетілдіру болып саналады.

Құрылыс материалдары нарығында стандарттар келесідей функцияларды орындайды:

- экономикалық;
- әлеуметтік;
- коммуникативтік.

Экономикалық функция мүдделі жақтарға өнім туралы анық хабарламаны қолайлы және анық түрде алуға мүмкіншілік етеді. Шарттасу жағдайында стандартқа сілтеме жеткізушіні стандарт сапасына кепілденген өнімді жеткізуге міндеттейді. Сынақтар әдістерін стандарттау өнім туралы салыстырмалы сипаттама алуға мүмкіншілік етеді, ол өнімнің бәсекелестікке қабілеттігін бағалауда маңызды.

Стандарттаудың әлеуметтік функциясы стандарттау талаптарына стандарттау нысандары сапалық көрсеткіштерін кіргізумен қорытындылады, олар еңбекті қорғау мен санитарлық-гигиеналық нормаларға әсер етеді [5]. Коммуникативтік функция хабарлама алмасу арқылы қоғамда өзара түсіністікке жетуге байланысты. Ол үшін стандартталған терминдер, түсіндірме, нысандар мен іс жүргізудің бірыңғай ережелері керек.

Құрылыс материалдары нарығындағы әртүрлі елдердің сауда, экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жемісті жүзеге асыру үшін халықаралық стандарттау қажет. Халықаралық стандарттардың болмауы мен құрылыс бағытындағы сол бір өнімге ұлттық стандарттардың айырмашылығы, әлемдік сауданы, құрылыс материалдарының әлемдік нарығын дамытуда кедергі болып есептеледі.

Стандарттау саласында халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың негізгі мәселесі

болып райластық саналады: ұлттық стандарттау жүйесін халықаралық, өңірлік және

прогрессивті ұлттық шетел стандарттау жүйелерімен ұлттық стандарттардың деңгейін арттыру мақсатында құрылысқа бағытталған отандық өнімдер сапасы мен әлем нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыруға үйлестіру.



*Ескерту. Авторлармен жасалынған.

4- сурет. Құрылыс материалдары нарығының бағыттары мен болашақтары

ИСО 9000:2000 халықаралық сапа стандарттарына негізделген басқару моделі, мүдделі жақтардың белгіленуін ұйғарады, өнім сапасына олардың талаптарын анықтайды, іс-қимылдың үздіксіз жетілдіру жүйесін жасайды. Осы модель сапа менеджментінің негізін қалаушы қағидаларында, оның ішінде процестік көзқараста негізделеді.

Менеджмент жүйесі шеңберінде ұйымдастырылған процестерді екі топқа бөлуге болады [6]:

- компанияның бар әлеуетін қолдану процестері;
- жасау процестерінің әлеуетін жаңғырту және арттыру.

Біздің пікірімізше, жалпыланған вариантта құрылыс материалдары нарығын дамыту бағыттары мен болашақ моделін 4-суретте сәйкестікте сұлбамен келтіруге болады.

Осылайша, құрылыс материалдарының қазіргі нарығы санымен ғана емес, сапа позициясынан да дамуда. Құрылыс материалдары нарығын дамытуда сапалық аспектілер сандық көрсеткіштермен қатар маңызды рольді атқарады. Әлемдік аспектіде құрылыс материалдары нарығын дамыту қазіргі динамикасын зерттеу мақсатында өзекті болып құрылыс материалдары нарығын басқару бойынша іс- қимылды шетел тәжірибелерін зерттеу саналады.

Бақылау сұрақтары:

9 ҚР-НЫҢ ТАМАҚ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ЭКОНОМИКАСЫ, КӨЛІК КЕШЕНІНІҢ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

9.1 ҚР-ның тамақ және жеңіл өнеркәсібінің қазіргі жағдайы, мақсаты рөлі

Тамақ өнеркәсібі – халықтың тағамға деген сұранысын қанағаттандырады. Біздің елімізде тамақ өнеркәсібінің ет, ұн тарту, жарма, қант өнімдері, балық, кондитер, шарап жасау т.б. салалары дамыған. Ауыл шаруашылығы тамақ өнеркәсібінің негізгі шикізат көзі болып табылады. Тамақ өнеркәсібі өнімдері еліміздегі азық-түлік қорының 90%-ын құрайды. Қазіргі кезде тамақ өнімдерін шығаратын кәсіпорындар заман талабына сай жаңа техникамен және технологиямен жабдықталған. Ауыл шаруашылығы шикізаттарынан ұзақ мерзімге сақталатын өнім дайындалады. Ал тез бұзылатын тамақ өнімдері тамақ өндірісі кәсіпорындарындағы қуаты жоғары тоңазытқыштарда сақталады. Тамақ өнімдерінің қалдықтары қайтадан ауыл шаруашылығында пайдаланылады.

Тамақ өнеркәсібінің базасы шикізатты пайдалану сипатына, түріне қарай үш топқа бөлінеді: өсімдік шаруашылығының шикізаттары, мал шаруашылығының шикізаттары, өндіріс шикізаттары (тұз өндіру, минералды сулар, балық аулау, теңіз өнімдері). Тамақ өнеркәсібі салаларын орналастырушыға әсер етуші негізгі факторлар – шикізат көздері және тұтынушылар. Осы факторлардың әсер ету дәрежесіне қарай тамақ өнеркәсібін үш салаға бөлуге болады:

1. Шикізат көзіне жақын орналасқан салалар (қант, спирт, май шайқау, сүт, консерві, крахмал, сірне т.б.);
2. Тұтынушыға жақын орналасқан салалар (наубайхана, сыра қайнату, сүт, макарон, кондитер өнімдері т.б.);
3. Шикізат көзіне де тұтынушыға да жақын орналасқан салалар (ет, ұн тарту, шарап жасау, темекі өңдеу т.б.).

Елімізде тамақ индустриясын шикізат көздеріне және тұтынушыға жақын орналастыру өндірісті мамандандыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл жағдайда ауыл шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеу салалары шикізат көздеріне жақын, ал дайын өнімдер шығаратын өндіріс тұтыну орталықтарына жақын орналастырылады. Технологиялық процестердің аумақ бойынша бөлінуіне шай өнеркәсібі мысал бола алады.

Ет өнеркәсібі – тамақ өнеркәсібінің ірі саласы, ол тамақ өнімдерінің 14-ін құрайды. Мал өнімдерінің сапасы құрамында жоғары сапалы нәруыз бен басқа да құрауыштардың болуымен анықталады. Еліміздегі ет тағамдарына деген сұраныстың өсуі – халықтың тұрмыстық деңгейінің жоғарылауын көрсетеді. 2002 жылғы көрсеткіш бойынша ет және ет тағамдарын тұтыну жан басына

шаққанда 45 кг-ды көрсетті. Қазіргі таңда ет өнімдері жоғары техникамен жабдықталған ет комбинаттарында дайындалады.

Алысқа тасымалдауға жарамды өнімдер (ет консервілері, кептірілген және жартылай кептірілген шұжықтар т.б.) шикізат көздеріне жақын орналастырылған ет комбинаттарында шығарылады. Осындай өнімді шығаратын негізгі ет комбинаттары Семей, Петропавл, Орал, Алматы, Қызылорда қалаларында орналасқан. Ал тез бұзылатын өнімдер (тоңазытылған ет, құс өнімдері қайнатылған шұжық т.б.) шығаратын комбинаттар тұтыну көзіне жақын орналастырылады.

Қазақстанның барлық экономикалық аудандарында ет өнеркәсібінің дамуы мал шаруашылығының аумақ бойынша біркелкі таралуымен түсіндіріледі. Әсіресе Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары ет өнімдерін шығаратын негізгі аудандар болып есептеледі. Мысалы Семей ет комбинаты еліміздегі ірі өнеркәсіп орталығы. Бұл комбинат малдың тірідей салмағының 98%-ын пайдалана отырып, дайын және жартылай дайын өнімнің 100-ден астам түрін шығарады.

Ұн тарту – жарма өнеркәсібі – тамақ өнеркәсібінің екінші саласы. Оған: ұннан жасалатын нан және макарон өнімдері, ұн, жарма жатады. Жан басына шаққандағы нан тағамдарын тұтынудың орташа көрсеткіші 120 кг-ды құрайды. Бидайды тасымалдау ұнды тасымалдаудан анағұрлым тиімді. Сондықтан ұн тарту және жарма өнеркәсіптері аумақ бойынша тұтыну көздеріне жақын орналастырылады. Ұн тарту еліміздің астықты және индустриялы экономикалық аудандарында, яғни Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында жақсы дамыған. Мысалы, қазіргі кезде Астана, Тараз, Қапшағай, Қостанай ұн тарту комбинаттары елімізде жоғары сапалы ұнмен қамтамасыз етуде. Нан кәсіпорындары еліміздің барлық елді мекендерінде бар. Нан зауыттары жоғары сапалы технологиямен жабдықталған. Қазіргі шағын нан жабу кәсіпорындары ірі елді мекендердің бәрінде ұйымдастырылған. Макарон зауыттары Алматы, Қарағанды, Петропавл, Шымкент, Семей қалаларында орналасқан. Қазіргі кезде тамақ өнеркәсібі салаларын дамыту үшін жетілдірілген технологиялар, шағын зауыттар және басқа құрал-жабдықтар сатып алу жөнінде Қазақстан Республикасы бірқатар мемлекеттермен келісімшарт жасады. Мысалы Ақтөбе макарон фабрикасы Италияның макарон жасайтын технологиясымен жабдықталған.

Қант өнеркәсібі. Қант-маңызды тағам түрлерінің бірі, оны өндіру үлесі 2003 жылғы есеп бойынша 481419 т – ны құраса, жан басына шаққандағы тұтыну көрсеткіші 21,7кг – ға жетті.

Қант өнеркәсібі құмшекер және шақпақ қант шығарады. Қант өнеркәсібін салуда шикізат көздеріне жақын орналастыру факторы маңызды рөл атқарады. Қант қызылшасын ұзақ уақыт сақтауға шыдамайды және алыс қашықтыққа тасымалдау оның сапасын төмендетеді. 1т құмшекер алу үшін 6 – 9 т қант қызылшасы керек.

Республикамызда бірнеше қант зауыттары жұмыс істейді. Қант зауыттары қызылша егу шаруашылығымен айналысатын Жамбыл, Алматы облыстарында

орналасқан. Боралдай, Тараз, Шу, Мерке, Қарабұлақ қант зауыттары құмшекермен қатар шақпақ қант шығарады. Құмшекер өнеркәсіптері өз елімізде өсірілген қызылшаны өңдеп қана қоймай, сонымен қатар шетелдерден келген қант шикізаттарын да пайдаланып, қант өнімдерін шығаруда. Қазақстанға қант құрағы Бразилия, Аргентина, Ау стралия т.б. елдерден әкелінеді. Өйткені елімізде өндірілетін қант өнімдері халықты қантпен толық қамтамасыз ете алмайды.

Сүт өнімдері өнеркәсібі – тамақ өнеркәсібі салаларының ішінде үшінші орында, 2002 жылғы статистикалық мәлімет бойынша шаруашылықтың барлық түрінде сүт өндіру 4,1 млн т – ны құраса, әрбір сиырдан сауылатын сүттің орташа көрсеткіші – 2044 кг – ға жетті. Сүт, қаймақ, ірімшік, айран, ашытқы шығаратын сүт зауыттары мен сүт комбинаттары еліміздің әрбір экономикалық аудандары мен өнеркәсіп орталықтарында шоғырланған. Өйткені сүт өнімдерін алысқа тасымалдау тиімсіз. Қала халқын дер кезінде сүт өнімдерімен қамтамасыз ету үшін сүт зауыттары әрбір қалада салынған. Ірі сүт зауыттары Алматы, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Шымкент қалаларында орналасқан.

Май шайқау, сыр қайнату, сияқты сүт өнімдері өнеркәсібі, негізінен, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан экономикалық аудандарында, сүтті ірі қара мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда шоғырланған. Көкшетау, Қостанай, Алматы сүт комбинаттары сүт өнімдерінің 75 % – ын шығарады.

Сонымен қатар елімізде өсімдік майы мен маргарин майын шығаратын өнеркәсіп орындары жақсы дамып келеді. Өсімдік майы күнбағыс және шитті мақта дақылдарынан алынады. Күнбағыс майын Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары шығарады. Өскемен қаласында өсімдік майын айыру комбинаты жұмыс істейді. Шитті мақта майын шығаратын зауыт Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент қаласында орналасқан.

Қазір көптеген елді мекендерде өсімдік майын шығаратын шағын кәсіпорындар кездеседі. Бірақ онда шикізаттан май алу сапасы мемлекеттік кәсіпорындардан әлдеқайда төмен.

Маргарин майын алу үшін – шикізат ретінде өсімдік майын және сүтті пайдаланады. Мұндай кәсіпорындар тұтынушы көзіне жақын орналастырылады, себебі маргарин майы тез бұзылатын өнімдер қатарына жатады. Алматы қаласындағы маргарин зауыты халықтың тұтыну қажетін өтеп келеді.

Балық өнеркәсібі – балық аулау және балықты өңдеуден тұрады. Қазақстандағы балық өнеркәсібі Каспий теңізінің солтүстігінде орналасқан Атырау облысында шоғырланған. Каспий теңізінің солтүстігінен қара уылдырық беретін бекіре, қызыл балық және итбалық ауланады. Балық өңдейтін ірі кәсіпорындарға Атырау, Баутион, Балықшы, Зайсан, Призорный, Балқаш балық зауыттары жатады. Балық өнімдерін дайындайтын Арал мен Мойнақ кәсіпорындары Арал теңізінің су деңгейінің төмендеуіне байланысты уақытша тоқтап тұр. Атырау мен Балқаш зауыттары елімізді балық консервілерімен қамтамасыз етуде.

Республикамызда азық – түлік молшылығын жасау бағдарламасына және балық етінің құндылығына орай теңіз өнімдерін өндіруді ұлғайтуға үлкен

бетбұрыс жасалып отыр. Осыған байланысты теңізден, өзен – көлдерден ауланатын балық өнімдерімен, олардан жасалатын тағам түрлері де молаюда.

Қазақстанда тамақ индустриясының қосымша салалары кондитер тағамдары, шарап жасау, темекі өндірісі де қарқынды дамып келеді. Автоматты қондырғылармен жабдықталған Алматыдағы «Рахат», Қостанайдағы «Баян сұлу» және Қарағанды кондитер комбинаттары халықты кондитер тағамдарымен қамтамасыз етуде.

Жүзім көп өсірілетін Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарында шарап жасайтын зауыттар жұмыс істейді. Сонымен қатар елімізде минералды және таза бұлақ суларын, түрлі шырындар мен шөл қандыратын сусындар шығаратын өндірістердің ұлғайып келе жатқаны байқалады.

Алматы облысында егілетін темекіні пайдаланып жұмыс Алматы темекі комбинаты – Қазақстандағы темекі өндіретін негізгі кәсіпорын. Оны 1993 жылдан бастап Американың «Филип Моррис» фирмасы басқарып келеді. Компания Алматы облысының Шелек ауданында темекі өсіру бағдарламасын жасады.

Жеңіл өнеркәсіп халықтың жеке сұранысын қанағаттандыратын әр түрлі өнім түрлерін шығарады. Бұл – индустрияның ең қарқынды саласы. Бұым дайындауда дәстүрлі кәсіпті меңгерген, көркемдік мәдениеті мен талғамы жоғары жұмысшы күшіне деген сұраныс жеңіл өнеркәсіп саласының негізгі ерекшелігін айқындайды.

Ғылыми – техникалық прогресс жеңіл өнеркәсіптің дамуына күшті әсер етуде. Бұл шикізат базалары саласының өзгеруінен және жаңа техника мен технологияны пайдалануынан байқалады. Жеңіл өнеркәсіп құрамындағы жартылай дайын және дайын өнімдердің сапасына, оларды безендіруге байланысты талап күн сайын артуда. Киім үлгілерінің жылдам ауысып отыруы жеңіл өнеркәсіп құрал – жабдықтары мен өндірістің ұйымдастырылуына да жаңалықтар енгізуге мәжбүр етуде.

Жеңіл өнеркәсіп құрылымының біршама күрделі екенін байқауға болады. Ол табиғи немесе химиялық шикізаттарды қайта өңдеудің технологиялық кезеңдерінен тұрады.

Жеңіл өнеркәсіп құрамына кіретін салалар орналасу принциптеріне байланысты республика аумағында әр түрлі тараған. Мысалы, шикізат өндірістері (мақта тазалау зауыттары, жүн жуатын фабрикалар, жүнді өңдейтін кәсіпорындар) ауыл шаруашылығы шикізат базалары бар жерге шоғырланады. Шикізат өндірістері АӨК – тің құрамына кіреді. Тоқыма, былғары, тері т.б. кәсіпорындар кәсіби жұмыс күші және тұтынушылары бар қалаларда орналасады.

Соңғы жылдары тұтынушыға қажетті дайын өнімнің (тігін, тоқыма, кілем және тері бұйымдары, бас киімдер, былғарыдан тігілген бұйымдар – аяқкиім т. б.) үлесі артып келеді. Дайын өнімнің бағасы жартылай дайын өніммен (мақта, былғары, тері) салыстырғанда жоғары. Дайын бұйымдарды сыртқа шығару жеңіл өнеркәсіп өндірісі үшін де тиімді.

Жеңіл өнеркәсіптің аса маңызды салаларының бірі – тоқыма өнеркәсібі.

Ол – шаруашылықтың ежелгі саласы. Қазақстандағы тоқыма өнеркәсібі қазіргі заманғы техникамен жабдықталған, машиналы өндіріске айналып отыр.

2003 жылғы есеп бойынша Қазақстан экономикасындағы тоқыма және тігін өнеркәсібінің үлес салмағы 1,8 % – көрсетті.

Мақта мен жүн тоқыма өнеркәсібінің шикізаттарына жатады. Мақта дайындау процесі бірнеше сайдан тұрады. Мақтаны тазарту және жүн жуу кәсіпорындары шикізат көзіне жақын орналастырылады.

Мақта тазалау зауыттары Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент, Түркістан қалалары мен Мақтаарал елді мекенінде орналасқан.

Жүн жуу комбинаттары Семей мен Тараз қалаларында салынған. Алдын ала өңдеуден өткен мақта мен жүннен жіп иіріліп, боялып, мақта мата комбинаттарына жіберіледі.

Мақта мата өнеркәсібі мақтадан әр түрлі (шыт, бөз, түкті мата, дәке т. б.) маталар шығарады. Мақтадан жасалған маталардан іш киім, сырт киім, көйлек, киімнің ішкі астары, сәндік бұйымдар т. б. тігіледі. Маталарды жасап шығару процесі, мысалы матаны бояу, оған әртүрлі түсті суреттер түсіру т. б., кәсіпорынның арнайы мамандануын талап етеді.

Тоқыма өнеркәсібінің ең ірі кәсіпорны – Алматы мақта мата комбинаты. Жүннен тоқыма бұым жасап шығаратын өнеркәсіп. Мақтадан жасалған матамен салыстырғанда, жүннен тоқылған матаның құрылымы мен пайдаланылуы күделірек. Мұндай матаға машинамен тоқылған жартылай жұқа мауыты маталар жатады. Жүннен тоқылған маталар тоқыма өнеркәсібінде ең қымбат маталар қатарында. Қарғалы мен Қостанай комбинаттарында дайындалған жоғары сапалы жүннен тоқылған маталардан пальто, костюм тігіледі.

Сонымен қатар елімізде тігін, трикотаж, галантерея, шұлық шығаратын т. б. кәсіпорындар бар. Тігін комбинаттары қалаларда және аудан орталықтарында жиі кездеседі.

Алматы, Қарағанды, Шымкент, Өскемен, Жезқазған қалаларында трикотаж бұйымдарын шығаратын фабрикалар орналасқан.

Шұлық шығаратын фабрикалар Семей, Қарағанды, Шымкент қалаларында орналасқан. Астана қаласында жүн иіретін комбинат, ал Өскеменде жібек маталарын шығаратын комбинат жұмыс істейді.

Халықтың жеңіл өнеркәсіп бұйымдарына сұранысын қанағаттандыру мақсатында елімізде ұсақ және орташа кәсіпорындар құрылып, олар тері мен былғары бұйымдарын шығарады. Былғары және былғарыдан жасалған бұйымдар мен аяқкиім өндірісінің Қазақстан экономикасындағы үлес салмағы 2003 жылғы есеп бойынша 0,1 % – ды құрады.

Орал, Қызылорда, Тараз, Қостанай қалаларында орналасқан былғары, тері илеу зауыттарының елімізде маңызы зор. Тері илеу зауыттарында қой терісі және құндыз, түлкі, қасқыр, ақ тышқан, қоян терілері де өңделеді.

Аяқкиім өнеркәсібі. Аяқкиім тігу үшін қажетті шикізат түрлері әр түрлі болғандықтан (былғарыдан, мақтадан тігілген, резеңке мен пластмассадан жасалған), аяқкиім түрлері де көп. Аяқкиім өнеркәсібін тұтынушыға және шикізат көздеріне жақын орналастыру тиімді. Негізгі кәсіпорындары Алматы, Семей, Тараз, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Талдықорған қалаларында орналасқан. Бұл кәсіпорындарда аяқкиім шығару халықтың сұранысын қамтамасыз ете алмайды, сол себепті елімізге аяқкиім түрлері сырттан әкелінеді. Ал былғары шикізаттары жеткілікті болғандықтан – еліміз сыртқа шығарады. Халықтың тұрмыс қажетін өтейтін жеңіл өнеркәсіптің тағы бір саласы – фосфор – фаянс бұымдары. Ол, негізінен, Астана және Қапшағай қалаларында орналасқан.

9.2 Тамақ және жеңіл өнеркәсіпорындарының дамуының негізгі мәселелері

Оңтүстік Қазақстан — республиканың барынша дамыған экономикалық аудандарының бірі. Ауыл шаруашылығының мамандану бағыты бойынша ол көршілес жатқан Орта Азияға өте ұқсас. Бұл — Қазақстанның бағалы техникалық және дәнді дақылдары — мақта, қант қызылшасы, темекі, күріш, жүгері өсірілетін басты суармалы егіншілікті ауданы. Ол бақ, жүзім және қой өсіру жөнінен бірінші орын алады. Сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан — республиканың кен өндіру және өңдеу, ауыр өнеркәсіп салалары жақсы дамыған аса ірі өнеркәсіпті ауданы. Аудан жеңіл және тамақ өнеркәсібінің өнімдерін шығарудан да республикада бірінші орын алады.

Оңтүстік Қазақстан суармалы егіншілік дамыған аудан. Мұнда көкөніс, бақша дақылдарын, жүзім өсірумен айналысады. Оңтүстік «валюталық» дақыл-мақта өсіретін бірден — бір аудан, миллиондаған гектар жайылымдық жерлер мал шаруашылығының тамаша базасы болып табылады. Сонымен қатар бұл аудан әлемнің түрлі елдерінен келетін туристер назарын аударатын таңғажайып көркем жер.

Батысында Арал теңізінен бастап, шығысында Жоңғар қақпасына дейінгі және солтүстігінде Балқаш көлі мен Бетпақ дала шөлінен республиканың оңтүстігіндегі шекарасына дейінгі орасан зор аумақты Оңтүстік Қазақстан алып жатыр. Оңтүстік Қазақстанның аумағы батыстан шығысқа қарай шамамен 2000 шақырымға, солтүстіктен оңтүстікке қарай — шамамен 700 шақырымға созылады. Ол Батыс Қазақстаннан сәл кіші болғандықтан, аумағының көлемі жөнінен республикада екінші орын алады.

Осынау кең-байтақ аумақтағы кейбір аудандардың революцияға дейін өзара байланысы болмады. Мұндағы бірден-бір темір жол Орынбор — Ташкент магистралінің бір бөлігі ол кезде ауданның батысындағы халық сирек қоныстанған жерлермен өтіп, негізінен, транзиттік маңызы болды. Революциядан кейінгі жылдары жаңадан бірқатар темір жолдар мен автомобиль жолдарының салынуы нәтижесінде Оңтүстік Қазақстанның экономикалық-

географиялық жағдайы түбірімен өзгерді. Бұл көлік жолдары, ең алдымен, бүкіл Оңтүстік Қазақстанды біртұтас жүйеге біріктірсе, оның өзін Орта Азия республикаларымен, Батыс Сібірмен және Ресей Федерациясының еуропалық бөлігінің аудандарымен байланыстырды.

Оңтүстік Қазақстан халқының саны жөнінен республикада бірінші орын алады. Халқының жалпы саны – 6 млн. 363 мың адам. Мұнда Қазақстан халқының 38%-ынан астамы тұрады. Халқының орташа орналасу тығыздығы 1 шаршы шақырымға 9 адамнан келеді, бұл республика бойынша алғандағы орташа тығыздықтан едәуір жоғары және негізінен Тянь – Шань, Жоңғар Алатауы, Қаратау жотасы мен Сырдария өзені аңғарында шоғырланған. Ол жерлердегі халқының тығыздығы кейде 1 шаршы шақырымға 100 адамға дейін жетеді. Әсіресе, Алматы, Шымкент маңайы, Қаратал, Талас, Асы өзендері аңғарлары мен Сырдарияның төменгі ағысында халық жиі қоныстанған. Ол жерлердегі тұрғындардың тығыздығы 1 шаршы шақырымға 200 адамнан асады.

Алматы қаласының халқы 1 млн. 130 мың адамды құрайды. Шымкентте халық саны 393 мыңнан астам, Түркістан тұрғындары 78 мыңнан астам, Таразда 307 мыңнан астам, Талдықорғанда 119 мыңнан астам, Қызылорда қаласында 153 мыңнан астам.

Балқаш маңы, Мойынқұм, Бетпақдала, Арал маңындағы Қарақұм мен Қызылқұм шөл далаларында халық тым сирек қоныстанған – көбіне 2, тіпті 4 шаршы шақырымға 1 адамнан ғана келеді. Алайда көршілес жатқан Орта Азия республикаларындағыдай, мұндағы халықтың орташа орналасу тығыздығы бірдей емес, өйткені әдетте 1 шаршы шақырымға бірнеше ондаған адамнан келетін халық жиі қоныстанған елді мекендер мұнда халық сирек қоныстанған немесе тіпті мүлде қоныстанбаған шөлді аумақпен кезектесіп келіп отырады.

Халықтың басым көпшілігі Тянь-Шаньның, Жоңғар Алатауының тау бөктерлеріне, Қаратау жоталарына және суармалы егіншілік күшті дамыған Сыр бойына шоғырланған. Бұған керісінше, тау бөктерлері мен ірі өзендердің аңғарларына қарама-қарсы, Балқаш бойының, Мойынқұмның, Бетпақ даланың, Арал маңындағы және Қызылқұмдағы шөлді аумақтарда биік таулы аудандардағы секілді, халық өте сирек қоныстанған.

Революциядан кейінгі жылдары Оңтүстік Қазақстандағы қала халқының үлес салмағы бес еседен астам өсті. Қала халқы, ең алдымен, Алматы, Шымкент, Тараз, Қызылорда сияқты ірі қалаларда жоғары көрсеткіштерге жетсе, Текелі, Кентау, Қапшағай, Аралсульфат және басқа жаңа қалалар мен қала үлгісіндегі қоныстарда да халық саны едәуір өсті.

Оңтүстік Қазақстанда ауылды жерде тұратын халық басым (52%). Алматы, Шымкент, Тараз, Ленгір, Кентау, Жаңатас, Қаратау сияқты жаңа қалалар, Аралсульфат, Кировск сияқты жаңа қала типті елді мекендер пайда болды.

9.3 Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданының ірі қалалары

Оңтүстік Қазақстанда 65-тен астам қалалар мен қала үлгісіндегі елді мекендер бар. Республиканың басқа аудандарымен салыстырғанда мұнда кен байлықтарын игеруге байланысты немесе ауылшаруашылық шикізаттарын

ұқсату орталықтары және электр энергиясын өндіретін орталықтар ретінде пайда болған жаңа қалалық елді мекендермен қатар, сауда және ұсақ қолөнер орталықтары ретінде ежелгі керуен жолдарында бой көтерген өте ескі қалалар да бар. Оларға Қазақстанның ежелгі қалалық елді мекендері болып есептелетін Тараз және Шымкент қалалары жатады. Оңтүстік Қазақстанның тау бөктерлеріндегі көптеген қалалық елді мекендерге тән нәрсе – олар, негізінен, тау өзендерінің таудан жазыққа шыққан жерлеріне орналасқан. Бұл жерлерде кейін халық жиі қоныстанып, көлемі әр түрлі суармалы егіншілік ошақтары, жеміс бақтары, бақшалар пайда болды.

Шымкент — Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы, республиканың ең ежелгі қалаларының бірі. Ол Өгем тау жотасының етегіндегі жазықта, Сайрам және Бадам өзендерінің аралығында, Арыстан Тараз бен Алматыға қарай темір жол өтетін тұсқа салынған.

Қазір Шымкенттің негізі қаланғанына 800 жылдай уақыт болды. Ол XII ғасырда-ақ Орта Азиядан Қытайға баратын думанды сауда жолының бойында пайда болған. XIX ғасырдың басында Шымкент Қоқан хандығының құрамында болды. 1864 жылы қала қоқандықтардан Ресей бодандығына өтті. Қазан революциясының қарсаңында Шымкент, негізінен, ұсақ қолөнершілер тұратын шағын қалашық еді. Қаладағы жартылай қолөнермен айналысатын өнеркәсіп орындарының ішінен ол кезде әлемдегі бірден-бір кәсіпорын сантонин зауытын ерекше атап айтуға болады.

Революциядан кейінгі жылдар ішінде Шымкент республиканың маңызды өнеркәсіп орталықтарының біріне және халқының саны жөнінен Қазақстанның Алматы мен Қарағандыдан кейінгі үшінші қаласына айналды. Қаратаудағы қорғасын кен орнының игерілуі, мақта егісінің ұлғайтылуы және Түрксіб темір жолының салынуы Шымкентте өнеркәсіптің дамуына себепші болды. Түрксіб темір жолының салынуы нәтижесінде қала Орта Азиядан Сібірге және Мәскеуден Алматыға баратын жол торабына айналды.

Қаланың аса маңызды кәсіпорны – қорғасын зауыты соғысқа дейін салынған. Химия-фармацевтика және ұста-жаныштау жабдықтары зауыттарының даңқы баршаға мәлім. Мақта тазартатын және май сығатын зауыттары, мақта-мата комбинаты, қаракөл, жеміс-консерві және басқа зауыттар ауылшаруашылық шикізаттарын ұқсатады. Қалада тоқыма, шұлық, тігін фабрикалары бар. Республикадағы аса ірі цемент зауыты жергілікті шикізатты пайдаланса, фосфор тұздары зауыты — Тараздан жеткізілетін шикізатты пайдаланып, жұмыс істейді. Таяуда мұнай өңдейтін зауыт салынды. Қазіргі Шымкент — маңызды мәдениет орталығы. Қалада республикадағы аса ірі жоғары оқу орындарының бірі — химия-технология және гуманитарлық университеттер, ондаған арнаулы орта оқу орындары және оннан астам кәсіптік-техникалық колледждер жұмыс істейді.

Түркістан – Қаратау жотасының батысында, тау етегіндегі құнарлы сұр топырақты жазыққа орналасқан. Қала Оңтүстік Қазақстандағы мақта өсіретін ежелгі аудандардың бірінің орталығына жайғасқан. Климатының құрғақ әрі ыстық болуы және Қаратаудан басталатын өзендердің суын жер суаруға пайдалану мұнда мақта шаруашылығын жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл жердің

өніп-өсу кезеңіндегі температурасының жиынтығы 4300 градустан асады. Ертеде Хазрет, кейінірек — Йасы деп аталған Түркістан қаласының негізі қаланған уақыт белгісіз болғанымен, ол XV ғасырда-ақ Самарқан мен Бұхардан Хиуа мен Еділге, Солтүстік Қазақстан мен Сібірге баратын маңызды керуен жолындағы ірі қолөнер және сауда орталығы болған. 1897 жылы Түркістанда Шымкенттің халқындай 11,3 мың адам тұрған. Қалада жүздеген сауда орындары, қырық шақты кәсіпорын, оның ішінде мақта тазартатын төрт жартылай майдагер зауыт, бірнеше шағын май айыратын, сабын қайнататын және бір тері зауыты болған. Түркістан сонымен қатар мал айдап өтетін және мал соятын ірі орталық болып есептелетін.

1906 жылы қаланың оңтүстік-батысында 5 шақырым жерден Орынбор — Ташкент темір жолы салынғаннан кейін Түркістанның маңызы күрт кемиді, бірақ Түркістан станциясының және кейінірек осында пайда болған Борисовка қонысының маңызы артады.

Қазіргі уақытта қалада мақта тазартатын және май зауыты, одан 30 шақырым жерде алебастр зауыты жұмыс істейді. Жөндеу-механика және малазықтық антибиотиктер зауыты — қаладағы жаңа кәсіпорындар. Қаланың ескі бөлігі мен жаңа бөлігі айқын байқалады. Қаланың жаңа бөлігі жақсы көгалдандырылған, арықтарында сылдырап су ағады. Ежелгі ескерткіш ~ ақын әрі XI—XII ғасырларда ісләмді уағыздаушы Қожа Ахмет Йассауи кесенесі — қаланың көрікті орындарының бірі. Бұл кесене Самарқан билеушісі Темірдің бұйрығымен XIV—XVI ғасырларда тұрғызылған. Түркістанның оңтүстігінде Ежелгі Отырар қаласының маңындағы Темір елді мекенінде 1405 жылы Қытайға жасаған жорығынан қайтып келе жатып Ақсақ Темір қайтыс болған.

1991 жылы ірі жоғары оқу орны ~ қазақ-түрік университетінің ашылуына орай Түркістанның тарихи-мәдени маңызы арта бастады.

Университет ғылымның көптеген салалары бойынша, мамандар даярлайды. Бұл оқу орнында Таяу және Орта Шығыс елдерінен келетін жастар да оқитындықтан, оның халықаралық мәртебесі жоғары.

Тараз – облыс орталығы, Талас өзенінің темір жолмен қиылысқан жеріндегі дөңеске, Талас–Асы жазиралы алқабының орталығына орналасқан.

Тараз — Қазақстанның ең ежелгі қалаларының бірі. Бұл «Ұлы Жібек жолындағы» ірі сауда орталығы болған. Кейін монғолдар шапқыншылығы кезінде құлдырап, XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында ғана қайтадан бой көтерді. Мұнда қоқандықтар бекініс тұрғызды. Оның қасынан Орта Азия қалаларына тән қисық әрі тар көшелері, терезелері аулаға қаратылып, кілең сазбалшықтан салынған үйлері бар Әулиеата қаласы өсіп шықты. Ол ірі сауда және қолөнер орталығына айналды. Бұл жерден солтүстікте Астана мен Омбыға және оңтүстікте Ферғана мен Ташкентке баратын» керуен жолы басталған.

1864 жылы Әулиеата қоқандықтардан босатылды. Осыдан кейін қаланың ескі бөлігінің қасынан кірпіш үйлерден тұратын, ұзын әрі кең көшелері мен саябақтары бар жаңа қала пайда болды. Қала Ташкенттен Бішкек пен Верныйға баратын қатынас жолының үстінде болып шықты. Мұнда

ауылшаруашылық шикізаттарын бастапқы ұқсататын шағын кәсіпорындар пайда болды.

Қазіргі Тараз – ірі өнеркәсіп орталығы және көлік жолдарының торабы. 30-жылдары Талас–Асы алқабында қант қызылшасы егісінің пайда болуы және соғыстан кейінгі жылдары Қаратаудағы жоғары сапалы фосфорит қорының игерілуі де қала өнеркәсібінің дамуына септігін тигізді. Мұнда тамақ, жеңіл және химия өнеркәсібінің ірі кәсіпорындары құрылды, ол жөнінде Қаратау-Тараз аумақтық-өндірістік кешенін сипаттаған сәтте айтып өткенбіз. Тараз республиканың жақсы көгалдандырылған қалаларының бірі.

Талдықорған – ХІХ ғасырдың 70-жылдарында пайда болған бұрынғы Гавриловка ауылы, қазір Алматы облысының орталығы. Ол Қаратал өзенінің сол жағасына орналасқан. Бұл — жергілікті ауылшаруашылық шикізаттарын ұқсататын ірі орталық. Мұнда жеміс-консерві зауыты, тігін және жиһаз фабрикалары, құрылыс материалдары комбинаты жұмыс істейді. Қала маңындағы Көксу және Қарабұлақ қоныстарында қант зауыттары бар. Қала шетіне аккумулятор зауыты салынған. Бұл зауытты экология тұрғысынан таза ету үшін қазір ағылшын фирмаларының біріндегі мамандардың көмегімен ол қайтадан жабдықталуда. Осының нәтижесінде зауыт көп ұзамай-ақ санитариялық нормаға сай жұмыс істейтін болады. Қалада гуманитарлық университет, театр, орта оқу орындары бар. Қала жақсы көгалдандырылған, кейбір көшелерінде екі жақта өсіп тұрған ағаштардың бұтақтары біріне-бірі қарама-қарсы созылып, кейде қосылып та кеткен.

Қызылорда – облыс орталығы. Бұл ХІХ ғасырдың басында қоқандықтар тұрғызған бұрынғы шағын Ақмешіт бекінісі. Оны орыстар жаулап алған соң, 1853 жылы Перовск қалашығы деп атады. Революциядан кейін қала өзінің бұрынғы атымен Ақмешіт деп аталды, ал 1925 жылы Қазақ Автономиялы Республикасының астанасы Орынбордан осында көшірілуіне байланысты ол Қызылорда болып аталды.

Революциядан кейінгі жылдары қала адам танымастай өзгерді. Оның ескі бөлігінен әлі де саз балшықтан жасалған үйлер ұшырасқанымен, енді олар қазіргі Қызылорданың келбетін көрсете алмайды. Қаланың жаңа аудандары, орталық және вокзал маңындағы бөліктері көп қабатты үйлерден тұрады, соңғы жылдары мұндай үйлер Қызылорданың оңтүстік және солтүстік бөліктерінде де бой көтерді. Университеттің, политехникалық, медицина және педагогика колледждерінің оқу ғимараттары қаланы сәндендіре түсті.

Қала төңірегінде ашылған маңызды қазба байлықтар жоқ. Сондықтан Қызылордада, негізінен, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің салалары дамыған. Күріш тазартатын, былғары, сыра зауыттары, ет және сүт комбинаттары, аяқ киім фабрикасы – қаланың ірі кәсіпорындары. Қалада күріш сабаны мен Сырдария өзенінің аңғарындағы құрақты пайдаланатын целлюлоза-картон комбинаты салынған. Жуық арада Құмкөл мұнай кенін игеруге байланысты қалада «Харрикейн-Құмкөл мұнай» акционерлік қоғамы жұмыс істей бастады.

Алматы – республикалық дәрежедегі қала. Қала республиканың оңтүстік-шығысына, Тянь – Шань тау жүйесінің жалғасы болып саналатын Іле Алатауының бөктеріне, теңіз деңгейінен 750-880 м биіктікте, Үлкен және Кіші

Алматы өзенінің таудан шыға берісіне 1929—1931 жылдары салынған Семей—Құлан (Түрксіб) темір жолынан 9 шақырым оңтүстікке орналасқан.

Ол Іле әскери бекінісі ретінде 1854 жылы пайда болған, алайда қаланың тарихы *ғасырлар тереңінен басталады*. Бұл жерде орта ғасырдың бас кезінде сауда және қолонермен айналысатын Алимату деген елді мекен болған, ол арқылы Византия мен Орта Азиядан Қытайға баратын керуен жолы өткен. XIII ғасырда қаланы монғолдар жермен-жексен еткен. Кейінірек қала бірде қалпына келсе, бірде қайтадан шапқыншылардың қиратуына ұшыраған.

Көп кешікпей Іле бекінісінің, ал 1855 жылдан бастап Верныйдың айналасына казактар мен Сібірдің және Ресейдің еуропалық бөлігінен қоныс аударған шаруалар орнығып, Үлкен және Кіші Алматы казак станицаларын құрған, 60-жылдары Семейден шыққан татарлар және ішінара Шығыс Түркістаннан келген ұйғырлар мен дүнгендер мекендеген Татар қыстағы пайда болды. Ол кезде қалада тұратын қазақтар өте аз еді, олар қала тұрғындарының 6%-ы ғана болды. Сонымен, Верный өзі пайда болған күннен бастап көп ұлтты қалаға айналды. Ол 1867 жылдан бастап жаңадан құрылған Жетісу облысының орталығы болды.

Верный XIX ғасырдың аяғынан бастап белгілі сауда орталығына айналды. Бұған қаланың географиялық орнымен бірге Семей, Ташкент және Батыс Қытайдағы Құлжаға баратын маңызды керуен жолының торабына орналасуы да жағдай туғызды.

Қазан революциясынан кейін, 1921 жылы Верный Алматы болып атанды. Ол 1924 жылдан бастап Жетісу губерниясының, кейінірек — Қазақ АССР-і Алматы округінің орталығы болды. 1929 жылдың мамырында бұл қалаға Қызылордадан республиканың астанасы көшірілді, ал бір жыл өткен соң Түркістан—Сібір темір жолы қатарға қосылып, қала өзінің бүкіл тарихында тұңғыш рет Қазақстанның және басқа елдердің аудандарымен темір жол байланысын орнатты. Осы уақыттан бастап Алматыда ірі өнеркәсіп, мәдени-ағарту және коммуналдық-тұрмыстық құрылыс өрістетілді. Қала тез өсіп, көп кешікпей халқының саны жөнінен республиканың барлық қалаларын басып озды.

Қазіргі Алматы — республиканың ондаған зауыттары мен фабрикалары бар аса ірі өнеркәсіп орталықтарының бірі. Мұнда тамақ және жеңіл өнеркәсіп салалары басым. Олар өнеркәсіп орындары өндіретін өнімнің 70%-дан астамын береді. Тамақ өнеркәсібінің барлық аса маңызды кәсіпорындары, негізінен, жергілікті шикізаттарды пайдаланып, жұмыс істейді. Олардың көпшілігі өз өнімдерінің басым бөлігін басқа қалаларға жөнелтеді, ет-консерві және жеміс-консерві комбинаттарының республикааралық маңызы бар.

Алматының жеңіл өнеркәсібі тамақ өнеркәсібіне қарағанда, жергілікті шикізатты да, сондай-ақ сырттан әкелінетін шикізатты да пайдаланады. Мұнда мақта иіру, тоқыма, тігін және аяқ киім фабрикалары жұмыс істейді. Ескі иленбеген қайыс-бұйым зауыты тері комбинаты болып қайта жабдықталды, қалада ірі жиһаз фабрикасы бар. Алайда жылына 77 миллион метр мата шығаратын мақта-мата комбинаты жеңіл өнеркәсіптің ең ірі кәсіпорны болып саналады.

Қаланың ауыр өнеркәсібі бірнеше машина жасау және жөндеу-механикалық зауыттарынан тұрады. Бұл саладағы аса ірі кәсіпорын – ауыр машина жасау зауыты (АЗТМ). Ол домна пештері үшін күрделі жабдықтар, сондай-ақ болат, мыс, алюминий сымдары мен кіші диаметрлі түтіктер жасауға арналған созу стандартын шығарады. Қалада станок жасау зауыттары және көлік құралдарының қажетін өтейтін вагон жөндеу, аспаптар жөндеу, подшипник жөндеу, шина жөндеу және автомобиль жөндеу зауыттары секілді бірқатар кәсіпорындар бар. Кейбір кәсіпорындар ауылшаруашылық машиналарына қосалқы бөлшектер шығарады. Жылу электр станциялары, Іле өзеніндегі Қапшағай СЭС-і, Үлкен Алматы езеніне салынған су электр станциялар тобы қаланы электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

Алматы – Қазақстанның ғылым мен мәдениет орталығы. Мұнда республиканың Ғылым академиясы, он бестен жоғары және соншама арнаулы орта оқу орындары, көптеген кітапханалар, театрлар бар. Алматы – бірін-бірі тік қиып өтетін түзу көшелері, жер сілкінуін көтеретін биік үйлері, жаңа алаңдары бар республиканың әсем қалаларының бірі. Жақсы көгалдандырылған бұл қаладан жазғы ыстықтың өзінде де салқын леп есіп тұрады.

9.4 Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданының шаруашылығы

Бұрынғы ХІХ ғасырдың ортасына дейін Оңтүстік Қазақстанның халқы, негізінен, көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Бұған маусымдық жайылымдардың бір-біріне жақындығы, атап айтқанда, жазғы жайылымдардың тауда, қысқы жайылымдардың шөлді жазықтар мен ірі өзендердік аңғарларында, ал көктемгі, күзгі жайылымдардың тау бөктерлерінде орналасуы барынша қолайлы жағдай туғызды. Мұнда суармалы егіншіліктің де айтарлықтай маңызы болды. Арыс, Келес және Талас өзендерінің алаптарында суармалы егіншілікпен шұғылданды. Дәнді дақылдар өсіріп, бау-бақша жүзім отырғызды. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында аудан экономикасының дамуына қазақ және орыс-украин шаруаларының көшіп келуі зор ықпал етті. Көшіп келушілерге Жоңғар Алатауының солтүстік және батыс бөктерлеріндегі, Іле Алатауы мен Қырғыз жотасының солтүстік беткейлеріндегі егіншілікке барынша қолайлы жерлер бөлініп берілді.

Ол кезде өнеркәсіп шитті мақта, жүн, теріні бастапқы өңдеумен айналысатын. Шымкенттегі сантонин зауыты, Қарғалыдағы шұға фабрикасы, Верныйдағы сыра зауыты мен темекі фабрикасы едәуір ірі кәсіпорындар болды. ХІХ ғасырдың аяғынан бастап Ленгірдің қоңыр көмірі, аздаған мөлшерде Қаратаудың полиметалл кендері игерілді. Алайда ортақ темір жол байланысының жоқтығы Оңтүстік Қазақстан өнеркәсібінің дамуын тежеді.

Революциядан кейінгі жылдары Оңтүстік Қазақстан экономикасында түбегейлі өзгерістер болды, 20-жылдардың өзінде-ақ барлық ауыл тұрғындарының жер мен су жөніндегі аумақтарын теңестіру үшін жер-су реформасы жүргізілді, ал кейінірек — көшпелі және жартылай көшпелі қазақ

халқын жерге отырықшыландыру мақсатымен бірқатар маңызды шаралар іске асырылды. Соғысқа дейінгі бесжылдықтар тұсында Түркістан — Сібір темір жолы мен ауыр және жеңіл өнеркәсіптің бірқатар кәсіпорындары салынды. Қызылорда Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында ірі суландыру жүйелерін салу жұмыстары өрістетіліп, техникалық және дәнді дақылдар егісін әлдеқайда ұлғайтуға мүмкіндік берді. Соғыстан кейінгі жылдары жаңа темір жолдар мен автомобиль жолдары қатарға қосылды, Қаратаудың фосфориті игеріле бастады, жеңіл, ауыр және тамақ өнеркәсібінің жаңа ірі кәсіпорындары пайда болды. Осының нәтижесінде Оңтүстік Қазақстан өнеркәсіп өнімдерін өндіру жөнінен республикада жетекші орынға ие болды.

Қазіргі шаруашылық Революциядан кейінгі уақытта ауыр өнеркәсіптің қауырт дамуына Оңтүстік Қазақстанның қазіргі *шаруашылығының мамандануында аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларының жиынтығы – егіншілік-индустриялық және мал шаруашылық-индустриялық циклдер жетекші орын алады.* Сонымен бірге, мұнда айқындаушы өндіріс салалары болып табылатын металлургия, кен-химия және машина жасау өнеркәсібі жақсы дамыған. Оңтүстік Қазақстанда *егіншілік-индустриялық циклдің* мамандануын Солтүстік Қазақстандағы секілді, дәнді дақылдар емес, техникалық дақылдар, негізінен алғанда, мақта мен қант қызылшасы анықтайды.

Бақылау сұрақтары:

1. ҚР-ның тамақ және жеңіл өнеркәсібінің қазіргі жағдайы, мақсаты рөлі
2. Тамақ және жеңіл өнеркәсіпорындарының дамуының негізгі мәселелері
3. Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданының ірі қалалары
4. Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданының шаруашылығы

10 ӨНДІРІСТІ ШОҒЫРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТЕГІ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ӨЛШЕМДЕРІ

10.1 Өнеркәсіпорындарының шоғырлануы

Экологиялық мәселелердің алдын-алу үшін түрлі жобалар, акциялар және бағдарламалар іске асырылуда. Солардың ішіндегі ең тиімдісі – қалдықтарды қайта өңдеу. Осы бағытта Қарағанды облысы өзге өңірлермен салыстырғанда оқ бойы алда. Мәселен, Қарағандыда ғана бар «Есо Truck» жобасына Қазақстан ғана емес, Ресей мемлекеті де қызығушылық танытуда. Сондай-ақ, ескі машиналарды қайта өңдейтін Орта Азиядағы ең ірі зауыт та біздің облысымызда. Өңір тәжірибесімен танысуға Нұр-Сұлтаннан арнайы келген БАҚ өкілдерімен бірге, бірқатар өнеркәсіп орындарының жұмыстарымен біз де танысып қайттық.

Әуелгіде пластик бұйымдарды қайта өңдейтін «Есо Truck» жылжымалы қабылдау бекетінің жұмысы таныстырылды. Жүк көлігіне орнатылған шағын зауыт күніне 5-6 тонна пластикті ұсақтауға қауқарлы. Жылжымалы зауыт облыстағы елді мекендерді аралап, пластик қалдықтарын өңдеуді қолға алмақ. «Есо Truck» жобасына Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының білім беру мекемелері қызығушылық танытуда. Бұл жобаның басты мақсаты – мектеп оқушылары арасында қалдықты сұрыптауға, оларды қайта өңдеуге жіберу арқылы қоршаған ортаны таза ұстауға шақыруды көздейді.

«ГорКомТранс» ЖШС – Қарағанды қаласындағы тұрмыстық қалдықтарды жинайтын ең ірі кәсіпорындардың бірі. Отыз жылдан астам тарихы бар компания күніне 500 тоннаға дейін тұрмыстық қалдық жинайды. Кәсіпорынның сұрыптау лентасынан жылына жүз тоннаға дейін қайта өңдеуге жарамды қалдықтар іріктеліп алынады. Оның ішінде пәт-бөтелкеден бастап, картон, полиэтилен, шыны, алюминий сияқты бас-аяғы 12 түрлі шикізат бар. Сондай-ақ, пластик пен картонды бөліп жинауға арналған қоқыс жәшіктері де бар.

– Кәсіпорын жылына 30 мың тонна қалдықтарды өндеп, 15 МВатт электр қуатын өндіреді. Алдағы уақытта Кеңгір кентінде қоқыстарды өңдейтін биоэлектр станциясы салынады. «Kaz Green Energy» ЖШС құрылысқа 8,2 млрд. теңге салуды көздеп отыр. Зауыт жылына жүз тоннаға дейін қатты қалдықтарды қайта өңдейтін болады. Қазір Еуропа мен Түркияда осындай

биоэлектрстанциялары бар инвестор «Э-Грин» компаниясымен келіссөздер жүргізілуде, – дейді «ГорКомТранс» ЖШС директорының орынбасары Марат Беймағамбетов.

Мемлекет тарапынан 4,74 млрд. теңге өтемақы төленетінін де айту керек. Жиналған және өңделген қаптама және электроника қалдығының жалпы көлемі – 161 627 тонна.

Қазақстанда ескі автокөліктерді жинау және қайта өңдеу жұмыстары жалғасуда. Бүгінгі таңда ескі көлігін жоюға тапсырғандарға 11 млрд. теңгеден астам өтемақы төленіп, отандық жаңа автокөліктерді сатып алуға 19 395 жеңілдік сертификаттары табысталған.

Осы бағытта еселі еңбек етіп отырған Қарағандыдағы «Recycling Company» ЖШС – ескі көліктерді қайта өңдейтін Орта Азиядағы ең ірі зауыт. Кәсіпорын жылына 50 мың автокөлік өңдейтін мүмкіндігі бар. Тозығы жеткен көлікті жоюға қабылдау бағдарламасы іске қосылғалы Қазақстан бойынша 116 мыңнан астам автокөлік қабылданған. Бүгінгі күнге дейін зауыт 97 271 көлікті қайта өңдеуге жіберген.

Сонымен қатар, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы бойынша, еуропалық өндірістің ұсақтау бөлігі пайдалану мерзімі шегіне жеткен көліктердің 50 мыңға жуық қосалқы бөлшектерін кәдеге жаратуға және оларды металлломға айналдыруға мүмкіндік береді. Түсті, қара металдардың қалдықтарынан және олардың құймаларынан алынатын өнім аймақтың металлургия өндірістеріне жеткізіледі. Ал, металл қалдықтарын балқыту үшін балқыту цехында қуаты жылына 7 мың тонна қара және түсті металл балқытатын 4 индукциялы пеш орнатылған. Зауытта металдың сапасын тексеруге, оның құрамында шоғырланған әр түрлі элементтерді анықтауға мүмкіндік беретін жеке өндірістік зертхана жұмыс істейді.

Көліктің пайдаланылған майларын жинап, қайта даярлайтын пиролизді цех жылына 7 мың тоннаға дейін май өндіретін қуаты бар жоғары нәтижелі кешен болып табылады. Неге десеңіз, пеш отын майының жылу шығару қабілеті мен үнемділігі, жоғары нәтижелілігін оның кең таралуын және әр түрлі салаларда қолданылуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, синтез-газ пиролиз де – кешеннің өнімі.

Кәсіпорын басқа да бөлшектерді, яғни, әйнекті, резинаны да бөліп жинап, пластиктен зауыттың материалдық-техникалық жабдықтары мен жеке қоры есебінен жүзеге асырылатын кәдеге жаратудың толық өндірістік циклын құрайтын 2 фракция шығарады.

Жаңа бағдарлама талабы бойынша жоюға ескі М1 санатындағы жеңіл автокөліктен бастап, М2, М3, N2, N3 санатындағы жолаушылар тасымалдайтын және жүк көліктері қабылданады. Көлік құралдарының шығарылған жылына, моделіне қатысты ешқандай шектеу жоқ. Сондай-ақ, ескі техниканы өткізушіге берілетін сертификатпен Қазақстанда өндірілген жаңа көлікті жеңілдікпен алуға болады. Сертификат құны тапсырылатын көлік құралының санатына байланысты 315 мың теңгеден 750 мың теңге аралығында. Ал, тапсырған ескі көлігіңіздің бағасы 90 мың теңгеден бастап бағаланады.

Облыс әкімдігінің келісімімен технологиялық мамандық студенттері үшін білім беру бағдарламасы іске қосылған. Бүгінгі таңда компанияда 120 жоғары білікті мамандардан қызмет етеді.

Тозығы жеткен көлік құралдарын жою бағдарламасы отандық парктің жаңаруына, Қазақстандық автоөндірісті ынталандыруға және кәдеге жарату саласының инфрақұрылымын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

БАҚ өкілдері ат басын тіреген соңғы кәсіпорын – «Ecoindustry» ЖШС жылына 4 мың тоннаға дейін тозығы жеткен шиналарды қайта өңдейді. Нәтижесінде шина түйіршіктері алынады. Дайын шикізаттан жол төсемдері мен басқа да тұрмысқа қажетті өнімдер шығарылады. Кәсіпорын 30 адамды жұмыспен қамтып отыр.

10.2 Өндірістің шоғырлану деңгейінің көрсеткіштері және оларды анықтаудың формалары мен әдістемесі.

Нарықтық қатынастарға өтуде өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі құраушысы оның сапасы болып табылады. Өнімнің жоғарғы сапасы – кәсіпорын қызметінің ең маңызды нәтижелі көрсеткіші. Ол нарықта кәсіпорынның барлық артықшылығын, оның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Соңғы кездері бұл мәселенің өткірлігі елеулі дәрежеде өсті. Бұл нарықтағы көптеген кәсіпорындардың монополиясы жоюмен, өнімнің тұтыну қасиетіне қоғамдық сұраныстардың үнемі өсуімен, ғылыми-техникалық прогресс нәтижесінде өнімнің рухани ескіруінің жеделдеуімен байланысты. Өнім сапасын үздіксіз көтеру, оның номенклатурасын жаңарту, өнімнің ғылыми сыйымдылығын арттыру әлемдік деңгейдегі алдыңғы қатарлы барлық озат фирмалар қызметтерінің басты мақсаты болып табылады.

Өнімнің жоғары сапасы фирмаға бағалы емес бәсекеде жеңіске жетуді, яғни, өнім сапасының жоғарырақ параметрлеріндегі артықшылық пен ерекшелігі арқасында тұтынушы үшін бәсекелес-фирмалар арасындағы экономикалық жарыста жеңіске жетуді қамтамасыз етеді. Ел басымыз Н.Назарбаевтың жолдауында айтылғандай: “Қазақстанның экономикалық дамуындағы сапалық серпілісті әлемдік экономикаға кірігудің қажетті шарты ретінде пайымдай отырып, төмендегі бағттарға баса назар аудару керек деп санаймын: Ел экономикасындағы тұрлаулы, әрі серпінді сипатын ұстап тұру үшін мемлекет қазынагерлік, кредит-ақша саясатының, өндірістің негізгі факторларын тиімді қайта бөлуді мемлекеттік реттеу тетіктерін пайдаланып, жоғары сапалы өнім мен қызметке деген сұранысты көтермелеп отыруға міндетті”.[8]

Қазақстан үшін бәсекеге қабілетті өнім өндірудің басты нәтижесі ішкі нарықпен жалпы ішкі өнім көрсеткіштерін арттыру, экспортты ұлғайту мен валюталық түсімдерді көбейту; бюджетке салық түсімдерін қалыптастыру; халықты еңбекпен қамту; саяси-әлеуметтік тұрақтылық болуы тиіс.

Бүгінгі күні басты мақсат тек қана өндірісті жандандыруға бағытталып қоймай, өндіріс мекемелерінің инновациялық белсендігін көтеруге, өнім сапасын арттыруға, өндіріске жаңа жаңа технологияларды ендіруге, сол арқылы қолдағы бар ресурстарды тиімді пайдалануға аз шығын шығарып, сапалы әрі мол өнім өндіруге, өнімнің өзіндік құнын арзандатып, еңбек өнімділігін арттыруға да бағытталуы тиіс.

Айта кеткен жөн, бүгінгі күнде еліміздің көптеген компаниялары өз операцияларын елімізден тыс жерлерде жүргізеді, бұл Қазақстанда трансұлттық компаниялар тобы қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Бұдан, Қазақстан тауар өндірушілер арасында да бәсекелестік пен өндірілген өнім сапасын жақсартуға арналған тиімді шаралардың жүзеге асырылуы жөн.

Өнімге, өнім сапасына, бағасы мен бәсекелестігіне кеткен шығындар мен тиімділігіне, өндірістің барлық құрылымдары мен материалдық-техникалық базасына тынғылықты талдау жасалыну арқылы, кәсіпорын экономикасының негізін түсінуге болады.

10.3 Сапаның экономикалық мәні мен оның көрсеткіштері

Өнім сапасы дегеніміз өнімнің атқаратын міндетімен сәйкес қажеттілік анықтамасын қанағаттандыруға жарамдылығын қамтамасыз ететін өнім қасиеттерінің жиынтығы түсіндіріледі.

Нарықтық қатынастарға өтудің қазіргі кезеңдегі жағдайларында кәсіпорынға өзінің тауарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету өте маңызды. Бәсекеге қабілеттіліктің қазіргі заманғы теориясы, Майкл Портердің кітаптарынан бастау алады. Майкл Портер бәсекелік артықшылықтың үш түрін бөліп көрсетті: шығындар бойынша артықшылық, саралау және бір нәрсеге бейімделу.

Шығындар бойынша артықшылық – бұл фирманың бәсекелестерге қарағанда аз шығындала отырып, тауар өндеу, өндіру және өткізу қабілеті. Басқа сөзбен айтқанда, бұл артықшылыққа жету үшін кәсіпорын аз шығындармен және өте аз мерзім ішінде тауар өндеу, өндіру және өткізуді ұйымдастыру қажет.

Саралау деп сападағы артықшылықты, соның ішінде, өнімнің ерекшелігін, тұтынушыларға сервистік қызмет көрсетудегі артықшылықты айтамыз, осы арқылы тауар тез сатылады, ал кәсіпорынның өнімі бәсекелестеріне қарағанда жоғары бағаланады.

Бір нәрсеге бейімделу фирманың күш-қуаттарының тұтынушылардың қандай да бір тобына немесе арнайы бір географиялық нарыққа бағытталуы болып табылады.

Өнім сапасының бәсекеге қабілеттілік стратегиясы фирманың бәсекелік артықшалық түрлерінің бірін таңдауы негізінде құрылады: не тұтынушыларды өзінің өнімдерінің басқа өндірушілердің ұқсас өнімдеріне қарағанда салыстырмалы арзандығымен қызықтыра отырып, шығындардың артықшылығын көрсетумен; не тұтынушылардың тауардың жоғары сапасына

қызығушылығын тудыру арқылы бейімделуді таңдау. Бәсекеге қабілеттілік стратегиясын таңдау көптеген бірқатар факторларға тәуелді болады, олардың ең маңыздыларына мыналар жатады: кәсіпорынның экономикалық потенциалы, оның тауар нарығындағы қаржылық жағдайы, тұтыну нарығындағы фирманың беделі және фирмалық белгінің атақтылығы.

Кез келген өнімнің тұтыну қасиеттері сапа көрсеткіштерінде көрініс табады.

Сапа көрсеткіштері бірлік, кешендік, интегралдық сапа көрсеткіштері болып бөлінеді.

Бірлік көрсеткіштер өнімнің жекелеген пайдалы қасиеттерін сипаттайды. Жиынтықта олар өнім сапасының техникалық-экономикалық деңгейін анықтайды. Сапаның кешендік көрсеткіштері қасиеттер тобын анықтайды. Интегралдық көрсеткіш – бұл өнімнің пайдалы қасиеттері мен осы қасиеттерді қамтамасыз етуге кеткен жиынтық шығындарды саластыру.

Жеке көрсеткіштер үлкенекі топқа бөлінеді: сыныптау (классификация) және бағалау.

Сыныптау көрсеткіштері өнімнің сыныптау жүйесінде белгілі бір топқа жататының сипаттайды және өнімнің қызметін, пайдаланылу аймағын және пайдалану шартын анықтайды. Сонымен, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өнімдерінің барлық түрлері жүйелендірілген, кодтық белгілері бар, мысалы, жалпы ресейлік өнімдер сыныптаушысы. Жалпы ресейлік өнімдер сыныптау өнім топтарын қалыптастыру үшін қолданылады және өнім сапасын бағалауға қатыспайды.

Жеке көрсеткіштер 11 топқа бөлінеді:

1. Белгілеу көрсеткіштері өнімнің өзіне арналған қызметін орындаудағы (құрал-жабдықтардың өнімділігі, электр двигательдерінің қуаты, автомобильдің жүк көтеруі және т.б.) басты қасиеттерін сипаттайды және оның қолданылу аймағын анықтайды.

2. Сенімділік көрсеткіші 4 бірлік көрсеткіштерімен сипатталады: бұйымның тоқтаусыздығы, сақталушылығы, жөндеуге жарамдылығы, ұзақ мерзімділігі. өнімнің ерекшелігіне, оны пайдалану шарттарына байланысты сенімділік көрсеткіші не барлық төрт бірлік көрсеткіштерімен, не олардың бірімен сипатталады.

3. Технологиялық көрсеткіштер. Технологиялық бұйым конструкциясының берілген өндіру көлеміндегі үйлесімді өндірістік, технологиялық шарттармен сәйкес келу дәрежесімен сипатталады. өндірудің берілген көлемінде пайдалану талаптарын қанағаттандыратын және ең аз өндірістік шығындарды қамтамасыз ететін конструкция технологиялық деп есептеледі. Ол мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

- ресурс тұтыну, яғни, өнім өндірісіне кеткен материал, отын, энергия, еңбек шығындары;

○ ресурс сыйымдылық — өнімнің материал сыйымдылығы, энергия сыйымдылығы және еңбек сыйымдылығы.

4. Стандарттау мен үйлестіру көрсеткіштері өнім бөлшектері атауларының жалпы санындағы стандарттық, үйлестірілген және өзіндік бөлшектері атауларының қолданылу дәрежесімен анықталады. Өнім конструкциясын стандарттау және үйлестіру деңгейлерін көтеру оның әртараптандырылуымен, яғни, шығарылатын өнім номенклатурасының әртүрлілігімен үйлестіре отырып, оның стандартталған бөліктерінің жаппай өндірісін тәртіпке келтіруге мүмкіндік береді.

5. Эргономикалық көрсеткіштер өнім мен адамның өзара әрекетін, оның адам машина жүйесіне бейімделу дәрежесін көрсетеді. өнімді пайдалану кезінде пайда болатын жұмысшының гигиеналық, астрометриялық, физиологиялық және психологиялық қасиеттері кешенін сипаттайды.

6. Эстетикалық көрсеткіштер өнімнің сыртқы түрінің ақпараттық айқындылығын, жинақтың тұтастығын, дизайнын сипаттайды.

7. Патенттік-құқықтық көрсеткіштер өнім конструкциясындағы техникалық шешімдердің жаңару дәрежесін, оның патенттік қорғалуын және патенттік айқындығын сипаттайды және бәсекеге қабілеттіліктің елеулі белгісі болып табылады. Патенттік-құқықтық көрсеткіштерді анықтауда өнімде жаңа техникалық шешімдердің, сонымен қатар елде және шетелдерде өнімді кедергісіз сатуға мүмкіндік беретін патенттермен қорғалған шешімдердің болуы есепке алынады.

8. Тасымалдаушылық көрсеткіштері өнімнің тасымалдауға бейімділік дәрежесін көрсетеді.

9. Экологиялық көрсеткіштер қоршаған ортаға өнімді пайдалану немесе тұтыну кезінде пайда болатын зиянды әсер ету деңгейлерін сипаттайды, мысалы, қоршаған ортаға тасталатын зиянды қоспалардың болуы, өнімді сақтау, тасымалдау, пайдалану немесе тұтыну кезінде зиянды бөлшектерді тастау, газдар мен сәулелер тарату ықтималдылығы.

10. Қауіпсіздік көрсеткіштері өнімді пайдалану немесе тұтыну кезіндегі, оны монтаждау, қызмет көрсету, жөндеу, сақтау, тасымалдау және тұтыну кезінде адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өнім ерекшеліктерін сипаттайды.

11. Экономикалық көрсеткіштер сапаның жеке көрсеткіштері жүйесінде ерекше орынға ие. Олардың көмегімен өнімді өңдеу, өндіру және пайдалануға кеткен еңбек шығындары белгіленеді және оның тұтынудың экономикалық әсері есептеледі. Оларға мыналар жатады: бға, өзіндік құн, өнім рентабельділігі және өнімнің негізгі қызметінің абсолютті түрде де, көрсеткіш бірлігі түрінде де пайдалану шығындары.

Сапаның жалпы қорытынды көрсеткіштері, кәсіпорын шығаратын өнімнің жалпы сапасын сипаттайды. Олар-сатудың жалпы көлеміндегі бәсекеге қабілетті жоғары сапалы өнімнің көлемі мен үлес салмағы, жоғары сапалы өнім өткізуден кәсіпорынның алған пайдасы, өнімнің сорты, таңбасы. Сонымен қатар сапа көрсеткіштері абсолютті,салыстырмалы, заттық немесе құндық өлшемдерде бейнеленуі мүмкін.

Сапа деңгейі – салыстырмалы сипаттама. Талданылатын өнімнің сапа көрсеткіштерін үлгі-өнімнің ұқсас көрсеткіштерімен салыстыру арқылы есептеледі. Үлгі ретінде стандарттар, техникалық шарт, болашақ жаңа бейнедегі үлгі, шетелдiк ұқсас өнім алынады.

Сапаны қалыптастыруға кеткен шығындарға байланысты сапа деңгейі төмендегідей болып бөлінеді:

- өнімнің абсолюттік сапа деңгейі, өнімнің өндірісі толып жатқан экономикадан тыс ұғымдармен, соның ішінде, елдің қорғаныс қабілеттілігін,оның әлемдік нарықтағы беделін қамтамасыз ету шарттарымен, ғарыштық техниканың дамуымен т.б. ықпаламен жүргізілуі мүмкін;
- қауіпсіз сапа деңгейі, мұндай өнімді пайдалану қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі;
- сапаның экономикалық оптимальды деңгейі, яғни өнім өндірісі мен тұтынуға өте аз шығындар жұмсай отырып, қажеттілікті ең жоғары деңгейде қанағаттандыру. Интегралдық көрсеткіш негізінде анықталады. Азаматтық өнімнің көптеген түрлері үшін сапаның дәл осы оңтайлы деңгейі қолайлы.

Өнім сапасы көрсеткіштерінің барлық жүйесі кәсіпорынды басқарудың ұйымдық-экономикалық механизмінде кеңінен пайдаланылады. Көбіне шығарылатын өнім сапасын талдауда, өңдеуге жаңа өнім енгізгенде, болжамдау кезінде, сапаны болашақ және ағымдық жоспарлауда қолданылады.

Өнімнің қайта өңделетін түрлері бойынша үлгімен салыстырғандағы бірлік және кешендік сапа көрсеткіштері кәсіпорынның техникалық деңгейі мен сапа картасында, стратегиялық жоспарда, сонымен қатар, кәсіпорынның техникалық дамуының болашақтағы, ағымдық жоспарында көрсетіледі. Сериялық өндірісте игерілген өнім сапасының фактылық деңгейі стандарттар мен техникалық шарттар талаптарымен салыстырылады, соңында, ол тұтыну сферасында есепке алынады, мұнда кәсіпорынның маркетингтік қызметтері тұтынушылардың сапа көрсеткіштеріне қоятын талаптары мен сұраныстары туралы мәліметтер жинайды. Бұл мәліметтер сапаны қалыптастырудың барлық сатыларында сапа көрсеткіштеріне басқарушылық ықпалдар жасау кезінде негізге алынады.

Мысалы, бизнес-жоспардың “Тауарлар мен қызметтер түрлері” бөлімінде барлық өнім сапа деңгейіне байланысты топқа бөлінеді:

Жоғары сапалы өнім өзінің техникалық-экономикалық көрсеткіштері бойынша ұқсас бәсекелес тауарлардан артық болады. Көптеген жағдайларда бұл негізінен жаңа өнім болып табылады. Мұндай тауарлардың өндірушісі өз

пайдасын өнімге өте жоғары баға белгілеу есебінен де, нарықтығы өзінің үлесін арттыру есебінен де елеулі түрде көбейтуі мүмкін.

Бәсекеге қабілетті өнім негізінен сапаның жоғары деңгейіне сәйкес келеді, бірақ осы нарықтағы ұқсас тауарлар арасында орташа сапа деңгейін иеленуі де мүмкін. Соңғы жағдайда тауардың бәсекеге қабілеттілігіне жарнама және сатуды ынталандыру жөніндегі іс-шаралар есебінен қол жеткізіледі және ол, негізінде, баға құруға, сатудан кейінгі қызмет көрсетуге, жарнамаға, өткізу арналарын таңдауға және т.б. тәуелді болады.

Сапа деңгейі төмен өнімдердің тұтастай алғанда көптеген бәсекелестер өніміне қарағанда бірнеше нашар тұтыну қасиеттері болады. Бұл жағдайда фирманың нарықтық бағыты тұрақты болып қалуы үшін өндіруші мұндай тауарларға бағаны төмендету стратегияларын қолдануына болады.

Сапа деңгейі өте төмен өнімдер әдетте бәсекеге қабілетсіз, не тұтынушысын ешқашан таппайды, не тек өте төмен бағада ғана сатылуы мүмкін. Бұл жағдайда өндірушіге не мұндай өнімнің сапасын көтеру, не нарықта жаңа өнімдерге ауыса отырып, оны өндірістен алып тастау керек.

10.4 Өнім сапасын басқару жүйесі мен өнімді сертификаттау

Мелекеттік стандартқа сай, өнім сапасын басқару – бұл өнім сапасына әсер ететін жағдайлар мен факторларға мақсатты бағытта ықпал ету және сапаны жүйелі түрде бақылау арқылы жүзеге асырылатын өнімді өңдеу, өндіру, айналымы және пайдалану немесе тұтыну кезінде өнім сапасының қажетті деңгейін орнату, қамтамасыз ету және қолдау.

Өнім сапасын басқару жүйесі эволюциясының ХХ ғасырда бірнеше кезендері болды.

I кезеңде ХХ ғасырдың басында Ф.У. Тейлор сапаның жоғарғы және төменгі шектері, рұқсат етілген аймақ түсініктерін қамтитын жүйені ұсынды, сапа жөніндегі тәуелсіз инспектор қызметін, ақаулы және жарамсыз өнімдер шығаратындар үшін айыппұлдар жүйесін орнатты.

II кезеңде (20-50–ші жылдары) сапаны бақылаудың статистикалық әдістері дами бастады.

III кезеңде (50-80 жылдары) шетелдерде де, біздің елімізде де алғаш рет фирма ішілік жүйелер пайда болды. Бұл жүйелерде сапаны қамтамасыз ету әдістерін жалпы менеджмент негіздерімен үйлестіру басталды.

Россияда Саратовтың ақаусыз өнім өндіру (АӨӨ) жүйесі, Львовтың ақаусыз еңбек жүйесі, Горьковтің ССАӨР жүйелері сияқты жүйелер кеңінен танымал болды және кәсіпорындарда қолданыла бастады. АӨӨ жүйесінің мәні – әрбір жұмыс орнында технологиялық процесс талаптарын қатан сақтау және өнімдерін техникалық бақылау бөлімі алғаш талап еткен кезден бастап беру болып табылады. Басқару объектісі тек өндірістік саты мен жеке орындаушының еңбек сапасы болып табылады.

Львовтың ақаусыз еңбек жүйесі, ААӨ жүйесі сияқты, ең алдымен, тікелей орындаушылардың жоғары еңбек сапасына бағытталады, бірақ басқару объектісі өнімнің өміршеңдік циклының кез келген сатысы бола алады.

Горьковтің ССАӨР (сапа, сенімділік, алғашқы өнім ресурсы) жүйесінде негізгі басқару объектісі өндірісті жобалау және технологиялық дайындау сатылары болады, мұнда құрастыру және технологиялық құжаттардың жоғары деңгейі қамтамасыз етілуі керек, ал жаңа өнімнің тәжірбиелік үлгісі ресурстарды сынақтан өткізу негізінде сенімді және ұзақ мерзімді кепілдендірілген деңгейде болады.

Өнімнің өміршендік циклінің барлық сатысын қамтитын ең кешенді жүйе ӨСБКЖ (өнімнің сапасын басқарудың кешендік жүйесі) болып табылады, ол 70–жылдардың ортасында Жоғарғы ғылыми-зерттеу институтының стандарттауынан құралған. Бұл жүйе ұйымдастырылған жобалау объектісі болып табылады. Оның негізін кәсіпорындар стандарттар құрайды.

80 жылдары (IV кезең) өнім сапасын басқару өнімнің өміршендік циклінің барлық сатысында бүкіл өндірісті басқару деп қарастыратын жүйелер пайда болды. Мұндай жүйелерге TQM (total quality management-сапаны жалпы басқару) жүйесі жатады, бұл жүйе 9000 сериялы халықаралық ИСО стандарттарына негізделген жүйе.

TQM сапаның үнемі жақсаруына, өндірістік шығындардың азаюына және өнімді дәл уақытында жеткізіп беруге бағытталған кешенді жүйе болып табылады. Жүйенің негізі мына принциптер болып табылады:

- өнімнің ақауының болмауы;
- өндірістік емес шығындардың болмауы;
- тұтынушыларға өнімді дәл уақытында жеткізіп беру.

TQM негізі – сапаның жақсаруының шегі жоқ.

1987 жылы АҚШ, Канада, ФРГ елдерінің қатысуымен халықаралық стандарттау ұйымының (ИСО) техникалық комитеті 9000 сериялы бес халықаралық стандарттарына ы дайындады және бекітті, бұл стандарттарыда өнім сапасын қамтамасыз ету жүйесі, оның ішінде, өнімді өңдеу, өндіру, өнімді сынақтан өткізу мен бақылауларын ұйымдастыру, өнімді пайдалану, сақтау және тасымалдау талаптары белгіленген. ИСО 9000 халықаралық стандарттары сапа жүйелері бойынша келесідей бес атаудан тұрады:

1. ИСО 9000. Сапаны жалпы басқару және сапаны қамтамасыз ету стандарттары. Таңдау және қолдану жөніндегі басқару нұсқаулары.

2. ИСО 9001. Сапа жүйесі. Жобалау немесе өңдеу, өндіру, монтаждау және қызмет көрсету кезінде сапаны қамтамасыз ету үлгісі.

3. ИСО 9002. Сапа жүйесі. Өндірісте және монтаждауда сапаны қамтамасыз ету үлгісі.

4. ИСО 9003. Сапа жүйесі. Соңғы бақылау мен сынақ өткізуде сапаны қамтамасыз ету үлгісі.

5. ИСО 9004. Сапаны жалпы басқару және сапа жүйесінің элементтері. Басқару нұсқаулары.

Бұл стандарттардың артықшылығы төмендегілерге бағытталғандығында болып табылады:

- жүйелік тәсілдің сапасын басқаруға қолданылуына;
- сапаның тұтынушыға бейімделуіне;
- өнімнің өміршендік циклінің барлық сатылары бойынша өнім сапасына қойылатын талаптарды тәртіпке келтіруге;
- барлық негізгі қызметтері бойынша сапаны басқаруға;
- өнім сапасына қойылатын нақты талаптарды құжат түрінде дайындауға;

Халықаралық стандарттардың дамушы сипатын, сонымен қатар олардың халықаралық нарыққа шығу кезіндегі реттеуші рөлін ескере отырып, ИСО 9001, 9002, 9003 стандарттары Ресейде тікелей пайдалану үшін қабылданды. Мемлекеттік стандарт оларға сәйкес мемлекеттік стандарттар бекітті.

Кәсіпорынға енгізілетін сапа жүйесі сапа саласында оның нақты қызметінің ерекшеліктерін есепке алу арқылы белгілі бір мақсатқа жету үшін белгілі бір саясат жүргізуді қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырылады.

Сапа саласындағы саясат ұзақ мерзімді мақсат түрінде қалыптасады және мыналарды қарастырады:

- кәсіпорынның экономикалық жағдайын қарастыру;
- өнім өткізу нарықтарын кеңейту немесе жаулап алу;
- алдыңғы қатарлы фирмалар деңгейінен артық болатын өнімнің техникалық деңгейіне қол жеткізу;
- белгілі бір салалардағы немесе белгілі бір аймақтардағы тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыруға бейімделу;
- жаңа қағидаларға сай жүзеге асырылатын функционалдық мүмкіндіктерді, өнімді игеру;
- өнім сапасының ең маңызды көрсеткіштерін жетілдіру;
- өндірілетін өнімнің ақаулылық деңгейін төмендету;
- өнімге берілетін кепілдік мерзімін ұзарту;
- қызмет көрсетуді дамыту.

ИСО стандарттарына сәйкес өнімнің өміршендік циклы 11 кезеңнен (сапа негіздерінен) тұрады:

1. Маркетинг, нарықты іздеу мен зерттеу
2. Техникалық талаптарды жобалау және өндеу, өнімді өндеу.
3. Материалдық-техникалық жабдықтау.
4. Өндірістік процесстерді өндеуге дайындық.
5. Өндіріс.
6. Бақылау, сынақ жүргізу және зерттеу.
7. Орау және сақтау.
8. Өнімді өткізу және бөлу.
9. Монтаж және пайдалану.
10. Техникалық көмек және қызмет көрсету.
11. Сынақтан өткізгеннен кейінгі пайдалану.

Сапаны басқару жүйесіне әрбір кезең бойынша кәсіпорын стандарттары түрінде дайындалған, өнім сапасының талаптарын реттейтін құжаттар кешені кіреді.

ИСО 9000 стандарттары сапаны басқару жүйесіне спа саласындағы саясаттан басқа, мынадай ішінара жүйелер кіреді:

- сапаны қамтамасыз ету өнімнің өміршендік циклінің әрбіркезеңінің орындалуы үшін қажетті жағдайларды құрайтын және оның сапасына қойылатын барлық талаптардың қанағаттандырылуын қамтамасыз ететін жоспарланған және жүйеленген түрде жүргізілетін іс-шаралар жиынтығын қамтиды.

- Сапаны басқаруға жоспарлау, реттеу, есепке алу, бақылау, өнім сапасын талдау сияқты басқару функциялары негізінде басқарушешімдерін қабылдау жатады.

- Сапаны көтеру — өнім сапасын жақсарту бойынша үздіксіз жүргізілетін іс-шаралар(1-сурет)

Сапаны басқару жүйесінің өңделген құжаттарында ИСО 9000 стандарттарының талаптары, кәсіпорынның салалық ерекшеліктері, сонымен қатар, тұтынушылардың арнайы талаптары көрсетіледі.

Сапаны басқару жүйесі сертификат алу, яғни аттестациядан өтеді. Кәсіпорынның сапа жүйесінде сертификатының болуы түрлі жобаларға қатысу үшін оның тендірге жібеорілу шарттарының бірі болып табылады.

Сапаны басқару жүйесі ИСО 9000 базасында, егер ол TQM типіндегі сапаны басқару жүйесімен біріктірілсе өте тиімді болады.

2000 жылы сапаны басқару саласындағы тәжірбиені жинақтап қортындылаған халықаралық стандарттың жаңа версиясы жасалынды. Мұның алдындағы версияға (ИСО:1994) енгізілген негізгі өзгерістер ішінен мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- стандарттардың жалпы санын қысқарту;
- тұтынушылады қанағаттандыруға бағыттау;
- стандарттарды үздіксіз жетілдіру;
- құжаттардың ең қисынды құрылымы;
- ұйымды басқарудың процестік тәсілі.

2000 жылы желтоқсанда Ресей Федерациясы Мемлекеттік стандартты халықаралық стандарттың жаңа ұйғарымын бекітті: ИСО;2000:9000:2000 сериялы ИСО стандарттарында қарастырылған әдістемеге сәйкес, процесс – бұл нәтижесі сандық көріністе болатын белгіленген мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекет. Процесстік тәсілді жүзеге асыру үшін кез келген ұйым өзінің іс-әрекетінде төмендегілерді қамтамасыз етуі керек:

а) сапаны басқару жүйесініңбарлық элементтері бойынша шектеулі ресурстарды бөлуді қарастыратын элементтік тәсілден айырмашылығы-фирма іс-қызметіне жоғары дәрежелі нәтиже алып келетін қатаң анықталған процесстерде ресурстардың шоғырлануы;

б) «кіру-шығу», яғни, сапа басқару жүйесі шегінде қызымет ететін баолық прцесстердің «ресурстар-нәтижелер» арақатынасын тұрақты бағалау.

Осыған орай, процесстік тәсілді пайдалану арқасында кез-келген сапаны басқару жүнкцияларды (жоспарлау, үйлестіру, реттеу, бақылау, есепке алу, сапаны талдау) басқарудан нәтижені басқаруға қайта бейімделуі қажет, бұлардың жиынтығы кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің және өнімнің сапасын басқару жүйесінің тиімділігін жоғарлатуды қамтамасыз етуі керек.

ИСО 9000:1994 сапаны басқару жүйесінде кәсіпорындарға бөлініп берілген сертификаттардың әлі белгілі бір уақытқа дейін күші жойылмайды. Болашақта олар ИСО жаңа ұйғарымымен қайта қаралуы қажет.

Сапаны басқару жүйесінің ұйымдық қамтамасыз етілуі сапаны басқару жүйесін басқарудың Ұымдық құрылымы арқылы жүзеге асырылады. Ол кәсіпорындарды басқарудың ұйымдық құрылымы шегінде белгіленіді және басқару қызметкерлері сияқты, сапаны жалпы басқару, қамтамасыз ету және сапаны жоғарлату қызметтерін тікелей орындаушылардың да құқығы мен міндеттемелерін бөлу болып табылады (2-сурет сапаны басқару қызмет-н құрылымы).

Өнім сапасын басқару жүйесінің басты мақсаттары:

- сапа жөніндегі барлық бөлімшелер қызметтерінің үйлестірілуі;
- өнімнің жекелеген түрлерінің сапасын басқару және қамтамасыз ету әдістерін өңдеу;
- сапаны басқару бойынша оқу бағдарламаларын дайындау;
- кәсіпорының сапа жөніндегі қызметінің нәтижелерін талдау;
- сапа жүйесін және оны жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыруды кезендік тексеру.

Ол сонымен қатар, көптеген кәсіпорында жеткілікті дами қоймаған бірқатар қызметтер атқарады. Мұндай қызметтерге төмендегілерді жатқызуға болады:

- кәсіпорынның нарықтағы өніміне сұраныс пен қажеттіліктерді зерттеу және болжамдау;
- өнімнің өміршендік циклының түрлі сатыларындағы сапа туралы қажетті мәліметтерді жүйелендіру және жинау;
- сапаны кешендік техникалық-экономикалық талдау, оны қамтамасыз ету шығындары және сапа жүйесі мен өнімнің сертификациясы жөніндегі мәліметтерін дайындау, сапаны басқару жүйесі мен өнімнің сапасын жоғарлатудағы экономикалық тиімділікті бағалау.

Сапаны басқару бөлімі осы қызметтің орталық бөлігі болып табылады. Ол сапаны басқару жүйесі бойынша барлық құжаттарды жасауды үйлестіреді, өнімнің жобалау конструкторлық зерттеуінен бастап, өнімді өткізу сатысындағы сапасын бақылауға дейін, сапаны басқару жөніндегі барлық қызметтердің орындалуын бақылайды.

Сапаны басқару бөлімі кәсіпорынның барлық бөлімдері мен қызметтеріне өнімнің жаңа сапасына және негізгі пішініне тұтынушылардың сұраныстары

мен талаптары туралы мәліметтерді беру үшін сапа жөнінде ақпараттарды жинақтап қорытындылайды және талдау жасайды. Сапаны басқару бөлімінің маңызды қызметі — өнімнің өміршеңдік циклының барлық кезеңдерінде оның сапасын қамтамасыз ету шығындарын оңтайландыру және талдау, сонымен қатар, сапаны басқару жүйесінің өзінің тиімділігін бағалау болып табылады. Сертификаттау бөлімі шығарылатын өнімдерді, сапаны басқару жүйесінің өзін сертификаттау үшін қажетті құжаттарды дайындайды. Техникалық бақылау бөлімі кәсіпорын директорына тікелей бағынышты бола отырып, қызметіне қарай сапа жөніндегі директордың орынбасарына бағынады.

Сертификаттау — өнімнің қойылған талаптарға сай келетінін дәлелдейтін іс-әрекет.

Сертификаттау келесідей мақсаттарға жетуге бағытталған:

- біртұтас тауар нарығында кәсіпорынның және ұйымның іс-қызметіне, сондай-ақ, халықаралық экономикалық, ғылыми-техникалық ынтымақтастық -қа және халықаралық саудаға қатысуға жағдай жасау;
- тұтынушылардың өнімге жетік талдау жасауына көмектесу;
- өнімнің бәсекеге қаблеттілігін жоғарлатуға және оны экспорттауға көмектесу;
- тұтынушыларды арам ниетті өндірушілерден қорғау;
- өнімнің адам өміріне, денсаулығына, мүлікке қоршаған ортаға қауіпсіздігіне бақылау жасау;
- өндіруші ұсынған өнім сапасының көрсеткіштерін дәлелдеп бекіту.

Сертификаттаудың зерттелген ережелері мен шарттары – халықаралық стандарттау ұйымының, халықаралық электротехникалық комиссиясының және ИСО 9000 халықаралық стандарттарының басшылығымен жасалған заңдық күші бар халықаралық нормалар мен ережелерге сәйкес құрылған.

Сертификаттаудың негізінде мынадай принциптер бар:

1. Сертификаттау критерийлерін таңдау. Критерий дегеніміз – шығарылған өнімнің ұлттық стандартқа сай келуі;
2. Сертификаттаудың 10 жүйесі ішінен біреуін таңдау;
3. өнім өндірісінің технологиялық процесінің тұрақтылығы, сапа басқару жүйесін пайдалану, оны бағалау және іс-әрекеттерін бақылау;
4. Сертификаттау жұмыстарын жүргізу мен сынақ өткізу нәтижесінің объективтілігі мен тәуелсіздігі. Сертификаттау оң нәтиже берген жағдайда, өнімге таңба, сертификат белгісі, сәйкестілік сертификаты түрінде дәлелдеме куәліктері беріледі.

Өнім сапасының жүйелерін сертификаттау 9000 сериалы ИСО стандарттарының нормативтік үлгісіне негізделеді.

ГОСТ Р 40. 003-96 сәйкес сапа жүйесін сертификаттауда үш этап бөлініп көрсетіледі:

1. Сапа жүйесін алдын-ала бағалау;
2. Сапа жүйесін ең соңғы тексеру және бағалау;
3. Сертификатталған сапа жүйесін инспекциялық бақылау.

Егер кәсіпорында сапаны басқару жүйесі зерттеліп, әрекет еткен болса, онда оның деңгейін халықаралық ИСО стандарттар талаптарына сай деңгейге дейін жеткізу мәселесі бой көтереді.

Бақылау сұрақтары:

1. Жұмыс істеп тұрған сапаны басқару жүйесін және оның жекелеген ішінара жүйелерін 9000 сериалы ИСО халықаралық стандарт талаптарына сай келуі жағынан алып талдау.
2. Өнімнің өміршендік циклының барлық сатыларында өнім сапасы бойынша заідық күші бар нормативтік-техникалық құжаттарды талдау.
3. сапа саласындағы сапа саясатты зерттеу және бекіту.
4. өнім сапасын қамтамасыз ету, басқару және жақсарту бойынша жаңа әдістемелік құжаттарды дайындау.
5. 9000:2000 сериалы ИСО стандарттары талаптарына сәйкес құжаттарын сараптау.
6. сараптау нәтижелері бойынша сапаны басқару жүйесінің құжаттарын қайта дайындау.
7. Сертификаттау органдарында 5 және 6 сертификаттау жүйелері бойынша сапа жүйелерін сертификаттау.

11 ӨНДІРІСТІ МАМАНДАНДЫРУ ЖӘНЕ КООПЕРАЦИЯЛАУ

11.1 Өнеркәсіпті мамандандыру формалары, түрлері және мәні.

Экономика адам баласы табиғат игіліктерін жинаудан өмірге керекті игіліктерді, керекті заттарды жасауға көшкен кезде және сол жерде пайда болады. Сонымен, ресурстарды адам еңбегін пайдалана отырып өзгерту арқылы кез-келген экономикалық өнім алу **өндіріс** деп аталады. Оқулықтар мен ғылыми **еңбектерде «өндіріс»** түсінігі тар шеңберде көрінеді, кәсіпорындардың материалдық заттар мен өнім өндіруіне дейін төмендейді. Бұндай ыңғаймен келісу қиын.

Біріншіден, материалды өндіріспен қатар қызмет, еңбек өндірісін де айту қажет. Экономиканы **«материалды өндіріске»** және **«өндірістік емес»** салаға бөлу заңды болмас, сонымен қатар материалдық өндіріс саласында еңбекті өндірістік деп, ал басқа салаларда өндірістік емес деп бөлуге де болмайды. Сондықтан да жасалатын өнім түрі **«өндірістік немесе өндірістік емес»** деген талқылаудың критерийі болмауы керек.

Екіншіден, қызметтің қайсыбір түрін өндіріске жатқызуды **«не өндіреді?, кім үшін өндіреді?, қалай өндіреді?»** деген сұраққа жауап алумен қатаң түрде байланыстыруға болмайды. Өнім адамның қол еңбегі көмегімен немесе машина операциялары көмегімен жасалады ма, өзі үшін немесе басқалар үшін өндіріледі ме, қандай тәсілмен өндіріледі, бұның бәрі өндірістік процесс пе деген талқылауға маңызды әсер етпеу керек.

Осылайша өндіріске процестерді жатқызудың екі критерийі шығады:

1) жаңа өнімді жасау немесе осындай өнімді жасауға бағытталған мәліметті, энергияны, материалды қайта өңдеу және қолда бар өнімнің сапасын өзгерту;

2) керекті өнімді алу мақсатында жұмсалған еңбек, оны құруға қатысқан адам еңбегі;

Түсініктірек айтқанда адамдар жасаған мәлімет, заттар, энергия немесе оларды еңбегімен өзгерту болған жерде *өндіріс* орын алады. Өндіріс адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін керекті игіліктерді алудың басты қайнар көзі болып есептеледі.

Өндірісте аяқталған және өзінің пайдалану саласына түсетін өнім **«ақырғы өнім»** деп аталады.

Ақырғы өнімнің үй шаруашылығында пайдаланатын, тұрғындардың қажеттілігін тікелей қанағаттандыру мақсатында жұмсалатын бөлігі **«тұтыну тауарлары»** деп аталады.

Керекті шикізатты алудан ақырғы өнімді алуға дейінгі өзара байланысты процестер жиынтығы *өндіріс* деп аталады.

Технология. Өндірістік қатынастар ең алдымен технологиялық қатынастар. Олар дербес физикалық және интеллектуалды мүмкіндіктермен, техникамен анықталады. *Технология* – тауар мен қызмет өндірісі туралы тәжірибелік білім. Жаңа ғылыми және басқалай жетістіктердің өндірістік процестерді жетілдіруге қолданылуына байланысты технология жақсарады. *Жетілдірілген технология* жаңа машиналарды, жақсы мамандандырылған еңбекті, әртүрлі жаңа процестерде қолданатын өндірістің жаңа тәсілдерін қолдануға әкеледі, ал ол өз кезегінде осы ресурстар көлемінен өнімнің үлкен көлемін өндіруге мүмкіндік береді.

Өндірістік функция. Өндіріс факторларының кез-келген жиынтығы мен факторлардың осы жиынтығынан өндірілетін өнімнің максималды мүмкін көлемінің арасындағы қатынас **өндірістік функция** арқылы сипатталады.

Егер де өндіріс факторлары немесе ресурстардың барлық жиынтығын еңбек, материал және капитал шығындары деп есептесек, онда өндірістік функция келесі түрде сипатталады:

$$Q = f(L, K, M)$$

Мұнда: Q-осы технология мен осы еңбек-L, капитал-K, керекті материал-M қатынасында өндірілетін өнімнің максималды көлемі.

Изокванта. Өндірістің маңызды аспектілері, мысалы, өндіріс факторларының кең екі тобы – еңбек пен капиталды қарастырғанда есепке алынуы мүмкін. Екі факторлы өндірістік функция өндірісті графикалық түрде талдауға мүмкіндік береді. Егер де өндірістік функцияда өндірістің екі факторынан көп фактор есепке алынса, онда математикалық талдауды қолдану керек. Өндірісті уақыттың қысқа мерзімді кезеңінде үш стадияға бөлуге болады.

1-ші стадия. Өндірістің басталуымен байланысты, орташа өнімнің шамасы ең үлкен көлемде болады.

2-ші стадия. Орташа өнім ең үлкен шамаға жеткен уақыттан бастап еңбектің шекті өнімі нольге тең болған уақытқа дейін жалғасады.

3-ші стадия. Бұл стадияда шекті өнім теріс мәнде болады.

Өндірістің екі деңгейі бар: «жеке» және қоғамдық».

Жеке өндіріс – негізгі өндірістік бірлік (кәсіпорын, фирма) көлеміндегі өндіріс. *Қоғамдық өндіріс* – кәсіпорындар арысындағы байланыстар жүйесін көрсетеді, ал қосымша элемент – «*өндірістік инфрақұрылым*», яғни өнім өндірмейтін кәсіпорындар мен салалар, бірақ ол технологиялық қозғалысты қамтамасыз етеді. Өндірістің тағы бір қасиеті «*еңбек бөлінісі*» — осы кезеңдегі белгілі еңбек қызметтерінің жиынтығы. Еңбек бөлінісінің үш деңгейі бар: кәсіпорын ішінде («бірлік»), кәсіпорындар арасында («жеке»), сонымен қатар қоғам көлемінде («жалпы» – өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық, ой және дене, мамандандырылған және мамандандырылмаған, қол және машина). Бір қарағанда еңбек бөлінісі өндірушілерді өндірістік қызмет шеңберін тарылта отырып бөледі. Еңбек бөлінісінің осы «белуші» бөлігін «*еңбектің мамандандырылуы*» деп атайды.

Өндірісті мамандандыру – қоғамдық еңбек бөлінісінің бір түрі. Бұл техникалық прогресс негізінде пайда болады. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, жалпы халық шаруашылығының түрлі салалары арасында және өндірістің әрбір саласы мен кәсіпорындары ішіндегі еңбек бөлінісі, белгілі бір өнім түрін өндіруге мамандануы, ол еңбек өнімділігін, тиімділікті арттыруға жағдай жасайды. *Мамандандыру* – объективті процесс, ғылыми-техникалық прогреспен және ауыл шаруашылығын индустрияландырумен, өндірісті шоғырландырумен тікелей байланысты. Мамандандыру арқылы салалар шоғырланады. Ол жерді, техниканы, еңбек ресурстарын ұтымды пайдалануға жағдай жасайды; өндірісті ұйымдас-тыруды, басқаруды жақсартады; жұмысшылар мамандығын арттырады; жаппай өндірісті дамытуға көмектеседі; тиімділікті өсіреді.

Бірақ өндірушілерді бөлетін еңбек бөлінісінің оларды біріктіретінін де атап өткен жөн. Еңбекті мамандандыру терең болған сайын мамандандырылған өндірушілердің өзара тәуелділігі де жоғары болады. Еңбек бөлінісінің бұл көрінісін «*еңбек кооперациясы*» деп атайды.

Еңбек кооперациясы – қызметкерлердің жолдастық ынтымағына негізделген, бірлесіп істелетін және жоспарлы түрде ұйымдастырылған еңбегі. Оның негізіне өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдық меншігі жатады.

Өндірісті кооперациялау – бұл жекелеген кәсіпорынның негізгі өнімді өндіруге керекті шикізат, материал, жартылай фабрикат, дайын бұйымды шығаруға қажет заттармен дер кезінде қамтамасыз ету үшін бірлескен өндірістік байланысы.

Маркетингтік зерттеу негізінде өндірістік фирмалардың менеджерлері нарыққа шығарылатын тауар (қызмет) өндірісінің жағдайын анықтайды. Мұнда болашақтағы шығындарға маңызды мән беріледі. Өндірістік және өткізу қызметіне қолданылатын өндірістік факторларға кеткен шығындар «*өндіріс*

шығындары» деп аталады. Экономикалық көзқарас бойынша шығындар барлық жұмсалған материалдар мен қызметтің құнының жиынтығын көрсетеді.

Шығындарды бағалаудың екі тәсілі бар: *бухгалтерлік және экономикалық*. Фирманың кез-келген кезеңдегі шығынының осы кезең аралығында өткізілген өнім мен қызметті өндіруге кеткен ресурстар құнына тең екендігін экономистер де, бухгалтерлер де растайды. Фирманың қаржы есебінде пайдаланылған өндірістік ресурстарды (шикізат, материалдар, амортизация, еңбек және т.б) төлеуге кеткен ақшалай шығындарды көрсететін нақты шығындар тіркеледі. Алайда экономистер *айқын шығындармен* қатар *альтернативті шығындарды* да есепке алады. Оны төмендегі мысалмен түсіндіруге болады.

Альтернативті шығын деп фирманың меншігіндегі ресурстарды пайдалану шығындары айтылады. Бірақ *«альтернативті шығын»* түсінігі өндіріске кеткен нақты шығындар туралы толық мағлұмат бермейді. Бұл ресурстарды пайдалану жолдарының көптеген мүмкіндіктері ішінен ресурстардың шегіне байланысты анық бір вариантты ғана таңдаймыз. Сонымен институтқа түсе отырып студент бірнеше жыл жалақы алу мүмкіндігінен, телевизор көре отырып кітап оқу мүмкіндігінен айырылады.

Бір кәсіпкердің «Қазығұрт» жеке фирмасы күніне 10-12 сағат жұмыс істей отырып жылына 600 мың теңге пайда алады. Бухгалтерлік көзқарас бойынша бұл фирма пайдалы фирма болып есептеледі. Экономист кәсіпкердің еңбегін өндірістік шығын деп есептейді. Бұл мысалда кәсіпкер өзіне айлық жазбайды, егер де ол басқа фирмада жұмыс істесе оның пайдасы 800 мың теңгеге баламаланады. Нақты пайданы есептей отырып фирма өз иесіне тиімсіз деп есептеледі (600,0-800,0=-200,0).

«Экономика» экономиканың материалды негізін құрайтын «өндірістен» тұрады. Кез-келген өндірістің қайнар көзі қоғам игілігіндегі ресурстар. *«Өндірістік ресурстар»* дегеніміз не?

Өндірістік ресурстар – тауарды, қызметті және басқалай құнды-лықтарды құру процесінде пайдаланылатын табиғи, әлеуметтік және рухани күштер жиынтығы.

Экономикалық теорияда ресурстарды төрт топқа бөледі:

1) *табиғи* – өндірісте пайдаланатын табиғи күштер мен заттар, олар *«сарқылатын»* және *«сарқылмайтын»* болып бөлінеді;

2) *материалды* – өндіріс нәтижесі болып есептелетін, адам еңбегі арқылы пайда болған өндіріс жабдықтары;

3) *«еңбек»* – өндіріс процесіне тікелей қатысатын қоғам бөлігі; «еңбек» – факторына кәсіпкерлік қабілетті де енгізуге болады.

4) *«қаржы»* – өндірісті ұйымдастыруға керекті ақшалай қаражаттар.

11.2 Кооперациялаудың мазмұны, оның түрі және формалары.

Кәсіпкер – заңмен рұқсат берілген шаруашылық қызметтің түлерімен айналысатын адам, соның ішінде коммерциялық-делдалдық, сауда-саттық,

кеңес берушілік, бағалы қағаздармен байланысты операциялармен және де басқа қызметтермен.

Кәсіпкер дегеніміз – бұл тәуекелі мол жағдайларда әрекет етуші адам; өзінің ұйымдастырушылық қабілеттері арқасында табыс табушы; кез-келген мүмкіндікті ұқсатып барынша мол пайда таба білетін адам.

Кәсіпкерлік іс-әрекеттің мақсаты неғұрлым көп мөлшерде пайда табу.

ҚР Азаматтық Кодексіне сәйкес «Кәсіпкерлік- бұл жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) немесе мемлекеттік кәсіпорынды (мемлекеттік кәсіпкерлік) басқару құқығына негізделген, тауарларға деген сұранысты қанағаттандыру арқылы (жұмыстар, қызмет көрсетулер) таза пайда табуға бағытталған, меншік формаларына тәуелді емес азаматтар мен заңды тұлғалардың бастамалық қызметі. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекелі мен мүліктік жауапкершілігіне сай жүзеге асады.»

Кәсіпкерліктің белгілері:

1. Өз беттілік.
2. Тәуекел.
3. Кәсіпкерлік қызмет әрқашан да жүйелі түрде табыс алуға бағытталады.
4. Жоғарыда келтірілген кәсіпкерлік анықтамасына сай табыс тауар өткізу, жұмыстар атқару және қызмет көрсету субъектілерінен алынады.

Кәсіпкерлік қызмет заң талабына сәйкес кәсіпкер ретінде тіркелген тұлғалар арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіпкерлік қызметтің жағдайларымен ұстанымдары

Тиімді кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін оған экономикалық, әлеуметтік, құқықтық жағдайлар қажет, яғни кәсіпкерлікке қолайлы орта қажет.

Кәсіпкерліпен айналысу үшін ең алдымен оған экономикалық жағдай керек. Олар: нарыққа тауар, қызметтер ұсыну, тауарлардың, қызметтердің алуан түрлері; тұтынушылардағы ақша – қаражат көлемі, яғни олардың сатып алу қабілеттігі, жұмыс және жұмыс күшінің артық-кемдігі; еңбек қорының ақының артық-кемдігі; несие беретін мекемелердің ақша қаражаттары болуы керек т.б

Кәсіпкерлікпен айналысу үшін нарықтық инфрақұрылымы болуы керек: банктер; шикізат, материал, құрал-жабдықтар сатушылар; тауарды тұтынушыға дейін жеткізетін мекемелер.

Кәсіпкерлік ұстанымдары:

1. Кәсіпкерлік қызмет бостандығы ұстанымы.
2. Түрлі меншік формаларын, меншік құқықтарының заңды теңдігін және олардың бірдей қорғалуын құптайтын конституциялық ұстаным. Ол ҚР Конституциясының 6- бабында бекітілген: «Қазақстанда мемлекеттік және жеке меншік бірдей деңгейде мойындалып, қорғалады.»
3. Бәсекені қолдау және монополиялану мен әділетсіз бәсекеге бағытталған экономикалық қызметті болдырмау ұстанымы (Конституцияның 26- бабы).
4. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу ұстанымы.
5. Заңдылық ұстанымы.
6. Кәсіпкерлер мен тұтынушылар құқықтарының қорғалуы.

Кәсіпкерлік қызметтің жағдайларымен ұстанымдары

Қызметтің қай түрі болмасын оның объектілері мен субъектілері көрсетеді. Субъектілері дегеніміз - бұл тұлғалар (жеке және заңды) осы қызметпен айналысатын. Объектісі дегеніміз – сол қызмет неге бағытталған, немен байланысты екенін көрсетеді.

Кәсіпкерлік іс-әрекетте объектісі тауар болып табылады. Маркетингалық – кәсіпкерлік тәжірибиде тауар болып нарықтық қатынастар жағдайында сатып алушы мен сатушылардың мәмле объектісің құрайтын нәрселер болып табылады.

Кәсіпкерлік іс-әрекет субъектілеріне

- кәсіпкерлерді, оның ұйымдарын;
- жеке және ұйымдық тауар тұтынушылар;
- жалға алынған жұмысшылар (келісім-шарт негізінде жұмыс жасайтын);
- мемлекеттік және жергілікті органдар жатады.

Кәсіпкерлік қызмет түрлері

Кәсіпкерлік қызмет:

- өндірістік;
- коммерциялық;
- қаржылық;
- кеңестер беру болып бөлінеді.

Коммерциялық кәсіпкерліктің мазмұны тауар-ақша қатынастары мен сауда-айырбас операцияларынан тұрады. Шын мәнінде, бұл тауар мен қызмет көрсетуді қайта сататын орын. Оның өндірістік кәсіпкерлік қызметтен айырмашылығы – мұнда өнім өндіруді өндірістік қорлармен қамтамасыз ету қажет болмайды.

Қаржылық кәсіпкерлікке сату-сатып алудың ерекше тауарлары: ақшаны, валютаны, құнды қағазды (акция, вексель, облигация, ваучер), яғни ақшаны тікелей және қосымша нысанда сату жатады. Нарықтық қатынастарға өтуге байланысты ақша нарығы, валюта және құнды қағаз нарықтары бой көтереді, оларға қатысушылар:

- коммерциялық банктер;
- қор биржалары;
- кейбір кәсіпорындар мен ұйымдар;
- кәсіпкерлер және жеке тұлғалар.

Кәсіпкер немесе бизнестің осы саласына қатыстытылар өздерінің іс-әрекеттерін құнды қағаз нарығы мен маркетингтік қызметті ұйымдастырудан бастайды. Сөйтіп бір уақытта олар ақшаның, валюта мен құнды қағаздардың көздерін табады. Кәсіпкерлік қызметтің тағы бір нысаны – меншіктік акцияға, облигацияға, несие билеттеріне және коммерциялық құнды қағаздарға (ақша міндеттері, вексель) қатысты құнды қағаз эмиссиясын жүзеге асырады.

Кеңес беру қызметіне:

- жалпы басқару;
- әкімшілік басқару;
- қаржылық қолдау;

- маркетинг;
- ақпаратты технология;
- арнайы қызметтер жатады.

Сонымен қатар халыққа ақылы немесе ақысыз түрде кеңестер беріліп, қызметтер көрсетіледі.

Кәсіпкерлік қызмет формалары

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі және қолданылып жүрген заңдар мен заңдылықтарға сәйкес кәсіпорындардың мынадай ұйымдық-құқықтық нысандары бар:

- мемлекеттік кәсіпорын;
- серіктестік (толық жауапкершілікті, аралас және жауапкершілігі шектеулі жауапкершілікті);
- акционерлік қоғам, бірлестіктер.

Кәсіпкерлік қызметке қатысушылар мен олардың әріптестерінің бірігуі **«серіктестік»** деп талады. Серіктестік шаруашылықтарға әріптестердің қатысуы жазбаша келісімдер мен шарттар түрінде бекітіледі. Серіктестіктерді олардың құрылтайшылары құрайды.

Толық серіктестік төмендегі негізгі екі белгісімен ерекшеленеді:

1. Кәсіпкерлік қызмет және оған қатысушы серіктестіктің қызметтері олардың өз қызметтері болып саналады, ал оның міндеттері бойынша кез-келген қатысушы өзінің барлық мүлкімен жауап береді.

2. Серіктестік жеке сенімді қатынастарға негізделеді: егер бір қатысушы серіктестіктің атынан мәміле жасаса, мүліктік жауапкершілік басқа қатысушыға жүктеледі.

Аралас (командитті) серіктестікте бір немесе бірнеше қатысушылар несие берушілер алдында бүкіл мүліктерімен жауап береді. Біреуінің немесе бірнешеуінің жауапкершілігі олардың әрқайсысының қоғамдастыққа қосқан үлесі (салымы) бойынша шектеледі.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік – алдын-ала белгіленген пайшылар үлестерінің негізінде құрылған бірлестік. Оның мүшелерінің (жеке және заңды иегерлері) қоғамның міндеттемелерін орындауда жауапкершіліктері жоқ, олар тек өз үлестерінің мөлшерінде ғана тәуекелділік жасай алады.

Акционерлік қоғам – рұқсат ету жолымен құрылатын заңды құқығы және өзіндік жарғысы бар бірлестік. Акционерлер болуға жеке адам, заңды тұлғалар да хақылы.

11.3 Іскерлік ортаның түсінігі және оның ерекшеліктері

Кәсіпкерлік субъектілері қандай болмасын бір іскерлік ортада қалыптасып, жұмыс жасай бастайды.

Іскерлік орта кәсіпкерліктің орнын, қызмет тәртібін анықтайды.

Кәсіпкерлік орта дегеніміз – ол белгілі территориялық және мағыналы тұтастық.

Кәсіпкерлік орта – қоғамдық экономикалық ахуал, өзінің құрамына кәсіпкерлік тұлғаны, экономикалық бостандықты, экономикалық қарым-қатынастың нарықтық түрін және кәсіпкерлік капиталды қалыптастыру мүмкіншілігін және қажетті ресурстарды пайдалану мүмкіншіліктерін кіргізеді.

Кәсіпкерлік ортаны қалыптастыру – ол басқарылатын процесс. Оны басқару әдістері әкімшілік немесе нұсқаулық мінезде бола алмайды. Кәсіпкерлік орта кәсіпкерлік субъектілеріне әсер етуші шаралармен байланыста болмайды, сондай-ақ субъектілерді қалыптастыру және қызмет етуге қолайлы қажетті жағдайлар жасау.

Іскерлік ортаны қалыптастыру – көп аспекті құбылыс. Ол келесіден тұрады:

- қоғамдық , экономикалық, әлеуметтік – экономикалық философияның және онымен байланысты қоғамның психологиясының өзгеруі;
- кәсіпкерлердің кәсіпкерлік инфрақұрылымын құруға ынталандыру, ұлттық бағдарламасын қабылдау;

Кәсіпкерлік ортаны қалыптастыр халықаралық проблема, себебі кәсіпкерлік экономикалық белсенділіктің ерекше формасы ретінде барлық дамыған елдерде мемлекет тарапынан қолдау алуда.

Сыртқы орта – кәсіпкерді қоршаған, оған әсер етуші жағдайлардың, факторлардың жиынтығы. Әсер ету масштабына байланысты (ұлттық, аймақтық, жергілікті) және әсер ету мінес-құлқына байланысты (тікелей және жанама) макро, медиа және микроорталарды ажыратады.

Кәсіпкерлердің макроортасы дегеніміз – еліміздің экономика деңгейінде кәсіпкерліктің жағдайын (климатын) анықтаушы бір-бірімен тығыз байланыстағы жағдайлар мен ережелердің жиынтығы. Оның ішінде географиялық, құқықтық, экономикалық, саяси, әлеуметтік және технологиялық жағдайларды бөледі.

Географиялық жағдайға табиғаттың, ауа-райы жағдайлары жатады (территория көлемі, жүк тасымалдау шақырымдары, шикізат және энергоресурстардың баршылығы және оған қол жеткізу мүмкіншілігі жатады.)

Экономикалық жағдай – бағаның өнімдерге қалыптасу тәртібін, баға деңгейін анықтаушы факторлар жиынтығы жатқызады.

Құқықтық жағдай – кәсіпкерлік іс-әрекет маңызын анықтаушы, реттеуші заңдар мен құқықтық актілер.

Саяси жағдайлар – мемлекеттің кәсіпкерлік процестерге қатынасын сипаттайды, коммерциялық құрылымдар қызметіне араласу деңгейі.

Әлеуметтік жағдайлар қоғамның даму деңгейін көрсетеді. Әлеуметтік жағдайлар басқа факторларға қарағанда өте күрделі.

Технологиялық жағдайлар еліміздегі ғылыми – техникалық процестердің жалпы деңгейін және даму қарқынын көрсетеді, белгілі мөлшерде кәсіпкерлік ортаны қалыптастырады.

Ішкі ортаның бір-бірімен байланысты негізгі элементтері: ұйымның миссиялы; қызмет ету мақсаттары мен міндеттері; материалдық-техникалық базасы; өндірістік процестерді орындау технологиясы, персоналдар құрылымы, олардың ара қатынастары.

Іскерлік ортаны талдау келесідей жүргізіледі:

1. Арнайы қызмет етуші тұлға ретінде іскерлік ортаға кіру дәрежесінің қиындықтары бар. Әлем тәжірибесіндегі жаңа кәсіпорын құру үшін рұқсат алу ережелері бар. Қ.Р-да құқықтар белгіленген жаңа кәсіпорын құруға рұқсат алу ережелері бар, оған бірде – бір мемлекеттік мекемелер кедергі жасауына болмайды. Оларды тіркеуден бас тартқан жағдайда сот арқылы шағылдандуына болмайды.

2. Кәсіпкерлердің қызығушылық тудыратын сала мен іскерлік орта жөнінде нақты мәлімет алуға мүмкіншіліктері бар.

3. Кәсіпкердің өзі қызмет атқарғысы келетін нақты қызмет етуші саланың жүйесі қызықтырады.

4. Кәсіпкерді қоғамда қалыптасқан кәсіпкерлікті қорғаушы және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүйелер қызықтырады.

5. Елде қалыптасқан саяси климат үш басқару институттарымен белгіленеді:

- орындаушы
- заң шығарушы
- соттаушы (қазылық).

6. Кәсіпкерлікті қалыптасқан саяси тәртіп қызықтырады.

7. Кәсіпкерлікті халықтың төлем қабілеттілігі қызықтырады.

Бақылау сұрақтары:

1. Жоспарлау мәні, ұстанымдары және ішкіфирмалық жоспарлаумен болжамдау әдістері
2. Кәсіпкерлік қызметті жоспарлау түрлері
3. Бизнес-жоспар: маңызы және мазмұны

12 ӨНЕРКӘСІПТЕГІ БІРЛЕСТІРУ

12.1 Өнеркәсіптегі бірлестіру, оның формалары мен түрлері.

Кәсіпкерлік бұл ерекше экономикалық құбылыс болып табылады. Кәсіпкерлік қызметке талдау жасау оның жалпы экономикалық құрылымы сияқты ұзақ тарихы мен терең тамыры барын көрсетеді. Орта ғасырларда “кәсіпкерлік” деген термин, одан да бұрын “антрепренер” француз тілінен аударғанда “делдалдық” дегенді білдіреді. Кәсіпкерлік батыстың экономикалық теориясында кең түрде XVIII ғасырдан бастап қарала бастады. Оны атақты ғалымдар Р.Кантилонаның, А.Тюргоның, Ф.Кэненің, А.Смиттің, Ж.Сэйдің есімдерімен байланыстырады. “Кәсіпкер” терминінің атасы белгілі ағылшын экономисі Ричард Кантилон. Ол “кәсіпкер” деп рынок жағдайында әрекет жасаған адамды айтқан.

Кәсіпкерліктің даму тарихына тоқталатын болсақ, алғашқы қауымдық қоғамда қатынастар іскерлік негіздегі бартерлік мәмілелер (тауар — тауар) формасында болған. Осы мәмілелердің табиғи іскерлігі аталған қауымдастықтардың ыдырап, құл иеленушілік қоғамның пайда болуына алып келді.

Құл иеленушілік және феодалдық қоғамдағы кәсіпкерлік құрылуының мақсаты — жаулап алу нәтижесінде экономикалық мазмұнға ие болған нышандар. Алайда, кәсіпкерліктің пайда болуының басты себебі — сауданың пайда болуы және өркендеуі. Орта ғасырда көпестер, саудагерлер, қолөнершілер және миссионерлер алғашқы кәсіпкерлер болған. Осылайша, халықаралық сауданың дамуы өткізу нарықтарында қиыншылық тудыруымен байланысты көпестердің бірігуіне, сөйтіп алғашқы акционерлік қоғамдардың құрылуына — Ост-Индиямен, Гудзон шығанағымен сауда жасаған ағылшын және голландия компанияларының пайда болуына алып келді. Бұдан кейін акционерлік капитал өнеркәсіпте, банк саласында ары қарай жалғасын тапты. /3/

Сонымен кәсіпкерлік – рыноктағы бәсекеге төтеп беру үшін жаңа мүмкіндіктерді іздеу, жаңа технологияны пайдалану, капиталды жұмсаудың тың салаларын іздеу, ескі ойлау шеңберінен шығу болып табылады.

Демек, нақты өмірде кәсіпкерліктің объектісі – новаторлық, жаңашылдық, ерекше мағынадағы новаторлық өндіріс, айырбас және бөлудің түрлі факторларын комбинациялау. Кәсіпкерлік әр кезде де белгілі бағытта ұйымдастырылады, нақты формалары бар. Кәсіпкерліктің шаруашылық жүргізу тәсілі ретінде бірнеше жалпы белгілері бар. Оның ішінде негізгісі – шаруашылық субъектілерінің еркіндігі мен тәуелсіздігі. Кәсіпкерлердің еркін қызмет етуі рынок механизмінің әрекетін қамтамасыз ететін тәртіп қалыптастырады. Кәсіпкердің тәуелсіздігі оған экономикалық ресурстарды алуға, осы ресурстардан өз қалауынша қызмет пен тауар өндіру процесін ұйымдастыру және оларды рынокта кәсіпкерді қанағаттандыратындай өткізу болып табылады.

Кез келген кәсіпкерлік іс-әрекеті белгілі бір кәсіпорындардың ұйымдық форма шекарасында жүзеге асады. Форманы таңдау кәсіпкерлердің жеке қызығушылықтар мен мамандығына байланысты болады, бірақ көбінесе объективті жағдайлармен анықталады:

- іс-әрекет саласы;
- қаражаттың көлемімен;
- белгілі бір кәсіпорын артықшылығы;
- нарық жағдайымен.

Кәсіпкерлік алуан түрлі және кешенді ұғым. Мысалы, кәсіпкерлік атқаратын жұмысына байланысты өндірістік, коммерциялық, кеңес беру, қаржылық және т.б. болып бөлінеді. Бұлар бірігіп немесе өз алдына әрекет етуі мүмкін. Олардың әрқайсысының өзіне тән даму ерекшеліктері бар.

Өндірістік кәсіпкерлік – кәсіпкерліктің жетекші түрі ретінде тауарлар мен өнімдерді өндіруді жүзеге асыратын, қызметтер көрсетіліп, белгілі-бір құндылықтар жасалатын кәсіпкерлік түрі. Оған негізінен материалдық, рухани және интеллектуалдық өндіріс құрайтын іскерлік қызметтің түрі жатады. Бұл іскерліктің қоғамдық тұлғадан алғанда ең қажетті, өте салмақты, күрделі, сондықтан да біршама ауыр түрі. Өндірістік бизнес —

бұл, негізінен алғанда, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық өнімдерін шығару. Ең кең мағынада өндірістік бизнес — бұл тұтынушыларға қажетті, ақшаға сатуға келетін келесі басқа тауарға айырбастау ниеті бар кез келген пайдалы өнімді шығару. Өндірістік бизнесмен — бұл кейіннен сатып алушыларға, тұтынушыларға өткізілетін өнім, тауар, жұмыс, ақпарат, рухани игіліктерді өндіру процесін ұйымдастыру және іске асырумен айналысатын іскер.

Коммерциялық кәсіпкерлік — нарыққа өту кезеңімен, тауарлар мен қызмет көрсетулерді сату және сатып алу операцияларымен сипатталатын кәсіпкерлік түрі, пайда және табыс алуға бағытталған сауда-делдалдық, сауда-дайындық жұмыстарының жиынтығы. Коммерция өзінің бастапқы мағынасында сауда ұғымын білдіреді, ал коммерсант — сауда, тауар айырбастау, тауар — ақша операцияларымен айналысатын саудалық іскер, бизнесмен. Коммерциялық бизнес өндірістік бизнеспен тікелей байланысты. Өйткені, өндірілген тауарды ақшаға өткізу немесе басқа тауарларға айырбастау керек. Дәл осы саудалық іскерлік тауарға деген сұранымды анықтап қандайда болсын өнімнің түрін өндіруді көбейтуге немесе керісінше шектеуге әсер етеді.

Коммерциялық кәсіпкерліктің объектісі капитал болғанда қаржылық кәсіпкерлік қызметі туындайды. Қаржылық кәсіпкерлік — коммерциялық кәсіпкерліктің ерекше түрі. Ол саудалық бизнеске әлдеқайда жақын тұрған іскерлік болып табылады.

Өйткені оның негізінде сатып алу сату жатады, бірақ мұнда ақша, валюта бағалы қағаздар сияқты ерекше тауарлар айналымға түседі.

Кеңес беруші кәсіпкерлік түрін жүргізу формалары сан алуан. Олардың ішінде кең тарағаны — бір мәрте ауызша кеңес беру, ең жиі кездесетіні — консалтингтік жобалар. Бұл кәсіпкерлік түрі басқа кәсіпкерлік түрлеріне қарағанда өте табысты болып табылады.

Кәсіпорын формасы — кәсіпорын бойынша серіктестер арасындағы ішкі қарым-қатынасты және сол кәсіпорынның басқа кәсіпорындарымен және мемлекеттік органдармен қарым-қатынасты анықтайтын нормалар жүйесі болып табылады. Кәсіпкерліктің келесі түрлері бар:

- жеке;
- ұжымдық;
- корпоративті.

Кәсіпкерліктің жеке формасы жеке ынталандырылған кәсіпкерлік түрі болып табылады. Жалпы алғанда жеке кәсіпкерліктің өндірістік секторда алатын үлесі шамалы болады.

Кәсіпкерліктің ұжымдық формасы ХХ ғасырдың аяғында шағын және ірі бизнеске басымдылық танытты. Мемлекеттік заңдар айырмашылығына қарамастан, дүниежүзінде келесідей ұжымдық формалар белгілі болды:

- шаруашылық серіктестік;
- шаруашылық қоғам;
- акционерлік қоғам;
- қауымдастық, одақ. /5/

Шаруашылықтың серіктестіктердің төрт түрі бар: толық, коммандиттік, жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер.

Толық серіктестіктің мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда қатысушылары (жеке тұлғалар) серіктестіктің міндеттемелері бойынша (серіктестік үшін құқықтық салдарды тудыратын әрекеттерді жасай отырып істерді жүргізеді) өзіне тиесілі барлық мүлкімен ортақ жауапкершілікте болатын серіктестік толық серіктестік деп танылады. Сондықтан азамат бір ғана толық серіктестіктің қатысушысы бола алады және ол үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері белгіленген. Толық серіктестіктің өзгелерден айырмашылығы серіктердің толық жеке жауапкершілігімен байланысты.

Сенім (коммандиттік) серіктестігі серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзінің бүкіл мүлкімен (толық серіктерімен) қосымша жауап беретін бір немесе одан да көп қағы-сушылармен қатар, серіктестіктің (салымшылардың) мүлкіне өздері салған салымдардың жынтығымен шекпелетін бір немесе одан көп қатысушыларды да енгізетін және серіктестіктің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қатыспайтын серіктестік болып танылады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік — бір немесе бірнеше адам құрған, жарғылық капиталы құрылтай құжаттарымен белгіленген мөлшерде үлеске бөлінген серіктестік жауапкершілігі шектеулі серіктестік. Серіктестікке қатысушылар оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты залалдарға өздерінің қосқан салымдарының құны шегінде тәуекел етеді.

Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік — қатысушылары оның міндеттемелері, жарғылық капиталына қосқан салымдары, ал олардың кемшілігі бар жерде — өздеріне қосымша тиісті мүліктері көлемінде, өздерінің салған еселі салымдары бойынша жауап береді. ҚЖС ерекшелігі — мүлкі жетіспей қалған немесе банкротқа ұшыраған жағдайда қатысушылардың бірінің жауапкершілігін өзге қатысушылардың арасында үлестірін беру болып табылады.

Өндірістік кооперативтер — ортақ өндірістік немесе басқа да шаруашылықтық іс-әрекет үшін мүшелік негізде құрылатын тұлғалардың бірігуі. /6/

Акционерлік қоғам — қаражатты капиталға біріктіру, акцияны шығару арқылы пайда болатын кәсіпорын формасы, яғни өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға. Акционерлік қоғамның акционерлері заң актілерінде көзделген басқа жағдайларда оның

міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

Корпорация деп бір заңды болып бірлесіп, кәсіпкерлік қызмет жасау үшін қосылған адамдар жиынтығын атайды. Корпорация меншігіне құқықтар акцияларға сәйкес бөлшектерге бөлінеді. Сондықтан корпорацияның иелері акция ұстаушы, ал корпорацияның өзі – акционерлік қоғам деп аталады. Корпорацияның табыстарына корпорация салығы салынады. /2/

Концерн — тығыз өндірістік әріптестік құру мақсатында персоналдық немес басқа да шарттырдың болуымен сипатталатын жүйе арқылы бірнеше кәсіпорынды біріктіретін дербес кәсіпорын. Демек, концернді интеграцияланған құрылым, шектелген дербестігі бар кәсіпорындар бірлестігі, ірі өндірістік корпорациялар және қаржы-несиелік менеджменттің барлық компоненттерін қолдануға негізделген.

Концернді басқаруды құқықтық қамтамасыз ету құрылым қағидасынан шығады: аналық компания – еншілес (тәуелді) фирмалар – аналық компаниядан ресми тәуелсіз және концерн қатысушыларымен келісім-шарттық міндеттемелері бар компаниялар. Сондай-ақ концерн ретінде бірлескен ұйымдар тобы, яғни кәсіпкерлік келісім-шартқа қатысушы жақтар бола алады.

Холдингтік компания – басқа компаниялардың акцияларының бақылау пакетін иемденетін және оларға қатысты бақылау функциясын жүзеге асыратын акционерлік қоғам немесе ЖШС формасында құрылған заңды тұлға. Холдингтің концерннен айырмашылығы – бірлестікке қажетті келісім шарттардың болмауы.

Холдингтің мынадай түрлері бар: таза, аралас, субхолдинг, пирамидалық және қаржылық холдинг.

Картель – коммерциялық іс-әрекетті көздейтін, яғни орнатылған квоталар, тауарлардың құны, өткізу шарттардың көмегімен өткізуді бақылау мақсатымен бір саладағы кәсіпорынның бірігуі немесе біртекті өнімді өндіретін тәуелсіз кәсіпорындардың белгілі-бір нарыққа үстемдік орнату мақсатында ұйымдастырылған бірлестік.

Синдикат – оның мүшелерінің өнімін бір өткізу органы арқылы өткізуді көздейтін, акционерлік қоғам немесе ЖШС формасында құрылатын картельдік келісімнің бір түрі. Оған қатысушылар өзінің құқықтық және коммерциялық еркіндігін, кей жағдайда, синдикаттың немесе акционерлік қоғамның өткізу қатонрасымен тығыз байланысты өзінің жеке өткізу желісін де сақтап қалады.

Консорциум – белгілі-бір уақыт аралығына арнайы белгіленген мәселелерді шешу үшін құрылатын кәсіпорындық уақыттық бірлестік. олар кез-келген бағыныштылық және кез-келген меншік формасындағы кәсіпорныдарды біріктіреді.

Ассоциация – ғылыми, жобалық, конструкторлық, құрылыстық және т.с.с. әдетте шектелген, кейде тек номиналды ғана міндеттемесі бар, өнеркәсіптік кәсіпорынның ерікті түріндегі бірлестігі(одағы). /7/

Кәсіпкерлік фирманың көлеміне сәйкес шағын, орта және ірі кәсіпкерлік болып бөлінеді.

Шағын кәсіпкерліктің субъектілеріне заңды тұлғасы құрылмаған жеке тұлғалар және жұмыскерлердің жылдық орташа саны 50 адамнан аспайтын, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, жыл ішінде активтерінің жалпы құны 60000 еселік айлық көрсеткіштен аспайтын заңды тұлғалар жатады.

Орта кәсіпкерліктің субъектілеріне заңды тұлға құрылмаған жеке тұлғалар және жұмыскерлердің жылдық орташа саны 250 адамға дейінгі, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, жыл ішіндегі активтердің жалпы құны 325000 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын заңды тұлғалар жатады.

Ірі кәсіпкерліктің субъектілеріне жұмыскерлердің жылдық орташа саны 250 адамнан асатын, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, жыл ішіндегі активтердің жалпы құны 325000 еселік айлық есептік көрсеткіштен асатын заңды тұлғалар жатады.

Осы заманда экономикасы дамыған елдерде шағын кәсіпкерлік ұлттық шаруашылықтың ең ірі секторын құрайды. Шағын бизнесте барлық жұмысбастылардың жартысынан көбі қызмет етеді. /8/

Нарықтық экономикадағы кәсіпкерліктің маңызына келетін болсақ, кәсіпкерлік нарық қатынастарын ұдайы іске қосып отыратын орта. Экономиканың өтпелі кезеңіндегі кәсіпкерлік ең алдымен рыноктың тауармен толығыуына және жаңа жұмыс орындарының құрылуына мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, кәсіпкерлік экономикада нақты белсенді, бәсекелес ортаны ғана қалыптастырып қоймайды, сонымен қатар, мемлекеттің экономикалық дамуында оның тұрақталығының индикаторы есепті қоғамда орта тапты жасақтайды. Кәсіпкерліктің әлеуметтік міндетіне:

- Халықты жұмыспен қамту және жұмыссыздық мәселесін шешу;
- Тұрмыс деңгейін жоғары болуын қамтамасыз ету;
- Адамның өмірге тың сеніммен қарауының мүмкіндіктерін арттыру;

Ал кәсіпкерліктің экономикалық міндеттеріне келесілерді жатқызуға болады:

- Рыноктық қатынастарды дамыту;
- Шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану;
- Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- Жаңа жұмыс орындарын ашу;
- Рыноктағы сұранысты қамтамасыз ету;
- Экономикалық активті халықты барынша ынталандыру;
- Инвестицияларды тиімді салаларға тарту;
- Инновациялық жаңалықтарды ашып оны өндіріске енгізу;
- Кластерлік жүйенің дамуы;
- Лизингтік қатынастардың дамуы;
- Өнімдердің сапалылығының жоғары болуы;
- Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етіп, ЖІӨ-нің негізгі бөлігін құрайды.

Соңғы он төрт-он бес жыл бойы республиканың әлеуметтік-экономикалық саясаттың маңызды басымдылықтарының бірі кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту болып табылатыны — кәсіпкерліктің ел экономикасының маңызды элементі екенін дәлелдейді. Нарықтық шаруашылықтың қазіргі заманғы жүйесі ірі, орта және шағын кәсіпкерліктің тиімді үйлесімді болуын талап етеді. Бұл – ХХ ғасырдың екінші жартысындағы дамыған елдердің экономикасының маңызды ерекшелігі – кәсіпорындардың пайдасына ірі құрылымдық алға жылжу, бұл бәсекеге қабілеттілікпен, сұранысқа жылдам үн қатумен және ғылыми-техникалық алға басуды тездетумен, кадрларды орынды пайдалану, ақша қаражаттарының аз жұмсалыуымен және т.б. байланысты.

Бақылау сұрақтары:

1. Жаңа жұмыс орындарын ашуы дегеніміз не?
2. Рыноктағы сұранысты қамтамасыз ету нені білдіреді
3. Экономикалық активті халықты барынша ынталандыру .
4. Инвестицияларды тиімді салаларға тарту жолдарын атаңыз
5. Инновациялық жаңалықтарды ашып оны өндіріске енгізу жолдарын атаңыз
6. Кластерлік жүйенің дамуы дегеніміз не?
7. Лизингтік қатынастардың дамуы қай кездерден басталды?
8. Өнімдердің сапалылығының жоғары болуы

13 ӨНЕРКӘСІПТІ ОРНАЛАСТЫРУ

13.1 Өнеркәсіпті орналастыру қағидалары, мәні, мақсаты

Қазақстан өнеркәсібінің дамуында индустрияландыру жылдары шешуші қадамдар жасалды. Елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуында индустрияландыру үлкен рол атқарды, ол қоғам өміріндегі орасан зор өзгеріс болды, аграрлық, артта қалған елден индустриялды-аграрлық мемлекетке айналуға жағдай жасады. Қазақстан тұтастай халықшаруашылық кешенінің

ажырағысыз бөлігі болғандықтан **индустрияландыру** жүзеге асыру мәселелерін де мемлекет шеңберінде қарастыру қажет.

Индустрияландыру жүзеге асыру қажеттілігі даусыз еді. Оған көз жеткізу үшін 20-30 жылдардағы елдің жағдайын қарастыру керек, өйткені нақ осы жылдар ел өмірінің шешуші кезеңдері, сонымен бірге әкімшілік-әміршілік жүйенің болуымен күрделі болды.

ГОЭРЛО жоспары бойынша халық шаруашылығын қалпына келтіру ғана емес, сондай-ақ сол уақыттағы алдыңғы қатарлы техниканы қалыптастыру қажеттігі атап көрсетілді. Жаңа экономикалық саясат жағдайында әлеуметтік-экономикалық дамуда айтарлықтай қадам жасалды. 20-жылдардың орта шеніне қарай ел экономикасын қалпына келтіру аяқталып, бірінші кезектегі міндет жұмыс істеп жатқан зауыт, шахта, мұнай кәсіпшіліктерін қайта жарақтандыру ғана емес, сондай-ақ жаңа кәсіпорындар құрылысын бастау болды. Қалпына келтіру кезеңінің соңына қарай ел бұрынғыша айтарлықтай аграрлық, шаруашылық болып қала берді.

Елдің техникалық экономикалық жағынан ең алдымен өнеркәсіппен ауыл шаруашылығының артта қалушылығы, қол еңбегінің толықтай үстемдік етуі - жаңа, барынша жоғары техника негізінде қайта құру қажеттілігін білдірді, ал оның маңызды бөлігі - елді социалистік индустрияландыру еді. Ең алдымен барлық өзге шаруашылық салаларының негізі ретінде ауыр машина жасау индустриясын дамыту қажет болды. **Нақ машина жасау** жеңіл өнеркәсібінің шапшаң дамуы мен ауыл шаруашылығын қайта құруды қамтамасыз етіп, еңбекшілердің материалдық әлауқаты мен мәдени деңгейін көтеру тиіс еді. Бірінші бесжылдық жылдарында елдің орталық аудандарының дамуымен қатар, ұлттың алыстағы елді мекендерде де өнеркәсіптің дамуына айтарлықтай көңіл бөлінді.

Қазақстанда **фабрика-зауыт өнеркәсібі** тек Кеңес өкіметі жылдары пайда болды. Республика елдің ең артта қалған аудандарының бірі еді: шаруашылықтың негізгі саласын көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы құрады, қазақ ауылы капиталистік құрылысқа дейінгі, патриархалды-феодалдық қатынастар сатысында болды, егіншілік көбінесе қоныс аударушылар шаруашылықтарында басым дамыды. Өнеркәсіп - жергілікті шикізатты өңдеумен айналысатын жартылай қолөнершілер шеберханалары түрінде дамыды. Өте қарапайым Қарағандының көмір шахталары, Ембі мұнай кәсіпшіліктері, мыс пен полиметалл рудаларын өндіруші шетел концессионерлеріне (жалға алушылар) өтті.

Капиталистік емес даму жолының яғни **“социализмге қысқартылған, төте жол”** жобасы, капиталистік даму сатысынан өтпеген халықтар үшін, өз алдына бұрыннан артта қалған халықтардың мемлекеттік, мәдени және экономикалық тұрғыдан біршама елдерде қуып жетуіне, яғни солардың қатарына қосылуына көмектесу міндетін қойған ұлттық саясатта көрініс тапты. Осы міндеттерді орындаудың негізгі жолы - социалистік индустрияландыру болды. Тек соның негізінде ғана шаруашылық құрылысының тездетілген қарқынына қол жеткізіп, ұлттық аудандардың өте зор экономикалық және мәдени артта қалушылығын жоюға, ол жерлерде сол кезеңге сай кәсіпорындар

ашып, қалалар салуға, жұмысшы табы мен техника жағынан зиялылардың ұлттық тобын қалыптастыруды тездетуге мүмкіндік болатын еді.

Бұл жылдарда индустрияландырудың басты мақсаты тұжырымдалды, ол КСРО-ны сырттан машиналар мен жабдықтар алып тұтынатын елден, капиталистік ортаның қоршаған жағдайында экономикалық жағынан өз алдына дербес мемлекет болуы үшін, оларды өндіретін елге айналдыру болды. Оның ішкі көздері: шикізатты, материалдарды, жанар - жағар майларды үнемдеу есебінен, кәсіпорындар мен көлік құралдарының пайдасынан және сыртқы сауда, банктер есебінен қарастырылды. Өдірістің барлық салаларында өте қатаң үнемдеу мен халық қорларын (ішкі зяам, баға саясаты, салық жүйесі) жұмылдыру есебінен жүзеге асырылды. Күрделі қаржы жалпы көлемінің 90% - тен астамы ауыр өнеркәсіпті дамытуға және тек қана 10%-і ауыл шаруашылығының, сондай - ақ жеңіл және тамақ өнеркәсіптері салаларының дамуына жұмсалды, ал бұл олардың бұдан былайғы дамуына кері әсерін тигізді.

Қазақстанда индустрияландыруды жүргізудің басты қағидалары мен әдістері негізінен тұтастай бүкіл елдегідей болды, бірақ мұнда оны жүзеге асыруда өлкенің экономикалық жән мәдени артта қалушылығымен байланысты үлкен қиыншылықтарға кездесті. Көшпелі халықтан маманданған жұмысшыларды даярлау мәселесі барынша күрделі болды. **“Елді жеделдету”** саясаты бесжылдық жоспарды бекіткеннен соң бір аптадан кейін-ақ металлургия, машина жасау және химия сияқты жетекші салаларда **“нашар болсада көп болғаны жақсы”** қағидасымен маңызды тапсырмаларды қайта қарауды жүзеге асырудан байқалды. Сондықтан көрсеткіштерге ұмтылыс қорларды талан-таразға салуға олардың ыдырауына, жұмысты кездей соқ қауырт істеуге алып келді, жоспарын кезкелген жолмен сапалық көрсеткіштерге зиян келтіре отырып орындау елдің қаржылай жағдайына кері әсер етті.

Негізгі күш пен қорларды басты бөлімше - ауыр өнеркәсіптің дамуына шектен тыс шоғырландыру – **“Б”** тобындағы салалар мен көліктегі оның да қиын жағдайда шиеленістерді, ал ол **“ең алдымен станок, көмір, мұнай, ал содан соң тұрғын үй, мектеп және басқалары”** - деген қағидасы бойынша жүргізілген әрекетімен әлеуметтік саясатқа, еңбекшілердің жағдайына айтарлықтай әсер етті.

Бірақ сонда да индустрияландырудың қағидалы түрде маңызды нәтижесіне - техникалық-экономикалық артта қалушылықты жою мен экономикалық тәуелсізділікке қол жеткізгендігін назардан тыс қалдыруға болмайды. Еліміз ауыл шаруашылық машиналары мен тракторларын, мақтаны сырттан әкетуді тоқтатты, сауда балансының кіріс бөлігі артып, пайдаға жетті. Өнеркәсіп өндірісінің құрылымы бойынша КСРО әлемнің дамыған елдер деңгейіне көтерілді, өнеркәсіп өнімінің көлемі жағынан тек АҚШ -қа ғана жол беріп Англия, Германия, Францияны басып озды.

Қазақстанның индустриалдық дамуы КСРО-ның тұтастай алғандағыға қарағанда барынша жоғары қарқында жүзеге асырылады. Одақ бойынша 1913-1940жылдары мұнай өндіру үш есе, Қазақстан бойынша 569 есеге ,көмір тиісінше 5.7 және 70 есе,электр энергиясын өндіру –23,7 және 486 есеге артқан.

Алғашқы өнеркәсіп кәсіпорындар бір-бірінен жүздеген километр алшақ жатқан шикізат көзі бар аудандарда құрылғандықтан ең алдымен байланыс және көлік құралдары мәселесін шешу қажет еді. Сондықтан жаңа темір жолдарын салу зор маңызға ие болды. Бұл тұста 1500 км ұзындықтағы **Түркістан-Сібір темір жолының** құрлысы ерекше тарихи рөл атқарды. Оның құрлысына 200млн. сом қаржы бөлінді. Бұл ірі темір жол пайдалануға берілді. Қазақстанның экономикалық және мәдени өркендеуі мен қазақ пролетариатын қалыптастыру мәселесін шеше отырып, Түрксіб республикасының капитализмге дейінгі шаруашылық формаларына оны социалистік жолмен қайта құруға барынша тезірек өтудің алғышартын жасады 1930 жылдан бастап Түрксіб облыстың бір жағынан, Оңтүстік-шығыс Қазақстан аудандары мен және Сібірмен, екінші жағынан елдің Еуропалық бөлігімен және Орта Азия республикаларымен көліктік байланысын қамтамасыз етті. Осы уақыттан бастап Оңтүстік Қазақстанның өнеркәсібі үздіксіз өсіп өркендеді. 1930 жылы Қаратау полиметаллы орынының негізінде елдегі аса ірі қуаты жағынан Одақта бірінші және әлемде үшінші орын алатын Шымкент қорғасын зауытының құрлысы басталды. 1932 жылдың соңына қарай республикадағы темір жолдар ұзындығы 5186 км. болды.

Индустрияландырумен қатар көптеген курстар мен мектептер ашу арқылы маманданған кадырларды даярлау процесі жүргізілді. Жұмыскерлер қатары өсті, құрылыста ондаған мың жұмысшы еңбек етті, оның 50% - тен астамын қазақтар құрады.

Соғысқа дейінгі бес жылдықтарда ашылған кен орындары негізінде ірі, уақытқа сай Шымкент қорғасын, Ащысай полиметалл, Балқаш мыс балқыту, Ақтөбе химия комбинаттары, Кенді Алтайдың түсті металлургия зауыттары, электр станциялары, Қарағанды көмір шахталары, тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындары салынған болатын. Қазақстан түсті металдар өндірісі бойынша Одақта екінші орынға, мұнай өндіруде - үшінші орынға шықты.

Республика экономикасында өнеркәсіппен ауыл шаруашылығы арасындағы өзара қатынас алғашқысының пайдасына өзгерді. Оның себептері шапшаң индустриалдық өсу ғана емес, сондай - ақ тездетілген ұжымдастыру барысында ауыл шаруашылық өндірісінің күрт түсуі еді.

Мысалға, 1940 жылы халық шаруашылығында өнеркәсіп өнімінің үлес салмағы 1932 жылғы 39.5% орнына 60%-ды құрап, ауылшаруашылығының өнімінен 1.5 есе артық болды. Бұл жылдары өнеркәсіп өндірісі дамуының маңызды ерекшелігі - индустрияландырудың алғашқы жылдары құрылған өнеркәсіп алыптарының орнына негізінен орташа көлемде кәсіпорындар салынды. Бұл құрылыспен өндірістік қуатты, іске қосу мерзімдерін айтарлықтай қысқартты, сондай-ақ республиканың әр түрлі аймақтары бойынша өнеркәсіпті барынша тиімді орналастыруға мүмкіндік берді.

Өнеркәсіптің бірқатар жаңа салаларының пайда болуы 1941-1945жылдары Ұлы Отан соғысы кезінде кәсіпорындарды орталықтан елдің шығыс аудандарына көшірумен байланысты болды. Мұнда 249- дан астам өнеркәсіп кәсіпорындары көшірілді. Қазақстанның алдында майдан мен тылды азық-түлік

және өнеркәсіп өнімдерімен қамтамасыз ету мәселесі қойылды. Қазақстан қорғаныс өнеркәсібін негізгі түсті металдармен жабдықтаушы болды, оның кәсіпорындарында әскери техника, қару-жарак, оқ-дәрі шығарылды. Қарағанды көмірімен Орал, Поволжье, темір жолдар қамтамасыз етілді.

13.2 Өнеркәсіпті орналастырудың мемлекеттік саясаты.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда экономиканы жаңғыртудың бірнеше кезеңі жүргізілді. Қазақстанды жаңғыртудың бірінші кезеңі — жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшкен кезде жаңа мемлекеттің құрылуы. 1991 жылдан бастап 1997 жылға дейінгі аралықта Қазақстанның жүріп өткен жолы бірінші жаңғырту жылдары саналады. Осындай қысқа уақыт аралығында Қазақстан саяси, экономикалық жүйелерін, республиканың мемлекеттілігін дамытып, нығайта түсті, халықаралық алаңда таныла бастады.

1996–2012 жылдар — Екінші үдемелі жаңғырту кезеңі деп аталады. Екінші жаңғырту «Қазақстан–2030» стратегиясының қабылданып, жаңа елорда Астананың құрылуымен бастау алды. Стратегия 1997 жылы жарияланды. Үлкен тарихи және саяси маңызға ие аталған құжат Қазақстанға индустриялық стратегияны әзірлеудің қажеттігі мәселесін көтерді: өндірістерді әртараптандыру мен елеулі шетелдік инвестицияларды тарту есебінен тұрақты экономикалық өсімге қол жеткізу. Еліміз экономикалық артта қалу аймағынан шығып, әлемнің 50 бәсекеге қабілетті экономикаларының қатарына қосылды.

2003 жылы Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму стратегиясы қабылданды. Елімізде индустриялық-инновациялық инфрақұрылымның бірқатар мамандандырылған институттары құрылды, атап айтсақ — «Ұлттық қор», «Қазақстанның даму банкі», «Қазақстанның инвестициялық қоры», «Ұлттық инновациялық қор».

Кәсіпкерлік қызметті ынталандыруға және жаңа өндіріс орындарын ашуға басымдық берілді.

2009 жылғы мамырда Президент Н. Назарбаев үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың бесжылдығының басталғаны туралы жариялады. Қазақстан шикізаттық дамудың орнына белсенді шешімдер жолын таңдады. Өңдеу өнеркәсібі инвестициялар үшін аса тартымды бола бастады. 2010 жылдан бастап өңдеу секторына \$26 млрд астам инвестиция салынды. Тікелей шетелдік инвестициялардың әрбір бес доллары дерлік өңдеу саласына тиесілі.

Бүгінгі таңда Қазақстан өнімдері 112 елге экспортталады. 5,5 трлн теңге сомасына 1080 жоба енгізілді, 101 мың тұрақты жұмыс орындары ашылды. Отын-энергетика ресурстарын пайдаланудың тиімділігі арта түсті. Индустрияландыру жылдары Қазақстан экономикасының энергия сыйымдылығы 15% астамға төмендеді.

Индустриялық модельді негізге алу Қазақстанға әлемдік рецессияның жаңа толқынына төтеп беруге мүмкіндік берді. Қазақстан алға ұмтылыстың арқасында ЖІӨ үш есеге жуық ұлғайтты (2009 жылғы деңгейден — 17-ден 46,9 трлн теңгеге дейін), өнеркәсіп 2 еседен астамға өсті (9,1-ден 19 трлн теңгеге

дейін), өңдеу өнеркәсібі 2,7 есеге артты (2,9-дан 8 трлн теңгеге дейін), әрекет етуші кәсіпорындардың саны 188,8-ден 236,1 мың бірлікке өсті, инновациялық өнімдер өндірісі бес есеге ұлғайды (82,6-дан 445,8 млрд теңгеге дейін).

Үшінші жаңғырту 2015 жылы бастау алды. Дәл осы кезде Нұрсұлтан Назарбаев «Бес институционалдық реформаны» ұсынды. Елбасы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауында бұл жаңғыру — қазіргі жаһандық сын-қатерлермен күрес жоспары емес, болашаққа, «Қазақстан-2050» стратегиясы мақсаттарына бастайтын сенімді көпір болмақ. Ол Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» базасында өткізіледі және экономиканың әлемдік өсімінің орта деңгейден жоғары қарқынын қамтамасыз етуге және 30 озық елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерілеуге лайықталғанын атап көрсеткен.

2015 жылы 2019 жылға дейін ИИДМБ іске асыру басталды. Бағдарлама — индустрияландырудың бірінші бесжылдығының қисынды жалғасы және еліміздің экономикалық саясатының бір бөлігі. Бағдарламаның негізгі мақсаты — өңдеу өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін ынталандыру, еңбек өнімділігін арттыру және өңделген тауарлар экспортының көлемін ұлғайту.

ИИДМБ-де 2019 жылға дейін өңдеу өнеркәсібіндегі төрт мақсатты индикатор қарастырылған: өңдеу өнеркәсібіндегі өнімдер экспортының құндық көлемінің өсімі, еңбек өнімділігінің нақты өсімі, негізгі капиталға салынатын инвестициялар көлемін арттыру және оның энергия сыйымдылығын төмендету.

2017 жыл ауқымды институционалдық серпіліс жылы болды. Жаңа мемлекеттік бағдарламалар, қолдау шаралары, нақты инвестициялық саясат пайда болып, өнеркәсіп технологиялық қайта жарактандырылды, олар еліміздің үшінші жаңғырту жолын тиімді өтуіне бағытталған. Адам ресурсына басымдық берілді: жаппай кәсіпкерлік және тиімді жұмыспен қамту — бұл жүз мыңдаған жаңа жұмыс орны және бәсекеге қабілетті ұлт.

Индустрияландырудың екінші бесжылдығы аяқталуға жақын, қазірдің өзінде Инвестициялар және даму министрлігі іске асырылып жатқан Бағдарлама алға қойылған мақсаттарға толығымен сай келетінін, тұрақтылыққа және өңдеу секторы өсімінің оң қарқынына қолайлы әсер ететініне сендіреді.

ИИДМБ-ды 2018 жылдың 11 айында іске асырудың қорытындыларын шығара отырып, оны іске асырудың негізгі бағыттарын атап өту қажет:

- инвестициялар тарту;
- экспортты ілгерілету;
- еңбек өнімділігін ынталандыру.

Инвестициялар және даму министрлігінде атап өткендей, экономикаға тікелей шетелдік инвестицияларды тарту мақсатында инвестициялық сипаттағы түрлі іс-шаралар: бизнес-форумдар, инвестициялық конференциялар, іскерлік орталармен кездесулер жүргізіліп жатыр.

Мемлекет басшысының шет елдерге ресми сапарлары аясында Мемлекет басшысының шетелдік тараптардың бизнес орталарымен іскерлік кездесулері ұйымдастырылып, өткізілді. Осы сапарлар аясында жалпы сомасы \$22 млрд жуық болатын 114 екіжақты коммерциялық құжаттарға қол қойылды.

2018 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша ҚР Инвестициялар және даму министрлігі елімізде 11 бизнес-форум мен шетелде 2 бизнес-форум өткізді, оларға Үкіметтің, бизнес орталардың, ұлттық және трансұлттық компаниялардың өкілдері қатысты.

Инвестициялық мүмкіндіктерді таныстыру, инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша шаралар әзірлеу және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында а.ж. 3 шілдесінде Астана қаласында әлемдік аса ірі компаниялардың 600-ден астам басшыларының қатысуымен халықаралық инвестициялық форум өтті. Қатысушылардың басым бөлігі Қазақстан үшін басымдықты болатын елдердің компаниялар болды: АҚШ-тан — 43 компания, Ұлыбританиядан — 60, Германиядан — 37, Франциядан — 28, Түркиядан — 60, БАӘ — 74, Қытайдан — 49, Ресейден — 30. Форум алаңында шетелдік инвесторлармен екіжақты кездесулер өткізіліп, жалпы сомасы \$4,8 млрд болатын 32 келісімге қол қойылды.

Сонымен қатар басты бағыттардың бірі — экспортты ілгерілетуге қолдау көрсету. Арнайы құрылған «KazakhExport» ЭСК тек қана өңдеу секторындағы өндіруші экспортшыларға мемлекеттік қолдау шараларын (сақтандыру және тәуекелдерді қайта сақтандыру) көрсетеді.

2018 жылдың 10 айының ішінде «KazakhExport» ЭСК 40 отандық экспортшыға қолдау көрсетіліп, 237 экспорттық келісімшарт сүйемелденді, экспорттық сауда 6,97 млрд теңгеге қаржыландырылды, экспорталды қаржыландыру 4,6 млрд теңгені құрады, қабылданған міндеттемелердің жалпы көлемі 44,6 млрд теңге болды.

2018 жылы Қазақстанның сыртқы сауда палатасының экспортшыларды сервистік қолдау (қаржылық емес) аясында 4 желтоқсандағы мәліметтер бойынша 11 елде 15 сауда миссиясы, 4 елде 4 ұлттық стенд, 4 елде 7 жарнамалық-презентациялық іс-шара мен 12 елде 27 бейінді көрмеге қатысу ұйымдастырылды. Нәтижесінде жалпы сомасы \$457 млн-ға 68 келісімшарт жасалды.

Бұдан өзге, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Мәселен, бүгінгі таңда жалпы сомасы 482,1 млн теңгеге 42 кәсіпорынның шығындары өтелді, оның ішінде:

- «Кәсіпорын құзыретін арттыру» тетігі бойынша — 82,6 млн теңге сомасына 8 кәсіпорын;
- «Технологиялық процестерді жетілдіру» тетігі бойынша — 210,2 млн теңге сомасына 26 кәсіпорын;
- «Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру» тетігі бойынша — 189,3 млн теңге сомасына 8 кәсіпорын.

ИИДМБ іске асыру аясында кәсіпорындарға жүйелі қолдау шаралары көрсетіледі, жаңа өндірістер іске қосылуда, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар жаңғырытылып, кеңейтілуде.

Бүгінгі таңда сегіз жобада жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және кеңейту жүргізілді. Сонымен қатар, Индустрияландыру картасы аясында енгізілген жобалардың (100 жоба) арқасында 2018 ж. 300 мыңнан астам тұрақты жұмыс орындары құрылғанын айта кеткен жөн.

Өңдеу өнеркәсібі — индустрияландыру драйвері

Индустрияландыру жылдары ЖІӨ құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 0,8 п. т. (2009 ж. 10,9%-дан 2018 ж. қаңтар-қыркүйекте 11,7%-ға дейін); өнеркәсіпте — 2,1 п. т. (2009 ж. 35,6%-дан 2018 ж. қаңтар-қазанда 37,7%-ға дейін); негізгі капиталға инвестицияларда – 11,1 п.т. (тиісінше, 8,2%-дан 19,3%-ға дейін); экспорттың жалпы көлемінде төмендеу – 1,7 п.т. (2009 ж. 27,8%-дан 2018 жылдың қаңтар-тамызында 26,1%-ға дейін).

2018 ж. қаңтар-қазанында өңдеу өнеркәсібі құрылымында ең көп үлес салмағы келесі салаларға тиесілі болды: металлургия (45,3%), машина жасау (9,9%), тамақ өнімдері (14,9%), мұнай өңдеу (8,3%).

Аталған кезеңде өңдеу өнеркәсібінің салалары бойынша негізгі капиталға инвестициялардың ең көп үлесін кокс пен мұнай өңдеу өнімдері өндірісі (49%), металлургия (19,4%), тамақ өнімдері (8,8%), құрылыс материалдары (7,7%) алды.

2018 ж. қаңтар-тамыз айларында өңдеу өнеркәсібінің экспорты құрылымында үлесінің жартысынан көбін металлургия (57,6%), мұнай өңдеу (14,8%), тамақ өнімдері (6,9%), құрылыс материалдары (1,3%) алды.

2018 ж. қаңтар-қазанында өңдеу өнеркәсібінде 8,5 трлн теңгеге өнім өндірілді. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 5,4%-ға ұлғаюы байқалды. Өңдеу өнеркәсібінің бірқатар секторларында өсім байқалды: металлургияда — 4,6%-ға, машина жасауда — 14,2%-ға, химияда — 8,5%-ға, мұнай өңдеуде — 9,2%-ға, тамақ өнімдері өндірісінде — 2,8%-ға.

2018 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібінде өнім экспорты \$11 476. 9 мыңды құрады, бұл көрсеткіші \$11 096 мың болған 2017 жылдың осында кезеңімен салыстырғанда 3,4%-ға артық. Атап айтқанда, металл (мыс, алюминий, металл прокаты, жартылай дайын өнімдер) және мұнай өнімдері (мұнай газдары, мұнай коксы және т.б.) экспорты артты. Тамақ өнімдерінен сұйық май, алкогольсіз сусындар, балық өнімдері, макарон өнімдері т.б. экспорты артқан.

Химия саласында тыңайтқыштар, полипропилен экспорты ұлғайған, пестицидтер мен фосфинаттар экспорты екі есеге көбейген. Машина жасау саласында мойынтіректердің, аккумуляторлардың, трансформаторлардың, кабель жүргізу өнімдерінің, пульттердің, панельдердің, консолдардың және т.б. экспорты ұлғайған.

2018 жылдың I жарты жылдығында өңдеу өнеркәсібінің еңбек өнімділігі \$15,5 мың/адамды құрады.

2018 ж. қаңтар-қазан айларында өңдеу өнеркәсібінің негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі 1005 млрд теңгені құрап, өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 32,2%-ға артқан. Өсім кокс пен мұнай өңдеу өнімдерінің 1,5 есеге, металлургия өнеркәсібінің — 1,5 есеге, тамақ өнімдерінің — 33,7%-ға артуы есебінен қамтамасыз етілді.

Мемлекеттің жалпыэкономикалық саясатының өзегі ретінде, индустриялық саясат бірінші кезекте, өнеркәсіптік өндірістің инновациялық қайта құруды жүргізумен байланысты болуы тиіс.

2017 ж. төртінші өнеркәсіптік революция элементтерін қамтитын өнеркәсіпті технологиялық қайта жарақтандыру бойынша шараларды әзірлеуге қатысты жұмыстар жүргізілді.

Цифрландыруды және цифрлық технологияларды белсендірек енгізуді ынталандыруды жоспарлаған біздің кәсіпорындарымызды қолдау үшін қажетті экожүйені құруға бағытталған шаралар әзірленді. Бұл шаралар «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына енгізілді.

Негізгі жобалардың бірі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың базасында модельдік цифрлық фабрикаларды құру болып табылады. Осыған байланысты жеті кәсіпорын іріктеліп, технологиялық диагностика жүргізу және цифрландыру жоспарларын әзірлеу үшін Фраунгофер атындағы институтпен жұмыс жалғастырылды.

- «Кентау трансформатор зауыты» АҚ (машина жасау)
- «Евразиян фудс» АҚ (тамақ өнеркәсібі)
- «Химфарм» АҚ (фармацевтика өнеркәсібі)
- «АК Алтыналмас» АҚ (металлургия)
- «Карлскрона» ЖШС (машина жасау)
- «Алматы Вентилятор Зауыты» ЖШС (машина жасау)
- «Бал Текстиль» ЖШС (жеңіл өнеркәсіп).

Қазіргі кезде іріктелген кәсіпорындарға технологиялық диагностика жүргізу және оларда цифрлық технологияларды енгізу бойынша жол карталарын әзірлеу жұмыстары аяқталды.

Жалпы, сарапшылар 200-ден астам шара ұсынды, әр кәсіпорын үшін 20-дан 38 шараға дейін қарастырылған, ұсынылған шараларды талқылау үшін компаниялармен кездесулер өткізілді.

Цифрлық технологияларды енгізуден болатын маңызды тиімділіктің бірі әсіресе, қауіпті өндірістерде өнеркәсіптік қауіпсіздікті арттыру болып табылады. Осыған байланысты тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік нысандар үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету Ережелерінің жобасы әзірленді, бұл орайда өндірісте қауіпсіздікті арттыру үшін цифрлық технологияларды қолдану ескерілді. Биыл желтоқсан айында бұл Ережені ҚР ИДМ бекітетін болады.

Кен өндіру секторында инновациялық өзара іс-қимыл орнату үшін «Кен өндіру 4.0» (өндірістік нысандарда отандық жобаларды тестілеу және трансферті) жобасы іске асырылып жатыр.

Бүгінде бизнесті ынталандыру үшін «Өнімділік-2020» бағдарламасы аясында озық цифрлық технологияларды енгізуде индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдау көрсету Ережелеріне тиісті өзгерістер енгізілді. Негізгі жаңашылдық Индустрия 4.0 технологиясын енгізу бойынша шығындардың орнын толтыруға баса көңіл бөлу болды.

Сонымен қатар жүйе құраушы кәсіпорындарды цифрландыру бойынша жобаларды іске асыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. 2025 ж. дейін барлығы 140,2 млрд теңге сомасына 14 жобаны іске асыру жоспарланған, оларды жүзеге асыру тиімділігі 2025 ж. дейін 239,8 млрд теңге (ЖҚК) деңгейінде болады деп күтіліп отыр. Оның ішінде өткен жылы 3 жоба іске асырылды (ERG — 2 жоба, «Қазмырыш» —1 жоба).

Жергілікті жерлерде 2025 жылға дейінгі кезеңде іске асырудың түрлі мерзімдерімен өңірлердің цифрландыру жоспарлары әзірленіп жатыр. Ұсынылған ақпараттан цифрландырудың 143 жобасын іске асыру шамаланған (86 кәсіпорын), оның 72 жобасы (49 кәсіпорын) 2018 жылы іске асырылуы тиіс.

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында ірі экспортқа бағдарланған отандық кәсіпорындар өздерінің өндіріс орындарында төртінші өнеркәсіптік революция технологияларын енгізуге кірісті. Мәселен:

- «Maker» ЖШС (Қарағанды облысы) өндірісті заманауи роботтандырылған жабдықпен және кешенді бағдарламалық қамсыздандырылумен жаңғыртты. Экономикалық әсер — 2018 жылы 8,9 млрд тг және келесі жылы 11,2 млрд тг.

- «Проммашкомплект» ЖШС (Павлодар облысы) түрлі станоктарға детальдарды орнатумен және қоймаға дайын детальдарды жеткізумен айналысатын роботтандырылған манипуляторларды қолданады.

Экономикалық әсер — шығарылатын өнімдер номенклатурасын 2,35 есе ұлғайту, экспорттық өнім көлемін 9,68 есе ұлғайту.

Жалпы, өнеркәсіптің «Индустрия 4.0»-ге көшуін ынталандыру бойынша қабылданып жатқан шаралар цифрлық технологияларды енгізген ірі және орта кәсіпорындардың үлесін 2022 жылға қарай 11% дейін ұлғайтуға, цифрлық технологиялардың әсерін қоса есептегенде еңбек өнімділігінің 39,8%-ға (2016 жылдан) өсіруге, тау-кен өндірісі секторында шамамен 30 млн тг және өңдеу өнеркәсібінде 48,9% арттыруға (13,9 млн тг) ықпал ететінін атап өткен жөн. Бақылау сұрақтары:

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Негізгі әдебиеттер

1. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2020 года. Утвержден Указом Президента Республики Казахстан от 1 февраля 2016 года, №922

2. Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2015 – 2018 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы.

3. Программа по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2014 – 2018 годы. Утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2014 года.

4. Программа по развитию легкой промышленности в Республике Казахстан на 2014-2018 годы. Утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 сентября 2014 года.
5. Программа по развитию машиностроения в Республике Казахстан на 2014-2018 годы. Утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 сентября 2014 года.
6. Программа по развитию нефтегазового сектора в Республике Казахстан на 2014-2018 годы. 2015г.
7. Программа по развитию фармацевтической промышленности Республики Казахстан на 2014-2018 годы. 2015г.
8. Программа по развитию строительной индустрии и производства строительных материалов в Республике Казахстан на 2015 - 2020 годы. Утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 сентября 2015 года.
9. Программа по развитию горно-металлургической отрасли в Республике Казахстан на 2015-2020 годы. Утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 октября 2015 года.
10. Программа по развитию химической промышленности Республики Казахстан на 2015-2020 годы. Утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 сентября 2015 года.
11. Борисов А.Б. Большой экономический словарь. Издание 2-е переработанное и дополненное.-М.: Книжный мир, 2008.
12. Экономика химического и нефтехимического предприятия: Учебное пособие/Под ред. В.Л. Клименко, П.П. Табурчака. СПбТИ-СПб., 2002.
13. Керашев М.А. Экономика промышленного производства. Учебник. Краснодар: Изд-во Печатный двор Кубани, 2001.
14. Садыков А.С. Модернизация экономики Казахстана: теория, тенденции и механизмы - Шымкент: Китап, 2007.
15. Схема рационального размещения производственных мощностей Республики Казахстан до 2020 года. Утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 29 апреля 2016 года.
16. Басовский Л.Е. Экономика отрасли: Учеб. пособие.-М.: ИНФРА-М, 2009.
17. Промышленность Казахстана и его регионов за 2014-2018 гг. Статистический сборник / Агентство Республики Казахстана по статистике/Под редакцией Ж.Омарова / Астана, 2014.
18. Регионы Казахстана в 2016 году. Статистический сборник/Под редакцией А.А. Смаилова/ Астана, 2016.

Қосымша әдебиеттер:

1. Конституция / Основной закон / Республики Казахстан. – Алматы, 2005г.
2. Гражданский Кодекс Республики Казахстан. – Алматы, 2001.
3. Соколицын С.А., Кузин Б.И. Организация и оперативное управление производством в АО. – М.: Машиностроение, 2001.
4. Управление организацией / Учебное пособие: Общ. ред. А.Г. Поршнева. – М.: Инфра-М, 2007.

5. Организация, планирование и управление в АО / Общ. ред. Б.Н. Родионова. - М.: Машиностроение, 2009.
6. Виссема Х. Менеджмент в подразделениях фирмы: Пер. с англ. - М.: ИНФРА - М, 2001.
7. Соломатин Н.А., Фель А.В., Шаламова Н.Г. Новые информационные технологии в управлении производством. - М.: Машиностроение, 2010.
8. Зеленцова Л.С. Механизм развития управления производством в АО. - М.: ГАУ, 2001.
9. Программа правительства Республики Казахстан на 2006-2008 годы / Казахстанская правда от 1 апреля 2006 года
10. Стратегический план основных направлений экономической политики до 2010 года. Казахстанская правда от 04.12.2001 г.
11. Закон «О частном предпринимательстве» от 7 февраля 2006 года.
12. Стратегия индустриально-инновационного развития РК на 2003-2015 годы. Астана, 2003 г.
13. Назарбаев Н.А. «Новое время – новая экономика» / Журнал «Мысль», №1, 2005 г.
14. Экономика: Учебник / Под ред. А.С. Булатова. - М.: Экономист, 2005.
15. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700002017>.
16. Рынок строительных работ и услуг. — М.: Шаг, 2006. — 246 с.
17. Чанг Чунг Нгиа. Капитальное строительство: проблемы, поиски, решения / Чанг Чунг Нгиа. — Алматы: КазГАСА, 1994. — 119 с.
18. Турчанинов В.И. Метрология, стандартизация, сертификация и управление качеством в промышленности строительных материалов: учеб. пособие / В.И. Турчанинов. — Оренбург: ГОУ ОГУ, 2004. — 128 с.
19. Горчаков Г.И. Строительные материалы и конструкции / Г.И. Горчаков. — М.: Стройиздат, 2000. — 686 с.
20. Обзор строительного рынка в Казахстане. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.zakon.kz/145723-obzor-stroitel'nogo-rynka-v-kazakhstane.html>.

Басуға 10.10.2019жылы қол қойылды. Пішімі 60x84_{1/16}
Қарып түрі Times New Roman
Көлемі шартты 12,75 баспа табақ.
Таратылым 500 дана
Әлем баспасы. Тапсырыс №2010
Шымкен қаласы Ғ.Ильяев №7

